

Абдул-Азиз ибн Баз

الدُّرَرُ الْبَازِيَّةُ
شَرْحُ

الْأَرْبَعِينَ النَّوَوِيَّةِ

لِلْإِمَامِ أَبِي زَكَرِيَّا يُحْيَى بْنُ شَرَفٍ النَّوَوِيِّ

(المتوفى سنة ٦٧٦ هـ)

имам ән-Нәуәуидің

ҚЫРЫҚ ХАДИС

жинағының түсіндірмесі

شرح
الأربعين النووية
للإمام أبي زكريا يحيى بن شرف النووي

الدرر البازية شرح الأربعين النووية

«Әд-Дурар әл-Базийя
шарх әл-Арбағин ән-Нәуауийя»

Имам ән-Нәуауидің

«ҚЫРЫҚ ХАДИС»

жинағына

шейх Абдул-Азиз ибн Баздың жасаған
түсіндірмесі



Қазақ тіліне аударған
шейх Хайсам Сархан басшылығындағы «Сунна» колледжі
1448/2026 ж.



Шейх Абдул-Азиз ибн Баздың қайырымдылық қорының алғысөзі

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Барлық мақтау Аллаһқа ғана тән. Пайғамбарымыз Мухаммадқа Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

Ал әрі қарай:

Шейх Абдулазиз ибн Баздың қайырымдылық қоры оқырмандарға осы қысқаша түсіндірмені ұсынуға қуанышты. Бұл еңбек — шейх Абдулазиз ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) имам ән-Нәуауидің «Қырық хадисіне» жасаған түсіндірмесінің жинағы. Бұл түсіндірме шейхтың дәрістерінде айтқан сөздеріне негізделген. Алайда, материалды шейх Шибрауи ибн Абу әл-Муғати әл-Хасани (Аллаһ оны рахымына бөлесін) жинақтап, толықтырып, жүйеледі. Ол шейхтың басқа еңбектерінен қосымша мәліметтер алып, хадистерді пайдаланып, ғылыми және әдістемелік қағидаларға сүйеніп, осы еңбекті оқуға ыңғайлы кейіпте әзірледі.

Бұл еңбек — шейх Абдулазиз ибн Баздың «Қырық хадиске» жасаған алғашқы түсіндірмесінің баспаға шыққан нұсқасы. Ол өзінің қысқа әрі жеңіл баяндау тәсілімен ерекшеленеді, сондықтан күнделікті қысқа дәрістер өткізуге, мешіттер мен үйлерде оқуға өте ыңғайлы.

Имам ән-Нәуауидің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «Қырық хадис» кітабының маңызы зор. Ол көптеген университет кітапханаларында кездеседі және ислам негіздері мен қағидаларын түсіндіретін хадистерді қамтиды.

Ғалымдар мен зерттеушілер бұл еңбекті бұрмаланған түсініктер мен асыра тәпсірлеуден қорғау үшін мұқият зерттеу қажет деп санайды.

Шейх (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмелерінде барынша сапа мен дәлдікке мән берген, оның еңбектері ғылыми негізде жүйеленген.

Біз Аллаһтан осы еңбектің дайындаушыларына еселенген сауап беруін сұраймыз. Сондай-ақ шейхымыздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) еңбегін жарыққа шығаруға атсалысқан барлық адамдарға игіліктер тілейміз. Бізге және осы еңбекті оқығандарға пайдалы білім нәсіп етуін, оның сауабын шейхымыздың, сондай-ақ осы кітапқа үлес қосқандардың барлығына жазуын сұраймыз. Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын!

Кітапты құрастырушының кіріспе сөзі

Барлық мақтау Аллаһқа тән, Біз Оны мадақтаймыз, Одан жәрдем сұраймыз, Одан кешірім тілейміз және жаман амалдарымыздан Аллаһқа пана тілеп сиынамыз. Кімді Аллаһ тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды, ал кімді Аллаһ адастырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне куәлік етемін, Ол жалғыз әрі Оның серігі жоқ. Сондай-ақ мен Мухаммад Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік етемін.

Ал әрі қарай:

Имам ән-Нәуауидің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «Қырық хадис» кітабы — ең маңызды хадистерді қамтитын кешенді еңбек. Бұл хадистер Ислам негіздері мен ережелерін түсіндіреді. Имам ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бұл туралы тоғызыншы хадисте: «Бұл — ұлы хадис, ол көптеген пайдаларға ие, ол Исламның негізі болған хадистердің бірі, және мен осы хадистердің қырығын жинадым»,— деген¹. Сондай-ақ ол оныншы хадисте: «Бұл — Ислам қағидалары мен ережелерінің негізін құрайтын хадистердің бірі және мен осы хадистердің қырығын жинадым»,— деп атап өткен².

Бұл кітаптың негізі — имам Абу Амр ибн әс-Салихтың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) хадистер туралы дәрістеріне негізделген. Ол шариғат ілімі солардың айналасында айналатын хадистерді жинақтап, оны «әл-Ахадис әл-Куллияту» деп атаған. Ол өзінің осы жинағында 26 хадисті келтірді. Имам ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) оған 16 хадис

¹ әл-Мәжмұғ, Шархул-Мухаззаб (3/294)

² Сахих Муслим шархы (7/100)

қосқан және осылайша оның жинағындағы хадистер саны қырық екі хадиске жеткен.

Имам ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бұл жинақты **«Ислам негіздері мен үкімдерінің қағидаларына қатысты қырық хадис»** деп атады. Бірақ ол халық арасында «Ән-Нәуауидің қырық хадисі» деген атаумен танымал болды.

Имам Ибн Рәжаб әл-Ханбали (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бұл хадистер туралы былай деген: «Қырық хадис жинағы көптеген ғалымдар тарапынан мақұлданды, олар оны жаттауға және мағынасына ой жүгіртуге шақырады. Аллаһ бұл кітап арқылы оған береке жаудырсын, әрі оны таратқан адамдарға рақым етсін»¹.

Имам Хәджи Халифа (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «Ғалымдар бұл хадистердің маңыздылығына мән беріп, оларды түсіндіруге және жаттауға ерекше көңіл бөлді».

Бұл хадистерді түсіндіруге көптеген атақты ғалымдар үлес қосқан. Олардың ішінде:

Имам Шихабуддин Ахмад ибн Ахмад әл-Ишбили әш-Шәфиғи (Аллаһ оны рахымына бөлесін), хижраның 769-жылы (1368 ж.) қайтыс болған.

Имам Абу әт-Тойиб Мұхаммад ибн Али әл-Факиһани әл-Мәлики (Аллаһ оны рахымына бөлесін), хижраның 734-жылы (1333 ж.) қайтыс болған.

Имам Зайнуддин Абдуррахман ибн Ахмад әл-Бабирти әл-Ханафи (Аллаһ оны рахымына бөлесін), хижраның 786-жылы (1384 ж.) қайтыс болған.

Имам Ибн Рәжаб әл-Ханбали (Аллаһ оны рахымына бөлесін), хижраның 795-жылы (1393 ж.) жылы қайтыс болған.

Имам Сираджуддин Умар ибн Али әл-Мәлики әш-Шәфиғи (Аллаһ оны рахымына бөлесін), хижраның 805-жылы (1403 ж.) қайтыс болған.

Имам Бұрһануддин Ибраһим ибн Ахмад әл-Бухари әл-Ханафи (Аллаһ оны рахымына бөлесін), хижраның 851-жылы (1447 ж.) жылы қайтыс болған².

Ғалымдар осы күнге бұл хадистерді түсіндірумен дейін айналысуда. Имам Абдулазиз ибн Баз (Аллаһ оны рахымына бөлесін) өзінің дәрістерінде осы қырық хадисті түсіндіруге кірісті. Ол он екінші хадиске дейін

¹ «Жәмиғ әл-Ғулум уәл-Хикам» (1/53).

² «Кәшф әз-зунун ған әсаами әл-кутуб уәл-фунун» (1/59–60).

жетті, содан кейін бұл жұмысты толықтай аяқтай алмады. Бірақ оның түсіндірмесі көптеген мұсылмандар үшін пайдасын тигізді.

Аллаһ Тағала бізге жалпы мұсылмандардың және әсіресе білім талап етушілердің пайда алулары үшін бұл хадистердің бәрін бір кітапта жинақтауға мүмкіндік берді. Өйткені бұл хадистердің маңызы өте зор.

Имам ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «Әл-Хаттоби (Аллаһ оны рахымына) бұл хадистердің әрқайсысы белгілі бір шариғи қағида екенін айтқан. Ғалымдар бұл хадистерді Исламның негізіне жатқызған¹. Кейбірі Исламды осы хадистермен өлшеп, олардың кейбірін діннің жартысы² немесе үштен бірі³ немесе осы секілді сөздермен атаған».

Әрбір адам осы хадистерді оқып, өзінің Қиямет күні үшін олардан пайда алуды ойлауы қажет, себебі олар өзінің құрамына маңызды негіздер мен үкімдерді қамтиды. Бұдан қалса, бұл хадистер барлық құлшылықтар мен ғибадаттарға қатысты⁴.

Аллаһ Тағаладан осы еңбекті пайдалы және оны Жалғыз Өзі үшін шынайы ықыласпен жасалған амал етуін сұраймын. Ақиқатында, Ол барлық көркем істерді қамтамасыз етуші. Ол біз үшін жеткілікті әрі Ол ең жақсы Қамқоршы. Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасы мен сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын!

¹ Имам ән-Нәуәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) өзінің «Сахих Муслим» кітабына жазған түсіндірмесінде (1/120) былай деген: «Бұл қырық хадистің екіншісі — Жәбірейілдің хадисі. Ол Исламның негізі болып табылады».

² Ибн Дакиқ әл-Ид (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «Шарх әл-Арбағин ән-Нәуауия» кітабында (22-бет) былай деген: «Бұл хадис — қырық хадистің ішіндегі ең маңыздысы. Ол «Амалдар тек ниетке байланысты» хадисімен бірге діннің негізгі қағидаларының бірі болып табылады».

³ Имам әс-Суюты (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «Танвир әл-Хәуәлик шәрх Мууатта Мәлик» кітабында (2/210) былай деген: «Бұл хадис «Амалдар тек ниетке байланысты» хадисімен қатар Исламның үштен бір бөлігі болып саналады».

Имам ән-Нәуауидің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) қысқаша өмірбаяны

Аты, тегі, лақап аты және куниясы:

Имам Абу Закария Яхия ибн Шароф ибн Мурий ибн Хасан ибн Хусайн ибн Мухаммад ибн Жумға ибн Хизам ән-Нәуауи әд-Димашқи. Оның куниясы — Абу Закария болған. Ол үйленбеген, бірақ Абу Закария деп аталуының себебі — куниямен аталу сүннетке сәйкес болғандықтан. Ол сондай-ақ Махиу-д-Дин деп те аталған. Өйткені сол кезеңде осындай мақтаулы лақап аттарды қолдану кең тараған еді, бірақ бұған қарамастан ол бұл лақап атты ұнатпаған.

Туған жылы мен өсуі:

Имам ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) хижраның 631-жылы мухаррам айында дүниеге келді. Ол жеткіншек шағынан-ақ білімге және ізденіске үлкен құштарлық танытатын. Оның әкесі ізгі және тақуа адам болатын әрі адал кәсіппен айналысып, ризық табуда берекеге ие болды.

Ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бала кезінен-ақ саудамен айналыспай, білім ізденуге толықтай берілді. Ол қатарластары сияқты ойын-сауқтарға әуес болмады, керісінше, үнемі Құран оқып, оны жаттаумен айналысатын.

Балалар оны ойынға шақырса да, ол Құран оқуды жалғастыра беретін. Бір күні белгілі ғалым Ясин ибн Юсуф әл-Маракши (Аллаһ оны рахымына бөлесін) оның бойындағы осы ерекшелікті байқап, оған деген ықыласы ауды. Ол ән-Нәуауидің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) жүрегінде ілімге деген махаббат бар екенін көріп, оның ата-анасына барып: «Бұл бала болашақта өз заманындағы ең үлкен ғалымдардың бірі болатынына үміт бар!» — деді. Кейіннен оның ата-анасы оны тоғыз жасында Дамаск қаласына алып барды да, сонда оның білім іздену жолы басталды.

Шәкірттік жолы:

Имам ән-Нәуауидің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) көптеген ұстаздары болды. Олардың қатарында:

Камалуддин Абу Ибраһим Исхақ ибн Ахмад ибн Усман әл-Мағриби,
Абу Мухаммад Абдуррахман ибн Нух әл-Мақдиси,
Исмаил ибн Абу Исхақ ибн Ибраһим ибн Абу Бакр ән-Нәуауи,
Абу Аббас Ахмад ибн Сәлим әл-Мысри,
Ибн Малик әл-Андалуси («әл-Әлфия» кітабының авторы).

Ол осы ұстаздарынан түрлі кітаптарды оқып, көп нәрсені үйренді.

Шәкірттері: Имам ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) көптеген шәкірттер тәрбиеледі. Оның алдында көптеген ғалымдар мен хафиздер білім алды. Олардың арасында:

Ғәләуддин ибн әл-Ғаттор,
Шәмсуддин ибн ән-Нақийб,
Шәмсуддин ибн Жәгуан,
Жәмалуддин әл-Миззий,
Бадруддин ибн Жәмаға,
Абу Аббас ибн Фарах әл-Ишбили.

Оның шәкірттері кейіннен үлкен ғалымдар болып, өз замандарында Ислам ілімдерін кеңінен таратты.

Кейбір сипаттары мен мінезі:

Имам ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) орта денелі, бидай өңді, сақалы қалың, сақалының арасына кейбір ақ шаш түскен, қарапайым киім киетін, байсалды, аз күлетін, жария да, жасырын да Аллаһтың бақылауын ұмытпайтын, жеңілтектітен алыс кісі еді. Ол тақуалықты, қанағатты, құпия түрде ғибадат жасауды және дүниеден алшақ болуды (зухдты) берік ұстанатын. Тамағы көп жағдайда нан мен жеңіл тұздық болатын әрі киімінде кедейлердің бірі сияқты болатын.

Ғылымдағы дәрежесі және ғалымдардың оған қатысты айтқан мақтау сөздері:

Имам ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) ғалымдар тарапынан жоғары бағаланды. Көптеген ғалымдар оның ілімдегі жоғары орны мен артықшылықтарын ерекше атап өткен.

Имам ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) көптеген ғалымдардың мақтауларына ие болды, әрі ол жайында айтылған мұндай сөздер сан алуан әрі кең таралған.

Имам әз-Зәһаби (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «Оның артықшылықтары туралы айту өте көпке сөзылар еді». Ол жайында әз-Зәһаби (Аллаһ оны рахымына бөлесін) сондай-ақ былай деген: «Шейх,

имам, құдірет, дүниеге қызықпаушы хафиз, үздік ғибадат етуші фақих, тәрбиеші (раббани) мужтахид, шейхул-ислам, адамдардың жақсыларының бірі».

Оның шәкірттерінің бірі болған Ибн әл-Ғаттор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «Ол — Аллаһ Елиісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерін жетік білетін хафиз, барлық хадис түрлерін меңгерген, олардың сахих және әлсізін ажырата алатын, мағыналарын терең түсініп, олардан фиқһтық үкімдер шығара білетін адам еді».

Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «Имам, ғұлама, хафиз, ардақты фақих, мазхабты зерттеуші әрі реттеуші, ғибадатшы, дүниелік игіліктерге қызықпайтын ғалым, Ол ғылым мен соған амал етуде өте үлкен қайраттылық танытқан, дүниеқұмарлықтан алыс, өте қарапайым өмір сүрген, жоқшылыққа сабырлылық танытқан және өз заманында және өзінен бұрынғы ұзақ уақыттарда өмір сүрген адамдар арасында Ақырет өмірі үшін пайдасыз нәрселерді тастауымен танылған құдайшыл еді».

Оның еңбектері:

Имам ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) әртүрлі ғылым салаларында көптеген еңбектер жазған. Оның ең танымал еңбектері:

«Әл-Минһаж фи шархи Сахих Муслим ибн әл-Хажжәж» (Имам Муслимнің «Сахихына» түсіндірме);

«Рияд әс-салихин мин кәләми сәйиди-л-мурсалин» (Пайғамбардың ﷺ сөздерінен алынған ізгілер бағы);

«Әл-Әрбағун фи мабади әл-Ислам уа қауағид әл-әхкам» (Ислам негіздері мен үкім қағидалары жайлы қырық хадис);

«Рауда әт-толибин уа ғумдат әл-муфтиин» (Талапкерлер бағы және пәтуа берушілердің тірегі);

«Минһаж әт-талибин уа ғумдат әл-муттақин» (Талапкерлер жолы және тақуалардың тірегі);

«Әл-Мәжмұғ шарх әл-Муһаззаб» («Әл-Муһаззабқа» түсіндірме);

«Тахзиб әл-асма уа әл-луғат» (Есімдер мен тілдерді реттеу);

«Әт-Тахрир фи әлфаз әт-танбиһ» (Назар бұру сөздерді талдау);

«Әл-Бәян фи адаби хамаләтил-Қуръан» (Құранды алып жүрушілердің әдептері).

Оның басқа да көптеген еңбектері бар.

Оның қайтыс болуы:

Имам ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) рәжаб айының 24-і, 676- хижри жылы сәрсенбі түнінде қайтыс болды. Ол қырық бес жасында

өмірден өтті. Оның жаназасы Дамаск қаласының үлкен мешітінде оқылып, туған жері Нәуа қаласында жерленді.

Шейх Ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) өмірбаяны¹

Аты-жөні, тегі және лақап аты:

Құрметті имам, мужтахид, сәләфтардың ізбасары, мұсылмандардың муфтиі — шейх Абдулазиз ибн Абдуллаһ ибн Абдурахман ибн Мухаммад ибн Абдуллаһ ибн Баз (Аллаһ оны рахымына бөлесін).

Куниясы: Абу Абдуллаһ. Абдуллаһ оның балаларының ең үлкені еді. Халық арасында Ибн Баз деген атпен белгілі.

Туған жері және балалық шағы:

Ол хижраның 1330-жылы, зул-хижжа айының 12-сінде Эр-Рияд қаласында дүниеге келді. Балалық шағы сол жерде өтті. Әкесі хижраның 1333-жылы қайтыс болғанда, ол небәрі үш жаста еді. Алайда, Аллаһ оған мейірімін төгіп, анасы оны жақсы тәрбиелеп өсірді. Анасы да кейіннен хижраның 1356-жылы қайтыс болды.

Білімі және қызметі:

Ол дінге шақыру жолындағы көрнекті ғалымдардың бірі, шейх Мухаммад ибн Ибраһим ибн Абдуллатиф әли әш-Шейхтың қолында білім алды.

¹ «Әртүрлі пәтуалар мен мақалалар» жинағын жинақтап, реттеген — құрметті шейх доктор Мухаммад ибн Саад аш-Шуайр. Басылымы 9/12.

Имам Ибн Баздың өмірбаянына қатысты толық мәлімет келесі кітаптарда бар:

«Имам Абдулазиз ибн Баздың өмірбаяны» — оны шейх Абдуррахман ибн Юсуф әл-Жибрин жазған.

«Имам Ибн Баздың өмірі мен еңбектері» — оған қатысты мәліметтер жинақталған.

«Шейх Ибн Баздың пәтуалары мен мақалалары» — бұл жинақта оның жазған еңбектері мен радиобағдарламаларда берген пәтуалары бар.

«Ақида әт-Хамауия» және «Ақида әл-Уасытия» кітаптары — шейх Ибн Тәймияның сенімге қатысты еңбектері, олар исламдағы сенім негіздері мен сенімдегі ауытқушылықтарға қарсы жауап ретінде жазылған.

«Рамазан айының амалдары» кітабы — шейх Абдуррахман ибн Мухаммад ибн Қасимнің еңбегі. Бұл кітапта рамазан айында орындалатын құлшылықтар мен амалдар туралы егжей-тегжейлі түсініктемелер берілген.

Еңбек жолы:

Шейх әртүрлі қызметтерді атқарды, олардың ішінде:

Қазы (сот) қызметін 1357–1371 hijри жылдар аралығында Әл-Харж аймағында атқарды.

Мұғалімдік қызметті 1371–1381 hijри жылдар аралығында Эр-Рияд қаласында атқарды.

Мединадағы Ислам университетінде 1381–1395 hijри жылдар аралығында ректордың орынбасары әрі ғылыми зерттеулер басқармасының басшысы болды.

1395–1414 hijри жылдар аралығында Сауд Арабиясының Пәтуа беру мекемесінің төрағасы қызметін атқарды әрі hijраның 1414-жылы өмірден өткеніне дейін Сауд Арабиясының жоғарғы муфтиі болды.

Еңбектері:

Шейх көптеген еңбектер жазды, олардың көбісі атақты «Әртүрлі пәтуалар мен мақалалар» атты 30 томдық жинағына енді. Сондай-ақ ол «Нур алаңында» атты радиобағдарламасында пәтуалар берді. Кейін бұл бағдарлама «Нур ғәлә әд-дарб» атты 33 томдық жинақ болып баспаға шықты. Сонымен қатар, шейх Ибн Баз кейбір ғалымдардың кітаптарына түсініктеме жасады, олардың ішінде мыналар бар:

имам Мухаммад ибн Абдул-Уаххабтың «Кәшф аш-Шубухат», «әл-Қауағид әл-Арбағ», «Фадлу-л-Ислам»;

шейхул-Ислам Ибн Тәймияның «Ақида әл-Уасытия» және «Ақида әл-Хамауия»;

шейх Абдуррахман ибн Мухаммад ибн Қасимнің «Рамазан айының амалдары» кітабы.

Шейх, Аллаһ оны рахымына алсын, hijраның 1420-жылы (қазіргі күнтізбе бойынша 1999-жыл), мухаррам айының 27-де, бейсенбі күні, таң намазына аз уақыт қалғанда, Таиф қаласында дүниеден өтті. Оның жаназасы Меккедегі Мәжид әл-Харамда жұма намазынан кейін оқылып, қасиетті Мекке қаласындағы әл-Ғәдл зиратына жерленді.

Имам ән-Нәуауидің кіріспесі

Барлық мақтау бүкіл әлемдердің Раббысы — Аллаһқа тән. Ол — көктер мен жердің бар болуын қамтамасыз етуші, барлық жаратылыстың істерін басқарушы, өз елшілерін (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ислам әмірлерін орындаумен міндеттелгендерге тура жол көрсету және дін үкімдерін айқын аяттармен және бұлтартпас дәлелдермен түсіндіру үшін жіберуші. Мен Оған бүкіл нығметтері үшін мақтау айтамын және Оның кең рахымы мен жомарттығын арттыруын сұраймын.

Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігіне куәлік етемін. Ол — Жалғыз, үстем билік Иесі, аса Жомарт әр Өте Кешірімді. Сондай-ақ Мухаммад Аллаһтың құлы әрі елшісі, оның таңдаулысы әрі ерекше сүйіктісі (холилі), жаратылыстардың ең абзалы екендігіне куәлік беремін, Ол (Қиямет күніне дейін) тоқтамай жалғасатын ұлы мұғжиза болып табылатын Құранмен құрметтелді әрі қысқа, бірақ терең мағыналы сөздермен және жеңіл дінмен ардақталды. Оған және басқа да пайғамбарлар мен елшілерге, оның отбасы мүшелеріне және барлық ізгі-салиқалы пенделерге Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

Ал содан кейін: Бізге Али ибн Абу Талиб, Абдуллаһ ибн Масғуд, Муғаз ибн Жәбәл, Абу Дарда, Ибн Умар, Ибн Аббас, Әнас ибн Мәлик, Абу Хурайра және Абу Сағид әл-Худри және Абу Дардадан көптеген жолдармен және түрлі риуаяттармен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: *«Кімде-кім менің үмметім үшін дін істеріне қатысты қырық хадис сақтаса, Аллаһ оны Қиямет күнінде фақиһтар мен ғалымдардың қатарында тірілтеді»*¹.

¹ Алиден (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисті Садр әд-Дин әл-Бакри «әл-Арбағун» (29-бет) кітабында, Ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисті Ибн Асакир «әл-Арбағун әл-Булдәния» (43-хадис) кітабында, Муғаздан (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисті әл-Әжурри «әл-Арбағун» кітабында (45-хадис), Абу Дардадан (Аллаһ

Басқа риуаятта былай делінген: «*Аллаһ оны діндегі терең түсінігі бар білімді адам етіп тірілмеді*»¹.

Ал Абу Дардадан келген риуаятта: «*Мен Қиямет күні ол үшін шапағатшы әрі куәгер боламын*»,— делінген².

Ибн Умардың риуаятында: «*Ғалымдардың арасында жазылады әрі (Қиямет күні) шаһидтермен бірге жиналады*»,— деп айтылған³.

Хадистанушы ғалымдар бұл хадис оның көптеген жолдармен жеткеніне қарамастан әлсіз екеніне бірауыздан келіскен⁴.

Ғалымдар (Аллаһ олардан разы болсын) бұл тақырыпта санауға келмейтіндей өте көп еңбектер жазған. Олардың арасында мен білетінде-рімнен біріншісі Абдуллаһ ибн Мубарак болған, кейін раббани ғалым Мухаммад ибн Әслам әт-Туси, әл-Хасан ибн Суфиян ән-Нәсауи, Абу әл-Әжурри, Абу Бакр Мухаммад ибн Ибраһим әл-Асфхани, әд-Дарақутни, әл-Хаким, Абу Нуғайм, Абдур-Рахман әс-Суләми, Абу Сағид әл-Мәлини, Абу Осман әс-Сабуни, Абу Абдуллаһ ибн Мухаммад әл-Әнсари, Абу Бакр әл-Байһақи және әуелгілер мен кейінгілерден болған басқа да хадис ғұламалары бар.

Менде Аллаһ Тағалаға истихара оқып, сол көрнекті имамдардың және исламның білгірлеріне өнегесіне ілесіп қырық хадис жинақтауға бел будым. Ғалымдар әлсіз хадиспен ізгі амалдар жасауға рұқсат етілетініне келіскен⁵. Бірақ бұған қарамастан, мен бұл әлсіз хадиске емес, алайда

оған разы болсын) келген хадисті әл-Байһақи «Шуғаб әл-иман» кітабында (1579-хадис), Ибн Омардан (Аллаһ оларға разы болсын) келген хадисті әл-Бакри «әл-Арбағун» кітабында (34-бет), Ибн Аббастан (Аллаһ оларға разы болсын) келген хадисті әл-Әжурри «әл-Арбағун» кітабында (45-хадис), Әнас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисті Мухаммад ибн Әсләм әт-Тусий «әл-Арбағун» (42-хадис) кітабында, Абу Хурайранан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисті әд-Дийнури «әл-Мәжәлис уа жауаһир әл-ғилм» кітабында (3070-хадис), Абу Сағидтен (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисті Ибн Асакир өзінің «Муғжәм» кітабында (316-хадис) риуаят еткен.

¹ Мухаммад ибн Әсләм әт-Тусий «әл-Арбағун» (47-хадис) кітабында риуаят еткен. Әнас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисті әд-Дийнури «әл-Мәжәлис уа жауаһир әл-ғилм» кітабында (3070-хадис) риуаят еткен.

² әл-Байһақи «Шуғаб әл-иман» (1579-хадис) кітабында риуаят еткен.

³ Садруддин әл-Бакри «әл-Арбағун» (24-бет) кітабында риуаят еткен.

⁴ Хафиз ибн Хәжар (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «әт-Тәлхис әл-Хабири» (2/202) кітабында хадистің он үш сахабадан түрлі риуаяттармен жеткізілетінін әрі Ибн әл-Жәузи «әл-Ғиләл әл-Мутанаһия» кітабында бұл хадистердің барлығы әлсіз екенін баяндағанын айтқан.

⁵ Имам әс-Суюты өзінің «Тақриб әт-Таһауи» атты еңбегінің түсіндірмесінде (351-бет)

Аллаһ Елшісінің ﷺ: «*Естігендерің естімегендерге жеткізсін*»¹,— деген және: «*Аллаһ менің сөзімді естіп және толық түсініп, басқаларға дәл естігендей жеткізген адамның жүзін нұрландырсын*»²,— деген сөздеріне сүйендім.

Ғалымдардың ішінде қырық хадисті жинақтағандар көп болды. Олар бұл хадистерді діннің негіздеріне, фикһқа, жиһадқа, зухттыққа, мінез-құлық пен әдепке және басқа да тақырыптарға арнап жинады. Олардың бәрі мақсаттарының жоғары болуымен, талпыныстарының шынайылығымен ерекшеленеді.

Мен де осы істі қолға алдым. Аллаһтан көмек сұрай отырып, барлық маңызды мәселелерді қамтитын, әрбір мұсылманға қажетті хадистерді жинақтауға тырыстым. Бұл хадистің әрбірі Исламның негізгі қағидаларының бірі болып табылады, ғалымдар олардың кейбірін діннің негізі, оның жартысы немесе үштен бірі деп атаған. Сонымен қатар бұл еңбектегі қырық хадистің әрқайсысы сахих (сенімді) және олардың басым көпшілігі имам әл-Бухари мен Муслимнің «Сахих» атты кітаптарын да берілген болуы керек деген ережені ұстандым. Аллаһтың қалауымен, оларды жаттау жеңіл әрі оқырманға пайдасы көбірек болуы үшін, мен оларды жеткізушілер тізбегінсіз келтіретін боламын.

Әрбір Ақыретке ұмтылушы мұсылман осы хадистерді білуі керек. Өйткені оларда өте маңызды пайдалар мен ережелер қамтылған әрі бүкіл мойынсұнушылық амалдарға көңіл бөлінген. Әрі олар туралы ой жүгірткен адам бұл сөздердің растығына көз жеткізе алады.

Мен Аллаһтан жәрдем сұрап, өзімді бүтіндей Оған тапсырып, Оған тәуекел етемін. Бүкіл мақтау Аллаһқа ғана тән әрі тура жолға салу мен амандық та тек Одан.

хадис жеткізушінің сенімділігі туралы пікір білдіреді. Имам әс-Суюты әлсіз хадистердің үш түрлі шартпен қолданылатынын келтіреді:

Бірінші: Әлсіз хадис кітаптың ең соңғы бөлігінде ғана болуы керек.

Екінші: Егер хадис әлсіз болса, ол туралы арнайы ескертілуі керек.

Үшінші: Хадис амал етуге негіз болмауы керек, бірақ сақтық шарасы ретінде қарастырылуы мүмкін.

¹ Бұл хадисті әл-Бухари (105), Муслим (1796), Абу Дауд (3656), әт-Тирмизи (2656), Ибн Мәжаһ (232) және Ибн Хиббан (3635) сахих иснадпен риуаят еткен.

² Бұл хадисті Абу Дауд (3660), Тирмизи (2657), Ибн Мәжаһ (230) және Ибн Хиббан (3630) келтірген.

Түсіндірме (шарх)

Бүкіл мақтау-мадақ Аллаһқа ғана тән, Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

Ал содан соң:

Қырық хадис жинағы — өте ұлы еңбек. Онда қырық екі хадис бар, ал Хафиз ибн Ражаб (Аллаһ оны рахымына бөлесін) оны елуге дейін жеткізді. Білім талап етушіге оларды жаттап алу қажет, өйткені олар өте маңызды әрі пайдалы.

Бірінші хадис

عَنْ أَمِيرِ الْمُؤْمِنِينَ أَبِي حَفْصٍ عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ تَعَالَى عَنْهُ قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ يَقُولُ: إِنَّمَا الْأَعْمَالُ بِالنِّيَّاتِ، وَإِنَّمَا لِكُلِّ امْرِئٍ مَا نَوَى، فَمَنْ كَانَتْ هِجْرَتُهُ إِلَى اللَّهِ وَرَسُولِهِ فَهَاجَرَتْهُ إِلَى اللَّهِ وَرَسُولِهِ، وَمَنْ كَانَتْ هِجْرَتُهُ لِدُنْيَا يُصِيبُهَا، أَوْ امْرَأَةٍ يَنْكِحُهَا، فَهَاجَرَتْهُ إِلَى مَا هَاجَرَ إِلَيْهِ.

رواه إماما المحدثين أبو عبد الله محمد بن إسماعيل بن إبراهيم بن المغيرة بن بردزبه البخاري، وأبو الحسين مسلم بن الحجاج بن مسلم القشيري النيسابوري، في صحيحيهما اللذين هما أصح الكتب المصنفة.

Мүминдердің әміршісі Абу Хафс Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «Мен Аллаһтың Елшісінен ﷺ былай естідім: “Амалдар ниетке байланысты бағаланады және әрбір адамға оның ниет еткені ғана беріледі. Кімнің қоныс аударуы (хижрасы) Аллаһ пен Оның Елшісіне болса, соның хижрасы Аллаһ пен Оның Елшісіне болады. Ал кімнің қоныс аударуы (хижрасы) дүниелік игілікке қол жеткізу үшін немесе әйелге үйлену үшін болса, оның хижрасы сол нәрсеге болады”».

Оны хадистанушылардың қос имамы — Абу Абдуллаһ Мухаммад ибн Исмаил ибн Ибраһим ибн әл-Муғира ибн Бәрдизба әл-Бухари және Абу әл-Хусайн Муслим ибн әл-Хәжжәж ибн Муслим

әл-Қушайри ән-Найсабури (Аллаһ оларға разы болсын) (адам тарапынан) жазылған кітаптардың ішіндегі ең сенімдісі болып табылатын өздерінің екі сахих жинақтарында риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Бұл хадис — Умар ибн әл-Хаттаб әл-Фаруқтың (Аллаһ оған разы болсын) хадисі. Ол тура жолмен жүргізілген ізгі төрт халифаның екіншісі болып табылады. Ол хижраның 23-ші жылы зул-хижжа айында шәһид болып дүниеден өтті. Ол (Абу Бакр) әс-Сыддықтан кейін сахабалардың ішіндегі (олардың барлығына Аллаһ разы болсын) ең абзалы саналады.

Ол: «Мен Аллаһтың Елшісінен ﷺ ол: **«Амалдар ниетке байланысты бағаланады әрі әрбір адамға оның ниет еткені ғана беріледі»**,— дегенін естідім»,— деп риуаят етті.

Бұл хадис — ұлы хадистердің бірі. Ғалымдардың кейбіреулері: «Расында, бұл хадис — діннің жартысы болып табылады»,— деген. Өйткені, шариғат қос жарты бөліктен тұрады: бірі жүрекпен байланысты, екіншісі сыртқы амалдармен байланысты. Намаз, зекет, ораза сияқты амалдар сыртқы амалдарға жатады, ал бұл хадис жүрекке қатысты амалдармен байланысты. Әрі жүректегі нәрсе — міне, осы негіз болып табылады, сондықтан да егер адам ниетсіз намаз оқыса, немесе зекет беруді ниет етпей зекет берсе, немесе ораза ұстауға ниеті болмай ораза тұтса, немесе ниеті болмастан қажылық жасаса, ол өзінің амалдарын ниетсін жасаған болады да, олар ғибадат болып саналмайды, керісінше, міндетті түрде ниет жасалуы керек. (Өйткені Пайғамбар ﷺ): **«Амалдар ниетке байланысты бағаланады»**,— деді. Әрі бұл (сөйлемдегі «иннама» деген демеулік шылауы жасалатын) амалдың дұрыс па, бұрыс па, қабыл болады ма, немесе қабыл болмайды ма, сауабы бойынша ұлы немесе сауабы аз ба — бұл тек адамның жүрегіндегі Аллаһ Тағалаға деген ықыластылығына және Аллаһтың алдында осы (амал үшін берілетін сыйды) шыншыл мақсат еткендігіне байланысты ниетіне ғана байланысты екенін ерекшелеп шектеуге нұсқайды².

¹ Сахих Бухари (1); Сахих Муслим (1907)

² Имам ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахым етсін) «Сахих Муслимге» жасаған түсіндірмесінде (13/54) былай деді: «Хадистегі «иннама» («тек») деген сөз аталған нәрсені бекітіп, одан басқаларын теріске шығаратын шектеудің белгісі. Әрі бұл хадистің (астарлы меңзелетін) мағынасы: «Расында, амалдар тек ниетке қарай ғана есептеледі әрі егер ниетсіз

Әрі жүректің (ғибадаттағы) ұлы орынына әрі онымен байланысты нәрселерге нұсқайтын шариғи дәлелдер өте көп. Мысалы, Пайғамбардың ﷺ: **«Аллаһ сендердің сыртқы келбеттеріне және мал-мүліктеріңе қарамайды, бірақ жүректерің мен амалдарыңа қарайды»** — деген сөздері¹.

Әрі Пайғамбарымыздың ﷺ: **«...және әрбір адамға оның ниет еткені ғана беріледі»**, — деген сөздің мағынасы — оған өзінің ниет еткені ғана тиісті болады. Сондықтан да кімде-кім өзінің ғибадат амалы арқылы Аллаһтың Дидарын ниеткен болса, соған ниет еткені (яғни осы) беріледі. Әрі, міне, осы (қағида) адамға өз ғибадат амалдарында ықыласты болуды міндетті етеді. Әрі мүмин адам бүкіл амалдарында: намаз оқығанда да, ораза ұстағанда да, жаназаға қатысқанда да, науқасты зиярат жасап барғанда да, сауда-саттық істерінде де, басқа іс амалдарында да, — ниетінің дұрыс болуын қадағалап отыруы, яғни ол (өзінің амалдарында) Аллаһтың Дидарын және Ақыретті, Аллаһтың халал еткен нәрселерін қалауы, Аллаһтың харам еткен нәрселерін тәрк етуді қалауы, мысалы, егер жаназаға қатысса, осынысымен адамдардың оны көруін немесе ол туралы естуін емес, (Аллаһтың) сый-сауабын алуды ниеттенуі, намаз оқыса да, Аллаһтың Дидарын қалауы, ораза ұстаса да, Аллаһтың Дидарын қалауы, зекет берсе де, Аллаһтың Дидарын қалауы, басқа амалдарында да осына қалуы қажет.

Әрі жоғарыда біз кейбір білім иелерінің бұл хадис туралы ол діннің жартысы деп атағанын айтқан болатынбыз. Ал оны екінші жартысы — Айша (анамыздың, Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздан ﷺ жеткізген: **«Кімде-кім біздің осы ісімізге (Исламға) одан болмаған әлдебір нәрсе енгізсе, сол қайтарылады»**, — деген хадисі². Бұл хадистің басқа риуаятында: **«Кімде-кім біздің нұсқауымыз болмаған әлдебір амалды жасаса, ол қайтарылады»**, — деп айтылған³. Әрі бұл хадис амалдардың сыртқы, көзге көрінетін жақтары мен үкімдеріне байланысты, әрі кез-келген (ғибадат амалдың) сыртқы кейіпі міндетті түрде шариғатқа (яғни Пайғамбарымыздың ﷺ сүннетіне) сәйкес болуы керек.

жасалған болса, онда есептелмейді. Әрі онда дәрет, ғұсыл немесе таяммум — тек ниетпен жасалған болса ғана жарамды болатынына дәлел бар, әрі намаз да, зекет те, ораза да, қажылық та, иғтикаф та және басқа да ғибадаттар да — дәл осы сияқты».

¹ Бұл хадисті Абу Хурайрадан Муслим жеткізген (2564).

² Бухари (2297), Муслим (1718).

³ Муслим (1718).

Сондықтан да дін екі бөлікке бөлінеді: біріншісі — ниетке байланысты әрі ол туралы Умардың (оған Аллаһ разы болсын) осы хадисінде айтылған және екіншісі — (амалдың) сырттай көрінісіне байланысты әрі ол туралы Айша (анамыздың) (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде баяндалған. (Демек) амалдың (жарамды және Аллаһтың алдында қабыл болуының) шарты екеу: ол тек Аллаһ үшін ғана жасалуы және шарифатқа (сүннетке) сәйкес болуы қажет. Аллаһ үшін ғана жасалуы **«Лә иләһа иллә-Ллаһ» («Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ»)** куәлігінің құрамына, ал шарифатқа (сүннетке) сәйкес болуы **«Мухаммад — расулу-Ллаһ» («Мухаммад — Аллаһтың елшісі»)** деген куәліктің құрамына кіреді.

Әрі амал міндетті түрде **«Лә иләһа иллә-Ллаһ» («Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ»)** куәлігіне және **«Мухаммадун — расулу-Ллаһ» («Мухаммад — Аллаһтың елшісі»)** деген куәлігіне сәйкес болуы, яғни онда ықылас және шарифатқа (сүннетке) сәйкестілік болуы қажет. Міне, барлық ғибадаттар осылай болуға тиісті, егер олар Аллаһтан басқаға арналып жасалатын болса, онда бұл Аллаһқа серік қосу (ширк) болады, ал егер шарифатқа (яғни Сүннетке) сәйкес емес кейіпте жасалса, онда ол бидғат (яғни дінге енгізілген жаңалық) болады.

Сондықтан да адам сол арқылы Аллаһқа жақындайтын амал міндетті түрде Аллаһ үшін ғана жасалуы және міндетті түрде шарифатқа (сүннетке) сәйкес болуы қажет. Аллаһ Тағала былай деген:

فَمَنْ كَانَ يَرْجُوا لِقَاءَ رَبِّهِ فَلْيَعْمَلْ عَمَلًا صَالِحًا وَلَا يُشْرِكْ بِعِبَادَةِ رَبِّهِ ۚ أَحَدًا ﴿١١٠﴾

«Сондықтан да кім Раббысына жолуғы үміт етсе, ізгі (салиқалы) амал жасасын және құлшылығында Раббысына ешкімді серік қоспасын» («әл-Кәһф» сүресі, 110-аят).

Әрі (осы аяттағы) **«Сондықтан да кім Раббысына жолуғы үміт етсе, ізгі (салиқалы) амал жасасын»** деген сөздер «шарифатқа (Сүннетке) сәйкес (амалдар жасасын)» дегенді, ал **«және құлшылығында Раббысына ешкімді серік қоспасын»** деген сөздер — бұл «(іс-амалдарында) ықыластылық жасасын» дегенді білдіреді. Әрі амалдар міндетті түрде шарифатқа (сүннетке) сәйкес әрі міндетті түрде жалғыз Аллаһқа ғана арналған болуы қажет.

Сондан кейін Пайғамбар ﷺ бұл хадисте (осыған) мысал келтіріп: **«Кімнің қоныс аударуы (хижрасы) Аллаһ пен Оның Елшісіне болса, соның хижрасы Аллаһ пен Оның Елшісіне болады. Ал кімнің қоныс**

аударуы (хижрасы) дүниелік игілікке қол жеткізу үшін немесе әйелге үйлену үшін болса, оның хижрасы сол нәрсеге болады»,— деді.

Әрі адамдар, бұл Пайғамбардың ﷺ дәуірінде орын алғандай, ширк (көпқұдайшылық) елінен таухид (бірқұдайшылық) еліне қоныс аударды (хижра жасайды). Ол кезде мұсылмандар меккелік мүшріктердің қудалауынан құтылу үшін Мәдинаға көшті. Кімде-кім тек Аллаһ үшін, дінін сақтау үшін, ширк пен күпірліктен қашу үшін хижра жасаса, оның хижрасы Аллаһқа жасалған шынайы хижра болып есептеледі. Оның хижрасы Аллаһқа және Оның Елшісіне жасалған дұрыс (жарамды, қабыл болатын) хижра болады.

Ал кім дүниелік мақсатпен басқа елге көшсе, мысалы, Британиядан немесе Америкадан ислам еліне дінін сақтау үшін емес, дүниелік мүдделермен немесе сол өзі көшіп жатқан ислам еліндегі әлдебір әйелге үйлену үшін, немесе діннен басқа кез-келген мақсаттармен көшсе, онда оның хижрасы сол өзінің ниет еткен нәрсесіне ғана көшу болып саналады. Ол Аллаһ үшін қоныс аударған (муһажир) емес, өйткені ол осы өзін қоныс аударуға итермелеген мүдделер үшін, мысалы, сауда-саттық, немесе үйлену, біреумен кездесу үшін ғана көшті, ол Аллаһқа хижра жасамады әрі бұл хижра емес.

Хижра — бұл адамның ширк (пен күпір) елінен ислам еліне салиқалы ниетпен, яғни діні үшін және дінін сақтау үшін қашып қоныс аударуы, әрі қалған амалдар да дәл осылай.

Аллаһ баршамызды тура жолмен жүргізсін!

Екінші хадис

عَنْ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَيُّضًا قَالَ: بَيْنَمَا نَحْنُ جُلُوسٌ عِنْدَ رَسُولِ اللَّهِ ﷺ ذَاتَ يَوْمٍ إِذْ طَلَعَ عَلَيْنَا رَجُلٌ شَدِيدُ بَيَاضِ الثِّيَابِ شَدِيدُ سَوَادِ الشَّعْرِ لَا يَرَى عَلَيْهِ أَثَرَ السَّفَرِ وَلَا يَعْرِفُهُ مِنَّا أَحَدٌ حَتَّى جَلَسَ إِلَى النَّبِيِّ ﷺ فَأَسْنَدَ رُكْبَتَيْهِ إِلَى رُكْبَتَيْهِ وَوَضَعَ كَفَيْهِ عَلَى فَخْذَيْهِ فَقَالَ: يَا مُحَمَّدُ! أَخْبِرْنِي عَنِ الْإِسْلَامِ. قَالَ: الْإِسْلَامُ أَنْ تَشْهَدَ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ وَتُقِيمَ الصَّلَاةَ وَتُؤْتِيَ الزَّكَاةَ وَتَصُومَ رَمَضَانَ وَتُحَجَّ الْبَيْتَ إِنْ اسْتَطَعْتَ إِلَيْهِ سَبِيلًا. قَالَ: صَدَقْتَ. فَعَجَبْنَا لَهُ يَسْأَلُهُ وَيُصَدِّقُهُ. فَقَالَ: فَأَخْبِرْنِي عَنِ الْإِيمَانِ. قَالَ: أَنْ تُؤْمِنَ بِاللَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَتُؤْمِنَ بِالْقَدَرِ خَيْرِهِ وَشَرِّهِ. قَالَ: صَدَقْتَ. قَالَ: فَأَخْبِرْنِي عَنِ الْإِحْسَانِ. قَالَ: أَنْ تَعْبُدَ اللَّهَ كَأَنَّكَ تَرَاهُ فَإِنْ لَمْ تَكُنْ تَرَاهُ فَإِنَّهُ يَرَاكَ. قَالَ: فَأَخْبِرْنِي عَنِ السَّاعَةِ. قَالَ: مَا الْمُسْتَوَلُ عَنْهَا بِأَعْلَمَ مِنَ السَّائِلِ. قَالَ: فَأَخْبِرْنِي عَنْ أَمَارَاتِهَا. قَالَ: أَنْ تَلِدَ الْأُمَّةُ رَبَّتَهَا وَأَنْ تَرَى الْحُفَاةَ الْعُرَاةَ الْعَالَةَ رِعَاءَ الشَّاءِ يَتَطَاوَلُونَ فِي الْبُنْيَانِ. ثُمَّ انْطَلَقَ فَلَبِثْتُ مَلِيًّا ثُمَّ قَالَ: يَا عُمَرُ! أَتَدْرِي مِنَ السَّائِلِ؟ قُلْتُ: اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ. قَالَ: هَذَا جِبْرِيلُ أَتَاكُمْ يُعَلِّمُكُمْ دِينَكُمْ. (حديث صحيح رواه مسلم)

Умар ибн әл-Хаттабтан (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндалады: «Бірде біз Аллаһтың Елшісінің ﷺ жанында отырғанымызда, кенеттен бізге әппақ киінген, шашы қап-қара, бойынан сапардың белгілері байқалмайтын, оны ешқайсымыз танымайтын бір адам келді. Ол Пайғамбардың ﷺ қарама-қарсысына тізелерін (оның) тізелеріне тигізіп отырды да, алақандарын екі санының үстіне қойды. Сосын: «Уа Мухаммад! Маған Ислам туралы айтып бер»,— деді. Пайғамбар ﷺ: «Ислам — бұл сенің Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ әрі Мухаммад — Аллаһтың Елшісі екеніне куәлік беруің, намазды орындауың, зекет беруің, Рамазан оразасын ұстауың, әрі егер шамаң жетсе, қажшылық жасауың»,— деп жауап берді. Ол: «Дұрыс айттың»,— деді. Біз оның өзі сұрап, өзі растағанына таң қалдық. Сосын ол: «Маған иман туралы айт»,— деді. Пайғамбар ﷺ: «Иман — бұл сенің Аллаһқа, Оның періштелеріне, Оның Кітаптарына, Оның елшілеріне, Ақырет күніне және тағдырға, оның жақсысы мен жаманына иман келтіруің»,— деп жауап берді. Ол: «Дұрыс айттың»,— деді. Сосын ол: «Маған ихсан туралы айт»,— деді. Пайғамбар ﷺ: «Ихсан — бұл сенің Аллаһқа Оны көріп тұрғандай құлшылық етуің, ал сен Оны көрмесең де, Ол сені көріп тұрғанын білуің»,— деп жауап берді. Ол: «Маған Қиямет күні туралы хабар бер»,— деді. Пайғамбар ﷺ: «Бұл туралы сұралған адам сұраушыдан артық білмейді»,— деді. Әлгі адам: «Олай болса, оның белгілері туралы айт»,— деді. Пайғамбар ﷺ: «Күн өзінің қожайынын туады, жалаңаяқ, жалаңаш, кедей қойшылардың биік ғимараттар салуда өзара жарысатынын көресін»,— деп жауап берді. Сосын әлгі адам кетіп қалды. Мен біраз уақыт күттім, сосын Пайғамбар ﷺ маған: «Уа Умар, сұрақ қойған адамның кім екенін білесің бе?»,— деді. Мен: «Аллаһ пен Оның Елшісі жақсырақ біледі»,— дедім. Сонда Пайғамбар ﷺ: «Бұл — сендерге діндеріңді үйретуге келген Жәбірейіл еді»,— деді». Хадисті имам Муслим жеткізген¹.

¹ Сахих Муслим (8).

Түсіндірме (шарх)

Бүкіл мақтау Аллаһқа ғана тән. Аллаһтың Елшісіне, оның отбасы мен сахабаларына және тура жолмен жүргендердің барлығына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын. Бұл «әл-Арбағун ән-Нәуауия» жинағындағы екінші хадис. Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) өздерінің кейбір күндері Аллаһ Елшісінің ﷺ қасында отыратынын, бірақ сұрақ қоймайтынын, содан соң Аллаһ Тағала, сахабалар да, сахабалардан кейін келетін үммет те пайда алулары үшін, бірде Жәбірейілді (оған Аллаһтың сәлемі болсын) сұрақпен жібергенін баяндаған. Әрі бірде Пайғамбар ﷺ адамдар арасында отырған кезде оған Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) аппақ киім киген, қап-қара қою шашты адам кейіпінде келді. Оның бойынан сапардан келгені байқалмайтын әрі сол мәжілісте отырғандардан ешкім оны танымайтын, өте бөгде кейіпте болатын. Со-сын ол шөл тұрғындары, яғни бәдәуилердің әдеті бойынша: «Уа Мухаммад!»,— деді. Олар өз билеушілерін олардың аттарымен: «Уа пәлен! — Уа Мухаммад! — Уа Абдул Азиз,— немесе: Уа Али! — Уа Муғауия! — деп атап, сұрақ қоятын. Яғни бәдәуилердің әдеттері осылай болатын. Алайда ең абзал әдіс — «Уа Аллаһтың Елшісі!», немесе «Уа Аллаһтың Пайғамбары!» — деп айту болса да, Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) бұл жерде арабтардың әдетін ұстанып: «Уа Мухаммад! Маған Ислам туралы,— яғни ол не екенін,— айтып бер!» — деді. Сонда Пайғамбар ﷺ оған: **«Ислам — бұл сенің Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ әрі Мухаммад — Аллаһтың Елшісі екеніне куәлік беруің, намазды орындауың, зекет беруің, Рамазан оразасын ұстауың және егер шамаң жетсе, қажылық жасауың»**,— деп жауап берді. Осылайша, Пайғамбар ﷺ Исламды оның тіректері арқылы түсіндіріп берді.

Деседе, Ислам өзінің мағынасына Аллаһ Тағала мен Оның Елшісі бұйырған бүкіл нәрселерді орындауды және Аллаһ пен Оның Елшісі солардан тыйған барлық нәрселерден тыйылуды біріктіреді, міне осының барлығы Ислам деп аталады. Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّ الدِّينَ عِنْدَ اللَّهِ الْإِسْلَامُ

«Расында, Аллаһтың алдындағы дін — Ислам» («Әли Имран» сүресі, 19-аят).

Демек Исламның мәні — Аллаһқа бойсұну, яғни діннің барлық салаларында Аллаһтың бұйрықтарын орындау, Аллаһтың тыйым салған

нәрселерінен бас тарту. Әрі Пайғамбар да ﷺ адамдар Исламның негізгі тіректерін үйренулері үшін, Жәбрейілдің («Ислам не?» деген) сұрағына, бұл туралы ол ﷺ (басқа хадисте): **«Ислам бес нәрсеге негізделген: Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, әрі Мухаммад — Аллаһтың Елшісі екеніне куәлік ету, намазды орындау, зекет беру, Рамазан оразасын ұстау және (егер адамның шамасы жетсе) қажылық жасау»**,— деп айтқанындай діннің негіздері мен бес тірегін атау арқылы жауап берді¹. Әрі бұл аталған нәрселер оның ұлы тіректері болып табылады. Ол осыны айтып хабарлағанда, әлгі адам: «Дұрыс айттың»,— деді. Сахабалар: «Бұл адам өзі сұрап, өзі растап тұрғаны қандай?!» — деп таң қалды, өйткені әдетте сұраушы адамның білімі болмайды емес пе, ендеше қалайша ол өзі сұраған нәрсесін өзі растамақ?! Бірақ оның бұны растауы адамдарға осының ақиқат екенін үйрету үшін болатын, өйткені ол келген адам — Жәбірейіл періште еді.

Кейін ол: «Маған иман туралы айт»,— яғни оның негіздері туралы айт деді. Пайғамбар ﷺ оған иманның негіздерін түсіндіріп: **«Иман — бұл сенің Аллаһқа, Оның періштелеріне, Оның Кітаптарына, Оның елшілеріне, Ақырет күніне және тағдырға, оның жақсысы және жаманымен иман келтіруің**,— деді». Бұл — иманның негізгі алты шарты. Егер бұл негіздер болмаса, иман болмайды. Иман тек сеніммен шектелмейді, ол түгел дінді де, дінге қатысты барлық нәрселерді соның ішінде: («Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ әрі Мухаммад — Аллаһтың құлы әрі елшісі» деген) ислам куәлігін де, намазды да, зекетті де, оразаны да, қажылықты да, жиһадты да, әрі Аллаһ бұйырған басқа нәрселерді орындауды да, сондай-ақ Аллаһтың тыйым салған нәрселерінен тыйылуды да қамтиды. Бұл туралы Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Иман — жетпістен астам тармақтан тұрады. Оның ең жоғарғысы — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деп айту, ал ең төмені — жолдан зиянды нәрсені алып тастау. Сондай-ақ ұят та — иманның бір тармағы»**². Осылайша, иман өзінің құрамына Аллаһ пен Оның Елшісі бұйырған барлық нәрселерді орындауды және Аллаһ пен Оның Елшісі тыйым салған нәрселерден тыйылуды қамтиды. Алайда Пайғамбар ﷺ иман соларға оралатын тіректерін атауды қалады, әрі олар алтау:

¹ Умар ибн әл-Хаттабан (Аллаһ оған разы болсын) әл-Бухари (8) мен Муслим (16) риуаят еткен хадис.

² Сахих Муслим (35).

Бірінші тірек: Аллаһқа иман келтіру — яғни сенің Аллаһқа, Раббың және құлшылыққа лайықты жалғыз шынайы Құдайың екеніне, Ол барлық нәрсені білетін Жаратушы әрі ең көркем құдайлық есімдер мен ең жоғары сипаттардың Иесі екендігіне, Оның ешбір теңдесі және ұқсасы жоқ екеніне (толықтай, күмәнсіз) сенуің.

Екінші тірек: Періштелерге иман келтіру — яғни сен Аллаһтың періштелері бар екеніне, олардың Аллаһтың бұйрықтарына толықтай мойынсұнып, Оның әмірлерін орындайтынына сенуің. Аллаһ оларды нұрдан жаратты. Аллаһ адамдарды топырақтан, періштелерді нұрдан, шайтанды оттан жаратқан. Бұл туралы Айша (анамыз) (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен сахих хадисте Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Періштелер нұрдан жаратылды, жындар оттың жалынынан жаратылды, ал Адам сендерге сипатталған нәрседен¹ жаратылды»**².

Періштелердің нақты санын Аллаһтан басқа ешкім білмейді. Олардың көптігін сипаттау үшін Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Күн сайын Бәйт әл-Мағмурға (көктегі Қағба сияқты үйге) 70 000 періште кіреді, әрі (одан шығып кеткен соң) оған ешқашан қайта оралмайды»**³. Оларды қалайша санауға болмақ?

Осылайша, күн сайын жетінші аспандағы және Жердегі Қағбаның үстінде орналасқан Бәйт әл-Мағмурға 70 000 періште кіреді. Періштелер сол жерде дүниенің әр күні құлшылық етеді, кейін ол жерге қайта оралмайды, яғни күн сайын ол жерге басқа періштелер келеді. Әрі бұл періштелердің санауға келмейтіндей қаншалықты көп екеніне нұсқайды.

Періштелер үнемі Аллаһқа мойынсұнушылықта болады әрі Оның әмірлерін орындайды. Олардың ішінде:

— Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) — пайғамбарларға уахи жеткізуші. Ол періштелердің ең абзалы.

— Исафил (оған Аллаһтың сәлемі болсын) — Қиямет күні Сүрге үрлейтін періште.

¹ Яғни топырақтан (балшықтан) (Қз.: имам ән-Нәуауи «Шарх Сахих Муслим»).

Аллаһ Тағала былай деді:

خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ صَلْصَالٍ كَالْفَخَّارِ

«Ол адамды құрғақ (сыңғырлаған) қыш секілді балшықтан жаратты» («әр-Рахман», 15).

² Муслим (2996).

³ Әл-Бухари (3207), Муслим (164), Мәлик ибн Сағсаға (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадис.

— Микаил (оған Аллаһтың сәлемі болсын) — жаңбыр мен өсімдіктерге жауапты періште.

— Мәлик — Тозақтың қараушысы. Аллаһ Тағала былай деген:

وَنَادُوا يَمْلِكُ لِيَقْضِ عَلَيْنَا رَبُّكَ قَالَ إِنَّكُمْ مَكِثُونَ

«Олар (тозақтағылар) дауыстап: «Уа Мәлик! Раббың біздің ісімізді бітірсін!» — деп шақырады. Ол (Мәлик): «Расында, сендер осында мәңгі қалатын боласындар», — деп жауап береді» («әз-Зухруф» сүресі, 77-аят).

— Хафаза (сақтаушы) періштелер — адамдардың амалдарын жазып отыратын періштелер. Аллаһ Тағала олар жайлы былай деген:

وَإِنَّ عَلَيْكُمْ لَحَافِظِينَ ۖ كِرَامًا كَاتِبِينَ ۖ يَعْلَمُونَ مَا تَفْعَلُونَ

«Расында, сендердің үстілерінде (істерінді) бақылаушылар бар. (Олар) ардақты хатшы періштелер. Олар сендердің не істеп жатқандырыңды біледі» («әл-Инфитар» сүресі, 10–12 аяттар).

Олардың ішінде жер бетін аралап жүретін періштелер бар. Бұл періштелер жер бетін кезіп, Аллаһ еске алынатын мәжілістерді іздейді. Егер олар зікір жасалып жатқан бір жерге кездессе, сол жерге жиналады¹. Олардың арасында Елшімізге ﷺ үмметінің салауатын жеткізетін періштелер де бар².

Үшінші тірек: Аллаһтың пайғамбарларға түсірген Кітаптарына иман келтіру. Олардың ішінде: Тәурат, Інжіл, Забур, Ибраһим мен Мусаның парақтары және Құран Кәрім бар, әрі Құран ең абзал Кітап. Аллаһ Тағала былай деген:

¹ Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген:

إِنَّ اللَّهَ تَبَارَكَ وَتَعَالَى مَلَائِكَةً سَيَّارَةً، فَضَّلًا يَتَّبِعُونَ مَجَالِسَ الذِّكْرِ
«Расында, Аллаһ Тағаланың басқа да жер кезіп, Аллаһ зікір етілетін мәжілістерді іздейтін періштелері бар...». Сахих Муслим (2689).

² Аллаһтың Елшісі ﷺ былай дегені жеткізіледі:

إِنَّ اللَّهَ تَعَالَى مَلَائِكَةً سَيَّاحِينَ فِي الْأَرْضِ يُبَلِّغُونِي مِنْ أُمَّتِي السَّلَامَ
«Расында, Аллаһ Тағаланың жер кезіп, үмметімнің маған жолдаған сәлемін жеткізетін періштелері бар». Ән-Нәсаи (1282), Ибн Хиббан (642), хадис сахих.

لَقَدْ أَرْسَلْنَا رُسُلَنَا بِالْبَيِّنَاتِ وَأَنْزَلْنَا مَعَهُمُ الْكِتَابَ وَالْمِيزَانَ لِيَقُومَ النَّاسُ
بِالْقِسْطِ

«Расында, елшілерімізді ашық муғжизалармен жібердік. Және адамдар әділдікпен іс жүргізсін деп олармен бірге Кітап пен Мизан-ды (өлшеуді) түсірдік» («әл-Хадид» сүресі, 25-аят).

Аллаһ елшілерді жіберіп, оларға Кітаптар түсірді, ал олардың ішіндегі ең ұлысы — Мухаммад Пайғамбарға ﷺ түсірілген Кітап — бұл Құран. Әрбір мұсылман адамға Аллаһтың Кітаптарына, олардың хақ екендігіне, және олардың ең жақсысы әрі ең ұлысы Құран екендігіне иман келтіру парыз болып табылады.

Төртінші тірек: Аллаһтың елшілеріне иман келтіру.

Елшілерге иман келтіру — Адам (атадан) бастап, соңғы пайғамбар Мухаммадқа ﷺ дейінгі барлық пайғамбарлардың хақтығына сену. Аллаһ Адамды жаратты, оны пайғамбар етті, оның ұрпақтарының ішінен басқа пайғамбарлар жіберді, кейіннен Нухты жер бетінің тұрғындарына елші етіп жіберді. Ол жер бетінде ширк пайда болғанда жіберілген алғашқы елші еді. Ал ең соңғы және ең абзал пайғамбар — Мухаммад ﷺ. Мұсылман адам елшілердің барлығына, оларды Аллаһ жібергеніне, олар адамдарға Аллаһтың жолдауларын толық жеткізгендеріне, олар өз пайғамбарлық әрі елшілік қызметтерін кәміл (кемшіліксіз) орындағандарына және Мухаммад ﷺ олардың мөрі (соңғысы) болғандығына иман келтіруі қажет.

Бесінші тірек: Ақырет күніне иман келтіру. Яғни Қиямет күніне, оның ақиқат екендігіне, оның міндетті түрде болатындығына, ол жаза-лау мен есеп беру екендігіне, сондай-ақ Жәннат пен Тозаққа, амал Та-разысы (Мизан), Сырат көпірінен өту және Ақырет өміріне байланысты басқа да нәрселер орын алатынына иман келтіруің қажет. Яғни мұсыл-ман адам Аллаһ Тағала Өзінің ұлы Кітабында бұл Ұлы күн жайлы баян-даған барлық нәрселерге иман келтіреді. Аллаһ Тағала былай деген:

لَيْسَ الْبِرَّ أَنْ تُولُوا وَجُوهَكُمْ قِبَلَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ وَلَكِنَّ الْبِرَّ مَنْ ءَامَنَ بِاللَّهِ
وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَالْمَلَائِكَةِ وَالْكِتَابِ وَالنَّبِيِّينَ

«Ізгілік бұл жүздеріңді шығысқа немесе батысқа қарату ғана емес. Бірақ ізгілік бұл кім Аллаһқа, Ақырет күніне, періштелерге, Кі-таптарға, пайғамбарларға иман келтірсе» («әл-Бақара» сүресі, 177-аят).

Алтыншы тірек: Тағдырға иман келтіру. Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّا كُلَّ شَيْءٍ خَلَقْنَاهُ بِقَدَرٍ

«Ақиқатында, Біз әрбір нәрсені белгілі бір өлшеммен жараттық» («әл-Қамар сүресі», 49-аят). Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

أَلَمْ تَعْلَمْ أَنَّ اللَّهَ يَعْلَمُ مَا فِي السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ إِنَّ ذَلِكَ فِي كِتَابٍ إِنَّ ذَلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ

«Аллаһтың көктер мен жердегіні білетінін білмейсің бе? Шын мәнінде, бұл Кітапта (әл-Ләух әл-Махфузда) жазылған. Расында, бұл — Аллаһ үшін оңай нәрсе» («әл-Хажж» сүресі, 70-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай деді:

مَا أَصَابَ مِنْ مُصِيبَةٍ فِي الْأَرْضِ وَلَا فِي أَنْفُسِكُمْ إِلَّا فِي كِتَابٍ مِّن قَبْلِ أَنْ نَبْرَأَهَا إِنَّ ذَلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ ﴿٢٢﴾

«Жер бетінде немесе сендерге қандайда бір бейнет келсе, ол Біз оны жаратуымыздан бұрын Кітапта (әл-Ләух әл-Махфузда) жазулы. Расында, бұл Аллаһқа жеңіл» («әл-Хадид» сүресі, 22-аят).

Тағдырға иман дегеніміз: Аллаһ барлық нәрсенің тағдырын алдын ала белгілегеніне және өлшеп қойғанына әрі барлық нәрсе Оның білімі мен жазуында әуелден бар болғанына иман келтуіруің. Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «Ақиқатында, Аллаһ жаратылыстардың тағдырын көктер мен жерді жаратудан 50 000 жыл бұрын жазып қойды. Әрі Оның Аршысы су үстінде»¹. Оны осылайша иман Муслим Абдуллаһ ибн Амрдан өзінің «Сахих» жинағында жеткізген. Әрі міне осы Жәбірейілдің хадисінде де: «Тағдырға, оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің», — деп айтылған. Яғни Аллаһ Тағала әр нәрсенің тағдырын біліп, оны белгілеп, өлшеп, жазып қойған. Жерде, Жәннат пен Тозақ тұрғындарында болатын, және орын алатын кез-келген қайғы-қиыншылықтар, бүлік пен шайқастар және басқа да нәрселер — бұлардың барлығы тағдырға бекітіліп, жазылған әрі Аллаһтың білімі олардың барлығын қамтиды. Сен Пәк Аллаһ Тағаланың барлық нәрсені тағдырға бекітіп қойғанына, білгеніне және жазып қойғанына куәлік етуің керек.

¹ Сахих Муслим (2996).

Тағдырға деген иман төрт дәрежеден тұрады: білім, жазу, қалау, жаратып бар ету.

Алдын ала білу (ғилм) — Аллаһ бүкіл нәрсені білді. Жазу (китаба) — Аллаһ барлық нәрсені әл-Ләуһ әл-Махфузда жазған. Жарату (холқ) — Барлық нәрсе Аллаһтың жаратуымен болады. Қалау (машиа) — Аллаһ қалаған нәрсе орындалады, ал қаламаған нәрсе болмайды. Барлық нәрсе — Аллаһтың жаратылысы, жаратылған барлық нәрсе — Аллаһтың иелігінде. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿٨٦﴾ إِنَّ رَبَّكَ هُوَ الْخَلَّاقُ الْعَلِيمُ

«Расында, Раббың — Ол Аса Білімді Жаратушысы» («әл-Хижр» сүресі, 86-аят).

اللَّهُ خَلَقُ كُلِّ شَيْءٍ

«Аллаһ барлық нәрсенің Жаратушысы» («әр-Рағд» сүресі, 16-аят).

Үшінші деңгей: Ихсан. Ихсан — бұл Аллаһқа сен Оның көріп тұрғандай құлшылық етуің. Тіпті сен Оны көрмесең де, Ол сені көріп тұрғанын білуің. Бұл — құлшылықтың ең жоғарғы дәрежесі.

Ихсанның екі дәрежесі бар:

Біріншісі: Мушәһада дәрежесі (Оны көріп тұрғандай болу), яғни пенденің Аллаһқа Оны көріп тұрғандай ғибадат етуі.

Муроқаба дәрежесі (Аллаһтың бақылап тұрғанын сезіну), яғни сен Аллаһтың сені көріп тұрғанына, жағдай-кейіпінді білетініне, ішкі ойларыңнан хабардар екеніне, Ол біздің барлық іс-әрекеттерімізді көріп-бақылаушы екеніне иман келтіруің. Яғни Аллаһқа жасаған құлшылығыңда ең дайын және ең жақсы күйде болуың үшін, Аллаһқа Оны көріп тұрғандай құлшылық ет, ал егер бұған шамаң келмесе, онда Раббың сені көріп тұрғанын, Сен Аса Жоғары Оның көруінің астында екенінді біліп, шын ықыласпен құлшылық ет. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿٨٧﴾ الَّذِي يَرٰكَ حِيْنَ تَقُوْمُ ﴿٨٨﴾ وَتَقْلُبُكَ فِي السَّجْدِيْنَ ﴿٨٩﴾

«Ақиқатында, Раббың сенің түннің бір бөлігінде (намазға) тұрғаныңды және сәжделерде қозғалуыңды көреді» («әш-Шуғара» сүресі, 218–219-аяттар).

Яғни Аллаһ барлығын көреді, Ол үшін жасырын ештеңе жоқ. Мұсылман адам осыны намазында және барлық амалдарында есте ұстауы ке-

рек. Ол өзінің амалдарын Аллаһ көріп тұрғандай орындауы тиіс. Осы себептен ихсан — құлшылықтың ең жоғары дәрежесі болып табылады.

Осылайша діннің үш дәрежесі толық болды:

Ислам — жалпы дәреже (сыртқы амалдар мен көзге көрінер ғибадаттар).

Иман — ерекше дәреже (жүректегі сенім).

Ихсан — ең жоғары ерекше мүминдер жететін дәреже.

Содан соң Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын): «Маған Қиямет күні туралы айт»,— деді. Яғни Қиямет қашан болатынын. Пайғамбарымыз ﷺ оған былай деп жауап берді: **«Бұл туралы сұралған адам сұраушыдан артық білмейді»**. Яғни оны мен де білмеймін, сен де білмейсің, біздің ешқайсымыз бұны білмейміз. (Оның қашан болатынын тек Аллаһ қана біледі.) Аллаһ Тағала былай деген:

يَسْأَلُونَكَ عَنِ السَّاعَةِ أَيَّانَ مُرْسَلُهَا قُلْ إِنَّمَا عِلْمُهَا عِنْدَ رَبِّي
لَا يُجَلِّيهَا لِوَقْتِهَا إِلَّا هُوَ

«Олар сенен Қияметтің қашан болатынын сұрайды. Оларға: «Оның білімі Раббымның жанында, оның уақытын Одан басқа ешкім ашпайды»,— деп айт» («әл-Әғраф» сүресі, 187-аят).

Ол: «Маған оның белгілері туралы айт»,— деді, яғни, оның нышандары жайлы. Пайғамбар ﷺ: **«Күң өзінің ханымын туады және сен жалаңаяқ, жалаңаш, кедей қойшылардың биік ғимараттар салуда жарысып жатқанын көресің»**,— деді. Ол (Пайғамбар ﷺ) оған өзінің заманында және одан кейін болатын жалпы белгілерді хабарлады. Оның біріншісі — күң өзінің ханымын туады, яғни қожайын өзінің күңінен бала сүйеді. Бұл Пайғамбардың ﷺ заманында-ақ орын алған болатын. Себебі, оның ұлы Ибраһим күні Мариядан туған еді, ол оның күңі болған. Бұл арабтар арасында кездесетін жағдай еді, бірақ сирек болатын. Бірақ құлдар саны артқан соң және жиһад жүргізілгеннен кейін бұл нәрсе үмметте көбее түсті.

Сондай-ақ (Пайғамбарымыз ﷺ айтқан) жалаңаяқ, жалаңаш кедейлер — бұл арабтар еді. Дәл солар туралы жалаңаяқ, жалаңаш кедейлер деп айтылатын. Көптеген арабтардың алғашқы жағдайы осындай еді. Оларды жалаңаяқ, жалаңаш, кедей, мұқтаж деп атайтын. Бірақ Аллаһ оларға осы дінді нәсіп етіп, оларды адамдардың патшалары етті, олардың үйлері көбейді, Аллаһ олар үшін байлықты кеңінен жайып тастады. Бұл хадисте аталып айтқан барлық нәрсе орын алды, яғни бұл белгілер

Пайғамбарымыздың ﷺ өмір барысында басталып, кейін ардақты халифалардың, кейін одан кейінгілердің дәуірінде жалғасты.

Кейін әлгі кісі кетіп қалды және адамдар бұл адамның кім екендігін білмеді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ Умарға: **«Сен сұраушының кім екенін білесің бе?»**,— деп сұрады. Ол: «Мен: «Аллаһ пен Оның Елшісі жақсырақ біледі»,— дедім»,— деді. Пайғамбарымыз ﷺ: **«Бұл — сендерге діндеріңді үйретуге келген Жәбірейіл еді»**,— деді. Яғни адамдар сұрақ қоймаған кезде, Аллаһ оны адамдарға ол адамдарға осы ұлы пайдаларды және бұл ұлы реттілікті, яғни діннің үш дәрежесі: Ислам, Иман, Ихсан екенін үйретуі үшін жіберді. Бұны бізге Пайғамбарымыз ﷺ Жәбірейілге берген жауабында баяндады. Аллаһ бәрімізді тура жолға салсын.

Үшінші хадис

عَنْ أَبِي عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا - قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ يَقُولُ «بُنِيَ الْإِسْلَامُ عَلَى خَمْسٍ: شَهَادَةِ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ وَإِقَامِ الصَّلَاةِ وَإِيتَاءِ الزَّكَاةِ وَحَجِّ الْبَيْتِ وَصَوْمِ رَمَضَانَ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Абу Абдур-Рахман Абдуллаһ ибн Умар ибн ибн әл-Хаттабтан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естідім: **«Ислам бес негіздің үстіне құрылған: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мұхаммад Оның Елшісі» деп куәлік ету, намазды орындау, зекетті беру, Қағбаға қажылық жасау және Рамазан айында ораза ұстау»**. Бұл хадисті әл-Бухари мен Муслим риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Бүкіл мақтау Аллаһқа тән, Аллаһтың Елшісіне, оның отбасы мен сахабаларына сәлем мен салауаттар болсын.

Ал содан соң:

Бұл хадис «әл-Әрбағун ән-Нәуауия» жинағындағы үшінші хадис болып табылады. Оны Пайғамбарымыздан ﷺ Умар ибн әл-Хаттабтың баласы Абу Абдур-Рахман Абдуллаһ (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) риуаят еткен. Бұл хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: **«Ислам бес негізге құрылған»**,— деп айтқан. Яғни Исламның тіректері бесеу: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мұхаммад — Оның

¹ Әл-Бухари (8) және Муслим (16).

елшісі» деп куәлік ету; намазды орындау; зекет беру; Қағбаға қажылық жасау және Рамазан айында ораза ұстау. Басқа риуаятта алдымен. **«Рамазан айында ораза ұстау» содан кейін «және Қағбаға қажылық жасау»** деп айтылған, әрі Жәбірейіл хадисінде де ораза қажылықтан бұрын айтылады. Бұл Ислам солардың үстіне құрылған оның тіректері болып табылады.

Бұл тіректер — Ислам дінінің ең маңызды негіздері, ал басқа бұйрықтар мен тыйымдар осы негізгі тіректерден тарайды. Мысалы, ата-ананы құрметтеу, туыстық байланысты сақтау, жақсылыққа бұйыру және жамандықтан тыю — мұның барлығы Исламның тармақтары және оны толықтыратын нәрселер. Сол сияқты, харам нәрселерді тастау да, мысалы, зинадан бас тарту, мас ететін ішімдіктерден тыйылу, ата-анаға қарсы шықпау, рияны тастау — бұлардың бәрі Ислам міндетті түрде тыйым салған (яғни харам еткен) нәрселер әрі олар Исламды толық-кәміл және түгел ететін нәрселер болып табылады. Әрі олар Аллаһ Тағаланың:

إِنَّ الدِّينَ عِنْدَ اللَّهِ الْإِسْلَامُ

«Расында, Аллаһтың алдындағы дін — Ислам»,— деген сөздерінің құрамына кіреді («Әли Имран» сүресі, 19-аят). Өйткені Ислам өзінің құрамына бұйрықтар мен тыйымдарды, яғни Исламның бүкіл әмір-бұйрықтары мен тыйымдарын қамтиды. Демек бұйрықтарды орындау және тыйымдардан тыйылу міне осы Ислам. Әрі осы Исламның барлық әмірлері мен тыйымдары соған оралатын тіректері бесеу.

Бірінші тірек және оның ең ұлысы — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мухаммад — Оның елшісі» деп куәлік ету. Бұл Ислам дінінің ең ұлы тірегі әрі оның ең маңыздысы болып табылады. Әрі ол — негіздердің негізі. Яғни сенің айқын сеніммен, біліммен және шыншыл болған күйде: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ»,— деп куәлік беруің, әрі «Лә иләһә иллә Аллаһ» дегеннің мағынасы дәл осы, яғни «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ». Аллаһ Тағала Құранда бұл туралы былай деген:

وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ
وَذَلِكَ دِينُ الْقَيِّمَةِ

«Олар дінді шынайы түрде Аллаһқа арнап, Оған ықыласпен құлшылық етуден, намазды толық орындаудан және зекет беруден бас-

қаға бұйырылмады. Міне, осы — шынайы (тура) дін» («әл-Бәйина» сүресі, 5-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

فَاعْبُدِ اللَّهَ مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ

«Ендеше дінді Аллаһқа ғана арнап, Оған ықыласты түрде құлшылық ет» («әз-Зумәр» сүресі, 2-аят).

فَادْعُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ

«Аллаһқа ғана құлшылық етіндер әрі дінді Оған ғана шынайы түрде арнаңдар» («Ғафир» сүресі, 14-аят).

ذَٰلِكَ بِأَنَّ اللَّهَ هُوَ الْحَقُّ وَأَنَّ مَا يَدْعُونَ مِنْ دُونِهِ هُوَ الْبَاطِلُ وَأَنَّ اللَّهَ هُوَ الْعَلِيُّ الْكَبِيرُ

«Өйткені, расында, Аллаһ — Ол хақ, ал олардың Одан өзге дұға етіп (жалбарынағандары) — ол жалған, әрі шын мәнінде, Аллаһ — Ол Өте Жоғары, өте Ұлы» («әл-Хәжж» сүресі, 62-аят).

Әрі басқа да аяттар ақиқат — бұл Раббымыз Аллаһқа ғана құлшылық ету, ал адамдардың Аллаһтан басқа, мысалы пұттарға, мүсіндерге, періштелерге, пайғамбарларға, жындарға, талдар мен тастарға, жұлдыздар сияқты жаратылыстарға құлшылық-ғибадат етіп жатқандарының бәрі жалған екендігін дәлелдейді. Өйткені ислам куәлігіндегі «Лә иләһә иллә Ллаһ» сөздері Аллаһтан басқа кез-келген құлшылық етілетін объектілерді теріске шығарады. Аллаһ Тағала Құранда былай деген:

فَاعْلَمْ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ

«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігін біл» («Мухаммад» сүресі, 19-аят).

وَالْهُكُمُ لِلَّهِ وَاحِدٌ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ

«Сендердің құдайларың — бір ғана Аллаһ. Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ. Ол — аса Рахымды, ерекше Мейірімді» («әл-Бақара» сүресі, 163-аят).

إِنَّمَا إِلَهُكُمُ اللَّهُ الَّذِي لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ وَسِعَ كُلَّ شَيْءٍ عِلْمًا

«Шын мәнінде, сендердің құдайларың — тек Аллаһ. Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ. Ол барлық нәрсені біліммен қамтыған» («Та-Ха» сүресі, 98-аят). Әрі осындай мағынадағы аяттар өте көп.

Пайғамбар ﷺ: *«Аллаһтың құлдарындағы қақысы — олар тек Оған ғана құлшылық етулері және Оған ешкімді және ешнәрсені серік қоспаулары»,*— деп айтқан¹. Жәбірейілдің хадисінде де осы айтылған. Және «Аллаһқа қалай құлшылық етесін?» деген хадисте де ислам туралы сұрақ қойылғанда, Пайғамбарымыз ﷺ: *«Аллаһқа ғана құлшылық ет және Оған еш нәрсені серік қоспа»,*— деп келген. Бұл мағына Пайғамбардың ﷺ тағы бір хадисінде: *«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мен Оның елшісі екеніме куәлік бер»,*— деп келген әрі ол осыны: *«Аллаһқа ғана құлшылық ет және Оған еш нәрсені серік қоспа»,*— деп тәпсірлеп берген болатын.

Бұл сөздердің шынайы мағынасы — Аллаһқа ғана құлшылық ету, Оған ешкімді серік қоспау. Сондықтан да егер біреу «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп айтып, бірақ осыған қоса пұттарға ғибадат етсе, онда бұл куәлік оған пайда бермейді (яғни мұсылман етпейді). Міндетті түрде ол оның мағынасын түсінуі қажет, ал ол — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір хақ құдай жоқ», және іс-амалымен осыны бекітуі қажет. Өйткені бұл сөздердің мақсаты олардың мағынасында қамтылған, сондықтан да ол оның мағынасына сеніп, жүрекпен бекітіп, тілмен айтып, амалмен жүзеге асыруы қажет. Аллаһтан басқа ешкім құлшылық етілуге лайықты емес. Яғни адамның жүрегі осыған айқын сенеді әрі тілі мен дене мүшелері де тек Аллаһқа ғана құлшылық етеді.

Ал егер біреу: «Мен «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп айтамын, бірақ Бәдәуиге немесе Хусайнге немесе Алиге немесе Аллаһтың Елшісіне ﷺ құлшылық етемін, өйткені олар Аллаһтың алдында жоғары орынға ие, сондықтан да мен олар арқылы Аллаһқа жақындаймын және соларға дұға етемін»,— десе, сол кәпірге айналады әрі оған «Лә иләһә иллә Аллаһ» дегені сөзі көмектеспейді (күпірліктен құтқармайды). Әрі ол жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етпейінше, оның тек тілімен (осы куәлікті) айтуы оған пайда бермейді. Дәл сол сияқты, әлдебір яһуди, немесе христиан, немесе басқа да біреу: «Лә иләһә иллә Аллаһ»,— деп айтса, бірақ Аллаһ-

¹ Сахих Бухари (2856); Сахих Муслим (30). Хадис Муғаз ибн Жәбалдан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізілген.

қа құлшылық етпесе, керісінше Аллаһпен бірге епископтарына (әулиелеріне), монахтарына әрі басқа нәрселерге құлшылық етуді жалғастыра берсе, ол мұсылман болмайды. Ол құлшылық-ғибадатын тек жалғыз Аллаһқа ғана арнамайынша кәпір болып қала береді. Егер адам (тастарға, қабірлерге немесе мүсіндерге құлшылық ететін болса, онда ол) «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп айтса да, ол кәпір болып қала береді. Өйткені бұл сөздерді тек тілмен ғана айту жеткіліксіз, міндетті түрде тілмен айтуға қоса олардың мағынасына амал ету қажет, яғни міндетті түрде: «Лә иләһа иллә-Ллаһ»,— деп айту әрі осыған қоса тек жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету керек. Өйткені Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәл осыны тәпсірлеп береді:

وَمَا أَمْرُو إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ
وَذَلِكَ دِينُ الْقَيِّمَةِ

«Оларға тек дінді шынайы түрде Аллаһқа ғана арнап, Оған ықыласпен құлшылық ету, намазды толық орындау және зекет беру әмір етілген болатын. Міне, осы — шынайы (тура) дін» («әл-Бәйина» сүресі, 5-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағаланың:

فَاعْبُدِ اللَّهَ مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ

«Аллаһқа ғана ықыласты түрде дінді арнап құлшылық ет»,— деген сөздері де осыны түсіндіріп береді («әз-Зумәр» сүресі, 2-аят).

Әрі сол сияқты:

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ

«Саған ғана құлшылық етеміз, саған ғана жалбарынамыз»,— деген сөздері де («әл-Фатиха» сүресі, 5-аят).

فَادْعُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ

«Аллаһқа ғана ықыласты түрде дінді арнап құлшылық етіндер» («Ғафир» сүресі, 14-аят).

Бұл аяттардан көрініп тұрғандай, адамның сөзі мен амалы сәйкес келуі керек. Егер адам «Мен тек Аллаһқа ғана құлшылық етемін, бірақ тіліммен «Лә иләһа иллә-Ллаһ» куәлігін айтпаймын»,— десе, онда мұндай

адам да осы куәлікті тілімен айтпайынша және оның мағынасына айқын сенбейінше мұсылман болмайды. Міндетті түрде тілмен де айту, мағынасына да сену әрі амалдармен де құлшылық-ғибадат ету қажет. Тура сол сияқты егер адам Аллаһтан басқаға құлшылық-ғибадат жасаса, кәпір болады, тіпті «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп тілімен айтса да.

Ал Бәдәуиге, Хусайнге құлшылығы ететіндер немесе Алиге құлшылық ететін рафидилер, немесе Пайғамбарға ﷺ, немесе жындарға, жұлдыздарға, немесе періштелерге, немесе кейбір періштелерге құлшылық ететіндер — олардың бәрі кәпір болып табылады, тіпті олар «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп айтса да.

Дәл сол сияқты, «Мухаммад — Аллаһтың елшісі» деп куәлік ету де белгілі шарттарсыз адамға еш пайда әкелмейді.

Мысалы, егер біреу «Мен Мухаммад ﷺ — Аллаһтың елшісі деп куәлік беремін», — десе, бірақ оның үкімінен (шариғатынан) басқа бір үкімді дұрыс деп санаса және соған ерсе, онда бұл куәлік оған еш пайда бермейді. Егер ол Мухаммадтың пайғамбарлығын мойындаса, бірақ одан басқа біреуге ілесуге болады деп сенсе, онда оның бұл куәлігі пайдасыз болады. Егер ол пайғамбардың шариғатынан басқа бір шариғатқа ерсе, онда бұл куәлік оған пайда бермейді. Міндетті түрде бұл куәлік сөзбен де, амалмен де болуы керек. Мысалы, егер ол: «Зәйдке немесе Умарға Аллаһ Елшісі ﷺ әкелген нәрселерден басқа нәрсені ұстануға болады әрі, мысалы, Хызырдың Мусаға еруі міндетті болмағаны сияқты, оған да Мухаммадтың алып келген дінін ұстану міндетті емес», — десе, онда ол кәпір болады. Себебі Хызыр — Исраил ұрпақтарынан болмаған пайғамбар еді, ал Муса тек өз қауымына, яғни Исраил ұрпақтарына ғана жіберілген болатын. Ал Мухаммадқа ﷺ келер болсақ, ол бүкіл адамзатқа жіберілген. Әрі сондықтан да егер біреу: «Маған Мухаммадқа еру міндетті емес», — десе, сол кәпір болады. Себебі, ол осы сөзімен Аллаһты өтірікке шығарған болады. Өйткені Аллаһ Тағала:

قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا

«(Уа Мухаммад, оларға:) «Әй адамдар! Мен сендердің түгел барлығыңа жіберілген Аллаһтың Елшісімін», — деп айт», — деді («әл-Әғраф» сүресі, 158).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا كَافَّةً لِّلنَّاسِ بَشِيرًا وَنَذِيرًا وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ

«Біз сені бүкіл адамзатқа қуандырушы және ескертуші ретінде ғана жібердік, бірақ адамдардың көбі білмейді» («әс-Сәбә» сүресі, 28-аят).

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا رَحْمَةً لِّلْعَالَمِينَ

«Біз сені бүкіл әлемдерге тек мейірім ретінде ғана жібердік» («әл-Әнбия» сүресі, 107-аят).

Әрі Аллаһтың Елшісі ﷺ де: «Мен бүкіл адамзатқа жіберілдім»,— деп айтқан¹.

Куәліктің екеуі де бірге айтылуы керек: «Лә иләһә иллә Аллаһ» — яғни, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ, бұл сөзді тек тілмен айтып қана қоймай, оны амалмен де жүзеге асыру қажет. Сондай-ақ «Мухаммад — Аллаһтың Елшісі» деген куәлікті де сөзбен, жүрекпен және дене мүшелерімен амал жүзінде қабылдау қажет. «Мухаммад — Аллаһтың Елшісі» деген куәлік оған ілесуді және оның әмірлеріне бағынуды міндеттейді. Аллаһқа оның жолынан басқа апаратын жол жоқ. Жәннатқа да апаратын Мухаммадтың ﷺ жолынан басқа жол жоқ. Ал кім басқа, мысалы, Мусаның немесе Исаның жолы немесе басқа біреудің жолын таңдап, ұстанса, сол кәпір болады.

Мухаммад ﷺ елшілікпен жіберілген соң яһудиер мен христиандарға да, басқаларға да қатысты дәл осы, яғни олар үшін де Мухаммадтың ﷺ жолынан басқа жол жоқ. Сондықтан, яһудиер де кәпірлер әрі христиандар да, Мухаммадтың ﷺ шариғатын мойындап, сонымен өмір сүрмейінше және оған иман келтірмейтінше, кәпірлер болып табылады.

Исламның екінші тірегі — бес уақыт парыз намаз, әрі оларды орындау әрбір мұсылман адамға міндетті. Үшінші тірегі — зекет. Төртінші тірегі — Рамазан айының оразасы. Бесінші тірегі — қажылық. Осы тіректердің бәріне сену — парыз.

Бұл тіректерге сену — Исламның негізі. Оларды орындау — парыз. Аллаһ Тағала былай деген:

حَافِظُوا عَلَى الصَّلَوَاتِ وَالصَّلَاةِ الْوُسْطَىٰ وَقُومُوا لِلَّهِ قَانِتِينَ

«Намаздарыңды сақтаңдар, әсіресе ортаңғы намазды, әрі Аллаһтың алдында бойұсынып тұрыңдар» («әл-Бақара» сүресі, 238-аят).

¹ Хадисті Жәбир ибн Абдуллаһтан (Аллаһ оған разы болсын) Бұхари (335) және Муслим (521) жеткізген.

Аллаһ Тағала тағыда былай деді:

وَأَقِيمُوا الصَّلَاةَ وَآتُوا الزَّكَاةَ

«Намазды орындандар және зекетті беріндер» («ән-Нур» сүресі, 56-аят).

Ол сондай-ақ былай деді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ عَلَى الَّذِينَ مِن قَبْلِكُمْ

لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ

«Әй иман келтіргендер! Сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей, ораза парыз етілді. Әрине тақуалыққа жетерсіндер» («әл-Бақара» сүресі, 183-аят).

Аллаһ Тағала былай деген:

وَلِلّٰهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ اِلَيْهِ سَبِيْلًا

«Аллаһтың адамдарға жүктеген міндеті — шамасы келген әрбір адамның Қағбаға қажылық етуі...» («Әли Имран», 97-аят).

Бұл хадисте: *«Ислам бес тірекке, — яғни іргетасқа, — негізделген: Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад — Оның Елшісі деп куәлік беру, намазды орындау, зекет беру, Рамазан айында ораза ұстау, Қағбаны қажылық ету»,* — деп айтылған.

Екі куәлікке келер болсақ: кімде-кім осы екі куәлікті тәрк етсе әрі оған сенбесе, немесе тіпті біреуін жоққа шығарса, сол кәпір болады.

Бес уақыт парыз намаз жайлы айтсақ: кім намаздың парыз екенін мойындап, бірақ оны орындамаса, онда кейбір ғалымдардың пікірінше, ол кәпір болмайды. Алайда дұрысы — ол осынысымен кәпір болатыны, яғни кім оның парыз екенін мойындаса да, бірақ намазды орындамаса, сол намазды тастауымен кәпір болады. Бұған Аллаһ Елшісінің ﷺ: *«Адам мен күпірліктің және ширктің арасындағы шекара — намазды тәрк ету»,* — деп айтқан сөздері дәлел болады¹. Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: *«Біздің және олардың аразындағы келісім — намаз, кім оны (намазды) тастаса, сол күпірлікке түсті»*².

¹ Хадисті Жәбірден (Аллаһ оған разы болсын) Мұслим жеткізген (82).

² Хадистің сахих екендігін әл-Тирмизи (2621) және әл-Хаким (11) атаған және әз-Зәһаби мұны растаған.

Зекет, ораза және қажылық туралы айтар болсақ, онда кім зекетті, оразаны және қажылықты тәрк етсе, сол кәпір болмайды. Егер адамның қажылыққа баруға мүмкіндігі бола тұра, қажылық жасамаса, әрі кім Рамазан оразасын ұстауға мүмкіндігі бола тұра оны ұстамаса, немесе зекет бермесе, ол осынысымен кәпір болмайды. Бірақ бұл ауыр күнә әрі қылмысты іс болып саналады. Ол егер тәубе етпесе, онда Қиямет күні Тозаққа түсудің өте үлкен қатерінде болады. Бұған Аллаһ Елшісінің ﷺ зекетті бермеген адамның Қиямет күні азапталып болған соң: **«Сосын оған не Жәннатқа, не Тозаққа жол көрсетіледі»**, — деген сөздері дәлел болады. Демек ол кәпір болмайды, бірақ Тозақтың отымен азапталуға лайықты болады, тек оны Аллаһ кешіріп жібермесе ғана.

Рамазан айында ораза ұстауға шамасы бола тұра оны түгелімен немесе оның кейбір күндерін тастаған адам да, дәл осы сияқты, Тозақ отына лайықты болады, бірақ егер оның парыз екенін теріске шығармаса, бірақ, мысалы, жалқаулық танытса, онда осынысымен күпірлікке түспейді. Тура сол сияқты шамасы келе тұра қажылық жасамаған адам да жалқаулықпен немесе басқа да себептермен, бірақ оның парыз екенін теріске шағармай, оны жасамаса, үлкен күнә істеген болады және шамасы келетін бола тұра қажылықты тастауының себебімен өз басын өзі Тозаққа түсудің өте үлкен қатеріне салады. Аллаһ баршаны тура жолға салсын.

Төртінші хадис

عَنْ أَبِي عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ — رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ — قَالَ: حَدَّثَنَا رَسُولُ اللَّهِ ﷺ — وَهُوَ الصَّادِقُ الْمُصْذَقُ: إِنَّ أَحَدَكُمْ يُجْمَعُ خَلْقُهُ فِي بَطْنِ أُمِّهِ أَرْبَعِينَ يَوْمًا نُطْفَةً، ثُمَّ يَكُونُ عَلَقَةً مِثْلَ ذَلِكَ، ثُمَّ يَكُونُ مُضْغَةً مِثْلَ ذَلِكَ، ثُمَّ يُرْسَلُ إِلَيْهِ الْمَلَكُ فَيَنْفُخُ فِيهِ الرُّوحَ وَيُؤَمِّرُ بِأَرْبَعِ كَلِمَاتٍ: بِكُتِبَ رِزْقُهُ وَأَجَلُهُ وَعَمَلُهُ وَشَقِيٌّ أَوْ سَعِيدٌ. فَوَاللَّهِ الَّذِي لَا إِلَهَ إِلَّا غَيْرُهُ إِنَّ أَحَدَكُمْ لَيَعْمَلُ بِعَمَلِ أَهْلِ الْجَنَّةِ حَتَّى مَا يَكُونُ بَيْنَهُ وَبَيْنَهَا إِلَّا ذِرَاعٌ فَيَسْبِقُ عَلَيْهِ الْكِتَابُ فَيَعْمَلُ بِعَمَلِ أَهْلِ النَّارِ فَيَدْخُلُهَا، وَإِنَّ أَحَدَكُمْ لَيَعْمَلُ بِعَمَلِ أَهْلِ النَّارِ حَتَّى مَا يَكُونُ بَيْنَهُ وَبَيْنَهَا إِلَّا ذِرَاعٌ فَيَسْبِقُ عَلَيْهِ الْكِتَابُ فَيَعْمَلُ بِعَمَلِ أَهْلِ الْجَنَّةِ فَيَدْخُلُهَا. رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Абу Абдурахман Абдуллаһ ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) былай жеткізіледі: «Бізге шыншыл әрі шыншылдығы расталған Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деп баяндаған: «Шындығында, сендердің әрбіріңнің жаратылыстарың аналарының құрсағында қырық күн бойы тамшы ретінде жиналады. Сосын ол дәл сондай мерзімде ұйыған қан болады. Сосын тағы сондай мерзім ішінде ет кесегі болады. Сосын оған періште жіберіліп, ол оған рух үрлейді және төрт нәрсе жазады: оның ризығын, оның өмір сүру мерзімін, оның амалдарын, оның бақытсыз немесе бақытты болатынын.

Одан басқа құлшылылыққа лайықты ешбір құдай жоқ болған Аллаһпен ант етемін! Сендердің әлдебіреуің жәннаттықтардың амалын істеп жүреді де, тіпті оны мен Жәннаттың арасында бір-ақ шынтақ қашықтық қалғанда оған (тағдырына) жазылғаны жетіп, тозақтықтардың амалын істеп, соған кіреді. Сондай-ақ сендердің әлдебіреуің тозақтықтардың амалын істеп жүреді де, тіпті оны мен Тоzaқтың арасында бір-ақ шынтақ қашықтық қалғанда оған (тағдырына) жазылғаны жетіп, ол жәннаттықтардың амалын істеп, соған кіреді». Бұл хадисті әл-Бухари мен Муслим риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Бисмилләһ, барлық мақтау Аллаһқа тән. Аллаһтың Елшісіне, оның отбасы мен мен сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын болсын.

Бұл хадис хафиз ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін)) құрас-тырған «әл-Әрбағун ән-Нәуауия» жинағындағы төртінші хадис болып та-былады.

Оны Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен. Оның то-лық аты — Абу Абду-р-Рахман Абдуллаһ ибн Масғуд әл-Һузали. Ол — са-хабалардың арасындағы ғұламаларының, фақиһтарының және Құранды толық жатқа білгендердің бірі.

Ол: «Бізге шыншыл әрі шыншылдығы расталған Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деп баяндаған»,— деген. «Әс-Содиқ» — яғни өзінің хабарлаған нәрселерінде шыншыл, «әл-Мәсдук» — яғни оған Аллаһ тарапынан шын-шыл хабарлар келетін. Сондықтан ол өзі де, оған көктен, яғни Аллаһтан келетін хабарлар да шыншыл. Оған Аллаһ тарапынан түскен хабарлар-да ешбір жалғандық жоқ. Сондықтан, ол — сөздері расталған, оған сену міндетті болған шыншыл.

«Сендердің әрбіріңнің», яғни біздің әрбіріміздің **«жаратылысы ана-сының құрсағында қырық күн бойы шәует ретінде жиналады»**. Бұл ер адамның ұрығы әйелдің жатырына түскен бойдан ол жерде қырық күн бойы шәует, болмашы тамшы күйде қалатынын білдіреді. Оны «нут-фа» (шәует) деп атайды.

¹ Әл-Бухари (3208) және Муслим (2643).

Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген:

أَلَمْ نَخْلُقْكُمْ مِنْ مَّاءٍ مَّهِينٍ

«Біз сендерді болмашы (жиіркенішті) судан (шәуеттен) жаратпaдық па?» («әл-Мурсәләт» сүресі, 20-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

فَلْيَنْظُرِ الْإِنْسَانُ مِمَّ خُلِقَ ﴿٥﴾ خُلِقَ مِنْ مَّاءٍ دَافِقٍ

«Адам неден жаратылғанын ойлап қарасын! Ол атылып шыққан судан (шәуеттен) жаратылды» («әт-Торик» сүресі, 5–6 — аяттар).

Ол болмашы (жиіркенішті) сұйықтық ол сондай-ақ атылып шығатын сұйықтық әрі ол шәует. Ал оның «нутфа» деп аталуының себебі — болмашы аз әрі әлсіз болуында.

«Сосын ол дәл сондай мерзімде, — яғни қырық күн, — ұйыған қан («ғәләқа») болады». (Бұл — адамның жатырдағы келесі даму кезеңі). Ұйыған қан (ғалақа) қоюланып, қырық күн ішінде жабысып тұратын қан кесегі болады.

«Сосын тағы сондай мерзім ішінде, — яғни қырық күн, — ет кесегі болады». Бұл — шайналған еттің көлеміндей кішкентай еттің кесегі. Сөйтіп барлығы жиналғанда жүз жиырма күнге созылады.

«Сосын оған періште жіберіліп, ол оған жан үрлейді». Бұл жатырдағы нәрестеге жауапты періште. Періште Аса Жоғары Аллаһтың әмірімен оған жан үрлейді де, сөйтіп ол қозғала бастайды әрі әйел адам оны (яғни осы қозғалысты) жүктілігінің бесінші айында сезіне бастайды.

«...және төрт нәрсе жазады: оның ризығын, оның өмір сүру мерзімін, оның амалдарын, оның бақытсыз немесе бақытты болатынын». Періште оған төрт нәрсені жазады: **ризығын** — яғни оның бай немесе кедей болатынын; **өмір сүру мерзімін** — яғни қашан өлетінін; **оның амалдарын** — ізгі-салиқалы немесе жаман істер істейтінін; **бақытты немесе бақытсыз болатынын**. Оның барлық іс-амалдары алдын ала жазылған. Бұл жазылған нәрселер адамның өмір бойы өзгермейтін тағдыры болып есептеледі. Бұл туралы пайғамбардың ﷺ басқа бір хадисінде былай деп айтылғандай: «Сендердің араларыңдағы жаннаттағы орыны мен Тозақтағы орыны жазылмаған ешкім жоқ».

Сол кезде сахабалар: «Уа Аллаһтың елшісі! Онда біз амал етпей, тек жазылған тағдырға сүйеніп отырсақ бола ма?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «Жоқ, амал етіңдер! Өйткені әркімге ол не үшін жаратыл-

ған болса сол жеңілдетіледі. Кім бақыттылардан (жәннаттықтардан) болса, оған бақыттылардың (жәннаттықтардың) амалын істеу жеңілдетіледі. Кім бақытсыздардан (тозақтықтардан) болса, оған бақытсыздардың (тозақтықтардың) амалын істеу жеңілдетіледі», — деді де, сосын ол Аллаһ Тағаланың мына сөздерін оқыды:

فَأَمَّا مَنْ أَعْطَى وَاتَّقَى ۖ وَصَدَّقَ بِالْحُسْنَى ۖ فَسَنُيَسِّرُهُ لِلْيُسْرَى ۖ وَأَمَّا مَنْ
بَخِلَ وَاسْتَغْنَى ۖ وَكَذَّبَ بِالْحُسْنَى ۖ فَسَنُيَسِّرُهُ لِلْعُسْرَى ۖ

«Ал кім (мал-мүлкінен Аллаһ жолында) беріп, (күнәдан) сақтанса, әрі ең жақсыны (Лә иләһә иллә Аллаһты) растаған болса; сонда оны оңай болған нәрсеге (Жәннатқа) оңайлықпен жеткіземіз. Ал кім сарандық жасап, өзін мұқтажсыз деп есептесе, әрі ең жақсыны (Лә иләһә иллә Аллаһты) өтірікке шығарса, сонда оны ең қиын нәрсеге (Тозаққа) оңайлықпен жеткіземіз» («әл-Ләйл» сүресі, 5–10 — аяттар).

Әрі Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «Аллаһ жаратылыстардың тағдырларын көктер мен жер жаратылудан елу мың жыл бұрын жазып қойған. Әрі Оның Аршысы судың үстінде»¹

(Содан соң) Пайғамбарымыз ﷺ (бұл хадисте) былай деді: «Одан басқа құлшылығыңға лайықты ешбір құдай жоқ болған Аллаһпен ант етемін! Сендердің әлдебіреуің жәннаттықтардың амалын істеп жүреді де, тіпті оны мен Жәннаттың арасында бір-ақ шынтақ қашықтық қалғанда оған (тағдырға) жазылғаны жетіп, тозақтықтардың амалын істеп, соған кіреді. Сондай-ақ сендердің әлдебіреуің тозақтықтардың амалын істеп жүреді де, тіпті оны мен Тозақтың арасында бір-ақ шынтақ қашықтық қалғанда оған (тағдырға) жазылғаны жетіп, ол жәннаттықтардың амалын істеп, соған кіреді».

Бұл сөздердің мағынасы — адам ізгі адамдардың амалдарын жасап өмір сүріп жүруі, бірақ өмірінің соңында ауытқып, Тозақ тұрғындарына айналып кетуі әрі тура сол сияқты жаман істер жасап өмір сүріп жүріп, кейін Аллаһ оны тура солға салып, оның тәубесін қабылдап, ол Жәннаттықтардың амалдарын жасап, Жәннатқа кіруі мүмкін екенінде. Хадистің басқа риуаятында: «Расында сендердің біреуің адамдарға көрінетіндей жәннаттықтардың амалдарын жасап жүреді де, ...», — яғни

¹ Бұл хадисті әл-Бухари (4949) және Муслим (2647) Алиден (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен.

сырт көзге жәннаттықтардың амалын жасап жүргендей болып көрінеді деп айтылған.

Сөздің қорытындысы — адамның амалы оның соңына қарай бағаланатынында. Әрі хадистің мағынасы да — «Амалдар аяқталуына қарай бағаланады» деген негізгі қағиданы қамтиды. Адам өмірінің басым бөлігін өзіне-өзі зиян тигізетін амалдар жасап келген болуы, сосын Аллаһ оған тәубе етуді нәсіп етіп, оның тәубесін қабылдап, ол ең жақсы кейіпте дүниеден өтуі мүмкін. Әрі адам өмір бойы жақсы амалдар жасап жүріп, бірақ өмірінің соңында діннен шығып кетіп, Тозаққа кіруі мүмкін. Сол сияқты, адам күнәлар жасап жүруі мүмкін, бірақ соңында тәубе етіп, жақсы амалдар жасап, Жәннатқа кіруі мүмкін. Сондықтан мұсылман адам үнемі Аллаһқа бағынушылықта ынта-ыждағатты болуы, өзін-өзі үнемі есепке тартуы әрі барлық нәрсе тағдырға жазылғанын біліп, өз нәпсісімен күресуі қажет. Бұл туралы Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Амал етіңдер! Өйткені әркімге ол не үшін жаратылған болса сол жеңілдетіледі»**. Аллаһ Тағала былай деген:

يَا أَيُّهَا الْإِنْسَانُ إِنَّكَ كَادِحٌ إِلَىٰ رَبِّكَ كَدْحًا فَمُلَاقِيهِ

«Уа адам! Сен өзіңнің Раббыңа қатты ұмтылумен ұмтылудасың әрі Онымен кездесесің» («әл-Иншиқак» сүресі, 6-аят).

Сондықтан да міндетті түрде ұмтылыс және амал болуы керек, әрі сен өз жасаған амалдарыңмен жолығасың, егер олар жақсы болса, онда жақсылық, әрі жаман болса, онда жамандық. Демек, шариғат міндеттемелері жүктелген (мукәлләф) адамға өзінің Раббысына жолыққанына дейін іс-салиқалы амалдар жасау және осыда өзінің нәпсісімен күресу, ақиқатта тұруда сабыр ету, жамандық пен жамандық жасаушылардан аулақ болу міндетті. Міне, құтылу мен жетістікке жетуді жолы осы.

Аллаһ Тағала былай деген:

قَدْ أَفْلَحَ الْمُؤْمِنُونَ ﴿١﴾ الَّذِينَ هُمْ فِي صَلَاتِهِمْ خَاشِعُونَ ﴿٢﴾ وَالَّذِينَ هُمْ عَنِ اللَّغْوِ مُعْرِضُونَ ﴿٣﴾ وَالَّذِينَ هُمْ لِلزَّكَاةِ فَاعِلُونَ ﴿٤﴾

«Расында, мұминдер жетістікке жетті. Олар — намаздарында кішірейіп мойынсұнған әрі ықыласты болғандар, олар — бос сөздерден аулақ болғандар, олар — зекетті төлейтіндер» («әл-Муъминун» сүресі, 1–4 — аяттар).

Аллаһ Тағала Өзінің Қасиетті Кітабында тағы былай деді:

إِنَّ الَّذِينَ هُمْ مِنْ خَشْيَةِ رَبِّهِمْ مُشْفِقُونَ ﴿٥٧﴾ وَالَّذِينَ هُمْ بِآيَاتِ رَبِّهِمْ يُؤْمِنُونَ ﴿٥٨﴾
وَالَّذِينَ هُمْ بِرَبِّهِمْ لَا يُشْرِكُونَ ﴿٥٩﴾ وَالَّذِينَ يُؤْتُونَ مَا آتَوْا وَقُلُوبُهُمْ وَجَلَةٌ أَنَّهُمْ إِلَى
رَبِّهِمْ رَاجِعُونَ ﴿٦٠﴾ أُولَٰئِكَ يُسَارِعُونَ فِي الْخَيْرَاتِ وَهُمْ لَهَا سَابِقُونَ ﴿٦١﴾

«Расында, олар Раббыларынан қорқып үрейленеді. Олар Раббыларының аяттарына иман келтіреді. Олар Раббыларына серік қоспайды. Олар не берсе де, Раббыларына қайтуларынан жүректері қорқып береді. Міне, солар жақсылыққа ұмтылып, осыда өзгелерді озатындар» («әл-Муъминун», 57–61 — аяттар).

Аллаһ Тағала былай деген:

وَإِنَّ عَلَيْكُمْ لَحَافِظِينَ ﴿١٠﴾ كِرَامًا كَاتِبِينَ ﴿١١﴾ يَعْلَمُونَ مَا تَفْعَلُونَ ﴿١٢﴾

«Шынында, сендерді бақылап тұрған күзетшілер бар. Олар — ардақты хатшы періштелер. Олар сендердің не істеп жатқандарыңды біледі» («әл-Инфитар» сүресі, 10–12 — аяттар).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деді:

إِنَّ الْأَبْرَارَ لَفِي نَعِيمٍ ﴿١٣﴾ وَإِنَّ الْفُجَّارَ لَفِي جَحِيمٍ ﴿١٤﴾

«Шынында, ізгілер нығметтер ішінде болады, ал бұзақылар, әрине, Тозақта болады» («әл-Инфитар», 13–14 — аяттар).

Әй Аллаһтың құлы! Сен міндетті түрде өз-өзіңді есепке тартуың, өз Раббыңа қайта оралатыныңды және өз амалдарың үшін жауап беретіндігіңді біліп жүруің керек. Егер жақсы амал жасасаң — оның сый-сауабы жақсы болады. Ал егер жамандық істесең — соған сай жамандықпен жазаланасың. Сондықтан жаман амалдар жасап жүруде тұрақтап қалудан сақ бол. Тәубе жасауға асық және жасаған күнәларыңды түзетуге ұмтыл. Жақсы амалдар жасауға және жақсы адамдармен жолдас болуға ұмтыл. Міне, осы — құтылу мен жетістіктің және бақытқа жетудің жолы. Аллаһтан басқа ешкімнен күш те, қуат та жоқ. Аллаһ баршамызды тура жолға салсын!

Бесінші хадис

عَنْ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ أُمِّ عَبْدِ اللَّهِ عَائِشَةَ — رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا — قَالَتْ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: مَنْ أَحْدَثَ فِي أَمْرِنَا هَذَا مَا لَيْسَ مِنْهُ فَهُوَ رَدٌّ. رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَ مُسْلِمٌ. وَ فِي رِوَايَةٍ لِمُسْلِمٍ: مَنْ عَمِلَ عَمَلًا لَيْسَ عَلَيْهِ أَمْرُنَا فَهُوَ رَدٌّ.

Мүминдердің анасы Умм Абдуллаһ Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «*Кім біздің осы ісімізге (дінімізге) одан болмаған әлдебір нәрсе енгізсе, ол қайтарылады*». Бухари және Муслим риуаят еткен хадис¹.

Муслимнің риуаятында: «*Кімде-кім біздің әміріміз болмаған амал жасаса, ол қайтарылады*», — деп келеді².

Түсіндірме (шарх)

Бисмилләһ. Бүкіл мақтау Аллаһқа тән. Аллаһтың елшісіне, оның отбасы мен сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын. Бұл хадис — «әл-Әрбағун ән-Нәуауия» жинағындағы бесінші хадис. Бұл — ұлы әрі мәртебелі хадис. Оны Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен. Оның куниясы — Умм Абдуллаһ. Ол Пайғамбарымыздың ﷺ: «*Кім*

¹ Әл-Бухари (2697) және Муслим (1718).

² Муслим (1718).

біздің осы ісімізге одан болмаған нәрсе енгізсе, ол қабыл етілмейді»,— деген сөздерін жеткізген. Бұл хадис Муслимнің риуаятында: **«Кімде-кім біздің әміріміз болмаған амал жасаса, ол қайтарылады»,**— деп келген әрі дәл осылай үлгіде ол Бухаридің өзінде де, яғни оның «Сахих» жинағының соңында «Таухид кітабында» муғалләқ¹ түрде келеді. Әрі бұл хадистің мағынасында қос имам бірауызды келіскен.

Бұл — маңызы ұлы хадис. Ол діннің екі үлкен негізінің екіншісі болып табылады. Өйткені Дін екі бөліктен тұрады:

1. Жасырын (іштей) бөлік — ниет, жүректің дұрыстығы.
2. Көрінетін (сырттай) бөлік — амал, сөз және іс-әрекет.

Амалдар ниетке байланысты деген хадис жасырын (яғни жүректе) болатын бөлікпен, яғни ниетпен байланысты, ал Айшаның хадисі және осы мағынадағы басқа хадистер сыртқы (яғни сөздер мен іс-амалдардағы) көрініс табатын бөлікпен байланысты. Сондықтан, ниет етіп жасайтын амалдарымызда екі, яғни ішкі және сыртқы шартты сақтауымыз міндетті болып табылады:

Бірінші бөлік: Іштегі (жүректегі) ниеттің дұрыстығы — амал тек Аллаһқа ғана арналуы керек, әрі оның ішінде өзгелерге көрсетуді (рия) немесе естіртуді қалау (сумға), немесе Аллаһтан өзгеге арнап жасау болмауы қажет. Адамның намазы, оразасы, садақасы және басқа да амалдары тек Аллаһ Тағалаға арналуы қажет. Әрі дәл осы туралы Умардың (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде Аллаһ Елшісінің ﷺ: **«Амалдар тек ниетке байланысты бағаланады»,**— дегені жеткізіледі.

Екінші бөлік: Сырттай, яғни амалдың (немесе сөздің) шариғатқа (яғни Құран мен Пайғамбарымыздың сүннетіне) сәйкес болуы — егер ол шариғатқа қайшы болса, онда қабыл етілмейді. Егер адам шариғатқа (яғни Құран мен Пайғамбарымыздың сүннетіне) қайшы немесе сай емес түрде намаз оқыса, оның намазы жарамсыз болады, немесе шариғатқа (яғни Құран мен Пайғамбарымыздың сүннетіне) қайшы немесе сай емес түрде ораза ұстаса, оның оразасы жарамсыз болады, немесе адам шариғатқа (яғни Құран мен Пайғамбарымыздың сүннетіне) қайшы немесе сай емес түрде қажылық жасаса, оның қажылығы жарамсыз болады. Оның намазы да, қажылығы да, оразасы да, басқа құлшылық-ғибадаттары да міндетті түрде шариғатқа (яғни Құран мен Пайғамбарымыздың сүннетіне) сай болуы қажет. Бұған Пайғамбарымыздың ﷺ: **«Кім біздің ісімізге (яғни дінімізге, шариғатымызға) одан болмаған нәрсе енгізсе, ол қайтарылады (яғни оның өзіне қайтарылады),»**— деп айтқан осы

¹ Муғалләқ деп жеткізушілер тізбегінің (иснадының) басында үзіліс бар хадис аталады.

хадисі нұсқайды. Басқа риуаяттағы «*Кімде-кім біздің әміріміз болмаған амал жасаса*» деген сөздер «*Кім біздің ісімізге* (яғни дінімізге, шариғатымызға) *одан болмаған нәрсе енгізсе*» деген сөздерді тәпсірлейді, яғни «*Кімде-кім біздің әміріміз болмаған амал жасаса, ол қайтарылады*». Сондай-ақ басқа хадисте былай делінген: «*Діндегі жаңалықтардан сақ болыңдар, өйткені әрбір жаңалық — бидғат*»¹.

Тағы бір сахих хадисте Пайғамбарымыз ﷺ құтпаларында: «*Ең жақсы сөз — Аллаһтың сөзі, ең жақсы жол — Мухаммадтың жолы, ең жаман амалдар — діндегі жаңалықтар, әрі әрбір бидғат — адасушылық*», — деп айтатыны жеткізілген².

Сондықтан амалдарымызда екі нәрсе болуы шарт: Аллаһқа деген шынайы ықылас және міндетті түрде шариғатқа (яғни Құран мен Сүннетке) сәйкес болу. Егер бұл қос шарт болмаса, онда амал қабыл болмайды. Әрі ешбір амалда шариғатқа (яғни Құран мен Сүннетке) қайшы келу рұқсат етілмейді: мейлі ол намаз, ораза, зекет, қажылық, жиһад немесе басқа да құлшылық болсын, егер бұл амалдар шариғатқа сәйкес болмаса, олар қабыл етілмейді.

Әрі осыдан діндегі бидғаттардың нендей жиіркенішті әрі жаман нәрсе екені әрі ол діннен емес, керісінше дінге қарама-қайшы нәрсе екені белгілі болады. Кім бидғаттың салдарын білсе, оның дінге жат екенін түсінеді. Аллаһ Тағала былай деген:

أَمْ لَهُمْ شُرَكَاءُ شَرَعُوا لَهُمْ مِنَ الدِّينِ مَا لَمْ يَأْذَنْ بِهِ اللَّهُ

«Немесе оларда дінде Аллаһ бұйырмаған нәрселерді өздеріне шариғат етіп бекіткен серіктері бар ма? « (әш-Шуғара» сүресі, 21-аят).

Бұның мысалы — жәһилиет дәуірінде арабтар Раббы рұқсат етпеген нәрселерді жасайтын, мысалы, олар өздеріне Ләт, Ғузза, Мәнат деген пұттарды жасап алған еді әрі олар малдарынан бес рет төлдеген інгенді егер олардың бесіншісі еркек болса, соятын да, оны еркектері де әйелдері де жейтін, ал егер ұрғашы болса, онда оны «бахийра» деп атап, құлағын қақ ортасынан екіге бөліп, бос жіберетін, әрі оның сүтін ішуге тыйым салатын. Сондай-ақ егер олардың бреуі әлдебір аурудан жазылса, пұттарына нәзір еткен түйені «әс-Сәйба» деп атап, оның үстіне еш нәрсе жүктемейтін. Олар сондай-ақ жеті рет төлдеген қойды «уасыйля» деп атайтын да, егер жетінші төлі еркек болса, сойып жейтін, ал ұрғашы

¹ Абу Дауд (4607), Тирмизи (2676) Ирбад ибн Сариядан риуаят етілген.

² Сахих Муслим (867) Жәбирден (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

болса, онда пұттарға арнап бос жіберетін. Олар сондай-ақ ұрығынан он қарын туылған еркек түйені «әл-Хам» деп атап, оған мінбейтін әрі оған ешнәрсе жүктемейтін. Мұның барлығы олардың өздері өздеріне шариғат етіп алған амалдары болатын әрі олардың барлығы жарамсыз (батыль). Бұл бидғаттардың барлығы — адасушылық.

Сондықтан да, адамдар мен жындарға, ерлер мен әйелдерге, арабтар мен араб еместерге, байлар мен кедейлерге, барлық адамзатқа амалдарды тек Аллаһқа арнау керек және оларды тек шариғатқа сай жасау қажет. Аллаһтан басқаға, мысалы пұттарға, әулиелерге және басқа да нәрселерге амалдарды арнауға болмайды. Рия (көзбояушылық) да осындай, өйткені ол сырттай Аллаһ үшін жасалған болып көрінсе де, іштей адамдарға көрсету үшін амал жасау болып табылады. Бұл ниеттің бұзылуы болып саналады. Амал сырттай да, іштей де тек Аллаһқа ғана арналуы міндетті. Тура сол сияқты адамға дінде Аллаһ рұқсат бермеген нәрсені енгізуіне рұқсат жоқ. Жаңадан енгізілген нәрселердің (бидғаттардың) — бәрі жарамсыз. Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ: **«Ол қабыл етілмейді»**, — деп айтты. Яғни ол қайтарылады. Бұл екі хадис өте ұлы хадистер болып табылады әрі олар — Исламның екі қос жартысы. Аллаһ баршамызға тура жол нәсіп етсін!

Алтыншы хадис

عَنْ أَبِي عَبْدِ اللَّهِ النُّعْمَانِ بْنِ بَشِيرٍ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا - قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ يَقُولُ: إِنَّ الْحَلَالَ بَيْنَ وَ إِنَّ الْحَرَامَ بَيْنَ وَ بَيْنَهُمَا أُمُورٌ مُشْتَبِهَاتٌ لَا يَعْلَمُهَا كَثِيرٌ مِنَ النَّاسِ، فَمَنْ اتَّقَى الشُّبُهَاتِ فَقَدْ اسْتَبْرَأَ لِدِينِهِ وَ عَرِضِهِ، وَ مَنْ وَقَعَ فِي الشُّبُهَاتِ وَقَعَ فِي الْحَرَامِ كَالرَّاعِي يَرْعَى حَوْلَ الْحِمَى يُوشِكُ أَنْ يَرْتَعَ فِيهِ، أَلَا وَ إِنَّ لِكُلِّ مَلِكٍ حِمًى، أَلَا وَ إِنَّ حِمَى اللَّهِ مُحَارِمُهُ، أَلَا وَ إِنَّ فِي الْجَسَدِ مُضْغَةً إِذَا صَلَحَتْ صَلَحَ الْجَسَدُ كُلُّهُ وَ إِذَا فَسَدَتْ فَسَدَ الْجَسَدُ كُلُّهُ، أَلَا وَ هِيَ الْقَلْبُ. (حديث صحيح رواه البخاري و مُسْلِمٌ)

Абу АбдуЛлаһ Нуғман ибн Башир (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «Мен Аллаһ Елшісінен ﷺ оның былай дегенін естідім: «Расында, хәлал нәрселер анық, сондай-ақ харам нәрселер де анық, ал ол екеуінің арасында көп адамдар білмейтін күмәнді нәрселер бар. Кімде-кім күмәнді нәрселерден сақтанса, сол өзінің дінін және абыройын қорғайды. Ал кімде-кім күмәнді нәрсеге кіріссе, сол малын қорықты жердің дәл маңында жаятын әрі әне-міне соның шекарасына кіріп кеткелі жүрген шопан секілді харамға түсіп кетеді.

Ақиқатында, әрбір патшаның өз қорығы бар, ал Аллаһтың қорығы — бұл Оның тыйым салған (харам еткен) нәрселері. Әрі

расында, адамның денесінде бір кесек ет бар, егер ол түзу (жақсы) болса, бүкіл дене түзу (жақсы) болады. Ал егер ол бұзылса, бүкіл дене бұзылады. Әрі расында, бұл — жүрек». Бұл хадисті әл-Бухари мен Муслим риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Бүкіл мақтау-мадақ Аллаһқа тән! Аллаһтың Елшісіне, оның отбасы мен сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын. Автор алтыншы хадисті келтіріп, онда Абу Абдуллаһ Нуғман ибн Бәшир ибн Сағд әл-Ансори (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздан ﷺ оның: **«Расында, хәлал нәрселер анық»**,— дегенін жеткізген, яғни Аллаһтың Кітабы мен Оның Пайғамбарының ﷺ сүннетінде.

«Кімде-кім күмәнді нәрселерден сақтанса, сол өзінің дінін және абыройын қорғайды. Ал кімде-кім күмәнді нәрсеге кіріссе, сол малын қорықты жердің дәл маңында жаятын әрі әне-міне соның шекарасына кіріп кеткелі жүрген шопан секілді харамға түседі.

Ақиқатында, әрбір патшаның өз қорығы бар, ал Аллаһтың қорығы — бұл Оның тыйым салған (харам еткен) нәрселері. Әрі расында, адамның денесінде бір кесек ет бар, егер ол түзу (жақсы) болса, бүкіл дене түзу (жақсы) болады. Ал егер ол бұзылса, бүкіл дене бұзылады. Әрі расында, бұл — жүрек».

Бұл хадис — өте ұлы хадис әрі оның мән-мағынасы да ұлы. Тіпті кейбір ғұламалар оны діннің төрттен бірі деп атап: «Діннің негізі біз үшін жаратылыстардың ең абзалының төрт сөзінде: Күмәнді нәрселерден сақтан, дүниеқұмар болма, өзіңе қатыссыз нәрселерге кіріспе және амалдарыңды мінедетті түрде ниетпен орында»,— деген.

Пайғамбарымыз ﷺ бұл ұлы хадисте күмәнді нәрселерден сақтанудан бастап: **«Расында, хәлал нәрселер анық, сондай-ақ харам нәрселер де анық»**,— деді, яғни оларды Аллаһ Тағала баяндады, әрі бізге не нәрсенің хәлал, не нәрсенің харам екендігі, не нәрсенің міндеттелген, не нәрсенің тыйым салынғандығы белгілі. Кімде-кім Құран мен Сүннетті оқып үйренсе, осыған көзі жетеді. Содан соң Пайғамбарымыз ﷺ: **«Бірақ ол екеуінің арасында көп адамдар білмейтін күмәнді нәрселер бар, алайда олар жайлы айқын білімге ие болғандар біледі»**,— деді.

¹ Сахих Бухари (52), Сахих Муслим (1599).

«Кімде-кім күмәнді нәрселерден сақтанса, сол өзінің дінін және абыройын қорғайды»,— яғни егер оған әлдебір нәрсе күмәнді болып көрінсе, ол өзіне ақиқат айқын болғанға дейін тоқтап, айқын білімі болмайынша оған кіріспейді. Егер ол әлдебір іске күмәнданса, ол өзі үшін осының шариғи үкімі айқын болуы үшін, дәлелдерге қарайды да, білімсіз ешнерсе айтпайды (және істемейді), міне, осы дін мен абыройды сақтау болып табылады.

Ал кім күмәнді нәрселерге кіруді әдетке айналдырса, сол уақыт өте келе харам, яғни тыйым салынған нәрселерге түсіп кетуі мүмкін.

«Кімде-кім күмәнді нәрселерге түссе»,— яғни күмәнді нәрселерге лайықты көңіл бөлмей, соларға түссе, — **сол харамға түсті**» — яғни өзінің осыған немқұрайлы және салғырт қарағаны себепті. Сондықтан да үкім анық болғанға дейін сақтық танытып, анықтап алу міндетті іс болып табылады.

«Малын қорықты жердің дәл маңында жаятын шопан секілді»,— яғни қойларын немесе түйелерін адамдардың егін алқабының айнала-сында жайып жүрген біреу секілді.

«...әрі әне-міне соның шекарасына кіріп кеткелі жүрген»,— яғни егер ол малын адамдардың егін егілген жерлеріне тым жақын жайса немесе ғапылдыққа салынып, аңғармай қалғанда малы соған кіріп кетсе, олар адамдардың егінінен жеп қоюы мүмкін. Бірақ егер ол алыс тұрса, сақ болып, ұйықтамай, сергек жүрсе, оны кіргізбеуге мүмкіндігі болады. Сондықтан күмәнді нәрселердің айналасында жүрген адам да қоршау маңында мал жайған шопан сияқты, тез арада харамға түсуі мүмкін.

Сол себепті мүмин адамға күмәнді нәрселерден сақ болу, қырағылық таныту және ойланып іс жасау міндетті болып табылады. Егер оған әлдебір нәрселер түсініксіз болса, ол асығыстық жасамай, білім иелерінен сұрағанға дейін немесе дәлелдерді қарап шыққанға дейін күтуі керек.

«Ақиқатында, әрбір патшаның өз қорығы бар» — патшалар өз жерлерінің белгілі бір бөлігін қорғалатын аймақ етіп белгілеп қояды. Бұндай қорықты аймақ жасап қою шариғат тарапынан рұқсат етілген де, тыйым салынған да болуы мүмкін. Шариғат қорықты етіп бекітіп қоюға рұқсат еткен аймақтар — бұл жалпы мұсылмандардың мүдделері үшін қорғалатын аймақтар, мысалы, Аллаһ жолындағы күреске арналған түйелер немесе зекеттен жиналған түйелер жайылатын қорық, бұны Пайғамбарымыз ﷺ жасағандай. Ал егер қорықты аймақ адамдарға зиян тигізетін болса, онда оны белгілеу рұқсат етілмейді.

«...ал Аллаһтың қорығы — бұл Оның тыйым салған (харам еткен) нәрселері» — Аллаһтың бұл дүниедегі қорығы бұл оның харам етіп тыйым салған нәрселері, сондықтан олардан сақтану міндетті (уәжіп) болып табылады. Мысалы, зинақорлық, ұрлық, өсімқорлық және Аллаһ харам еткен басқа да істер — бұлар Аллаһтың тыйым салған нәрселері. Патшалар өздерінің қорғалатын аймағының бұзылғанын қаламайтын секілді, аса Жоғары әрі Ұлы Аллаһ та Өзінің харам еткен нәрселерінің бұзылғанын қаламайды. Ол — күнәлар. Сондықтан олардан аулақ болу және сақтану міндетті.

Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ денеде бір кесек ет бар екенін түсіндірді. Егер ол дұрыс болса, бүкіл дене дұрыс болады, ал егер ол бұзылса, бүкіл дене бұзылады. Біліндер, ол — жүрек. Бұл кішкентай кесек ет дұрыс болған әрі Аллаһтан қорқуда және Оған қатысты ықыласта, Оны жақсы көруде түзу болса, онда дененің сыртқы мүшелері де түзу болып, пенде Аллаһтың парыздарын орындап, харам нәрселерден сақтанады. Ал егер жүрек бұзылса, онда адам күнәларға немқұрайлы қарап, оларға беріліп, әрі өзінің салғырттығы себепті ширкке де түсіп кетуі мүмкін. Бұл жүрек — барлық түзуліктің негізі. Ол тақуалыққа және Аллаһқа деген ықыласқа толғанда, адам түзеледі. Ал егер жүрек ширкке және күнәларға толса, онда адам толығымен бұзылады. Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Әрі расында, адамның денесінде бір кесек ет бар, егер ол түзу (жақсы) болса, бүкіл дене түзу (жақсы) болады. Ал егер ол бұзылса, бүкіл дене бұзылады. Әрі расында, бұл — жүрек»**. Жүрек — адамның түзелуі мен бұзылуының негізі.

Ендеше, уа Аллаһтың құлы! Саған өз жүрегіңе ерекше мән беріп, қамқорық жасау міндетті болып табылады, Раббыңнан оны тура жолда ұстауын сұра. **«Уа жүректерді өзгертіп тұрушы! Менің жүрегімді Өз дініңде бекем ет!»**¹, — деп дұға ет. Бұл — Пайғамбарымыздың ﷺ (жиі айтатын) дұғаларының бірі болатын. Ол — жаратылыстың ең абзалы болса да, сонда да: **«Уа жүректерді өзгертіп тұрушы! Менің жүрегімді дініңде бекем ет! — әрі — Уа жүректерді бұрушы! Менің жүрегімді Өзіңе мойынсұнуға бұр!»** — деп жиі дұға ететін². Бұл дұғаны адам сәждесінде, тахияттың соңында және жүрек түзулігін сұрауға тырысатын басқа уақыттарда айтуы керек. Аллаһ баршамызды тура жолға салсын.

¹ Бұл хадисті Тирмизи (2140) және Ибн Мәжаһ (3834) Әнас ибн Мәліктен (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен.

² Бұл хадисті Муслим (2654) Абдуллаһ ибн Амрдан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен.

Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

Жетінші хадис

عَنْ أَبِي رُقَيْةٍ تَمِيمٍ بْنِ أَوْسٍ الدَّارِيِّ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ قَالَ: الدِّينُ النَّصِيحَةُ، قُلْنَا لِمَنْ؟ قَالَ: لِلَّهِ وَلِكِتَابِهِ وَلِرَسُولِهِ وَلِأَئِمَّةِ الْمُسْلِمِينَ وَعَامَّتِهِمْ. حَدِيثٌ حَيْثُ رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Абу Руқайя Тамим ибн Аус әд-Дәри (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ былай деп айтқанын жеткізді: «Дін — бұл ықыласты қарым-қатынас». Біз: «Кімге қатысты?» — деп сұрадық. Пайғамбарымыз ﷺ: «Аллаһқа, Оның Кітабына, Оның Елшісіне, мұсылмандардың басшылары мен қарапайым адамдарына қатысты», — деп жауап берді. Хадисті имам Муслим риуаят етті¹.

Түсіндірме (шарх)

Хафиз ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай дейді: жетінші хадис — Абу Руқайя Тәмим ибн Аус әд-Дәри (Абу Руқайя — бұл оның куниясы) Пайғамбардың ﷺ: «Дін — бұл ықыласты қарым-қатынас», — дегенін жеткізеді. Сонда сахабалар: «Кімге қатысты, уа Аллаһтың Елшісі?» — деп сұрады. Ол: «Аллаһқа, Оның Кітабына, Оның Елшісіне, мұсылмандардың басшылары мен қарапайым мұсылмандарға қатысты», — деп жауап берді.

¹ Сахих Муслим (55).

Бұл хадис — ұлы, әмбебап хадис. Онда Аллаһтың қақысы, Құранның қақысы, Елшінің қақысы, басшылардың қақылары және мұсылмандардың қақылары баяндалған. Бұл хадисте ешнәрсе қалдырылмаған.

Бұл хадистің басқа бір риуаятында: «Дін — бұл ықыласты қатынас, дін — бұл ықыласты қатынас, дін — бұл ықыласты қатынас»,— деп үш рет қайталанған. Бұл сөздің мағынасы — діннің басым бөлігі, бұдан қалса діннің, яғни Ислам діні мен иманның мәні — бұл ықыласты қатынас. Бұл — өзінің құрамына Исламның мәнін қамтитын және оның мағынасын жинақтаған сөздер,

«Дін — ықыласты қатынас», өйткені ол өз өзінің құрамына Аллаһты құлшылыққа лайықты хақ Құдай ретінде жалғыздау (таухид) және бүкіл ғибадат амалдарыңды ықыластылықпен Оған ғана арнау арқылы Аллаһқа деген ықыласты қатынасты, және Аллаһтың Елшісіне ﷺ қатысты оған мойынсұну, оның сүннетін ұстану және оның шарифатын басшылыққа алу арқылы жасалатын ықыласты қатынасты, әрі Құранға қатысты оны оқып, оған амал ету, оның үкімдерін орындау және оны ұлықтау арқылы жасалатын ықыласты қатынасты қамтиды. Онда сондай-ақ мұсылмандардың басшыларына деген ықыласты қарым-қатынаста қамтылған, ал бұл оларға құлақ асып, бағыну әрі оларды жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтару. Әрі жалпы қарапайым мұсылмандарға деген ықыласты қарым-қатынасты да — яғни оларды жақсылыққа бағыттау, оларға білім беру, оларға жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыю және олармен болған қарым-қатынаста алдаудан және алаяқтықтан аулақ болу. Сондықтан да бұл — жан-жақты, бүкіл дінді қамтитын хадис.

Әрі бұл барлық мұсылмандарға міндетті, өйткені мұсылмандар — бауырлар, әрі біртұтас жамағат. Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ إِخْوَةٌ فَأَصْلِحُوا بَيْنَ أَخَوِيكُمْ وَاتَّقُوا اللَّهَ لَعَلَّكُمْ تُرْحَمُونَ

«Расында, мүминдер — бауырлар. Ендеше, бауырларыңның арасын жарастырыңдар» («әл-Хужурат» сүресі, 10-аят).

Ал Пайғамбар ﷺ былай деген: *«Мүминдер өздерінің өзара сүйіспеншілігінде, мейірімі мен жанашырлығындағы мысалы — бір дене сияқты: егер оның бір мүшесі ауырса, қалған мүшелері ұйқысыздық және дене қызуымен оған жауап береді»*¹

¹ Сахих Бухари (2011), Сахих Муслим (2586).

Сондай-ақ, Ол ﷺ тағы былай деген: «**Мұмин басқа мұминге қатысты — бір бөлігі басқа бөлігін күшейтіп тұратын ғимарат секілді**», — деп, саусақтарын бір-біріне айқастырып көрсетті¹.

Сондықтан әрбір мұсылманға Аллаһқа деген ықыластылықпен, Аллаһтың Елшісіне деген ілесушілікпен, шыншылдықпен Аллаһқа деген таухидін (бірқұдайшылық сенімін) айқындау, Оған ықыласпен ғибадат ету, Оның әмірлеріне бойұсыну әрі тыйымдарынан тыйылу — парыз. Әрі осы орайда ол ықыластылықтан арылып, риядан (көзбояушылықтан), мақтангершіліктен және дөрекіліктен алыс болуы керек. Бұл иман мен шынайы ықылас арқылы Аллаһқа ғибадат ету дегенді білдіреді. Ол өз ғибадатын Оған ғана арнап, Одан басқаның барлығынан бас тартуы керек.

Пайғамбарға да ﷺ қатысты дәл осындай ықыласты қатынас таныту керек: яғни оның шарифатын ұстанып, бұйрықтары мен тыйымдарын ұлықтау, Оның әкелген нәрселерін қабылдау, адамдардың пікірін Оның сөзі мен сүннетінен жоғары қоймау. Осылайша ғана оның барлық амалдары тек Аллаһ үшін ықыласты болып, Оған ғана ғибадат етуге негізделді, әрі осыда Пайғамбардың ﷺ жолына толықтай еру қажет. Бұл ғибадатта Аллаһқа серік қосу да (ширк те), бидғат та, кемістік те болмауы керек. Керісінше, ол өз ғибадаттарында Аллаһқа қатысты және Оның Елшісіне қатысты ықылысты, яғни бүкіл амалдары тек Аллаһқа ғана арналған ықыласты әрі Аллаһ Елшісінің ﷺ сүннетіне ілескен түрде ғана болуы міндетті.

Сол сияқты Құранға деген ықыласты қарым-қатынас — оған еріп, оны ұлықтап, оны үкім ретінде қабылдау әрі оған қайшы нәрселерден сақтану арқылы жүзеге асады. Құранға шынайы ықыластық танытатын адам — үкім үшін Құранға жүгінетін, ондағы әмірлер мен тыйымдарға сәйкес амал ететін, оны мағынасына ақыл жүгіртіп терең үңіліп, ол туралы ой қозғайтын, үкімдерін амалға асыратын және оған қайшы келуден барынша сақтанатын адам.

كِتَابُ أَنْزَلْنَاهُ إِلَيْكَ مُبَارَكٌ لِّيَدَّبَّرُوا آيَاتِهِ ۖ وَلِيَتَذَكَّرَ أُولُوا الْأَلْبَابِ ﴿٢٩﴾

«(Мухаммад) саған бір мұбарак Кітап түсірдік; олар оның аяттарын түсінсін әрі ақыл иелері одан үгіт алсын» («Сод» сүресі, 29-аят).

وَهَذَا كِتَابٌ أَنْزَلْنَاهُ مُبَارَكٌ فَاتَّبِعُوهُ وَاتَّقُوا لَعَلَّكُمْ تُرْحَمُونَ

¹ Сахих Бухари (481), Сахих Муслим (2585), хадисті Абу Муса әл-Әшғари риуаят еткен.

«Осы (Құран) біз түсірген мүбарак Кітап. Енді соған еріңдер әрі тақуалық етіңдер, сонда кешірілесіңдер» («әл-Әнғам» сүресі, 155-аят).

Ал Аллаһтың Елшісіне ﷺ қатысты Аллаһ Тағала былай деді:

وَمَا آتَاكُمُ الرَّسُولُ فَخُذُوهُ وَمَا نَهَاكُمْ عَنْهُ فَانْتَهُوا

«Сендерге Елші не берсе, соны алыңдар да, әрі ол сендерді неден тыйса, содан тыйылыңдар» («әл-Хашр» сүресі, 7-аят).

Ол тағы да былай деді:

أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ

«Аллаһқа бойсұныңдар әрі Елшіге бойұсыныңдар» («әл-Мәйда» сүресі, 92-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай дейді:

فَلْيَحْذَرِ الَّذِينَ يُخَالِفُونَ عَنْ أَمْرِهِ أَنْ تُصِيبَهُمْ فِتْنَةٌ أَوْ يُصِيبَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ

«Сондықтан да оның (Елшінің) әміріне қарсы келгендер, өздеріне бір апат жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын» («ән-Нур» сүресі, 63-аят).

Демек, Елшіге ﷺ қатысты ықылысты қарым-қатынас — Оның шариғатына мойынсұну, Оның бұйрықтарын мен тыйымдарын ұлықтау, Құранға деген ықыласты қарым-қатынас жасау — оған еру, оны ұлықтау және оның Аллаһтың сөзі екеніне иман келтіру. Құран — жаратылған сөз емес, ол — Аллаһтың сөзі. Сонымен бірге, Құранмен қоса Пайғамбардың ﷺ сүннетімен үкім ету қажет.

Ал төртінші бөлім — билеушілерге (әмірлер мен патшаларға) қатысты ықыласты қарым-қатынас. Бұл — оларға жақсылықта жәрдем беру, және шариғатқа қайшы келмейтін нәрселерде оларды тыңдап, оларға мойынсұну. Өйткені егер билеушілерге бағынушылық болмаса, онда қауіпсіздік жойылады, ел ішіне бүлік кіріп, тәртіп бұзылып, істер астанкестен болады.

Сондықтан Аллаһ Тағала былай деді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِيَ الْأَمْرِ مِنْكُمْ

«Әй иман келтіргендер! Аллаһқа бойұсыныңдар, сондай-ақ Елшіге бойсұныңдар әрі өз араларындағы билеушілерге де» («ән-Ниса» сүресі, 59-аят).

Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Адам (билеушіге) өзіне ұнайтын нәрселерде де, ұнамайтын нәрселерде де, өзіне қиын болса да, жеңіл болса да және одан әлдебір нәрсе тартып алынса да бағынуы және оны тыңдауы міндетті. Бірақ егер ол Аллаһқа мойынсұнбауды бұйырса, онда оған осыда бағыну жоқ»*¹.

Пайғамбар ﷺ бірде сахабаларына үндеу жасап, былай деген: *«Сендерге тыңдау және мойынсұну міндет!»*

Аллаһ Тағала былай деді:

فَاتَّقُوا اللَّهَ مَا اسْتَطَعْتُمْ وَأَسْمِعُوا وَأَطِيعُوا

«Аллаһтан шамаларың жеткенше қорқыңдар, тыңдаңдар әрі мойынсұныңдар» («әт-Тағабун» сүресі, 16-аят).

Тыңдау және мойынсұну — ең маңызды міндеттердің бірі, өйткені бұда жақсылыққа өзара көмектесу, қауіпсіздікті сақтау және қылмыскерді қылмысынан тосу бар әрі тыңдау және мойынсұну бұйрығы билеушілерді де, елбасшыларды да, сондай-ақ сенің үстіңнен билік берілген әрбір адамды қамтиды. Сондықтан саған шарифатқа қайшы келмейтін барлық істерде тыңдау және бағыну міндетті. Әйел күйеуіне шарифатқа қайшы келмейтін істердің барлығында мойынсұнуға міндетті, бала әкесіне шарифатқа қайшы келмейтін істердің барлығында мойынсұнуға міндетті, ал барша халық жақсылыққа шақырушылар мен жамандықтан тыюшыларға шарифатқа қайшы келмейтін істердің барлығында мойынсұнуға міндетті. Өйткені бұл адамдар олар үшін билік иелері болып саналады. Күйеудің әйелі үстінен билігі, әкенің балалары үстінен билігі бар, әрі сондықтан да ата-анаға бағыну бұл оларға қатысты міндетті игі қарым-қатынас жасаудың бір бөлігі. Жақсылыққа шақырушылар мен жамандықтан тыюшылар да билік иелері болып табылады, өйткені билеуші оларға билік берген, тура сол сияқты шарифи соттарға да шарифи үкім шығаруда билік берілген.

Бесінші: Жалпы жамағатқа қатысты ықыласты қарым-қатынас. Жалпы мұсылмандарға ықыластылық таныту — бұл оларға намазды бұйыру, оларды тура жолға нұсқау, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю, білімсіздерді білімге үйрету, мұсылмандармен қарым-қатынаста алаяқтыққа жол бермеу, оларға қиянат жасамау, оларға өтірік сөйлемей, олар-

¹ Сахих Бухари (2599), (7144); Сахих Муслим (1839). Хадис Умардан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

ды ғайбаттамау, олар туралы өсек таратпау және осыған ұқсас Аллаһ пен Оның Елшісі ﷺ бұйырған барлық нәрседе оларға ықыластылық таныту. Сондықтан да мұсылман адам оларға қарсы айлакерлік пен алаяқтық жасаудан, оларға ұнамсыз нәрселер және зиян тигізуден сақтануы тиіс. Керісінше, ол оларға шынайы ықыластылықпен қарауы, аманатқа адал, оларға жақсылық жасауға жомарт әрі оларға жамандық жасаудан сақ болуы тиіс. Бұл мұсылмандарға қатысты ықыласты қатынас: оларға жақсылықтарды жеткізу, оларды жақсылыққа шақыру, жамандықтан тыю, олардың мал-мүлкіне, ар-намысына, дініне және денелеріне қатысты зиянды тойтарып, тыю. Мұсылман басқа мұсылманға қатысты оның мал-мүлкі, ар-намысы және діні тұрғысынан ықыласты болуы, оларға кез-келген игілікті келтіруге әрі олардан кез-келген зиянды алыстатуға тырысуы керек. Өйткені мұсылман — мұсылманның бауыры. Пайғамбар ﷺ бұл туралы: **«Мұсылман — мұсылманның бауыры, оған зұлымдық жасамайды, оны алдамайды және оны көмексіз қалдырмайды»**,— деп айтқандай¹.

Пайғамбар ﷺ сондай-ақ былай деді: **«Кім бізді алдаса, ол бізден емес»**².

Мұсылмандарға ізгілік пен тақуалықта бір-біріне жәрдемдесу, бір-біріне игі кеңес-насихат айту, аманатты орындау, алдамау, өтірік айтпау және опасыздық жасамау міндетті. Өйткені мұсылман — мұсылманның бауыры.

Осыдан бұл хадистің ұлылығы мен оның кең мағынаны қамтитыны белгілі болады. Аллаһ баршамызға тура жол нәсіп етсін.

¹ Сахих Бухари (2442); Сахих Муслим (2580). Хадисті Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген.

² Муслим (101); Хадисті Абу Хурайра жеткізген.

Сегізінші хадис

عَنِ ابْنِ عُمَرَ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا - أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ قَالَ: أُمِرْتُ أَنْ أَقَاتِلَ النَّاسَ حَتَّى يَشْهَدُوا أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ، وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ، فَإِذَا فَعَلُوا ذَلِكَ عَصَمُوا مِنِّي دِمَاءَهُمْ وَأَمْوَالَهُمْ إِلَّا بِحَقِّ الْإِسْلَامِ وَحِسَابِهِمْ عَلَى اللَّهِ تَعَالَى. (حديث صحيح رواه البخاري ومسلم)

Абдуллаһ ибн Умардан (Аллаһ оған разы болсын) былай жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: “Мен адамдармен олар: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мухаммад — Аллаһтың Елшісі», — деп куәлік етпейінше әрі намазды орындап, зекетті бермейінше соғысуға бұйырылдым. Ал егер олар осыны істесе, онда менен өз жандары мен мал-мүліктерін сақтап-қорғайды, тек Исламның қақысынан бөлек, әрі есебі Аллаһта болады». Бұл хадисті әл-Бухари және Муслим риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін): «Сегізінші хадис, Ибн Умардан (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) былай жеткізіледі», — деген...

¹ Сахих Бухари (25), Сахих Муслим (22).

Ибн Умар — бұл Абдуллаһ ибн Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған және әкесіне разы болсын). Әрі егер хадистерде Ибн Умар деп келсе, онда ол — Абдуллаһ ибн Умар ибн әл-Хаттаб, яғни Умар ибн әл-Хаттабтың ұлы Абдуллаһ екені белгілі (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын). Ол Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естігенін жеткізеді: **«Мен адамдармен олар: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мухаммад — Аллаһтың Елшісі» деп куәлік етпейінше әрі намазды орындап, зекетті бермейінше соғысуға бұйырылдым. Ал егер олар осыны істесе, онда менен өз жандары мен мал-мүліктерін сақтап-қорғайды, тек Исламның қақысынан бөлек, әрі есебі Аллаһта болады».**

Бұл хадис адамдар иман келтіріп, осы екі куәлікті айтқанға және оларға сәйкес амал еткенге дейін, әрі сондай-ақ намазды орындап, зекетті бергенге дейін (мұсылман елбасшысы¹) олармен соғысады дегенді білдіреді. Яғни олар осы екі куәліктен, немесе оларға сәйкес амал етуден, немесе зекет беруден бас тартса, онда (ислам елінің үкіметі) олармен соғыс жүргізеді. Сондықтан да Абу Бакр әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) халифалығы кезінде кейбір араб тайпалары зекет беруден бас

¹ Бұған осы хадистің өзі де және басқа хадистер де бірмағыналы түрде нұсқайды. Мысалы, Ибн Аббастан, Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын, оның былай деп айтқаны жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі, оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын: «(Мекке) алынғаннан кейін хижра жоқ, бірақ жихад және ниет қалды. Және егер сендерді шығуға шықырса, шығыңдар!»,— деп айтқан». әл-Бухари №2783, Муслим №1353.

Имам Ибн Абу Хатим былай деп айтты: «Мен өзімнің әкемнен (Абу Хатимнен) және Абу Зурғадан Сүннетті жақтаушылардың дін негіздері мәселесіне қатысты пікірлерін: олар көріп үлгерген барлық қалалардың ғалымдары нені ұстанғанын және олардың екеуі де кәміл сенген нәрселері туралы сұрадым. Сонда олар маған: «Біз Хижаздың, Ирактың, Шамның, Йеменнің барлық қалаларының ғалымдарын көріп үлгердік, әрі олардың пікірі...,— деген сөздерінен бастап,— ақиқатында, жиһад Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ Өзінің Пайғамбарын, оған Аллаһтың сәлемі болсын, жіберген кезден бері Қиямет сағатына дейін тек мұсылмандардың әмірлерінен болған басшылардың ғана басқаруымен орындалып келеді, және осыны ешнәрсе жарамсыз ете алмайды»,— деп жауап берді». Қз.: әл-Ләләкәи «Шарх усул әл-иғтиқад», 321.

Имам Абу Жәғфар әт-Тахауи былай деп айтты: «Қажылық бен жиһад Қиямет сағатына дейін мұсылмандардың әмірлерінің басшылығымен ғана жалғасады мейлі олар салиқалы, мейлі күнәхар болса да, әрі ешнәрсе олардың осы (ажырамас жеке құзыретін) жарамсыз ете алмайды және ешнәрсе оларды кеміте алмайды». Қз.: «Шарх әл-ақида әт-Тахауия» 555-бет.

Шейхул-ислам Мухаммад ибн Абдул-Уаһһаб былай деді: «Жиһад ісі тек елбасшыға жүктелген, әрі сондықтан оның қол астындағылары ол шешкен нәрседе оған мойынсұнуы қажет». Қз.: «Мәжмұғ әл-муаллифат» 2/360.

тартқанда, ол және сахабалар олармен олар зекет бергендеріне дейін соғыс жүргізді.

«Лә иләһа иллә-Ллаһ» куәлігінің мағынасы — адам осыған жүрегімен иман келтіріп, тілімен айтуы, яғни ол: «Лә иләһа иллә-Ллаһ» — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ», — деп осылайша куәлік береді әрі соған сәйкес амал ете, Аллаһты ғана Оған құлшылық етумен ерекшелейді әрі Мухаммад — Аллаһтың елшісі деп куәлік береді әрі оған мойынсұнып, ілеседі. Әрі осының құрамына намаз оқу және зекет беру де кіреді. Ал егер олар осыны орындаса, онда олардан қол тарту әрі олардың өмірі мен мал-мүлкінің қорғалуы міндетті болады, тек Ислам қақысы бойынша (қылмыстық) жазаға тартылудан басқа жағдайда. Алайда, Исламның басқа құқықтары да олардың мойнына жүктеледі. Өйткені олар Исламның басқа міндеттерін орындауға міндетті: мысалы, ораза ұстау (Рамазан айында ораза тұту), егер оған бұл жеңілдетілсе — қажылық жасау, жиһадқа қатысу, жақсылыққа шақыру, жамандықтан қайтару, ата-анаға изгі қарым-қатынас жасау, туысқандық байланысты үзбей сақтау, өзгелерді Аллаһтың дініне шақыру, зинақорлықтан, ішімдіктен, өсімқорлықтан бас тартып, тыйылу әрі исламның басқа да осы сияқты міндеттемелері мен парыздары, әрі осы міндеттемелерді орындау олардан Ислам қақысы бойынша талап етіледі. Ал егер олар Исламның кейбір міндеттерін орындаудан бас тартса, онда олардың іс-әрекетіне қарай шара қолданылады. Егер біреу зина жасаса, оған қатысты шариғи қылмыстық жаза қолданылады, егер біреу өсімқорлықпен тұрақты айналысса әрі осыған тәубе жасамаса, ол осыған лайықты жазаға тартылады. Егер біреу ораза ұстамаса және оның ораза ұстамауға үзірі болмаса, онда ол ораза ұстағанына дейін жазаға тартылады. Егер оның қажылық жасауға мүмкіндігі бола тұра, қажылық жасамаса, (шариғи құқық қорғау орындары) оны қажылық жасауға мәжбүрлейді. Осылайша, олар Исламның құқықтарын орындамағандары үшін жауапкершілікке және қажетті жағдайда жазаға тарлады. Алайда, олармен бұл міндеттерді орындамағы үшін соғыс жүргізуге болмайды, бірақ Ислам олардан осы міндеттерді толық орындалу талап етіледі. Әрі кім өзінің мойнындағы әлдебір құқықты орындаудан бас тартса, онда оларға қатысты не шариғи қылмыстық жаза (әл-хадд), не мұсылман әміршісі тарапынан бекітілген шариғи жаза (әт-тағзират) қолданылады.

Ал егер кімде-кім екі куәліктен немесе олардың біреуінен, немесе намаздан, немесе зекеттен бас тартса, онда олар осыған қайтып оралмайынша әрі жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етіп, Аллаһтың Елшісін ﷺ

елші ретінде мойындамайынша және оның артынан ермейінше, бес уақыт намазды орындамайынша және зекетті бермейінше (мұсылман елінің әміршісі тарапынан) олармен соғыс жүргізіледі. Ал егер ол мұсылмандармен бірге болса (яғни мұсылман елінде өмір сүретін мұсылман болса), бірақ зекет беруге сараңдық жасап, оны бермесе, онда одан бұл зекет соғыс арқылы емес, (заң қорғау органдары тарапынан) мәжбүрлеу арқылы алынады. Абу Бакр әс-Сыддық пен сахабалар дәл осылай амал еткен (Аллаһ оларға разы болсын).

Ал намаздың парызын немесе зекеттің парызын жоққа шығарған адам ғалымдардың барлығының бірауызды пікірі бойынша кәпір болып саналады. Сондай-ақ кімде-кім Рамазан айында оразаның парызын немесе қажылықтың парызын (егер оған шамасы жетсе) жоққа шығарса, ол да барша ғалымдардың бірауызды пікірі бойынша кәпір болып есептеледі, әрі (шариғи билік тарапынан) онымен соғыс жүргізіледі. Алайда, егер адам оразаның парызын да, қажылықтың парызын да теріске шығармаса, бірақ оларды жалқаулықпен тәрк етсе, онда ол осынысымен кәпір болмайды, бірақ (шариғи билік органдары тарапынан) оларды орындауға мәжбүрленеді: яғни ол ораза ұстауға, егер қажылық жасауға шамасы келсе, қажылық жасауға мәжбүрленеді, егер, мысалы, ол (мұсылман елінің әскері құрамында) Аллаһ жолында жиһад жасаудан жалтарса және ол соған міндетті болса, онда (ислам мемлекетінің билік органдары) оны соған мәжбүрлейді. Егер ол күнәлардан тыйылмаса, (шариғи мемлекеттік органдар) оны шариғат үкімімен жауапкершілікке не жазаға тартады да, оған қатысты жасаған күнәсінің түріне қарай шариғат белгілеген лайықты жаза қолданылады. Міне, Пайғамбар ﷺ бұл хадисте: **«Тек Ислам қақысынан басқа жағдайда...»** — деп айтқан сөзінің мағынасы да осы. Яғни екі куәлікті, намазды және зекетті мойындаған адам Ислам шеңберінде орындалуға тиісті міндеттері үшін шариғи құқықтық жауапкершілікке тартылады. Бұл хадис басқа: **«Мен адамдармен олар: «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ», — деп куәлік етіп, намазды орындап, зекетті бергенге дейін соғысуға бұйырылдым...»**¹. Демек, олар бұл міндеттерді орындамаған жағдайда, (мұсылман елінің билеушісі) олармен соғыс жүргізеді.

¹ Сахих Муслим (21).

Тоғызыншы хадис

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ صَخْرٍ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ يَقُولُ: مَا نَهَيْتُكُمْ عَنْهُ فَاجْتَنِبُوهُ وَمَا أَمَرْتُكُمْ بِهِ فَأَتُوا مِنْهُ مَا اسْتَطَعْتُمْ، فَإِنَّمَا أَهْلَكَ الَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ كَثْرَةُ مَسَائِلِهِمْ وَاخْتِلَافُهُمْ عَلَى أَنْبِيَائِهِ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Абу Хурайра Абдуррахман ибн Сохрдан (Аллаһ оған разы болсын) былай жеткізіледі: «Мен Аллаһтың Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естідім: *«Мен сендерді неден тыйсам, содан тыйылыңдар. Ал сендерге не нәрсені бұйрсам, соны шамаларың келгенше орындаңдар. Расында, сендерден бұрынғыларды көп сұрақ қоюлары мен пайғамбарларымен келіспеушіліктері опат етті»*. Хадисті әл-Бухари мен Муслим риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Имам Абу Зәкария Яхия ән-Нәуауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бұл хадисті Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) деп бастайды. Абу Хурайра әд-Дауси — арабтардың Дәус тайпасынан шыққан. Оның толық аты — Абдуррахман ибн Сохр әд-Дәуси. Әрі бұл оның аты-жөні осылай екендігі туралы ең дұрыс пікір болып табылады. Ол ең көп хадис жаттаған және риуаят еткен сахабалардың бірі. Ол (Аллаһ оған разы бол-

¹ Сахих Бухари (7288); Сахих Муслим (1338).

сын) былай деген: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естідім: **«Мен сендерді неден тыйсам, содан тыйылыңдар. Ал сендерге не нәрсені бұйырсам, соны шамаларың келгенше орындаңдар. Расында, сендерден бұрын өмір сүргендерді көп сұрақ қоюлары мен пайғамбарларымен келіспеушіліктері опат етті»**. Бұл хадис әл-Бухари мен Муслимнің сенімді хадистер жинақтарында риуят етіледі.

Бұл — ұлы, қысқа әрі мағынасы ауықымды хадистердің бірі. Пайғамбарымыздың ﷺ **«Мен сендерді неден тыйсам, содан тыйылыңдар»** дегені — өте ұлы негізге, яғни Аллаһтың Елшісі ﷺ тыйым салған нәрселерден тыйылудың парыз екеніне нұсқайды және оның сондай-ақ харам екеніне дәлел болады. Өйткені тыйым салынған нәрселердегі негіз — бұл олардың харам болып табылатындығы. Міне, осы негіз. Тек егер әлдебір нәрсеге деген тыйым оның шарифатта құпталмайтын ұнамсыз (мәкруһ) екендігіне нақты дәлел болса ғана, ол осы негізден тыс шығарылады. Ал бұндай дәлел болмаса, онда тыйымдағы негіз оның харам болатындығы. Өйткені Пайғамбардың ﷺ **«Мен сендерді неден тыйсам, содан тыйылыңдар»** деген сөздері оның харам екенін білдіреді. Бұған сондай-ақ Пәк Аллаһ Тағаланың:

وَمَا آتَاكُمُ الرَّسُولُ فَخُذُوهُ وَمَا نَهَاكُمْ عَنْهُ فَانْتَهُوا

«Сендерге Елші не берсе, соны алыңдар да, ал ол сендерді неден тыйса, содан тыйылыңдар»,— деген сөздері де нұсқайды («әл-Хашр» сүресі, 7-аят). Бұл аят бізге Пайғамбарымыздың ﷺ тыйым салған нәрселерінен тыйылуымызды, ал ол бізге не істеуді бұйырса, соны орындауымызды әрі ол ﷺ бізге әлдебір нәрселерді халал немесе харам еткен болса, соны қабылдауымызды міндетті етеді.

Аллаһ Тағала сондай-ақ:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ

«Әй иман келтіргендер. Аллаһқа бағыныңдар әрі Елшіге бағыныңдар»,— деді («ән-Ниса» сүресі, 59-аят).

Ол тағыда былай деді:

مَنْ يُطِيعِ الرَّسُولَ فَقَدْ أَطَاعَ اللَّهَ

«Кім Елшіге бағынса, расында, сол Аллаһқа бағынды» («ән-Ниса» сүресі, 80-аят).

Әрі сондықтан да бізге Пайғамбар ﷺ тыйым салған нәрселерден аулақ болу және оның бұйырған әмірлерін орындау міндетті болады. Әрі бұл — негізгі қағида: бұйрықтарға мойынсұну және тыйым салынған нәрселерден бас тарту — парыз. Тыйым салынған нәрсені тастау, ал бұйырылған нәрсені орындау қажет. Тек егер әлдебір бұйрықтың оны орындау міндетті емес, құптаулы болып табылатындығына, немесе әлдебір тыйым осы нәрсенің харам емес, құпталмайтын макруһ екендігіне нақты дәлел келтірілсе ғана, бұл әмір міндеттілікке немесе тыйым харам екендікке нұсқамайды. Яғни егер тыйым әлдебір нәрсенің харам екенін білдірмесе, онда ол макруһ болады. Ал егер бұйрық әлдебір нәрсені міндетті етуді білдірмесе, онда ол тек құптаулы болады. Кері жағдайда негіз — бұл осы хадисте келтірілген (пайғамбарлық) қағида: Пайғамбарымыздың ﷺ бұйрықтарын орындау мен тыйымдарынан бас тартудың міндетті, яғни парыз екендігі.

Содан соң Пайғамбар ﷺ: *«Ал мен сендерге не нәрсені бұйырсам, соны шамаларың келгенше орындаңдар»*, — деді. Яғни адам өзіне бұйырылған нәрселерден шамасы жеткенін орындайды. Аллаһ Тағала былай дейді:

لَا يُكَلِّفُ اللَّهُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا

«Аллаһ ешбір жанға ол көтере алмайтын нәрсені жүктемейді» («әл-Бақара» сүресі, 286-аят).

Әрі харам етілген нәрселер де дәл солай, адам харам нәрселерден аулақ болуы керек, тек егер ол оны істеуге мәжбүр болса ғана, онда бұл оған рұқсат етіледі. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген:

وَقَدْ فَصَّلَ لَكُمْ مَا حَرَّمَ عَلَيْكُمْ إِلَّا مَا اضْطُرَرْتُمْ إِلَيْهِ

«Расында, Аллаһ сендерге харам еткен нәрселерді егжей-тегжейлі баяндап берді, тек сендер соларға мәжбүр болған жағдайды қоспағанда...» («әл-Әнғам» сүресі, 119-аят). Мысалы, қатты қысылған өте мәжбүрлі жағдайда өлексені жеу сияқты.

Міне, осылайша Аллаһ Тағала мен Оның Елшісі ﷺ бұйырған нәрселер шама жеткенше орындалуға тиісті. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

فَاتَّقُوا اللَّهَ مَا اسْتَطَعْتُمْ

«Аллаһтан шамаларың жеткенше қорқыңдар» («әт-Тағабун» сүресі, 16-аят).

Сондықтан да егер адам намазды тұрып оқуға шамасы келмесе, онда ол оны отырып оқиды. Егер отырып оқуға да шамасы жетпесе, онда жам бастап оқиды. Әрі егер адамға өте қатты қажеттілік туындаса, онда оған өлексе етін тек қажетті мөлшерде ғана жеуге рұқсат етіледі.

Тура сол сияқты егер тыйым харамға емес, алайда бұл істің құпталмайтын екеніне нұсқаса, онда ол рұқсат етіледі. Мысалы, Пайғамбар ﷺ тұрып ішуден тыйды¹, бірақ оның өзінің Зәм-зәм суын тұрып ішкені туралы жеткізіледі². Әрі осы дәлелдер тұрып су ішудің харам емес, алайда ол макруһ (құпталмайтын) немесе мұны істемеу жақсырақ амал екеніне нұсқайды. Өйткені егер ол харам іс болғанда, онда Пайғамбарымыз ﷺ оны ешқашан істемес еді.

Дәл сол сияқты ол ﷺ жаназа көрген кезде орнынан тұруды бұйырган³. Алайда кейде өзі орнынан тұрмайтын⁴. Ал бұл жаназа өтіп бара жатқанда орыннан тұрудың парыз емес, бірақ құптаулы-абзал екенін көрсетеді. Ал егер адам жаназа өтіп бара жатқанын көріп, отыра берсе, оған еш айып жоқ.

Демек, сөздің қорытындысы — бұйрықтың өзі оны орындаудың міндетті екеніне нұсқайды, тек егер оны мустахаб (құпталатын сауапты) немесе оны істеу жақсырақ амал ететін нақты дәлел болмаса ғана. Тура сол сияқты тыйым өз негізінде бұл нәрсенің харам екеніне нұсқайды, тек егер оны мәкруһ (құпталмайтын) немесе оны істемеу абзалырақ екеніне нұсқайтын нақты дәлел болмаса ғана. Әрі харам етілген нәрселердегі негіз олардың тыйым салынғандығында, тек осыған деген қатты мәжбүрлі жағдай (әд-дорура) болмаса ғана. Өйткені Аллаһ Тағала былай дейді:

وَقَدْ فَصَّلَ لَكُمْ مَا حَرَّمَ عَلَيْكُمْ إِلَّا مَا اضْطُرَرْتُمْ إِلَيْهِ

«Расында, Аллаһ сендерге харам еткен нәрселерді егжей-тегжейлі баяндап берді, тек сендер соған мәжбүр болған жағдайды қоспағанда...» («әл-Әнғам» сүресі, 119-аят).

¹ Имам Муслим Әнас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадис (2024).

² Имам Бухари (5617) және имам Муслим (2027) Ибн Аббастан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) жеткізген хадис.

³ Хадисті Имран ибн Рабиғадан (Аллаһ оған разы болсын) Бухари (1370) және Муслим (957) жеткізген.

⁴ Хадисті Али ибн Әбу Толибтан (Аллаһ оған разы болсын) Муслим (962) жеткізген.

Міндетті етілген амалдардағы негіз — оларды орындау, тек бұған адамның шамасы жетпеген жағдайдан бөлек. Аллаһ Тағала бұл туралы былай дейді:

فَاتَّقُوا اللَّهَ مَا اسْتَطَعْتُمْ

«Аллаһтан шамаларың жеткенше қорқыңдар» («әт-Тағабун» сүресі, 16-аят).

Ал Пайғамбар ﷺ: **«Намазды тұрып оқы. Егер оған шамаң келмесе, онда отырып оқы. Егер оған да шамаң келмесе, онда жамбас жатып оқы»**, — деп айтқан¹.

Бұл хадис келіспеушіліктерден сақтануға бұйырады, өйткені келіспеушілік — кез-келген жамандықтың себебі. Өйткені бізден бұрын өмір сүрген қауымдарды көп сұрақ қоюлары және келіспеушіліктері опат етті. Сондықтан да мұмин адам ақиқатқа ұмтылып, соны іздеуі керек және қажетсіз, артық сұрақтар қоюдан аулақ болуы тиіс. Өйткені артық сұрақтар қою негізсіз күмәндануларға, дінді шектен тыс қазбалай беруге және уәс-уәстарға келтіруі мүмкін. Мұмин адам тек өзін мазалайтын ғана әрі соған қажеттілік шақыратын нәрселер туралы сұрауы әрі бұда шектен тыс тереңдеуден сақтануы керек. Өйткені мұндай сұрақтар күмәндарға жетелеуі, немесе діннен шығуға алып келуі, немесе дінге күмән келтіруге, немесе оны мен оның мұсылман бауырлары арасында араздық пен дұшпандық пайда болуына себеп болуы мүмкін. Әрі керісінше, адам қажетті болған ғана сұрақтар қоюы керек әрі қойған сұрақтарындағы мақсаты да игі болуға тиіс. Ол барынша келіспеушіліктер мен даулардан сақтануы керек. Әрі әрбір адам осыған міндетті. Өйткені тартыс пен дауласулар мұсылмандар арасындағы алауыздық пен жамандыққа әкеледі. Сондықтан да Пайғамбар ﷺ: **«Расында, сендерден бұрын өмір сүргендерді көп сұрақ қоюлары мен пайғамбарларымен келіспеушіліктері опат етті»**, — деп айтты.

Сондықтан Аллаһ Тағала көп келіспеушіліктерге түскендерге айыптау білдіріп, былай деген:

وَلَا يَزَالُونَ مُخْتَلِفِينَ ﴿١١٨﴾ إِلَّا مَنْ رَّحِمَ رَبُّكَ

¹ Хадисті Имран ибн Хусойннан (Аллаһ оған разы болсын) имам Бухари (1117) жеткізген.

«Олар әрдайым келіспеушілікте болады, тек Аллаһ рахымына алғандардан басқа» («Һуд» сүресі, 118–119 — аят). Әрі Аллаһтың рахымына бөленгендер, міне, солар бұртұтас жамағатты ұстанушылар.

Сондықтан да келіспеушіліктерден сақтану міндетті болып талады. Алайда, ақиқатты іздеудегі пікір сайыс жасауда немесе дәлел жасырын болып, екі тарап та өзінің сөздерін алға тартатын кездердегі туындап қалатын келіспеушіліктер бұдан тыс, яғни белгілі бір дәрежеде ақталады. Дегенмен, келіспеушілік әрі пікірталас кезінде әділдік пен ақиқатты іздеуге ұмтылу әрі зұлымдық жасаудан бас тарту қажет. Әр тарап өзінің шариғи дәлелін ынсаптылықпен, ұстамдылықпен ұсынуға әрі осы орайда жаман сөздер айтудан тыйылуға тиіс. Нағыз мұсылмандар осылай болуға, яғни келіспеушіліктер кезінде олардың әрбірі бауырына қатысты ынсаптылық танытуға және ақиқатқа ұмтылып, ауызынан шығатын сөздерінде артық кетушілікке әрі әдепсіздікке жол бермеуі қажет. Өйткені бұл нәрселер өзара өшпенділік пен дұшпандыққа алып келеді, сондықтан да **«Расында, сендерден бұрын өмір сүргендерді көп сұрақ қоюлары мен пайғамбарларымен келіспеушіліктері опат етті»**. Аллаһ баршамызға тура жолды және бірлікке жетуді нәсіп етсін!

Оныншы хадис

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: إِنَّ اللَّهَ تَعَالَى طَيِّبٌ لَا يَقْبَلُ إِلَّا طَيِّبًا، وَإِنَّ اللَّهَ أَمَرَ الْمُؤْمِنِينَ بِمَا أَمَرَ بِهِ الْمُرْسَلِينَ، فَقَالَ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا الرُّسُلُ كُلُوا مِنَ الطَّيِّبَاتِ وَاعْمَلُوا صَالِحًا﴾ وَقَالَ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُلُوا مِنْ طَيِّبَاتِ مَا رَزَقْنَاكُمْ﴾، ثُمَّ ذَكَرَ الرَّجُلَ يُطِيلُ السَّفَرَ أَشْعَثَ أَغْبَرَ يَمُدُّ يَدَيْهِ إِلَى السَّمَاءِ: يَا رَبُّ يَا رَبُّ، وَ مَطْعَمُهُ وَ مَشْرَبُهُ حَرَامٌ وَ مَلْبَسُهُ حَرَامٌ وَ غُذَيِّ بِالْحَرَامِ، فَأَنَّى يُسْتَجَابُ لَهُ.
(حديث صحيح رواه مُسْلِمٌ)

Абу Хурайран (Аллаһ оған разы болсын) былай жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «Расында, Аллаһ Игі әрі тек игі болған нәрсені ғана қабыл етеді. Әрі расында, Аллаһ елшілеріне әмір еткен нәрселерін мұминдерге де әмір етті. Сондықтан да Аллаһ Тағала былай деді:

يَا أَيُّهَا الرُّسُلُ كُلُوا مِنَ الطَّيِّبَاتِ وَاعْمَلُوا صَالِحًا إِنِّي بِمَا تَعْمَلُونَ عَلِيمٌ

«Әй елшілер! Игі (адал әрі таза) ризықтардан жеңдер және ізгі амал жасаңдар»¹. Әрі Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُلُوا مِنْ طَيِّبَاتِ مَا رَزَقْنَاكُمْ وَاشْكُرُوا لِلَّهِ إِنْ كُنْتُمْ إِيَّاهُ

¹ «әл-Муъминун» сүресі, 51-аят.

«Әй иман келтіргендер! Біз сендерге ризық етіп бергеннен игі (адал әрі таза) нәрселерін жеңдер»». Содан кейін (Пайғамбар) ұзақ сапарға шыққан, шашы ұйпа-тұйпа, үсті-басы шаң-тозаң адамның мысалын келтіріп: «Ол қолын көкке көтеріп: “*Уа Раббым! Уа, Раббым!*” — дейді. Алайда оның жегені — *харам, ішкені — харам, кигені — харам, әрі өзі де хараммен қоректенген. Ендеше, оның дұғасы қалай қабыл болсын?!*», — деді». Хадисті Муслим риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Бұл ұлы хадис біздің Ұлы және Аса Жоғары Раббымыздың Игі екеніне әрі тек игі нәрсені ғана қабылдайтынына нұсқайды. Ол біздің амалдарымыздан да тек игі (адал әрі таза) болғанын ғана қабылдайды. Ал жаман (хобис) нәрсе қабылданбайды. Хобийс (жаман) амал дегеніміз — бұл Аллаһтан басқаға арналатыны, не оның құрамында Аллаһқа серік қосу (ширк) қосылған, не Сүннетке, яғни шарифатқа сәйкес емес түрде жасалатыны. Бұндай нәрсе («родий») жаман, нашар, жиеркенішті болып табылады әрі қабыл болмайды. Сондықтан да кез-келген амал, оны жасаған кезде екі шарттың екеуі де орындалмаса, қабыл болмайды: бірінші шарты — ол амал Аллаһ үшін ықыласпен жасалуы керек. Ал екіншіден, ол амал шарифатқа сәйкес болуы тиіс. Себебі ізгі-салиқалы амал өзінің құрамына міндетті түрде Аллаһ Тағала:

إِنَّ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ

«**Расында, иман келтіріп, ізгі іс жасағандар...**», — деп айтқандай, осы екі шартты қамтуы қажет. Салиқалы амал деп тек Аллаһ үшін әрі шарифатқа (Сүннетке) сәйкес жасалатыны аталады. Аса Пәк Аллаһ Тағала тек Оның Дидары үшін ғана жасалған және Оның Пайғамбарының (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шарифатына сәйкес келетін игі нәрсені ғана қабылдайды, ал жаман (яғни осыған қарама-қайшы келетін «хобийс») нәрсе қабыл болмайды. Әрі егер адам өзінің жасаған

¹ Сахих Муслим (1015).

амалында Аллаһқа басқаны серік етсе, онда ол зая, яғни жолады, тура сол секілді амалдың ішінде шариғатқа (сүннетке) қайшы келетін бидғат болса да, ол жарамсыз болады. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ бұл туралы: **«Кімде-кім біздің ісімізге одан болмаған әлдебір нәрсе енгізсе, ол қайтарылады»**,— деп айтқан¹. Басқа риуаятта: **«Кімде-кім біз бұйырмаған амалды жасаса, ол қайтарылады»**,— деп айтылған².

Аллаһ Тағала былай деген:

وَلَوْ أَشْرَكُوا لَحَبِطَ عَنْهُمْ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ

«Егер олар Оған серік қосқанда, онда істеген амалдары зая кетер еді» («Әл-Әнғам» сүресі, 88-аят).

Ол тағы да былай деген:

وَلَقَدْ أُوحِيَ إِلَيْكَ وَإِلَى الَّذِينَ مِنْ قَبْلِكَ لَئِنْ أَشْرَكَتَ لَيَحْبَطَنَّ عَمَلُكَ وَلَتَكُونَنَّ مِنَ الْخَاسِرِينَ

«Расында, саған да, сенен бұрынғы (пайғамбарларға да): «Егер Аллаһқа серік қоссаң, міндетті түрде істеген амалдарың жойылып, қасіретке ұшырағандардан боласың»,— деп уахи етілген болатын» («Әз-Зүмәр» сүресі, 65-аят).

Сондықтан кез-келген амал: намаз да, ораза да, қажылық та, садақа да, және басқа да ғибадат түрлері — игі болуы керек. Ал ол міндетті түрде осы екі шартқа сай болмай игі болмайды:

1. Ол Аллаһ үшін орындалуы тиіс, әрі оның ішінде рия (өзгеге көрсету үшін жасау) да, сумға (адамдарға естіртіп мақтану) да болмауы керек.
2. Ол шариғатқа (Сүннетке) сәйкес келуі тиіс.

Содан соң Аллаһтың Елшісі ﷺ бұл хадисте былай деді: **«Әрі расында, Аллаһ елшілеріне әмір еткен нәрселерін мұминдерге де әмір етті. Сондықтан да Аллаһ Тағала былай деді:**

يَا أَيُّهَا الرُّسُلُ كُلُّوا مِنَ الطَّيِّبَاتِ وَاعْمَلُوا صَالِحًا إِنِّي بِمَا تَعْمَلُونَ عَلِيمٌ

¹ Сахих Бухари (2698); Сахих Муслим, (1718). Хадис Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

² Сахих Муслим, (1718). Хадис Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

«Әй елшілер! Игі (адал әрі таза) ризықтардан жеңдер және ізгі амал жасаңдар»¹. Әрі Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُلُوا مِن طَيِّبَاتِ مَا رَزَقْنَاكُمْ

«Әй иман келтіргендер! Біз сендерге ризық етіп бергеннен игі (адал әрі таза) нәрселерін жеңдер»².

Сондықтан да мұмин адам ішіп жеуінде де, басқа нәрселерде де, тек игі, яғни хәлал және рұқсат етілген нәрселермен ғана шектелуі міндетті. Сонымен қатар, ол Аллаһ Тағалаға мойынсұнып, Оның беріп жатқан сансыз нығметтері үшін шүкіршілік етуі тиіс. Әрі бұл шүкіршілік — Аллаһқа деген шынайы ықылас таныту және Оның Елшісіне ﷺ ілесу арқылы жүзеге асады. Міне, шүкіршілік деген осы. Яғни Аллаһ Тағала әмір еткен нәрселерді орындап, Оның тыйым салғандарынан аулақ болу, әрі осы тек Аллаһ үшін ғана істеу. Аллаһтың бізге берген игі ризықтары үшін шүкіршілік ету — міне, осы. Сондықтан адам Аллаһ оған ризық етіп берген игі-таза және адал нәрселермен қоректенуі керек. Кім Аллаһқа мойынсұнбай, Оның өзіне беріп жатқан нығметтерін күнәлар жасауға пайдаланса, сол қателескен (күнәхар) болады. Тура сол сияқты, кім амалын Аллаһтан басқаға арнап істесе, ол да қателескен (күнәхар) болады. Кім дінге жаңалық (бидғат) енгізсе, сол да қателескен (күнәхар) болады. Сондықтан да адам Аллаһтың өзіне берген нығметтерін Оған мойынсұнушылыққа пайдалануы міндетті. Әрі бұл бойсұну — Аллаһ Тағала үшін шынайы ықыласпен жасалуы және Оның шарифатына сай болуы керек.

Аллаһ Тағала былай деді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُلُوا مِن طَيِّبَاتِ مَا رَزَقْنَاكُمْ وَاشْكُرُوا لِلَّهِ

«Әй иман келтіргендер! Біз сендерге ризық етіп берген игі нәрселерді жеңдер және Аллаһқа шүкір етіңдер» («әл-Бақара» сүресі, 172-аят).

Аллаһ Тағала Өзіне шүкір етуді, сондай-ақ ізгі амал істеуді бұйырды. Бұған халал тағамдарды жеу де жатады. Ал Аллаһқа шүкір ету — Оған иман келтірген күйде, Оған деген шынайы махаббатпен және ықыласпен Оның қақысын орындау әрі күнәларды тәрк ету. Міне осы — ізгі амал, әрі ол «шүкір» деп аталады. Әрі кім тек Аллаһ үшін ізгі амалдар істесе,

¹ «әл-Муъминун» сүресі, 51-аят.

² «әл-Бақара» сүресі, 172-аят.

сол «шүкір етуші» деп аталады. Яғни егер адам Раббысынан қорқып, Аллаһ Тағала өзіне парыз еткендерді орындаса әрі харам еткен нәрселерден тыйылса, онда ол «шүкір етуші» деп аталады. Аллаһ Тағала былай деген:

اعْمَلُوا آلَ دَاوُدَ شُكْرًا

«Әй Дәуд әулеті! Шүкіршілік жасаңдар!» («әс-Сәбә» сүресі, 13-аят).
Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

فَاذْكُرُونِي أَذْكُرْكُمْ وَاشْكُرُوا لِي وَلَا تَكْفُرُونِ

«Мені еске алыңдар, мен де сендерді еске аламын, маған шүкір етіңдер және күпірлік жасамаңдар» («әл-Бақара» сүресі, 152-аят).

Аллаһқа шүкір ету дегеніміз бұл Аса Пәк әрі Жоғары болған Оның қақысын Оның Өзі шарифат етіп бекіткен, яғни ода ешқандай ширк те, діни жаңалық (бидғат) та жоқ болған кейіпте өтеу.

Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ бір ер адамды, яғни әйтеуір ер адамдардан болған бір ер адамды, Адам ұрпағынан шыққан бірі кісіні тілге алып: «*Ол ұзақ сапарда болған, шаштары ұйпа-тұйпа, үсті-басы шаң-тозаң болған күйінде қолын көкке көтеріп: “Уа Раббым! Уа, Раббым!” — деп (жалбарынады)*», — деп хабарлады. Бұл жағдай — дұғаның қабыл болуына себеп болатын нәрселердің бірі. Өйткені сапардағы адамның дұғасы қабыл болады, сондай-ақ шаштары-ұйпа-тұйпа, үсті-басы шаң-шаң болғанға дейін жүдеп-тозған, қатты қиналып қысылған адамның дұғасының да қабыл болуына үміт бар. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

أَمَّنْ يُجِيبُ الْمُضْطَرَّ إِذَا دَعَاهُ

«Қиналып қысылған біреу оған (Аллаһқа) дұға еткенде, оған (дұғасына) кім жауап береді?!» («ән-Нәмл» сүресі, 62-аят).

Ол қолын көкке көтеріп жайып жалбарынуы — дұғаға жауап берілуінің себептерінен, әрі «Уа Раббым! Уа Раббым!» — деп (Аллаһтың раббылығына жүгініп) қайта-қайта айтып жатқаны да — дұғаның қабыл болуының себептерінен. Алайда, соған қарамастан, оның дұғасы қабыл болмайды. Неге? Өйткені ол харам нәрселер жейді және харам нәрселерді киеді және харам нәрселермен қоректенеді. Әрі осы хадис ішіп жеуде және киінуде және басқа да жағадайларда харам нәрселерді пайдалану дұғаның қабыл болмауының себептерінің бірі екеніне нұсқайды.

Сондықтан да мұсылман адамға Аллаһтан қорқу және өзінің жеп-ішетін, тұратын, киетін және басқа да нәрселерінде халал нәрселерді пайдалануға тырысуы — міндетті, яғни парыз болып табылады.

Егер адам Аллаһ халал еткен нәрселермен өмір сүрмесе және Аллаһ харам еткен нәрселерден тыйылмаса, онда ол дұғасының қабыл болуынан мақұрым болады. Адам (мұқтаждыққа) ұшыраған қатты қысылған күйде болса, тіпті егер кәпір болса да, дұғасы жауапсыз қалмайды. Алайда, халал нәрселерді пайдалану, дұғада табанды болып жалбарыну әрі ыждағаттылық таныту, Аллаһқа шынайы ықыласпен жүгіну, — бұл аталған нәрселер дұғаның қабыл болуына ықпал ететін себептердің қатарынан. Ал керісінше, харамды тұтыну — дұғаның қабыл болмауының себептерінің бірі болып табылады.

Әрі күш те, қуат та тек Аллаһтан. Біз Аллаһтан есендік сұраймыз.

Он бірінші хадис

عَنْ أَبِي مُحَمَّدٍ الْحَسَنِ بْنِ عَلِيٍّ بْنِ أَبِي طَالِبٍ سِبْطِ رَسُولِ اللَّهِ ﷺ وَرِجَالَتِهِ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا - قَالَ: حَفِظْتُ مِنْ رَسُولِ اللَّهِ ﷺ: دَعَا مَا يَرِيكَ إِلَى مَا لَا يَرِيكَ. حَدِيثٌ حَسَنٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَالنَّسَائِيُّ.

Аллаһ Елшісінің ﷺ немересі әрі райханы Абу Мухаммад әл-Хасан ибн Али ибн Абу Талибтың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: «Мен Аллаһ Елшісінен ﷺ мына сөзді жаттап алдым: *«Сені күмәндандыратын нәрсені таста да, сені күмәндандырмайтын нәрсеге ал»*». Хадисті әт-Тирмизи және ән-Нәсаи риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) он бірінші хадисті әл-Хасан ибн Али ибн Абу Талибтен (Аллаһ екеуіне де разы болсын) риуаят етеді. Ол — Фатыманың (Аллаһ оған разы болсын) ұлы әрі Аллаһ Елшісінің ﷺ немересі. Ол Пайғамбардың сүйікті немересі әрі жұпар иісті райханы деп аталады. Әл-Хасан мен әл-Хусейнге қатысты «сыбтаан» (яғни ұрпақ жалғастырушылар) деп айтылады. Сахих хадисте олардың екеуінің де Жәннаттағы жастардың мырзалары екендігі айтылған².

¹ Сунан Тирмизи (2518), Сунан Нәсаи (5711).

² Хадисті Тирмизи жеткізген (3768), Ибн Хиббан оның сенімділігін растаған (3294), хадис Абу Сағид әл-Худриден риуаят етілген.

Әл-Хасан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардан ﷺ келесі сөздерді естігенін айтады: **«Сені күмәндандыратын нәрсені таста да, сені күмәндандырмайтын нәрсені ал»**». Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болған кезде Хасан сегіз жаста, ал Хусейн жеті жаста еді, әрі бұл олардың ақыл-ойының жоғары болғанына нұсқайды. яғни олар балалық шағына қарамастан, кейбір хадистерді жаттап үлгерген. Бұл олардың аса зерек болғанының дәлелі. Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын.

Пайғамбар ﷺ былай деді: **«Сені күмәндандыратын нәрсені таста да, сені күмәндандырмайтын нәрсеге ал»**. Хадистің мағынасы: өзіңе күмән-шүбә тудыратын нәрсені таста да, оған қатысты ешбір күмәнің болмаған әрі анық нәрсені ал. Бұл хадистің мағынасы Нұғман ибн Баширден (Аллаһ оған разы болсын) жеткізлетін басқа сахих хадиске сәйкес келеді: **«Кім күмәнді нәрселерден сақтанса, сол дінін де, абыройын да сақтап қалады»**, әрі бұл хадис жоғарыда, осы жинақта келтірілген алтыншы хадис болып табылады.

Егер сенің алдында екі түрлі іс тұрса, олардың біреуі — анық халал, ал екіншісі — күмәнді болса, онда күмәнді болғанын, сақтық үшін, таста және күмәнсіз әрі анық болғанын істе. Мейлі бұл мал-дүние, киім, жолдас немесе басқа нәрсе болсын, әрбір жағдайда осылай жасау қажет. Пайғамбарымыз ﷺ: **«Сені күмәндандыратын нәрсені таста да, сені күмәндандырмайтын нәрсені ал»**, — деген. Бұл — өте жан-жақты әрі кең мағыналы сөздердің бірі. Егер бір нәрсеге қатысты күмән туындаса және оның харам болуы ықтимал болса, онда оны таста. Керісінше, күмәнсіз әрі анық нәрсені пайдалан. Мейлі бұл тағам, сусын, киім, сөз немесе кез келген басқа іс болсын — барлығында осы қағиданы ұстану қажет. Осы себептен бұл хадис әрқайсысы бір діни ереже болып табылатын осы қырық хадистің құрамында келтірілген. Аллаһ баршамызға тура жол мен жетістік нәсіп етсін!

Он екінші хадис

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - عَنِ النَّبِيِّ ﷺ قَالَ: مِنْ حُسْنِ إِسْلَامِ الْمَرْءِ تَرْكُهُ مَا لَا يَغْنِيهِ. حَدِيثٌ حَسَنٌ رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ، ابْنُ مَاجَهَ وَغَيْرُهُ هَكَذَا.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың ﷺ былай дегені жеткізіледі: *«Кісінің Исламының көркемдігінен — өзіне қатысы жоқ нәрселерді тәрк етуі»*. Бұл хадисті әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ және басқалар риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Бұл он екінші хадис. Онда Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді: *«Кісінің Исламының көркемдігінен, — яғни оның Исламды көркем ұстануының көрінісінен, — өзіне қатысы жоқ нәрсені тәрк етуі, — яғни оған кіріспеуі. Адамның Исламының көркемдігінен деген сөздер, яғни оның иманының көркемдігінің белгісі дегенді білдіреді. Ал «Өзіне қатысы жоқ нәрселерді тәрк етуі» деген сөздер оның қамы болып табылмайтын және оған пайдасы жоқ нәрселерден аулақ болуын меңзейді. Міне, осы кісінің Исламды көркем ұстануының бір сипаты әрі бір белгісі болып табылады. Яғни оның өзіне қатысы және мүддесі үшін пайдасы жоқ болған нәрселерге кіріспеуі әрі, керісінше, өзіне қатысты әрі пайдалы болған нәрселермен ғана айналысуы. Ал адамның өзіне қатысты емес және оның әлдебір пайдасымен байланысты емес нәрселер туралы айтар болсақ, онда оларға кірісу дұрыс емес. Керісінше, мұндай нәрселерден ты-*

¹ Сунан Тирмизи (2317), Сунан Ибн Мәжәһ (3976), Сахих Ибн Хиббан (2689).

йылу керек. Мысалы, ол өзіне еш қатысы жоқ нәрселер туралы: «Пәленшеде не бар?», «Түгенше не істеп жатыр?» — деп қажетсіз сұрастырмауы керек. Керісінше, оған маңыздысы — өзінің қажеттіліктері. Оған өз мүлкі, бала-шағасы, сауда-саттығы туралы ойланып, қам жегені жеткілікті. Ол өзіне қатысты емес болған басқа нәрселерге уақытын зая кетірмеуі керек.

Бұл — адамды қажетсіз істерден алшақ ұстайтын ең маңызды қағидалардың бірі. Сондықтан да адамның иманының кемелдігі мен Исламның көркемділігінен — оның өз жеке басын өзіне қатысты болмаған және ешқандай пайдасы жоқ істерге кірістірмеуі. Өйткені қажетсіз нәрселерге кірісу адамға ешбір пайда бермейді әрі оның мүддесіне сай келмейді. Сондықтан мұндай нәрселерге араласу ақымақтық болып табылады. Аллаһ баршамызға тура жол нәсіп етсін!

Он үшінші хадис

عَنْ أَبِي حَمْزَةَ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - خَادِمِ رَسُولِ اللَّهِ ﷺ عَنِ النَّبِيِّ أَنَّهُ قَالَ:
لَا يُؤْمِنُ أَحَدُكُمْ حَتَّى يُحِبَّ لِأَخِيهِ مَا يُحِبُّ لِنَفْسِهِ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَ
مُسْلِمٌ.

Аллаһ Елшісінің ﷺ қызметшісі Абу Хамза Әнас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: *«Сендердің ешбірің өзі үшін жақсы көрген нәрсені бауыры үшін де жақсы көрмейінше иман келтірген болмайды»*. Хадисті әл-Бухари мен Муслим жеткізген¹.

Түсіндірме (шарх)

Үшінші хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Сендердің ешбірің өзі үшін жақсы көрген нәрсені бауыры үшін де жақсы көрмейінше иман келтірген болмайды»*,— деген.

Шынайы мұмин адам өзі үшін жақсы көретін нәрсені өзінің мұсылман бауырлары үшін де жақсы көреді. Оның жүрегінде бауырларына деген зұлымдық, жек көрушілік немесе көреалмаушылық болмайды. Керісінше, ол мұсылман бауырлары үшін жақсылықты қалайды және оларға әлдебір жамандықтың келуін жек көреді. Ал егер кісінің жүрегінде мұсылмандарға қатысты дұшпандық, көреалмаушылық немесе арам ойлар болса, бұл оның иманының әлсіздігін көрсетеді. Демек, оның има-

¹ Сахих Бухари (13), Сахих Муслим (45).

ны толық емес, керісінше әлсіз. Міне сондықтан да Пайғамбарымыз ﷺ: **«Сендердің ешбірің иман келтірмейді»**,— деп айтты, яғни бұл жерде иманның міндетті (яғни онсыз адам күнәхар болатын) толықтығы туралы айтылып тұр. Толық иманға ие мұмин — өз бауырларын жақсы көретін, көршілерін, туыстарын және барлық мұсылмандарды жақсы көретін адам. Ол олар үшін әрбір жақсылықты қалайды және оларға кез келген жамандықтың келуін жек көреді. Міне, нағыз мұмин осындай. Егер адам өз бойында бұған қарама-қарсы нәрсені тапса, онда ол өз иманының әлсіз екендігін білсін. Егер ол өзінің бойында бауырына қатысты жаман ой мен арамдықты немесе зұлымдықты көрсе, демк оның иманында кемшілік, әлсіздік бар, ол Аллаһқа тәубе етіп, бұдан құтылуға асығуы керек.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Жаным қолында болған (Аллаһпен) ант етемін! Сендер иман келтірмейінше Жәннатқа кірмейсіңдер, ал бір-бірлеріңді жақсы көрмейінше иман келтірмейсіңдер. Сендерге егер соны жасасаңдар, араларыңда өзара сүйіспеншілік орнайтын бір нәрсеге нұсқайын ба? Араларыңда сәлем таратыңдар!»**¹.

Пайғамбар ﷺ тағы былай деген: **«Мүминдер бір-біріне деген сүйіспеншілігінде, мейірімі мен жанашырлығында бір дене тәрізді. Оның бір жері ауырса, қалған мүшелері де ұйқысыздық және дене қызуымен (ауырған мүше үшін) жауап береді (азап шегеді)»**².

Пайғамбарымыз ﷺ тағы да былай деген: **«Мүмин адам — өз бауырының айнасы»**³.

Пайғамбарымыз ﷺ: **«Мүмин басқа мүмин үшін бір бөлігі басқаларын нығайтып тұратын бір ғимарат секілді»**,— деп, саусақтарын бір-біріне айқастырып көрсетті⁴.

Осыдан келіп, мұмин адам өз бауырларымен қарым-қатынасы туралы өзін өзі үнемі есепке тартуы, оларға игілік қалауы және оларға әлдебір жамандықтың келуін жек көруі қажет. Аллаһ баршамызға тура жол нәсіп етсін!⁵

¹ Сахих Муслим (54), хадис Абу Хурайран (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

² Сахих Бухари (6011), Сахих Муслим (2586), хадис Нұғман ибн Бәширден (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

³ Абу Дауд (4918), Әт-Тирмизи (1929), хадистің иснадын Ибн Хәжар «Булюғ әл-марамда» жақсы деп атаған.

⁴ Сахих Бухари (481), сахих Муслим (2585), хадис Абу Муса әл-Әшғариден (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

⁵ Қараңыз: «Булюғ әл-марам», хадис (1472).

Он төртінші хадис

عَنْ ابْنِ مَسْعُودٍ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: لَا يَحِلُّ دَمُ امْرِئٍ مُسْلِمٍ إِلَّا بِأَحَدٍ ثَلَاثٍ: الثَّيْبُ الزَّانِي، وَ النَّفْسُ بِالنَّفْسِ، وَ التَّارِكُ لِدِينِهِ الْمَفَارِقُ لِلْجَمَاعَةِ.
حديث صحيح رواه البخاري و مسلم.

Абдуллаһ ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі ﷺ: *«Мұсылман адамның қанын, тек үш жағдайдан басқа, төгуге рұқсат етілмейді: зинақорлық жасаған (некеде болған) адам, адам өлтірген кісі және дінін тастап, жамағаттан бөлініп шыққан адам»,*— деп айтқан». Хадисті әл-Бухари мен Муслим риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Пайғамбарымыз ﷺ: *«Мұсылман адамның қанын, — яғни егер ол: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, және Мухаммад — Аллаһтың Елшісі», — деп куәлік етсе, — тек үш жағдайдан басқа төгуге рұқсат етілмейді, — деп, кейін осы жағдайларды түсіндіріп, былай деді: «Зинақорлық жасаған (некеде болған) адам, адам өлтірген кісі және дінін тастап, жамағаттан бөлініп шыққан адам».* Бұл үш сипатқа ие болған адамдарға қатысты (шариғи сот тарапынан) өлім жазасын қолдану үкімі іске асырылады:

¹ Сахих Бухари (6484), Сахих Муслим (1676).

1. **Зинақорлық жасаған (некеде болған) адам** — бұл некелескеннен кейін зина жасаған адам. Ол төрт әділ куәнің куәлігімен немесе өзінің мойындауымен айыпты деп танылған кезде, тасборан арқылы өлтіріледі.

2. **Адам өлтірген кісі** — қасақана адам өлтірген адам кек алуға лайықты болады, яғни оған өлім жазасы шығарылады.

3. **Дінін тастап, жамағаттан бөлініп шыққан адам** — Ислам дінінен шығып, күпірлікке түскен адам, егер ол діннен шығатын күпірлікке келтіретін әлдебір нәрсе істесе, оған ридда (діннен шығу) үкімі шығарылады және өлім жазасы қолданылады. Өйткені бұл үкім Пайғамбардың ﷺ: «**Кім дінін өзгертсе, оны өлтіріңдер**»,— деген хадисіне негізделген¹. Егер адам Аллаһқа серік қосса, яғни пұттардан, жұлдыздардан, өлілерден, жындардан немесе Аллаһтан өзге әлдекімнен немесе әлдебір нәрседен көмек сұраса, яки Аллаһтан басқаға дұға етіп, жалбарынса, онда ол тәубе етуге шақырылады. Егер тәубе етсе, тәубесі қабылданады, ал тәубе етпесе, діннен шыққан (муртадд) болып есептеледі және (сот шешімімен) өлім жазасына кесіледі. Сол секілді, егер адам намазды тастаса да, тәубеге шақырылады. Егер тәубе етпесе, (мемлекеттік шариғи сот шешімі бойынша) оған өлім жазасы қолданылады, өйткені бұл — діннен шығу.

Сондай-ақ Аллаһ Тағаланы немесе Оның Елшісін ﷺ балағаттаса, дінді мазақ етсе — бұл да діннен шығу (ридда) болып табылады әрі өлім жазасымен жазаланады.

Барлық мазһаб ғалымдарында «**Муртаддтың үкімі**» атты тарауы бар, ал ол Исламынан кейін күпірлікке түкен мұсылман, әрі мұндай адамның үкімі — ол тәубеге шақырылады. Егер тәубе етсе — тәубесі қабылданады, ал тәубе етпесе, онда оған қатысты өлім жазасы қолданылады.

Діннен шығаратын (яғни адамды кәпір ететін) кейбір істер үшін тәубе ету талап етілмейді. Мысалы, Аллаһ Тағаланы немесе Пайғамбарды ﷺ балағаттау, келемеждеу. Мұндайды жасаған адам тәубе етуге шақырылмастан (мемлекеттік сот шешімі бойынша) өлім жазасымен жазаланады. Өйткені бұл — аса үлкен қылмыс, әрі бұл мәселеде ғалымдардың бірауызды келісімі бар. Аллаһ баршамызға тура жол нәсіп етсін!²

¹ Сахих Бухари (3108), (6922), Ибн Аббастың (Аллаһ оған разы болсын) хадисі.

² Қараңыз, «шарх Умдат әл-Әхкам» (432–433 беттер).

Он бесінші хадис

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: مَنْ كَانَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ
الْآخِرِ فَلْيَقُلْ خَيْرًا أَوْ لِيَصْمُتْ، وَمَنْ كَانَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَلْيُكْرِمْ جَارَهُ، وَ
مَنْ كَانَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَلْيُكْرِمْ ضَيْفَهُ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَ
مُسْلِمٌ.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, жақсы сөз айтсын немесе үндемесін. Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, көршісіне құрмет көрсетсін. Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, қонағын сый-құрмет көрсетсін»». Хадисті әл-Бухари мен Муслим риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Бұл — ұлы хадис, Пайғамбарымызға ﷺ сый етілген қысқа әрі мағынасы кең сөздердің бірі. Пайғамбар ﷺ былай деген: «Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, жақсы сөз айтсын немесе үндемесін».

Бұл сөздер екі нәрсенің біріне таңдау жасауға нұсқайды:

¹ Сахих Бухари (5672), Сахих Муслим (47).

- Адам не жақсы сөз сөйлесін,
- Не тілін тыйып, осылайша аман қалсын.

Абу Сәләма (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте былай делінген:

«Адам баласының барлық сөзі оның пайдасына емес, зиянына жазылады, тек мына төртеуінен басқа: жақсылыққа шақыру, жамандықтан тыю, Аллаһты зікір ету, Құран оқу»¹. Әй Аллаһтың құлы! Сен бұл тіліңнің қаншалықты қауіпті екенін біл! Оны тек игілік үшін ғана пайдалан, немесе үндемегенің жақсы!

Пайғамбар ﷺ содан кейін былай деген: **«Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, көршісіне құрмет көрсетсін»**. Басқа риуаятта ол ﷺ: **«Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, көршісіне жақсылық жасасын»**,— деп айтқан. Тағы бір риуаятта: **«Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, көршісіне зиян тигізбесін»**,— деп айтылған². Көршіге құрмет көрсету, оған жақсылық жасау және зиян келтірмеу — міндет (уәжіп).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: **«Әй мұсылман әйелдер! Көршілеріңе, тіпті бір қойдың тұяғын ғана болса да, сыйлық беруден бас тартпаңдар»³.**

Содан кейін Пайғамбар ﷺ: **«Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, қонағына сый-құрмет көрсетсін»**,— деп, қонақты құрметтеуді де иманның бір талаптарының бірі етті. Ал бұл — қонақты құрметтеу міндетті екеніне дәлел. Қонаққа оның жағдайына, қажеттіліктеріне және қоғамдағы әдет-ғұрыптарға сәйкес қонақжайлық таныту керек. Абу Шурайхан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте былай делінеді: **«Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, қонағына лайықты сый-құрмет көрсетсін»**. Сахабалар: **«Уа Аллаһтың Елшісі! Қонаққа лайықты сый-құрмет деген не?»** — деп сұрады. Пайғамбар ﷺ жауап берді: **«Бұл — бір күн, бір түндік ерекше құрмет. Ал қонақты күту мерзімі — үш күн. Ал үш күннен асқан қонақжайлық — садақа болып саналады»⁴.**

¹ Эт-Тирмизи (2412); Ибн Мәжаһ (3974), ол хадисті «ғариб» деп атаған.

² Сахих Бухари (6018), Сахих Муслим (47), хадисті Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етті.

³ Сахих Бухари (2566), Сахих Муслим (1030), хадисті Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етті.

⁴ Абу Дауд (1667), Эт-Тирмизи (665), ән-Нәсаи (2574), Ибн Хузайма (2473), Ибн Хиббан (1177), Хаким (1524).

Қонақты күтуге қатысты міндетті түрдегі нәрсе — бұл бір күн мен бір түндік құрмет, таңғы және кешкі ас. Екінші және үшінші күн — сүннет. Үш күннен асқан уақыттағы қонақжайлық — садақа болып саналады. Аллаһ баршамызға тура жол нәсіп етсін!

Он алтыншы хадис

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ: إِنَّ رَجُلًا قَالَ لِلنَّبِيِّ ﷺ: أَوْصِنِي. قَالَ: لَا تَغْضَبْ، فَرَدَّدَ مَرَارًا قَالَ: لَا تَغْضَبْ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «Бірде бір кісі Пайғамбарға ﷺ келіп: «Маған бір өсиет беріңіз», — деді. Пайғамбар ﷺ оған: «Ашуланба», — деп айтты. Ол осыны бірнеше рет (қайта-қайта) сұрады, бірақ әр жолы Пайғамбар ﷺ оған: «Ашуланба», — деп жауап берді¹.

Түсіндірме (шарх)

Бұл он алтыншы хадис Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген. Онда бір адамның Пайғамбардан ﷺ өсиет-кеңес сұрағаны туралы баяндалады. Әрі Пайғамбар ﷺ оған: «Ашуланба», — деп жауап берді. Әлгі кісі сұрағын бірнеше рет қайталады, әрі Пайғамбар ﷺ оған: «Ашуланба», — деп айта берді. Ал Пайғамбарымыздың ﷺ бұл кеңесті бірнеше рет қайталауы — ашуды тыйудың маңыздылығын көрсету үшін еді. Өйткені ашу көптеген жамандықтарға алып келуі мүмкін. Ашу оттың бір ұшқыны тәрізді. Ол адамның жүрегінде жалындап, оның ақыл-ойын тежейді. Ашу үстінде адам өзіне зиян тигізетін әрекеттерге барады, біреуді ұрып-соғады, әйелімен ажырасады немесе басқаларға

¹ Сахих Бухари (1616).

әділетсіздік жасайды. Пайғамбар ﷺ бұл адамның тез әрі жиі ашуға салынатынын білетін, сондықтан да оған: «**Ашуланба**»,— деп насихат берді.

Сондықтан да мұмин адам барынша ашудан алдын ала сақтануы және оны туғызатын себептерден алшақ болуы қажет. Ал егер ашуға бой беріп жатса, онда: «**Әғузу билләһи минаш-шайтонир-рожийм**» («Қуылған шайтаннан Аллаһқа сиынамын»),— деп айтуы керек. Бұл ашуды сөндірудің бір себебі болып табылады. Сондай-ақ ашуды басудың тағы бір жолы — дәрет алу, өйткені су отты сөндіреді. Аллаһ бәрімізге тура жол нәсіп етсін!

Он жетінші хадис

عَنْ أَبِي يَعْلَى شَدَّادِ بْنِ أَوْسٍ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ قَالَ: إِنَّ اللَّهَ كَتَبَ الْإِحْسَانَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ، فَإِذَا قَتَلْتُمْ فَأَحْسِنُوا الْقِتْلَةَ، وَإِذَا ذَبَحْتُمْ فَأَحْسِنُوا الذَّبْحَةَ، وَلِئِجْدَ أَحَدُكُمْ شَفْرَتَهُ وَ لِيُرِخَ ذِيحَتَهُ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Шаддэд ибн Аустан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «Расында, Аллаһ әрбір істе жақсылық жасауды (ихсанды)¹ бұйырды. Егер өлтіруге тура келсе, оны ең жақсы түрде орындаңдар. Егер мал бауыздасаңдар, оны ең жақсы түрде бауыздаңдар. (Сондықтан да) сендердің әлдебіреуің (мал бауыздаудан бұрын) пышағын жақсылап қайрап алсын әрі сойылатын малды барынша азаптан құтқарсын». Хадисті Муслим риуаят еткен².

¹ «Ихсан» сөзі араб тілінен аударылғанда көп мағыналы сөз болып табылады. Аллаһ Тағалаға қатысты ихсан туралы айтар болсақ, онда бұл Аллаһ Тағалаға шын жүреппен ықыласты түрде, не Оны көріп тұрғандай етіп, ал сен Оны көре алмасаң да, Ол сені көріп тұрғандай етіп құлшылық ету. Әрі осы тұрғыда бұл екіжүзділікке қарама-қарсы ұғым. Ал басқа жаратылыстарға қатысты ихсан дегеніміз — бұл жақсылық жасау, әлдебір нәрсені жақсы кейіпте орындау, игі қарым-қатынас, немесе қайырымдылық көрсету сияқты түрлі ұғымдарды білдіреді.

² Сахих Муслим (1955).

Түсіндірме (шарх)

Абу Яғлә Шәддад ибн Аус (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: *«Расында, Аллаһ әрбір істе жақсылық жасауды (ихсанды) бұйырды. Егер өлтіруге тура келсе, оны ең жақсы түрде орындаңдар. Егер мал бауыздасаңдар, оны ең жақсы түрде бауыздаңдар. (Сондықтан да) сендердің әлдебіреуің (мал бауыздаудан бұрын) пышағын жақсылап қайрап алсын әрі сойылатын малды барынша азаптан құтқарсын».*

Бұл хадис жұмсақтық пен мейірімділікке шақырады. «Шәфра» (пышақ) сөзі өткір құралды білдіреді. Мал бауыздау кезінде асықпау керек, сондай-ақ пышақты (алдын ала малдан алыстау жерде) жақсылап қайрап алу қажет. Бауыздалатын жануардың азап шекпеуі үшін, оны мүмкіндігінше жылдам және дұрыс сою керек.

Сол секілді, шариғат өлім жазасын жүзеге асыруға үкім берген жағдайларда да, орындалатын жаза әділетті және азапсыз болуы тиіс. Бұл қағида — мал бауыздау кезінде де, өлім жазасын орындау кезінде де әділеттілік пен мейірімділікті сақтау қажеттігін көрсетеді. Жануарды бауыздау — оны мүмкіндігінше аз қинау арқылы орындалуы тиіс. Пышақты жақсылап қайрау және жылдам сою — малдың жан тапсыруын жеңілдету үшін маңызды шаралар болып табылады. Аллаһ барлығымызға тура жол нәсіп етсін!¹

¹ Қараңыз: «Шарх Рияд әс-Салихин» (448/2).

Он сегізінші хадис

عَنْ أَبِي ذَرٍّ جُنْدُبِ بْنِ جُنَادَةَ، وَ أَبِي عَبْدِ الرَّحْمَنِ مُعَاذِ بْنِ جَبَلٍ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا - أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ قَالَ: اتَّقِ اللَّهَ حَيْثُمَا كُنْتَ وَ اتَّبِعِ السَّيِّئَةَ الْحَسَنَةَ تَمَحُّهَا وَ خَالِقِ النَّاسَ بِخُلُقٍ حَسَنٍ. حَدِيثٌ حَسَنٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Абу Зарр Жундуб ибн Жунададан және Абу Абдуррахман Муғаз ибн Жәбәлдан (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: *«Қай жерде болсаң да Аллаһтан қорық. Әрі бір жаман іс істеп қойсаң, ізінен оны өшіретін жақсы іс істе, және адамдармен көркем мінезбен қарым-қатынас жаса»*. Хадисті әт-Тирмизи риуаят еткен және оны жақсы, сенімді хадис деген¹.

Түсіндірме (шарх)

Пайғамбарымыз ﷺ бұл хадисте былай деді: *«Қай жерде болсаң да, Аллаһтан қорық»* — яғни барлық жағдайларда: үйде, жолда, мешітте, сапарда, тұрақты мекен жайда қиыншылықта, таршылықта, денсаулықта, ауруда және тағы басқа барлық жағдайларда. Мүмин ер мен мүмин әйел барлық жағдайда: намазында, оразасында, зекетінде, қажылығында, сауда-саттығында, отбасымен қарым-қатынасында, көршілермен мәмілесінде және барлық амалдарында Аллаһтан қорқуы тиіс. Ол Аллаһтың бақылауында екенін ұмытпай, Одан шынайы түрде қорқуы керек.

¹ Сунан әт-Тирмизи (1987).

Пайғамбар ﷺ хадисте сондай-ақ былай деді: «**Әрі бір жаман іс істеп қойсаң, ізінен оны өшіретін жақсы іс істе**» — яғни күнә жасасаң, дереу ізінен оны жуып-шаятын жақсы амал жаса.

Аллаһ Тағала Қасиетті Құран Кәрімде былай деген:

إِنَّ الْحَسَنَاتِ يُذْهِبْنَ السَّيِّئَاتِ

«**Расында, жақсы амалдар жаман амалдарды жояды**» («Һуд» сүресі, 114-аят).

Әрі тәубе — сол ең жақсы игі істердің бірі. Мүмин адам табаны тайып, күнә жасап қойса, дереу Аллаһқа қайтып, тәубе етуі міндетті. Егер ол қандай да бір Аллаһ тыйым салған (харам) іске түсіп қалса, тәубе етуге асығуы қажет. Әрі тәубе — бұл Аллаһ Тағала сол арқылы жаман істі өшіретін игі іс. Аллаһтың рақымынан — Ол жамандықты жақсылық арқылы өшіруінде. Аллаһ Тағала былай дейді:

وَتُوبُوا إِلَى اللَّهِ جَمِيعًا أَيُّهَ الْمُؤْمِنُونَ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ ﴿٣١﴾

«Барлығың түгел Аллаһқа тәубе етіндер, әй мүминдер! Сонда құтыласыңдар» («ән-Нур» сүресі, 31-аят).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «**Күнәсына шынайы тәубе еткен кісі, күнә жасамаған адамдай болады**»¹.

Пайғамбарымыз ﷺ: «**Әрі бір жаман іс істеп қойсаң, ізінен оны өшіретін жақсы іс істе**», — деді, яғни әрдайым, кез-келген уақытта жақсы істер жасауға ұмтыл, сонда Аллаһ Тағала солар арқылы жаман істерінді өшіреді. Жақсы амалдар көп — Аллаһты зікір ету, истиғфар айту (Аллаһтан кешірім сұрау), садақа беру, адамдарға игілік жасау, зұлымдыққа ұшырағандарға көмектесу және кез-келген жақсы істерге көмектесу. Бұл игі амалдар арқылы Аллаһ Тағала өз пендесінен оның жасаған жаман істері мен күнәларын жояды.

Пайғамбарымыз ﷺ бұл хадисте содан кейін былай деген: «**Адамдармен көркем мінезбен қарым-қатынас жаса**». Бұл да жақсы, игі амалдардың бірі болып табылады. Оның мәні — әдепті сөйлеу, жылы жүзді болу және адамдарға сыпайылық таныту. «**Адамдармен көркем мінезбен қарым-қатынас жаса**» — яғни, тіл тигізбеу, балағаттамау, қатігездік танытпау, дөрекі сөздер айтпау.

¹ Хадисті Ибн Мәжаһ (4250) АбдуЛлах ибе Масғудтан риуаят етті, Ибн Хәжар «Фатх әл-бариде» хадистің иснадын жақсы деп атаған.

Керісінше, жылы сөйлеп, күлімсіреу, жұмсақ болу және адамдармен жақсы мәміле жасау қажет. Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Ізгілік жасаудан ешнәрсені азсынба, тіпті бауырыңды күлімдеп қарсы алу-ды да»**¹.

Бұл ескертуден тек Исламның рұқсат еткен жағдайында біреуді бойкоттау (хижра) ғана ерекшеленеді. Алайда жалпы мұсылмандармен қарым-қатынаста әрдайым көркем мінезділік, жылы сөйлеу және адамдармен жақсы мәміле жасауың қажет.

Аллаһ баршамызға тура жол нәсіп етсін!²

¹ Сахих Муслим (2626), хадисті Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен.

² Қараңыз, «Рияд әс-Салихин», (155/1).

Он тоғызыншы хадис

عَنْ أَبِي الْعَبَّاسِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا - قَالَ: كُنْتُ خَلْفَ النَّبِيِّ ﷺ يَوْمًا فَقَالَ: يَا غُلَامُ إِنِّي أَعَلَّمْتُكُمُ كَلِمَاتٍ: أَحْفَظِ اللَّهَ يَحْفَظَكَ اللَّهُ تَجِدْهُ تُجَاهَكَ إِذَا سَأَلْتَ فَاسْأَلِ اللَّهَ وَإِذَا اسْتَعَنْتَ فَاسْتَعِنْ بِاللَّهِ وَاعْلَمْ أَنَّ الْأُمَّةَ لَوِ اجْتَمَعَتْ عَلَى أَنْ يَنْفَعُوكَ بِشَيْءٍ لَمْ يَنْفَعُوكَ إِلَّا بِشَيْءٍ قَدْ كَتَبَهُ اللَّهُ لَكَ وَإِنْ اجْتَمَعُوا عَلَى أَنْ يَضُرُّوكَ بِشَيْءٍ لَمْ يَضُرُّوكَ إِلَّا بِشَيْءٍ قَدْ كَتَبَهُ اللَّهُ عَلَيْكَ رُفِعَتِ الْأَقْلَامُ وَجَفَّتِ الصُّحُفُ.

وَفِي رِوَايَةٍ غَيْرِ التِّرْمِذِيِّ: أَحْفَظِ اللَّهَ تَجِدْهُ أَمَامَكَ تَعَرَّفْ إِلَى اللَّهِ فِي الرَّخَاءِ يَعْرِفَكَ فِي الشَّدَةِ وَاعْلَمْ أَنَّ مَا أَخْطَأَكَ لَمْ يَكُنْ لِيُصِيبَكَ وَمَا أَصَابَكَ لَمْ يَكُنْ لِيُخْطِئَكَ وَاعْلَمْ أَنَّ النَّصْرَ مَعَ الصَّبْرِ وَأَنَّ الْفَرْجَ مَعَ الْكَرْبِ وَأَنَّ مَعَ الْعُسْرِ يُسْرًا. حَدِيثٌ حَسَنٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Абдуллаһ ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай баяндаған: «Бірде мен Пайғамбардың ﷺ артында мінгесіп келе жатқан едім. Сонда ол маған: «Әй балақай! Мен саған бірнеше сөз үйретемін: Аллаһты сақта, сонда Ол да сені сақтайды. Аллаһты сақта, сонда сен Оны өз алдыңнан табасың. Егер сұрасаң — Аллаһтан сұра. Егер көмекпен тілесең — Аллаһтан тіле. Және біліп қой: егер бүкіл ұммет саған әлдебір пайда келтіру үшін жиналса да, олар саған Аллаһтың сен үшін

жазған нәрсесінен артық пайда келтіре алмайды. Ал егер олар саған әлдебір зиян тигізу үшін жиналса да, олар саған Аллаһтың сен үшін жазған зиянынан артық ештеңе істей алмайды. Қаламдар көтеріліп қойған әрі парақтар кеуіп кеткен». Хадисті әт-Тирмизи риуаят еткен және «хасан сахих хадис» деп атаған¹.

Тирмизиден бөлек риуаятта былай деп келтірілген: «Аллаһты сақта, сонда Оны өз алдыңнан табасың. Кеңшілік-есендікте Аллаһты таны, сонда Ол сені қиыншылықта таниды. Және біліп қой: сені айналып өткен нәрсе ешқашан саған келіп тиюі мүмкін емес еді, ал саған келіп тиген нәрсе ешқашан сені айналып өтуі мүмкін емес еді. Сондай-ақ сабырмен жеңіс, қайғымен одан шығар жол және қиындықпен бірге жеңілдік келетінін біл»².

Түсіндірме (шарх)

Бұл жинақтағы келесі он тоғызыншы хадисте Ибн Аббастан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ былай дегені жеткізіледі: **«Аллаһты сақта (яғни Оның әмірлерін орында және тыйымдарынан сақтан), сонда Ол да сені сақтайды»,** — яғни Аллаһтың әмірлерін сақта, өйткені Ол бізге (әрі ешнәрсеге) мұқтаж емес, бірақ біз Оған мұқтажбыз. Сондықтан да бұл жерде айтылып тұрған «Аллаһты сақтау» — Оған мойынсұнушылықты сақтау (әмірлерін орындау) және күнәларды тастау (олардан аулақ болу). Әрі Аллаһқа көмектесудің де мәні осы болып болып табылады. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай дейді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا إِن تَنْصُرُوا اللَّهَ يَنْصُرْكُمْ وَيُثَبِّتْ أَقْدَامَكُمْ ﴿٧﴾

«Әй иман келтіргендер! Егер Аллаһқа (яғни Оның дініне) көмектессендер, Ол да сендерге көмек береді және табандарыңды мығым етеді» («Мухаммад» сүресі, 7-аят).

¹ Сунан әт-Тирмизи (2516).

² Ахмад (2804), әт-Тобарани «әл-Муғжәм әл-Кәбир» (11243), әл-Хаким «әл-Мустадрак» (6304), әл-Бәйһақи «Шуғаб әл-иман» (1043).

Сондықтан да «Аллаһты сақтау» және «Аллаһқа көмектесу» дегеннің мағынасы — бұл Оның әмірлеріне мойынсұну, Оның тыйымдарынан тыйылу, Оның орнатқан шекараларының алдында тоқтау, оған мойынсұнбаушылық танытудан сақтану, әр осылайша мұмин адам Аллаһтың бақылауында екенін және есепке тартылатынын біліп жүреді.

«Аллаһты сақта (яғни Оның әмірлерін орында және тыйымдарынан сақтан), сонда Ол да сені сақтайды»,— жаза не сый-сауап істеген амалға лайық болады (бұл — шариғи қағида), сондықтан да кім Аллаһты сақтаса, Аллаһ оны өз нәпсісінен, әуес қалауларынан (шақуаттарынан) және шайтаннан сақтайды.

«Аллаһты сақта, сонда Оны өз алдыңнан табасың. Егер сұрасаң — Аллаһтан сұра, егер көмек сұрап жалбарыңсан — Аллаһқа жалбарын» Яғни өз қажеттіліктерінде Раббың — Аллаһ Тағалаға жүгін. Одан Оның рақымын, мейірімін және жәрдемін сұра. Оған жалбарын, өйткені Ол — Бай Мұңсыз, ешкімге мұқтаж емес әрі барлық нәрсеге құдіретті, Аса Мақтаулы. Әрі бұл іс-әрекеттерді жасау — әлдебір себептерді қолдануға тыйым салмайды. Адам Аллаһқа дұға етеді, Оның көмегін сұрайды, бірақ сонымен бірге, шариғи заңды жолдармен әрекет, амал етеді: яғни сауда жасайды, егін егеді, жұмыс істейді әрі басқа да себептер жасайды. Тура сол сияқты мұсылман бауырларыңа да Аллаһ Тағала рұқсат еткен және олар соны жасауға шамасы жететін нәрселерде көмек сұрап жүгіну де — рұқсат етілген себептерге жатады. Бұл — рұқсат етілген нәрсе. Алайда өлгендерден, ағаштардан, жұлдыздардан, пұттардан көмек сұрау — (діннен шығаратын) үлкен ширк, бұл Аллаһқа серік қосу және Аллаһқа күпірлік ету, біз Аллаһтан бұдан пана тілейміз. Аллаһ бізді бұдан сақтасын! Ал тірі, күш-қуаты бар әрі өзі де жаныңда немесе сені ести алатын адамнан оның өз мүмкіндіктері шегінде көмек сұрауға болады. Яғни адам тірілерден, олар жасай алатын нәрселерде көмек сұрауына болады. Мысалы, біреу басқаға үй салуға, ағаш отырғызуға, көлік жөндеуге көмектесе алады. Бұл — мұсылмандар арасындағы қалыпты қарым-қатынас. Өйткені мұсылман бауырың сенің сөйлегеніңді ести алады әрі оның өзі қасыңда немесе өзінің орнында, немесе телефоны арқылы сені естиді, бұның барлығы рұқсат етілген.

Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ барлық нәрсе Аллаһтың ілімімен алдын ала белгіленген екенін түсіндіріп өтті. Сондықтан сен себептерді пайдалануың қажет, бірақ сонымен бірге Аллаһқа тәуекел етуді ұмытпауың қажет. Сондай-ақ сенің барлық істерің Аллаһтың жазмышында бекітілгенін білуің керек — сенен ештеңе босқа кетпейді, саған не жа-

зылған болса, сол саған жетеді, ал саған жазылмаған нәрсе ешқашан саған келмейді. Сондықтан да Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: **«Егер бүкіл ұммет саған пайда келтіру үшін жиналса, олар саған Аллаһтың сен үшін жазған нәрсесінен артық пайда келтіре алмайды. Ал егер олар саған зиян тигізу үшін жиналса, олар саған Аллаһтың сен үшін жазған зиянынан артық ештеңе істәй алмайды. Қаламдар көтерілді, парақтар кеуіп кетті»**. Бұл сөздердің мағынасы — Аллаһқа толық тәуекел етуге, Оған сеніп арқа сүйеуге үндеу әрі Одан өзгеге жүректі байлауға тыйым салу. Сонымен бірге, олар пайдалы себептерді қолдану керектігіне әрі Аллаһ Тағала тыйым салған себептерден сақтану қажеттігіне нұсқайды.

Басқа бір риуаятта Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Аллаһты сақта (яғни Оның әмірлерін орында және тыйымдарынан сақтан), сонда Оны өз алдыңнан табасың. Кеңшілік-есендікте Аллаһты таны, сонда Ол сені қиыншылықта таниды»**. Бұл дегеніміз: денсаулық пен амандық кезінде Аллаһқа мойынсұнуға барынша тырыс, сонда қиыншылық пен мұқтаждық келгенде Ол сені біліп, саған мейірімін төгеді.

«Және біліп қой: сені айналып өткен нәрсе ешқашан саған келіп тиюі мүмкін емес еді, ал саған келіп тиген нәрсе ешқашан сені айналып өтуі де мүмкін емес еді». Бұл тағдырға иман келтірудің міндетті екенін білдіреді. Алайда бұл себептерді қолданудан бас тарту дегенді білдірмейді. Керісінше, шарият рұқсат еткен және ақылға қонымды себептерді қолдану қажет. Сондықтан да Пайғамбарымыз ﷺ осы сөздердің ізінен: **«Сондай-ақ жеңіс — сабырмен...»**, — деп айтты. Яғни сабыр ет, сонда жеңіс (пен көмек) келеді, Аллаһтың жеңісі келгенге дейін Оған мойынсұнушылық танытуда және себептерді қолдануда сабырлы бол.

«Қайғымен бірге одан шығар жол және әрбір қиындықпен бірге — жеңілдік келетінін біл». Қайғы мен мұң неғұрлым күшейген сайын, соғұрлым ізінен шығар жол мен құтылу да, әрі қиындық неғұрлым үлкейген сайын, соғұрлым оған еріп келетін жеңілдік те үлкен болады. Аллаһ Тағала барлығымызға тура жол нәсіп етсін.

Жиырмасыншы хадис

عَنْ أَبِي مَسْعُودٍ عُقْبَةَ بْنِ عَمْرِوٍ الْأَنْصَارِيِّ الْبَدْرِيِّ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ — قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: إِنَّ مِمَّا أَدْرَكَ النَّاسُ مِنْ كَلَامِ النَّبِيِّ الْأَوَّلَى إِذَا لَمْ تَسْتَحِ فَاصْنَعْ مَا شِئْتَ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Абу Масғуд Ғуқба ибн Амр әл-Ансори әл-Бадри (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «Расында, адамдарға жеткен алғашқы пайғамбарларлық сөздерінен — егер ұялмасаң, қалағаныңды істе». Хадисті әл-Бухари риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Жиырмасыншы хадис — бұл Абу Масғуд әл-Бадриден (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілетін хадис. Онда Пайғамбар ﷺ былай деген: «Егер ұялмасаң, қалағаныңды істе».

Бұл хадисте ұяттан айырылған және қалағанын істетін адамға қатаң ескерту айтылады. Ол Аллаһтан қашып құтыла алмайды, керісінше ол Аллаһ Тағаланың құдіретінің астында өте қатерлі жағдайда болады. Сондықтан да оған бұдан аулақ болып, мұндай іс-әрекеттерден сақтану міндетті болады. Адам Раббысынан ұялуы және Аллаһ тыйым салған (харам нәрселерге бармауы) әрі Аллаһ Тағала міндетті, парыз еткен нәрселерді

¹ Сахих Бухари (3483).

тастамауы міндетті болып табылады. Мүмин адам Аллаһ Тағаладан шынайы ұялумен ұялуға тиісті.

Имам Бухари мен имам Муслимнің сахих хадистер жинақтарында Абдуллаһ ибн Умардан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ бірде бір кісінің өз бауырына ұялу дұрыс емес деп насихат айтып жатқанын естігенін әрі сол кісіге: **«Оны жайына қоя сал, өйткені, расында, ұят — иманнан»**,— деп айтқаны жеткізіледі¹. Яғни әлгі адам өз бауырына: «Көп ұяла берме, адамдармен батылдау бол»,— деген сияқты сөздерді айтып жатқан болатын. Әрі сонда Пайғамбарымыз ﷺ оған: **«..ұят — иманнан»**,— деп ескертті. Өйткені ұялмайтын адам нәтижесі нашар болатын нәрселер жасап қоюы әрі істегенінің салдарынан қатты өкінуі мүмкін.

Әрі бұл хадистің мағынасы туралы айтылған сөздердің ең дұрысы — бұл хадистің адамды ұяттан айырылудан сақтандыру және оны тәрбиелеу мақсатында айтылғандығы. Онда ұяттың маңыздылығы көрсетіліп, адамға кез келген істе ұятты сақтауға және ұятты нәрселерден аулақ болуға шақыру бар. Аллаһ баршамызға тура жол мен хидаят нәсіп етсін!²

¹ Сахих Бухари (24), Сахих Муслим (36).

² Қараңыз: «Шарх Рияд әс-салихин», (4/306).

Жиырма бірінші хадис

عَنْ أَبِي عَمْرٍو - وَقِيلَ أَبِي عَمْرَةَ - سُفْيَانَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ: قُلْتُ: يَا رَسُولَ اللَّهِ قُلْ لِي فِي الْإِسْلَامِ قَوْلًا لَا أَسْأَلُ عَنْهُ أَحَدًا غَيْرَكَ؟ قَالَ: قُلْ: آمَنْتُ بِاللَّهِ ثُمَّ اسْتَقِمْتُ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Абу Амр (кейбір риуаяттарда ол Абу Амра деп те аталған) Суфиян ибн Абдуллаһ әс-Сақофи (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «Мен: «Уа Аллаһтың Елшісі! Маған Ислам туралы мен ол жайында сізден басқа ешкімнен сұрамайтын болатынымдай бір сөз айтыңызшы» — дедім. (Пайғамбарымыз ﷺ): ««Мен Аллаһқа иман келтірдім», — деп айт та, кейін туралықты ұстан», — деді¹. Хадисті Муслим риуаят еткен.

Түсіндірме (шарх)

Абу Амр Суфиян ибн Абдуллаһ әс-Сақофидің (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде ол Пайғамбардан ﷺ былай сұрайды: «Уа Аллаһтың Елшісі! Маған Ислам туралы мен ол жайында сізден басқа ешкімнен сұрамайтын болатынымдай бір сөз айтыңыз». Яғни ол (Исламның мәнін қамтитын) жалпы әрі жан-жақты мағыналы сөз айтуды сұрады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ оған: ««Мен Аллаһқа иман келтірдім», — деп айт

¹ Сахих Муслим (38).

та, кейін туралықты ұстан»,— деп жауап берді. Әрі бұл сөздер өзінің құрамына бүкіл жақсылықты қамтиды.

«**«Мен Аллаһқа иман келтірдім»,— деп айт»** — яғни «Аллаһқа Раббы және құлшылыққа лайық жалғыз шынайы Құдай ретінде иман келтірдім»,— деп (жүрегіңмен және тіліңмен) айт та, содан соң осы иманыңда Аллаһқа мойынсұну арқылы және Пәк әрі Жоғары Аллаһ харам еткен нәрселерді тәрк ету арқылы туралықты мығым ұстан. Міне, осы **«Кейін — туралықты мығым ұстан»** сөзінің мағынасы, яғни бұл шынайы иманды жүзеге асыру, Аллаһқа мойынсұну, Оның бұйрықтарын орындау және тыйымдарынан алыс болу. Сондықтан да бұл жан-жақты мағыналарды өзіне біріктіретін ұлы сөз. Аллаһқа, яғни Ол сенің құлшылық ететін жалғыз хақ Құдайың екеніне деген шыншыл иман және Ол түсіріп орнатқан шариғатқа және жіберген елшілеріне бағыну, ал содан соң осыдан бекем ұстану.

Сондықтан әрбір мұмин мен әрбір мұмин әйелге Аллаһтың әмірлерін орындауда табандылық көрсету, дінінде берік болу, ауытқуға себеп болатын нәрселерден және Аса Ұлы әрі Аса Жоғары Аллаһ харам еткен істерге түсуге алып баратын жолдардан сақтанып, аулақ болу міндетті. Адам үшін міндетті нәрсе — тура жолда болу, осыда сабыр ету және бұл ұстанымда өле-өлгенше бекем тұру. Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда былай деді:

فَأَسْتَقِمْ كَمَا أُمِرْتَ وَمَنْ تَابَ مَعَكَ وَلَا تَطْغَوْا إِنَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ بَصِيرٌ

«Саған және сенімен бірге тәубе еткендерге әмір етілгендей, туралықты мығым ұстан» («Һуд» сүресі, 112-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ туралықты мығым ұстанған болса да, Аллаһ Тағала оған тура жолда мығым болуды бұйырды. Өйткені Аллаһ Тағала осы арқылы Өзінің Пайғамбарынан ﷺ ол осы әмірді бүкіл үмметіне жеткізіп, оның әрбіріне (яғни әрбір мұсылманға) тура жолды ұстану парыз екенін үйретуді міндетті етті. Сондықтан да адам туралықты мығым ұстануға, ақиқат жолында бекем тұруға, одан оңға немесе солға бұрылмауға міндетті. Өйткені, Аллаһ Тағала Пайғамбарымызды ﷺ осы жолмен жіберді. Ал тура жолды ұстанудың мәні — Аллаһты жалғыздау (таухид) әрі шынайы ықыласпен Оған мойынсұну, Оның әмірлеріне бағыну, тыйымдарынан тыйылу, шыншыл иманмен, Оған деген ұмтылыспен және Оның жазасынан сақтанумен Оның орнатқан шариғи шекараларын сақтау. Міне, осы — туралықты ұстану, яғни ақиқатқа берік болу және оны сөзбен

де, амалдармен де бекіту. Әрі пенде бұл ұстанымда Аллаһқа жолыққанға дейін табандылық көрсетуге міндетті.

Сондықтан жақсылыққа ұмтылатын және иман келтірген жүректің иесі болған адам бұл мәселеге өте қатты көңіл бөлуі тиіс. Ол тура жолды ұстанудың маңыздылығын түсініп, кез келген ауытқудан, жалған нәрселерге бейімделуден сақтануы қажет, өйткені олар тек қысқа мерзімді алдану ғана. Содан кейін адам бұл дүниеден өтеді де, тек өз амалдарымен ғана кездеседі. Сол кезде ол өмірінде жасаған жақсылығына қуанады және жасаған жамандығына өкінеді. Алайда ол бұл дүниеде қанша уақыт қалатынын білмейді. Сондықтан, әрбір адам алдын ала сақтық шараларын жасап, өзінің осы өмірдегі өткізетін уақыттарын туралықты ұстанумен құруы, сақтауы және үзбей жалғастырып отыруы керек. Кім өмірін туралықпен және Аллаһтың әмірлеріне бойсұнумен өткізсе, сол үшін жақсы нәтиже болады. Аллаһ баршамызды қолдап, тура жол нәсіп етсін!¹

¹ Қараңыз: «шарх Рияд әс-Салихин» (1/204–206).

Жиырма екінші хадис

عَنْ أَبِي عَبْدِ اللَّهِ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ — رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا — أَنَّ رَجُلًا سَأَلَ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ فَقَالَ: أَرَأَيْتَ إِذَا صَلَّيْتُ الْمَكْتُوباتِ وَصُمْتُ رَمَضَانَ وَأَحَلَلْتُ الْحَلَالَ وَحَرَّمْتُ الْحَرَامَ وَلَمْ أَزِدْ عَلَى ذَلِكَ شَيْئًا أَأَدْخُلُ الْجَنَّةَ؟ قَالَ: نَعَمْ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Абу Абдуллаһ Жәбир ибн Абдилләһ әл-Ансори (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай баяндаған: «Бір адам Аллаһтың Елшісінен ﷺ: «Егер мен парыз намаздарды орындап, Рамазан оразасын ұстап, халалды халал, харамды харам деп, осыған басқа еш нәрсе қоспасам, Жәннатқа кіремін бе?», — деп сұрады. (Пайғамбарымыз ﷺ: «Иә», — деп жауап берді». Хадисті Муслим риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Жәбир ибн Абдулләһ әл-Ансори (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) риуаят еткен хадисте бір адам Пайғамбардан ﷺ: «Егер мен парыз намаздарды орындап, Рамазан оразасын ұстап, халалды халал, харамды харам деп, осыған басқа еш нәрсе қоспасам, Жәннатқа кіремін бе?» — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «Иә», — деп жауап берді.

Талха ибн Убайдилләһтың (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде бір бәдәуи Пайғамбарға ﷺ келіп, Ислам туралы сұрағаны жеткізіледі. Сонда

¹ Сахих Муслим (15).

Пайғамбарымыз ﷺ: **«Күндіз және түнде бес уақыт намаз оқу»**,— деп жауап берді. Бәдәуи: «Мен үшін осылардан басқа (намаздан) тағы бір нәрсе парыз ба?» — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: **«Жоқ, тек егер нәпіл намаз оқығың келсе ғана»**,— деп жауап берді. Сосын Пайғамбарымыз ﷺ: **«Рамазан айының оразасын ұста»**,— деді. Бәдәуи: «Маған тағы басқа ораза парыз ба?» — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: **«Жоқ, тек егер нәпіл ораза ұстағың келсе ғана»**,— деп жауап берді. Сосын Пайғамбарымыз ﷺ зекет жайлы айтты. Бәдәуи: «Мен үшін (зекет-садақадан) тағы бір нәрсе парыз ба?» — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: **«Жоқ, тек егер өзіңнің қалауыңмен садақа бергің келсе ғана»**,— деп жауап берді. Сонда әлгі адам бұрылып кетіп бара жатып: «Аллаһпен ант етемін! Мен бұған ешнәрсе қоспаймын әрі бұдан ешнәрсе кемітпеймін»,— деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Егер рас айтқан болса, онда құтылды»**,— немесе: **«Егер рас айтқан болса, онда Жәннатқа кірді»**,— деді.

Бұл хадис мүмин адамға осы парыз амалдарды толық орындау міндетті екендігіне, ал нәпіл амалдар міндетті емес қосымша екендігіне нұсқайды. Мысалы, зекеттен бөлек садақа — қосымша сауапты амал, рамазаннан бөлек оразалар — қосымша сауапты амал, әрі парыз қажылықтан басқа қажылық жасау да — қосымша сауапты (бірақ міндетті емес) амал. Парыздар — бұл бес уақыт намаз, рамазанда ораза ұстау, Қағбаға бір рет қажылық жасау, ал бұған қосымша, мысалы, духа намазы, таһажжуд намазы, бекітілген сүннеттер мен басқа да намаздар — нәпіл болып табылады. Зекеттен бөлек садақалар да нәпіл болып табылады, тек кейбір күнәлі істер үшін өтем ретінде міндетті етілген оразадан бөлек, өйткені оған өзінің дәлелі бар. Тура сол сияқты пітір садақасының міндетті екеніне де өзінің дәлелі бар. Сол сияқты Аллаһ Тағала шарифаттағы (міндетті) етіп бекіткен күн немесе ай тұтылу намазы, жаңбыр сұрау намазы, жаназа намазы сиықты намаздарының да өз дәлелдері бар.

Сол сияқты, Аллаһ Тағала тыйым салынған нәрселерді де шарифатымен заңдастырды. Мүминдерге Аллаһтың тыйымдарынан тыйылу да міндетті. Адам барлық харамдардан сақтануы керек, мысалы: өсімқорлық (риба), зина, ұрлық, зұлымдық, ғайбат, өсек және Аллаһ тыйым салған басқа барлық күнәлар.

Нағыз мұсылман Аллаһтың әмірлерін орындайды және Оның тыйымдарынан бас тартады, өйткені ол мұны Құран және Сүннет дәлелдерімен дәлелденгенін біледі. Мұсылман Аллаһ тыйым салған нәрселерді жасамайды, Аллаһ парыз еткен нәрселерден бас тартпайды, керісінше Аллаһтың бұйырған әмірлерін орындайды және Аллаһ харам еткен нәр-

селерден тыйылады. Ол Аллаһ белгілеген шекараларда тоқтайды, оларды бұзбайды.

Егер адам осыларға қоса нәпіл ғибадаттарды қосса — бұл өте жақсы іс. Мысалы, нәпіл намаздар, садақалар, оразалар, қажылық амалдары. Бұл — жақсылық үстіне жақсылық. Сол сияқты, Аллаһты зікір ету, тәсбих, тахлил, тахмид және истиғфар айту — адамды жақсылыққа жетелейді.

Мүмин әрбір жақсылықтан өзіне азық алады, жақсылық жасауға асығады және әртүрлі ізгі амалдар жасауда жарысады. Ол әрбір жақсылық арқылы Аллаһтың нығметі мен сыйын көбейтеді, Оның рахымына жақындай түседі және осы арқылы оның Ақыреттегі дәрежесі де жоғарылайды. Жақсылық жасаған сайын Аллаһ оның сауабын арттырады.

Аллаһ Тағала былай деген:

هَلْ جَزَاءُ الْإِحْسَنِ إِلَّا الْإِحْسَنُ

«Жақсылықтың сыйы — жақсылықтан басқа не?» («әр-Рахман» сүресі, 60-аят).

Сондықтан мүмин адамға өз өміріне тақуалықтан азық алу қажет, өйткені бұл — үлкен жақсылықтың қайнары. Аллаһ Тағала былай деген:

وَتَزَوَّدُوا فَإِنَّ خَيْرَ الزَّادِ التَّقْوَىٰ

«Жолға азық алыңдар, расында, ең жақсы азық — тақуалық» («әл-Бақара» сүресі, 197-аят). Аллаһ баршамызға тура жол нәсіп етуін сұраймыз.

Жиырма үшінші хадис

عَنْ أَبِي مَالِكٍ الْحَارِثِ بْنِ عَاصِمٍ الْأَشْعَرِيِّ — رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ — أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ قَالَ: الطُّهُورُ شَطْرُ الْإِيمَانِ وَالْحَمْدُ لِلَّهِ تَمْلَأُ الْمِيزَانَ وَسُبْحَانَ اللَّهِ وَالْحَمْدُ لِلَّهِ تَمْلَأُ مَا بَيْنَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَالصَّلَاةُ نُورٌ وَالصَّدَقَةُ بُرْهَانٌ وَالصَّبْرُ ضِيَاءٌ وَالْقُرْآنُ حُجَّةٌ لَكَ أَوْ عَلَيْكَ كُلُّ النَّاسِ يَغْدُو فَبَائِعٌ نَفْسَهُ فَمُعْتِقُهَا أَوْ مُوْبِقُهَا. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Абу Мәлик әл-Харис ибн Ғасым әл-Әшғариден (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізілген: «Таза-лық — иманның жартысы. «Әлхамду ли-Лләһ» Мизан таразыны толтырады. «Субханаллаһ» және «Әлхамдулилләһ» — көктер мен жер арасын толтырады. Намаз — нұр. Садақа — бұлтартпас дәлел. Сабыр — жарық. Құран — сен үшін дәлел немесе саған қарсы дәлел. Барлық адамдар таңертең шығады да, жанын саудаға салады, сөйтіп не оны құтқарады, не опат етеді». Хадисті Муслим риуаят еткен¹.

¹ Сахих Муслим (223).

Түсіндірме (шарх)

Әл-Харис ибн Ғасым әл-Әшғари (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: **«Тазалық — иманның жартысы»**, — деген. Бұл жерде тазалық (тухур) және тазару (татаххур) туралы айтылады.

Тазалық екі түрге бөлінеді:

1. Сыртқы тазалық — дененің дәретсіздік халінен және лас нәрселерден тазартылуы. Бұл өзіне ғұсыл алу, дәрет алу сияқты амалдарды қамтиды.

2. Ішкі тазалық — жүректің жаман сипаттардан, күнәлардан және рухани ластықтардан арылуы. Бұл тәубе ету және парыздарды орындау арқылы жүзеге асады.

Осылайша, тазалықтың бір бөлігі — дене тазалығы, ал екінші бөлігі — рухани тазалық. Сондықтан хадистегі **«Тазалық — иманның жартысы»** деген сөздің мәні — мұсылман адамның сыртқы және ішкі тазалыққа мән беруі қажет дегенді білдіреді.

«Әлхамду ли-Лләһ» Мизан таразыны толтырады. Бұл «Аллаһқа бүкіл мақтау» сөздерінің артықшылығы мен ұлы қадір-қасиетін көрсетеді.

««Субханаллаһ» және «Әлхамдулилләһ» — көктер мен жер арасын толтырады. Бұл хадисте Аллаһты мақтап-мадақтау және дәріп-теп-пәктеу сөздерді көп айтуға шақыру және ынталандыру бар.

Пайғамбарымыз ﷺ: **«Аллаһқа ең сүйікті сөздер төртеу: «Субханаллаһ», «Әлхамдулилләһ», «Лә иләһә иллә Аллаһ», «Аллаһу әкбар»**, — деп айтқан¹.

Аллаһтың Елшісі ﷺ сондай-ақ былай деген: **«Мен үшін «Субхана-Ллаһ» (Аллаһ бүкіл кемшіліктен және ұқсастықтан пәк), «әлхамду ли-Лләһ» (бүкіл мақтау Аллаһқа тән), «Лә иләһа иллә-Ллаһ» (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ), «Аллаһу әкбар» (Аллаһ Аса Ұлы) сөздерін айту оның үстінен күн көтерілетін бүкіл нәрседен сүйіктірек»**².

Әрі ол сондай-ақ: **«Мәңгілікке қалатын салиқалы амалдар — бұл «Субхана-Ллаһ» (Аллаһ бүкіл кемшіліктен және ұқсастықтан пәк),**

¹ Сахих Муслим (2137), хадисті Самура ибн Жундуб (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен.

² Сахих Муслим (2695), хадисті Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен.

«әлхамду ли-Лләһ (бүкіл мақтау Аллаһқа тән), «Лә иләһа иллә-Лләһ» (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ), «Аллаһу әкбар» (Аллаһ Аса Ұлы) және «Лә хаулә уә лә қууата иллә билләһ» (Аллаһтан басқа ешкімнен әлдебір нәрсені бір қалыптан басқа қалыпқа өзгету де әрі осыған деген қуат та жоқ)»¹.

«Намаз — нұр». Намаз — құлдың қабірдегі және Қиямет күніндегі нұры. Ол — жүректегі нұр, жүректі тазартатын әрі оны нұрландыратын себептерден. Намазды сақтау — ең маңызды істердің бірі. Ол — екі (яғни Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ және Мухаммад — Оның елшісі деген) куәліктен кейінгі ең үлкен парыз. Парыздардың ішіндегі ең маңыздысы және ең ұлығы — намаз. Намаз Исламның тірегі деп аталған. Намаз — құл үшін дүниеде де, Ақыретте де нұр.

«Садақа — бұлтартпас дәлел». Садақа және (Аллаһ жақсы көретін) жақсылықтар жолында қаржы-қаражат жұмсау — адамның Аллаһқа деген иманының күшітілігіне және пенденің Аллаһтың алдындағы ұлы сый-сауаптар мен игіліктерге ұмтылатындығының дәлелі. (Басқаша айтқанда, садақа — мұсылманның Аллаһтың Дидары үшін шынайы ықыласпен берген қайырымдылығы. Бұл — Аллаһтың алдында құлдың сауапқа жетуге деген талпынысының және оның иманының мықтылығының белгісі).

«Сабыр — жарық». Аллаһқа бойсұнудағы сабыр және күнәлардан тыйылудағы сабыр, сондай-ақ басқа түскен қиындықтар мен сынақтарға төзудегі сабыр — пенде үшін жарық болады. Оның жарық деп аталуының себебі — онда бір ауыртпалық пен қиындық бар әрі сабыр ерекше ыждағатты қажет ететінінде, өйткені нәпсіге күнәлардан бас тарту және парыздарды орындау қиын тиеді. Аллаһқа бойсұнуда сабыр ету, сондай-ақ, ауыр сынақтар келгенде сабырлық таныту — күйзеліске берілмеуді талап етеді. Сондықтан бұл хадисте: **«Сабыр — жарық»**, — делінген. Яғни, сабыр күш-қуатты қажет етеді. Жүректің қуаттылығы мен иманның күші арқылы адам Аллаһқа бойсұнушылықта сабыр ете алады. Сондай-ақ сынақтарға қарсы тұруда сабыр етеді және күнәлардан бойын аулақ ұстауда сабыр етеді.

«Құран — сен үшін дәлел немесе саған қарсы дәлел». Егер адам Құранмен амал етсе, онда Құран сол адам үшін дәлел болады. Әрі егер адам оның үкімдеріне сәйкес өмір сүрсе және әмірлерін орындаса, бұл

¹ Ахмад (11731), хадисті Нуғман ибн Бәшир (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген. Әл-Бәйһақи: «Хадистің иснадында бір риуаятшының есімі атамай қалған, қалған ерлері сенімді», — деп айтқан.

оның Жәннатқа кіру себептерінің бірі болып табылады. Ал егер ол Құранның әмірлеріне немқұрайлы қарап, оларды орындамаса, онда Құран оған қарсы дәлел болады. Бұл Кітапта Аллаһтың тура жолы мен нұры бар. Егер сен Құран көрсеткен тура жолда мығым болсаң, ол сен үшін дәлел әрі құтылу себептерінің бірі болады. Ал егер сен оның әмірлеріне қарсы шықсаң, онда Құран саған қарсы дәлел болады.

«Барлық адамдар таңертең шығады да, жанын саудаға салады, сөйтіп не оны құтқарады, не опат етеді». Бұл дегеніміз — адамдар осы дүниеде таңертен өз шаруаларымен және Аллаһ Тағала олардың тағдырына жазған істерін жасауға шығып, жүреді. Бірақ адамдардың арасында өзін құтқаруға және құтылуға ұмтылатындары бар әрі олардың арасында сондай-ақ өзін жоюға және апатқа ұшыратуға асығатындары да бар. Кейбір адамдар күндіз-түні күнәларға, Аллаһқа деген мойынсұнбаушылыққа және шарифатқа қайшы келетін істерге ұмтылады. Ал басқалары құтылу себептеріне, яғни Аллаһқа мойынсұнуға және Оның шарифатына еруге ұмтылады. Оның әмірлерін орындайды және разылығына ұмтылады. Осылайша, кейбір адамдар өздерін Тозақ отынан құтқарады, ал кейбіреулері өздерін өздері күнәларымен және шарифатқа қайшы келетін істерімен опат етеді. Сондықтан адам сақ болуы және ақиқат жолына түсіп, сонымен бекем жүруі үшін және жалған, бекер, бос нәрселерден аулақ болуда сабырлық танытуы үшін өз нәпсісімен жиһад жүргізу міндетті. Аллаһ барлығымызға тура жол нәсіп етсін¹.

¹ Қараңыз, «Шарх Рияд әс-Солихин», (1/89–90).

Жиырма төртінші хадис

عَنْ أَبِي ذَرٍّ الْغِفَارِيِّ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ ﷺ فِيمَا يَرَوِيهِ عَنْ رَبِّهِ - عَزَّ وَجَلَّ -: يَا عِبَادِي إِنِّي حَرَمْتُ الظُّلْمَ عَلَى نَفْسِي وَجَعَلْتُهُ بَيْنَكُمْ مُحَرَّمًا فَلَا تَظَالُمُوا، يَا عِبَادِي كُلُّكُمْ ضَالٌّ إِلَّا مَنْ هَدَيْتُهُ فَاسْتَهْدُونِي أَهْدِكُمْ، يَا عِبَادِي كُلُّكُمْ جَائِعٌ إِلَّا مَنْ أَطْعَمْتُهُ فَاسْتَطْعِمُونِي أَطْعِمْكُمْ، يَا عِبَادِي كُلُّكُمْ عَارٍ إِلَّا مَنْ كَسَوْتُهُ فَاسْتَكْسُونِي أَكْسُكُمْ، يَا عِبَادِي إِنَّكُمْ تُخْطِئُونَ بِاللَّيْلِ وَالنَّهَارِ وَأَنَا أَغْفِرُ الذُّنُوبَ جَمِيعًا فَاسْتَغْفِرُونِي أَغْفِرْ لَكُمْ، يَا عِبَادِي، إِنَّكُمْ لَنْ تَبْلُغُوا ضُرِّي فَتَضُرُّونِي، وَلَنْ تَبْلُغُوا نَفْعِي فَتَنْفَعُونِي. يَا عِبَادِي لَوْ أَنَّ أَوَّلَكُمْ وَآخِرَكُمْ وَإِنْسَكُمْ وَجَنَّتُمْ كَانُوا عَلَى أَتَقَى قَلْبِ رَجُلٍ وَاحِدٍ مِنْكُمْ مَا زَادَ ذَلِكَ فِي مُلْكِي شَيْئًا، يَا عِبَادِي لَوْ أَنَّ أَوَّلَكُمْ وَآخِرَكُمْ وَإِنْسَكُمْ وَجَنَّتُمْ كَانُوا عَلَى أَفَجَرَ قَلْبِ رَجُلٍ وَاحِدٍ مِنْكُمْ مَا نَقَصَ ذَلِكَ فِي مُلْكِي شَيْئًا، يَا عِبَادِي لَوْ أَنَّ أَوَّلَكُمْ وَآخِرَكُمْ وَإِنْسَكُمْ وَجَنَّتُمْ قَامُوا فِي صَعِيدٍ وَاحِدٍ فَسَأَلُونِي فَأَعْطَيْتُ كُلَّ وَاحِدٍ مَسْأَلَتَهُ مَا نَقَصَ ذَلِكَ مِمَّا عِنْدِي شَيْئًا إِلَّا كَمَا يَنْقُصُ الْمَخِيطُ إِذَا أُدْخِلَ الْبَحْرَ، يَا عِبَادِي إِنَّمَا هِيَ أَعْمَالُكُمْ أُحْصِيهَا لَكُمْ ثُمَّ أُوَفِّيكُمْ بِهَا، فَمَنْ وَجَدَ خَيْرًا فَلْيَحْمَدِ اللَّهَ، وَمَنْ وَجَدَ غَيْرَ ذَلِكَ فَلَا يَلُومَنَّ إِلَّا نَفْسَهُ. حديث صحيح رواه مسلم.

Абу Зарр әл-Ғифариден (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі ﷺ өзінің Аса Ұлы Рабысының мына сөздерін жеткізді: «Әй құлдарым! Шындығында, Мен Өзіме зұлымдық-әділетсіздікті харам еттім әрі оны сендердің араларыңда да харам еттім. Ендеше бір-бірлеріңе зұлымдық-әділетсіздік жасамаңдар! Әй құлдарым! Шындығында, сендердің бәрің адасқансыңдар, тек Мен тура жолға салғанымнан басқаларың. Ендеше, Менен тура жол сұраңдар, сонда Мен сендерді тура жолға саламын! Әй құлдарым! Сендердің бәрің ашсыңдар, тек Мен тамақтандырғандардан басқаларың. Ендеше, Менен ризық сұраңдар, сонда Мен сендерді ризықтандырамын! Әй құлдарым! Бәрің жалаңашсыңдар, тек Мен киіндіргендерден басқаларың. Ендеше, Менен киім сұраңдар, сонда Мен сендерді киіндіремін! Әй құлдарым! Шындығында, сендер күндіз-түні күнә жасайсыңдар, ал Мен барлық күнәларды кешіремін. Ендеше, Менен кешірім сұраңдар, сонда Мен сендерді кешіремін! Әй құлдарым! Шындығында, сендер Маған еш зиян тигізе алмайсыңдар әрі Маған еш пайда да келтіре алмайсыңдар! Әй құлдарым! Егер сендердің алғашқыларың және соңғыларың, адамдар мен жындарың, араларыңдағы ең тақуа біреуіңнің жүрегі секілді тақуа болсаңдар да, бұл Менің иелігіме ештеңе қоспас еді! Әй құлдарым! Егер сендердің алғашқыларың және соңғыларың, адамдар мен жындарың, араларыңдағы ең бұзақының жүрегі секілді бұзақы болсаңдар да, бұл Менің иелігімнен еш нәрсе кемітпес еді! Әй құлдарым! Егер сендердің алдыңғыларың да, соңғыларың да, адамдар мен жындарың да бір жерге жиналып, бәрі Менен сұраса, және Мен әрқайсысына сұрағанын берсем, бұл Менің иелігімнен, теңізге батырып алынған ине теңізден еш нәрсені кемітпейтіндей, ешнәрсе кемітпес еді. Әй құлдарым! Шындығында, бұл — сендердің амалдарың, Мен оларды сендер үшін есептеп жазып, кейін олар үшін не сый, не жазаларыңды беремін. Ендеше, кім жақсылық (жасағанын) тапса, Аллаһқа мақтау айтсын! Ал кім бұдан басқасын тапса, онда өзінен басқа ешкімді кінәламасын!»». Хадисті Муслим риуаят еткен¹

¹ Сахих Муслим (2577).

Түсіндірме (шарх)

Бұл хадисті Абу Зарр әл-Гифари Жундуб ибн Жунада (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етеді. Бұл — ұлы әрі маңызды хадис. Пайғамбарымыз ﷺ Раббысынан жеткізген хабарда былай дейді: **«Уа Менің құлдарым! Мен Өзіме зұлымдық-әділетсіздікті харам еттім әрі оны сендердің араларыңда да харам қылдым»**. Аллаһ Тағала Құранда былай дейді:

مَنْ عَمِلَ صَالِحًا فَلِنَفْسِهِ ۖ وَمَنْ أَسَاءَ فَعَلَيْهَا ۚ وَمَا رَبُّكَ بِظَلَّامٍ لِّلْعَبِيدِ

«Кім игі-салиқалы іс жасаса — өзі үшін әрі кім жамандық жаса — өзіне қарсы. Раббың құлдарына зұлымдық жасамайды» («әл-Фусси-лэт» сүресі, 46-аят).

Тағы бір аятта былай деп айтылған:

إِنَّ اللَّهَ لَا يَظْلِمُ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ

«Расында, Аллаһ тозаң түйірінің салмағындай әділетсіздік жасамайды» («ән-Ниса» сүресі, 40-аят).

Яғни Ол әділетсіздік-зұлымдық жасаудан пәк. Зұлымдық — бір нәр-сені өз орнынан бөлек басқа жерге қою. Бұл — біреудің сауаптарын тар-тып алу немесе өзгенің күнәларын оған жүктеу. Міне, бұл аяттағы зұ-лымдықтың мағынасы — осы.

«Ендеше бір-біріңе зұлымдық жасамаңдар» деген сөз, яғни өзара жандарың мен мал-мүліктеріңе, абыройларыңа қатысты және басқа да мүмин-мұсылмандарға қатысты зиян тигізетін істер арқылы зұлымдық-әділетсіздік жасаудан сақтаныңдар.

«Уа, Менің құлдарым! Сендердің барлығың адасқансыңдар, тек Мен тура жолға салғандардан басқаларың». Яғни әрбір адам Аллаһ-тың оны тура жолға салуына мұқтаж. Кімге Аллаһ тура жолды нәсіп етсе, тек сол ғана тура жолда. Ал кімге Аллаһ тура жол бермесе, ол — адасқан.

«Менен тура жол сұраңдар, сонда Мен сендерді тура жолға сала-мын». Яғни Менен тура жолды сұраңдар, Менен оны жалбарынып тілең-дер, сонда Мен сендерді тура жолға саламын.

«Әй құлдарым! Сендердің бәрің ашсыңдар, тек Мен тамақтан-дырғандардан басқаларың. Ендеше, Менен ризық сұраңдар, сонда Мен сендерді ризықтандырамын!» Яғни барлық адамдар Аса Жоғары әрі Ұлы Аллаһқа мұқтаж. Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда былай деген:

يَا أَيُّهَا النَّاسُ أَنْتُمُ الْفُقَرَاءُ إِلَى اللَّهِ وَاللَّهُ هُوَ الْغَنِيُّ الْحَمِيدُ ﴿١٥﴾

«Уа адамдар! Сендер — Аллаһқа мұқтажсындар, ал Аллаһ — Бай-Мұқтажсыз, Аса Мақтаулы» («Фатыр» сүресі, 15-аят).

إِنْ يَشَأْ يُذْهِبْكُمْ وَيَأْتِ بِخَلْقٍ جَدِيدٍ ﴿١٦﴾ وَمَا ذَلِكَ عَلَى اللَّهِ بِعَزِيزٍ ﴿١٧﴾

«Ол, егер қаласа, сендерді жоқ қылып, жаңадан бір қауымды алып келе алады. Бұл Аллаһ үшін еш қиын емес» («Фатыр» сүресі, 16–17 — аяттар).

Сондықтан да адамдардың қолындағы бүкіл нәрселер басқадан емес, тек Аса Жоғары әрі Ұлы Аллаһтан ғана. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَا بِكُمْ مِنْ نِعْمَةٍ فَمِنَ اللَّهِ

«Сендердегі қандай нығмет болса да, ол — тек Аллаһтан» («ән-Нәхл» сүресі, 53-аят).

Барлық нығметтер — мейлі ол кәпірлердің немесе мұсылмандардың қолында болсын — бәрі Аллаһтан. Аллаһ қалағанына береді, қалағанына бермейді. Біреуді байытады, біреуді кедей қылады. Біреудің ризық-несібесін кеңейтеді, біреудің несібесін тарайтады. Бұның бәрі Аллаһтың Ұлы даналығымен және түпкілікті (бұлжымас әрі тартысуға келмейтін) айқын дәлелімен жүзеге асады.

«Әй құлдарым! Бәрің жалаңашсындар, тек Мен киіндіргендерден басқаларың. Ендеше, Менен киім сұраңдар, сонда Мен сендерді киіндіремін!» Яғни: Менен әуреттеріңді жабуды, сондай-ақ киім-кешек және басқа да қажеттіліктеріңді сұраңдар. Өйткені құл барлық нәрседе, тағамында, сусынында, киімінде және барлық істерінде Аллаһқа мұқтаж. Сондықтан оған ризық-несібесін Аллаһтан сұрау міндет. Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда былай деген:

وَمَنْ يَتَّقِ اللَّهَ يَجْعَلْ لَهُ مَخْرَجًا ﴿٢﴾ وَيَرْزُقْهُ مِنْ حَيْثُ لَا يَحْتَسِبُ وَمَنْ يَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ فَهُوَ حَسْبُهُ إِنَّ اللَّهَ بَلِغُ أَمْرِهِ قَدْ جَعَلَ اللَّهُ لِكُلِّ شَيْءٍ قَدْرًا ﴿٣﴾

«Кім Аллаһтан қорықса, Ол оған шығатын жол жасап береді және оған күтпеген жерден ризық береді. Кім Аллаһқа тәуекел етсе,

оған Ол жеткілікті. Шындығында, Аллаһ әр нәрсе үшін бір өлшем белгілеген» («әт-Толәк» сүресі, 2–3-аяттар).

Аллаһ Тағала тағы былай деген:

وَمَنْ يَتَّقِ اللَّهَ يَجْعَلْ لَهُ مِنْ أَمْرِهِ يُسْرًا

«Кім Аллаһтан қорықса, Ол оның ісін жеңілдетеді» («әт-Толәк» сүресі, 4-аят).

«Әй құлдарым! Шындығында, сендер күндіз-түні күнә жасайсыңдар, ал Мен барлық күнәларды кешіремін. Ендеше, Менен кешірім сұраңдар, сонда Мен сендерді кешіремін!» Пенделер — қателікке бейім. Адам ұрпақтарының барлығы әрі әрбірі күнә жасайды. Сондықтан оларға Аллаһтан кешірім сұрауға ұмтылуы, күнәлардың көптігіне қарамас-тан Оның жарылқауын тілеп көп-көп жалбарынуы қажет. Өйткені Аллаһ Тағала аса Жомарт, аса Қайырымды, Ол құлдарының Одан кешірім-жарылқау тілеуін жақсы көреді. Аллаһ Тағала былай деген:

وَأَسْتَغْفِرُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ

«Аллаһтан кешірім тілеңдер! Расында, Аллаһ — өте Кешірімді, ерекше Рахымды» («әл-Бақара» сүресі, 199-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай деген:

وَأَنِ اسْتَغْفِرُوا رَبَّكُمْ ثُمَّ تُوبُوا إِلَيْهِ يُمَتِّعْكُمْ مَتَاعًا حَسَنًا إِلَىٰ أَجَلٍ مُّسَمًّى وَيُؤْتِ كُلَّ ذِي فَضْلٍ فَضْلَهُ

«Раббыларыңнан кешірім сұраңдар, сосын Оған тәубе етіңдер. Ол сендерді белгілі бір мерзімге дейін жақсы нығметке кенелтеді және әрбір артықшылық иесіне артықшылығын береді» («Һуд» сүресі, 3-аят).

Сондай-ақ басқа аятта былай деп айтылған:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا تُوبُوا إِلَى اللَّهِ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا تَابُوا إِلَى اللَّهِ تَوْبَةً نَّصُوحًا

«Әй иман келтіргендер! Аллаһқа шынайы тәубемен тәубе етіңдер» («әт-Тахрим» сүресі, 8-аят).

Сондықтан әрбір мүмин өзінің кемшіліктері мен күнәлары үшін тәубе етуге міндетті. Бұдан қалса, бұл барлық адамға — мейлі ол кәпір бол-

сын, мейлі мұсылман болсын — қатысты әмір, әрбір адам өзінің кемшіліктері мен күнәлары үшін тәубе етуге бұйырылған

«Әй құлдарым! Шындығында, сендер Маған еш зиян тигізе алмайсыңдар әрі Маған еш пайда да келтіре алмайсыңдар!» Құлдар әлсіз, олар Аллаһқа пайда да, зиян да тигізе алмайды. Ал Аллаһ Тағала олардан ештеңеге мұқтаж емес, Оған олардың ешбір қажеттілігі жоқ, және олар Оған зиян келтіре алмайды. Аллаһ Тағала — Оған еш нәрсе зиян тигізе алмайтын аса Ұлы, аса Жоғары. Керісінші, Ол ғана пайда беруші, әрі зиян келтіруші. Құлдардың қолында Аллаһқа пайда келтіру де, зиян келтіру де жоқ. Аллаһ — олардан мүлде Мұңсыз-Мұқтажсыз, әрі олардың үстінен толық Құдірет иесі.

«Әй құлдарым! Егер сендердің алғашқыларың және соңғыларың, адамдар мен жындарың, араларыңдағы ең тақуа біреуіңнің жүрегі секілді тақуа болсаңдар да, бұл Менің иелігіме ештеңе қоспас еді!» Егер барлық адамдар ең жоғары дәрежеде тақуа болып, діндарлықтың шарықтау шегіне жеткенде де, бұл Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһтың иелігіне ешнәрсе қоспас еді. Аллаһ Тағала — толық кемел Патшалық иесі. Оның Иелігіне ештеңе зиян да, пайда да келтірмейді.

«Әй құлдарым! Егер сендердің алғашқыларың және соңғыларың, адамдар мен жындарың, араларыңдағы ең бұзақы-күнәхардың жүрегі секілді бұзақы-күнәхар болсаңдар да, бұл Менің иелігімнен еш нәрсе кемітпес еді!» Құлдардың бойұсынуы Аллаһтың иелігіне ешнәрсе қоспайды, ал олардың күнәлары Оған еш зиян келтірмейді. Керісінше, олардың бойұсынулары өздеріне пайда әкелсе, күнәлары да өздеріне зиян тигізеді. Аллаһ Тағала былай деген:

إِنْ أَحْسَنْتُمْ أَحْسَنْتُمْ لِأَنْفُسِكُمْ وَإِنْ أَسَأْتُمْ فَلَهَا

«Егер жақсылық істесеңдер — өздерің үшін жақсылық істейсіңдер, ал жамандық істесеңдер — ол да өздеріңе» («әл-Исра» сүресі, 7-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

مَنْ عَمِلَ صَالِحًا فَلِنَفْسِهِ ۖ وَمَنْ أَسَاءَ فَعَلَيْهَا ۚ وَمَا رَبُّكَ بِظَلَّامٍ لِّلْعَبِيدِ ﴿٤٦﴾

«Кім ізгі амал істесе, өз пайдасына істейді, ал кім жамандық істесе, өз зиянына істейді» («әл-Фуссиләт» сүресі, 46-аят).

Әй Аллаһтың құлы! Сенің істеген жақсылақтарың мен салиқалы амалдарың сенің өзіңе бұл дүние мен Ақыретте пайда пайда береді, ал

күнәларың мен жасаған жамандықтарың сенің өзіңе зиян келтіреді. Пәк Аллаһ Тағалаға сенен келер ешбір зиян жоқ.

«Әй құлдарым! Егер сендердің алдыңғыларың да, соңғыларың да, адамдар мен жындарың да бір жерге жиналып, бәрі Менен сұраса, және Мен әрқайсысына сұрағанын берсем, бұл Менің иелігімнен, теңізге батырып алынған ине теңізден ешнәрсені кемітпейтіндей, ешнәрсе кемітпес еді». Бұл иненің теңізге батырылғанында оның суы азаймай-тыны сияқты, Менің беретін нығметтерім де Менің иелігімді еш азайтпайды. Сендерден бұрын өткен және кейін келетін бүкіл адамзат, жан-жануарлар мен періштелер — барлығы Менен сұрайды. Егер олар бәрі бір жерге жиналып, әрі Мен олардың барлығының сұрағанын берсем, бұл Менің иелігімді еш азайтпас еді, өйткені Аллаһ — Бай әрі мақтауға лайықты. Аллаһ Тағала қалаған нәрсесін қалаған уақытында орындайды. Ол бір нәрсені қаласа, оған: «Бол!» — дейді, сонда ол болады. Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّمَا أَمْرُهُ إِذَا أَرَادَ شَيْئًا أَنْ يَقُولَ لَهُ كُنْ فَيَكُونُ ﴿٨٢﴾

«Ақиқатында, Ол бір нәрсені қаласа, Оның бұйрығы: «Бол!» — дейді, сонда ол болады» («Ясин» сүресі, 82-аят).

«Әй құлдарым! Шындығында, бұл — сендердің амалдарың, Мен оларды сендер үшін есептеп жазып, кейін олар үшін не сый, не жазаларыңды беремін. Ендеше, кім жақсылық (жасағанын) тапса, Аллаһқа мақтау айтсын! Ал кім бұдан басқасын тапса, онда өзінен басқа ешкімді кінәламасын!» Нәтиже — бұл тек сендердің амалдарың. Яғни сендердің жасаған амалдарың — мейлі жақсы болсын, мейлі жаман болсын — сендерге жазылады. Сосын сендерге ол амалдарың толық қайтарылады. Кім жақсылық тапса, Аллаһқа мақтау айтсын, себебі, Аллаһ оған тура жолды нәсіп етіп, оны сол жақсылыққа жетеледі, оған оны орындауға күш-қуат берді. Ал кім басқаны тапса, өзінен басқа ешкімді кінәламасын, себебі ол өз нәпсісіне еріп, шайтанға бағынды.

Аллаһ Тағала былай деген:

وَلِلَّهِ مَا فِي السَّمَوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ لِيَجْزِيَ الَّذِينَ أَسَاءُوا بِمَا عَمِلُوا وَيَجْزِيَ الَّذِينَ أَحْسَنُوا بِالْحُسْنَى ﴿٨٣﴾

«Жер мен көктердегі нәрселер Аллаһтың ғана иелігінде. Жамандық жасағандарды істеген істерінің жазасына ұшырату үшін, ал

жақсылық жасағандарды ең көркем сыймен марапаттау үшін!» («ән-Нәжм» сүресі, 31-аят).

Бұл — адамдардың Қиямет күніндегі жағдайы: жамандық жасағандар — өз істерінің лайықты жазасын, ал жақсылық жасағандар — өз амалдарына лайықты сыйын алады. Аллаһ Тағала былай деген:

يُنَبِّئُ الْإِنْسَانَ يَوْمَ قَدَمٍ وَأَخْرَجَ ۝۱۳

«Сол күні адам баласына ілгері-кейін істегені білдіріледі» («әл-Қияма» сүресі, 13-аят).

يَوْمَ يَجْمَعُكُمْ لِيَوْمِ الْجَمْعِ ذَٰلِكَ يَوْمُ التَّغَابُنِ

«Аллаһ сендерді жинайтын Жиналу күнін (еске алыңдар). Міне сол, кімнің алданғаны ортаға шығатын күні» («әт-Тағабун» сүресі, 9-аят). Сондықтан мұсылман бұл күнге алдын ала дайындық жасап, Аллаһқа бағыну және Оның әмірлерін орындау арқылы өмірінде берік болуға ұмтылуы керек. Ол өз нәпсісімен күресіп, Аллаһтың тыйым салған нәрселерінен аулақ болып, адамдарға пайда тигізуге тырысуы қажет. Ол Аллаһтың құлдарын Аллаһқа шақырып, жақсылыққа бағыттап, жамандықтан қайтаруы тиіс. Ол зұлымдыққа ұшырағандарды қолдап, зұлымдық жасаушыларды тоқтатуы немесе оларды дұрыс жолға салуы керек. Әркімнің жағдайына қарай құлшылық ету жеңілдетілсін. Аллаһ баршаға тура жол мен хидаят нәсіп етсін!¹

¹ Қараңыз: «Шарх Рияд әс-Салихин» (1/251–254).

Жиырма бесінші хадис

عَنْ أَبِي ذَرٍّ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - أَيْضًا: أَنَّ نَاسًا مِنْ أَصْحَابِ رَسُولِ اللَّهِ ﷺ قَالُوا: يَا رَسُولَ اللَّهِ ذَهَبَ أَهْلُ الدُّثُورِ بِالْأُجُورِ يُصَلُّونَ كَمَا نُصَلِّي وَ يَصُومُونَ كَمَا نَصُومُ وَ يَتَصَدَّقُونَ بِفُضُولِ أَمْوَالِهِمْ. قَالَ: أَوَلَيْسَ قَدْ جَعَلَ اللَّهُ لَكُمْ مَا تَصَدَّقُونَ: إِنَّ بِكُلِّ تَسْبِيحَةٍ صَدَقَةٌ وَ كُلِّ تَكْبِيرَةٍ صَدَقَةٌ وَ كُلِّ تَحْمِيدَةٍ صَدَقَةٌ وَ كُلِّ تَهْلِيلَةٍ صَدَقَةٌ وَ أَمْرٌ بِمَعْرُوفٍ صَدَقَةٌ وَ نَهْيٌ عَنْ مُنْكَرٍ صَدَقَةٌ وَ فِي بُضْعٍ أَحَدِكُمْ صَدَقَةٌ، فَقَالُوا: يَا رَسُولَ اللَّهِ أَيَاتِي أَحَدُنَا شَهْوَتُهُ وَ يَكُونُ لَهُ فِيهَا أَجْرٌ؟ قَالَ: أَرَأَيْتُمْ لَوْ وَضَعَهَا فِي حَرَامٍ أَكَانَ عَلَيْهِ وَزْرٌ؟ كَذَلِكَ لَوْ وَضَعَهَا فِي الْحَلَالِ كَانَ لَهُ أَجْرٌ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Абу Заррдан (Аллаһ оған разы болсын) былай жеткізіледі: «Бір-де Пайғамбарымыздың ﷺ кейбір сахабалары оған келіп: «Уа Аллаһтың елшісі! Бай адамдар барлық сауапты алып қойды. Олар да біз сияқты намаз оқиды, біз сияқты ораза ұстайды, бірақ олар өздерінің артық байлығынан садақа береді»,— деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «Аллаһ сендерге де садақа беретін нәрсе жасап қойды емес пе? Әрбір тасбиһ («Субхан-Аллаһ» деп айту) — садақа, әрбір тәхбир («Аллаһу Әкбар» деп айту) — садақа, әрбір тахмид («Әлхамду ли-Лләһ» деп айту) — садақа, әрбір тәхлил («Лә иләһа иллә-Лләһ» деп айту) — садақа. Жақсылыққа шақыру — садақа, жамандықтан қайтару — садақа. Тіпті сендердің біріңнің жұбайымен қосылуы да — садақа»,—

деді. Сахабалар: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Біздің әлдебіреуіміз өз шақуатын қандыратыны үшін де оған сауап жазылады ма?*» — деп сұрады. Пайғамбар ﷺ: «*Егер ол мұны харам жолмен істесе, оған күнә жазылар еді ғой, солай ма? Сол сияқты, егер ол мұны халал жолмен істесе, оған сауап жазылады*»,— деп жауап берді. Хадисті Муслим риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Абу Заррдан (Аллаһ оған разы болсын) былай жеткізіледі: «Бірде Пайғамбарымыздың ﷺ кейбір сахабалары оған келіп: «Уа Аллаһтың елшісі! Бай адамдар барлық сауапты алып қойды. Олар да біз сияқты намаз оқиды, біз сияқты ораза ұстайды, бірақ олар өздерінің артық байлығынан садақа береді»,— деді. Бұл хадистегі «әһлу-д-дусур» сөзі бай адамдарды білдіреді. Яғни олар бізбен бірге намаз оқиды, бізбен бірге ораза ұстайды және басқа ғибадаттарды орындайды. Бірақ олар бізден садақалары арқылы озды, өйткені олардың байлығы бар, ал бізде байлық жоқ. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «*Аллаһ сендерге садақа беретін нәрселерді жасап қойды емес пе?*»,— деді. Яғни садақа тек мал-мүлікпен ғана шектелмейді, одан тыс та садақа түрлері бар, әрі оларға әрбір мұсылман ортақтаса алады.

Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ бұған түсіндірме беріп, былай деді:

«**Әрбір тасбих**,— яғни «Субхана-Ллаһ» (Аллаһ бүкіл кемшіліктерден пәк) деп айту,— **садақа. Әрбір тәкбир**,— яғни «Аллаһу Әкбар» (Аллаһ — Аса Ұлы) деп айту,— **садақа. Әрбір тахмид**,— яғни «Әлхамду ли-Лләһ» (Аллаһқа бүкіл мақтау) деп айту,— **садақа. Әрбір тахлил**,— яғни «Лә иләһа иллә Аллаһ» (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ) деп айту,— **садақа. Жақсылыққа бұйыру — садақа. Жамандықтан қайтару — садақа**». Со сияқты жақсы сөз де — садақа, тіпті жолдағы зиянды нәрсені алып тастау да — садақа. Мешітке бару үшін жасалған әрбір қадам — садақа. Ата-анаға жақсылық жасау да дәл сол сияқты — садақа. Туысқандармен қарым-қатынасты сақтау — садақа. Көп «истиғфар» айту (яғни «Астағфиру-Ллаһ» деп Аллаһтан кешірім сұрау) — садақа. Аллаһқа дұға ету — садақа. Ауруларды зиярат ету — садақа. Мұқтажға көмек беру — садақа. Залымды тоқтату немесе оған

¹ Сахих Муслим (1006).

насихат беру — садақа. Мал-мүлік жұмсаудан бөлек осы садақалардың түрлері мал-дүние жұмсауға шамасы жетпеген адам үшін садақаның орнын басады. Яғни тасбих (Субханаллах), тахмид (Әлхамдулиллаһ), тәлхил (Лә илһа иллә Аллах) айту — садақа. Кімде-кім мал-дүние жұмсауға шамасы жетпесе, оның орнына осы зікірлерді көп-көп айтуы керек.

Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Кім өзінің жұбайымен қосылса, бұл да оған садақа болып есептеледі»**,— деді. Сонда сахабалар: «Уа Аллаһтың Елшісі! Адам өз шақуатын қандырғаны үшін сауап алады ма?» — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: **«Егер ол бұл ісін харам жолмен істегенде, оған күнә жазылар еді ғой? Ендеше, оны халал жолмен істегенде, оған сауап жазылады»**,— деп жауап берді. Бұл хадисте неке арқылы рұқсат етілген жақындасу мен зина арасындағы айырмашылық баяндалады. Зина — күнә, ал неке арқылы жақындасу — сауапқа кенелтеді, өйткені адам өзінің де, әйелінің де арлығын сақтайды, сондықтан бұл үшін сауап жазылады.

Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «(Біршама уақыт өткен соң әлгі) кедей мухажирлер Аллаһтың Елшісіне ﷺ оралып: «Бай бауырларымыз біздің істегендерімізді естіп, олар да соны жасап жатыр»,— деді. Яғни, олар да әрбір намаздан соң тасбих, тахмид, әр біздің айтып жүрген зікірлерімізді айтып, бізге ортақтасып жатыр деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: **«Бұл — Аллаһтың берген кеңшілігі, Ол оны қалаған пендесіне береді»**,— деді. Яғни, байлар Аллаһтың әмірлерін орындай отырып, өздерінің дүниесін, мал-мүлкін, садақа мен ізгі амалдарға жұмсайды. Сонымен қатар, олар шарифат белгілеген зікірлерді айтып, кедей бауырларымен бірге ізгі істерде теңесіп қана қоймай, олардан асып түседі. Олар садақа беріп, игі істер атқарып, қаражаттарын қайырымдылыққа жұмсайды. Бұл — Аллаһтың қалаған құлына беретін кеңшілігі. Бірақ Аллаһтың кеңшілігі тек байларға ғана тән емес. Кедей адам да шынайы ниет етсе, оған сауап жазылады, яғни егер оған байлық нәсіп болғанда, ол оны игілікке жұмсайтын ниеті болса, онда оның сауаптары бай адамның садақасы мен қайырымдылығына тең болады. Бұл науқас адамға ұқсайды: егер ол денсаулығы жақсы болғанда белгілі бір ізгі амалдарды атқаруға ниеттенген болса, бірақ ауруы оған кедергі болса, онда оған сол істегендей сауап жазылады. Сол сияқты, сапардағы адам да, егер сапарға шықпас бұрын белгілі бір ізгі істерді жасауды ниет еткен болса, оған да сапары кезінде сол амалдың сауабы жазылады. Сол секілді, бір адам мал-мүлкін Аллаһ жолында жұмсаған бай адамның амалын орындауға ниет етсе, бірақ жағдайы оған мүмкіндік бермесе, оған да дәл сол

амалдың сауабы жазылады. Бұл — Аллаһтың кеңшілігі. Ол қалаған пендесіне шексіз нығметін береді. Аллаһ барлық пенделеріне тура жол мен хидаят нәсіп етсін.

Жиырма алтыншы хадис

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ — رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ — أَنَّ النَّبِيَّ ﷺ قَالَ: كُلُّ سُلَامَى مِنَ النَّاسِ عَلَيْهِ صَدَقَةٌ كُلَّ يَوْمٍ تَطْلُعُ فِيهِ الشَّمْسُ، يَعْدِلُ بَيْنَ الْإِثْنَيْنِ صَدَقَةٌ وَيُعِينُ الرَّجُلَ عَلَى دَابَّتِهِ فَيَحْمِلُ عَلَيْهَا أَوْ يَرْفَعُ عَلَيْهَا مَتَاعَهُ صَدَقَةٌ وَ الْكَلِمَةُ الطَّيِّبَةُ صَدَقَةٌ وَكُلُّ خُطْوَةٍ يُخْطُوهَا إِلَى الصَّلَاةِ صَدَقَةٌ وَيُمِيطُ الْأَذَى عَنِ الطَّرِيقِ صَدَقَةٌ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَ مُسْلِمٌ.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «Күн шыққан әрбір күні адамдардың әрбір буыны үшін садақа беру — міндет. Екі адамның арасын әділ түрде шешу — садақа. Кісіге салтты жануарына мінуге көмектесіп, оны көтеріп отырғызу немесе жүгін артып беру — садақа. Жақсы сөз — садақа. Әрбір намазға барардағы жасалатын әрбір қадам — садақа. Жолдағы зиянды нәрсені алып тастау — садақа». Хадисті Муслим риуаят еткен)¹.

Түсіндірме

Жиырма алтыншы хадис — Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте, Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «Күн шыққан әр-

¹ Сахих Муслим (1009).

бір күні адамдардың әрбір буыны үшін садақа беру — міндет». Абу Заррдан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен риуаятта: **«Әрбір таңда адамның әрбір буыны үшін садақа берілуі тиіс»**,— деп айтылған. Яғни әрбір сүйек-буын үшін садақа берілу керек. Әрі имам Муслимнің «Сахих» жинағында Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте: **«Адам баласы үш жүз алпыс буынмен жаратылған»**,— деп айтылған-ғандай, адам баласында үш жүз алпыс буын бар¹.

Аллаһтың Елшісі ﷺ содан соң: **«Екі адамның арасын әділдікпен шешу — садақа»**,— деді. Яғни олардың арасын жарастырып, түзеу — бұл садақа болады.

«Кісіге салтты жануарына мінуге көмектесіп, оны көтеріп отырғызу немесе жүгін артып беру — садақа». «Салтты жануарына» дегенге автокөлік те жатады. Әрі егер адам біреуге көлігіне жүк артуына көмектессе немесе оған көліктен түсуіне жәрдем етсе, немесе оны жөндеуге, немесе басқа да осы сияқты нәрселерге көмектессе — бұның барлығы садақа болып есептеледі. **«Жақсы сөз — садақа»**. Яғни «Уа бауырым, Аллаһтан қорық», «Аллаһты еске ал», «Қалың қалай?», «Аллаһ саған есендік берсін!» деген секілді жақсы сөздер — садақа болып есептеледі.

«Адамның намазға бару үшін жасаған әрбір қадамы — садақа». Намазға баратын әрбір қадамың — садақа, сондықтан бұл амал үшін сауап үміт ет және осыны жүрегіңде алып жүр. Сонда сен мешітке баруың мен қайтуыңның әрбір қадамы үшін игіліктердің сан-алуан түрлеріне және сый-сауаптардың да көптеген түрлеріне кенелесің.

«Жолдан зиян келтіретін нәрсені алып тастау — садақа». Яғни жолдағы тас, тікен немесе соларға ұқсас зиянды нәрселерді алып тастау да садақа болып есептеледі.

Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген риуаятта: **«Таңертеңгі уақыттың екі ракағат (яғни дұха) намазы осылардың барлығының орнын толтырады»** — деп айтылған. Бұл екі ракағат намаз осы істердің барлығының орнын әрі зікірлердің, тәкбірлердің, тахлилдердің, тахмидтердің, жақсылыққа шақыру мен жамандықтан тыюдың орнын басады. Егер адам осы екі ракағат намазын оқыса, онда ол осы әрбір буынға тиісті болған сауаптарға ие болады. Әрі егер ол осыған тасбихты, тахмидті, тахлилді, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюды, Аллаһқа шақыруды және басқа да игі істерді қосып істейтін болса, онда жақсылыққа жақсылықты, тура жолда болудың себептеріне тура жолда болудың себептерін қосып, көбейткен болады. Тіпті бұда Аллаһ Тағала

¹ Сахих Муслим (1008).

оны осы арқылы шайтандардан қорғайтыны ғана болғанда да, осының өзі пайда ретінде жеткілікті болар еді. Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَنْ يَعْشُ عَنْ ذِكْرِ الرَّحْمَنِ نُقَيِّضْ لَهُ شَيْطَانًا فَهُوَ لَهُ قَرِينٌ ﴿٣٦﴾

«Кім Аса Мейірімдіні еске алудан бас тартса, Біз оған шайтанды қосып қоямыз, сонда ол (шайтан) оның жақын жолдасы болады» («әз-Зухруф» сүресі, 36-аят). Аллаһты зікір етуге ғапылдық ететінге шайтандар билік жүргізеді, ал Аллаһты еске алушы өзін өзі қорғайды. Аллаһ баршамызға қолдау мен тура жол нәсіп етсін.

Жиырма жетінші хадис

عن النَّوَّاسِ بْنِ سَمْعَانَ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: الْبِرُّ حُسْنُ الْخُلُقِ وَالْإِثْمُ مَا حَاكَ فِي صَدْرِكَ وَكَرِهْتَ أَنْ يَطَّلَعَ عَلَيْهِ النَّاسُ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Нәууәс ибн Сәмғаннан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «Ізгілік — бұл көркем мінез-құлық, ал күнә — бұл көкірегіңде мазалап, сен адамдардың оны білгенін қаламайтын нәрсе». Хадисті Муслим риуаят еткен.

وَعَنْ وَابِصَةَ بْنِ مَعْبُدٍ — رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ — قَالَ: «أَتَيْتُ النَّبِيَّ ﷺ فَقَالَ: جِئْتَ تَسْأَلُ عَنِ الْبِرِّ وَالْإِثْمِ. قُلْتُ: نَعَمْ. قَالَ: اسْتَفْتِ قَلْبَكَ، الْبِرُّ مَا اطْمَأْنَنْتَ إِلَيْهِ النَّفْسُ وَاطْمَأَنَّ إِلَيْهِ الْقَلْبُ وَالْإِثْمُ مَا حَاكَ فِي النَّفْسِ وَتَرَدَّدَ فِي الصَّدرِ وَإِنْ أَفْتَاكَ النَّاسُ وَافْتَوَكَ. حَدِيثٌ حَسَنٌ رَوَاهُ أَحْمَدُ بْنُ حَنْبَلٍ وَالدَّارِمِيُّ.

Уабиса ибн Мағбадтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «Бірде мен Аллаһтың Елшісіне ﷺ келдім әрі ол: «Ізгілік пен күнә жайлы сұрауға келдің бе?» — деді. Мен: «Иә», — деп жауап бердім. Сонда ол: «Жүрегіңнен сұра! Жақсылық — бұл жаның да оған қатысты тыныштық тапқан әрі жүрегің де оған қатысты тыныш болған нәрсе, ал күнә — бұл жаныңды мазалап, көкірегіңде қобалжу тудырған нәрсе, тіпті адамдар

саған (бұл рұқсат етілген деп) пәтуа берсе де», — деді». Хадисті Ахмад пен әд-Дәrimi риуаят еткен, хадис хасан.

Түсіндірме (шарх)

(Бұл жинақтағы келесі жиырма жетінші хадисте): Нәууәс ибн Сәмғаннан (Аллаһ оған разы болсын) бірде ол Аллаһтың Елшісінен ﷺ ізгілік пен күнә жайлы сұрағаны жеткізіледі. Сонда ол ﷺ: **«Ізгілік — бұл көркем мінез-құлық»**, — деді. Мұның мағынасы — көркеммінездік ізгіліктің бір түрі екендігінде. Алайда (Аллаһтың Елшісі ﷺ) оны көркеммінез деп айтуының себебі, оның (яғни көркем мінез-құлықтың) дәрежесін нендей ұлы екенін көрсету үшін еді. Әрі бұл оның **«Дін — бұл ықылас-ты қарым-қатынас»**, немесе **«Қажылық — бұл Арафат»** деген сөздері сияқты. Яғни ол көркем-мінездің маңызы мен мәртебесінің нендей ұлы екенін баяндап, оны ізгілік деп атады.

Көркем мінез-құлықтың көріністеріне көркем сөз, жылы-жарқын жүзділік және басқаларға зиян тигізуден аулақ болу жатады. Әрі нағыз мүмин дәл осылай, яғни сөзі көркем, адамдармен қарым-қатынасы мен жолдастығы жақсы, жүзі жарқын-жылы, өзгеге зиян келтіруден аулақ болуы тиіс.

Өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

وَقُولُوا لِلنَّاسِ حُسْنًا

«Адамдарға ең көркем сөз сөйлеңдер» («әл-Бақара» сүресі, 83-аят). Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

* وَلَا تُجَادِلُوا أَهْلَ الْكِتَابِ إِلَّا بِالَّتِي هِيَ أَحْسَنُ

«Кітап иелерімен ең көркем түрде сөз таластырыңдар» («әл-Анкабут» сүресі, 46-аят).

Аллаһ Тағала тағы былай деген:

ادْعُ إِلَى سَبِيلِ رَبِّكَ بِالْحُكْمَةِ وَالْمَوْعِظَةِ الْحَسَنَةِ

«Раббыңның жолына даналықпен, көркем үгітпен шақыр және олармен ең көркем түрде сөз таластыр» («ән-Нәхл» сүресі, 125-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Сендер адамдарды мал-мүліктеріңмен қамти алмайсыңдар, бірақ оларды жылы-жарқын жүзбен және көркем мінезбен қамти аласыңдар»**¹.

Сондай-ақ ол былай деген: **«Жақсылықтың ешқайсысына немқұрайлы қарама, тіпті бауырыңды жылы-жарқын жүзбен қарсы алу болса да»**. Мұсылман әрдайым осылай болуға, яғни көркем мінезге, көркем сөзге, көркем амалға, өзін басқаларға зиян тигізуден тыюға және жамандықты ең көркем түрде қайтаруға ұмтылады.

Ал енді күнә туралы айтар болсақ, онда ол (бұл туралы Пайғамбарымыз ﷺ айтқандай) көкірегінде мазасыздық туғызатын әрі сен адамдардың оны білгенін ұнатпайтын нәрсе. Әрі бұл оның рұқсат етілгендігінде күмәның болғаны әрі ол харам (тыйым салынған) болғандығы себепті жаныңды мазалайды. Сондықтан да Пайғамбарымыз ﷺ: **«...ал күнә — бұл көкірегінде мазалап, сен адамдардың оны білгенін қаламайтын нәрсе»**,— деді, әрі ол сол нәрсенің халал (яғни рұқсат етілгендігіне) күмәнданғаны үшін. Сондықтан да жүрегінде оған қатысты бұл харам болуы мүмкін деген қобалжу туғызатын нәрсені ол сен үшін халал не харам екендігі толық анықталғанға дейін таста әрі сабыр ет.

Ал Уәбисаның (Аллаһ оған разы болсын) хадисіне келер болсақ, онда былай деп айтылған: **«Жүрегіңнен сұра! Жақсылық — бұл жаның да оған қатысты тыныштық тапқан әрі жүрегің де оған қатысты тыныш болған нәрсе»**,— яғни сол нәрсенің халал екендігіне дәлел анық болса, ол жанға да, жүрекке де тыныштық береді.

«Ал күнә — бұл жаныңды мазалап, көкірегінде қобалжу тудырған нәрсе», яғни оның харам болуы мүмкін деп қорқудан. Сондықтан асықпа, жүрегің толық тыныштық тапқанша күте тұр, істің анықтығына көз жеткізгенше және осы нәрсе күнә емес, ізгілік екенін анық білгеніне дейін сабыр ет.

Содан кейін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«... тіпті адамдар саған (бұл рұқсат етілген деп) пәтуа берсе де»**,— деді, өйткені адамдардың көбі дәлелсіз пәтуа береді, немесе сөздері түсініксіз болады, немесе білімдері өте аз болады. Сондықтан кез келген істің анық-қанығына жетіп, айқын дәлелге сүйену қажет. Пайғамбарымыз ﷺ былай дегені жеткізіледі: **«Аллаһтың құлы зиянсыз нәрсені**

¹ Хадисті Аби Шәйба өзінің Муснафында келтірді (25333), «Муснад» әл-Баззар (8544). «Мустадрак» әл-Хаким (428), хадис Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген, әл-Хаким хадисті сенімді деп атаған.

оның зиянды болуынан қорқып тастамайынша тақуалардың қатарынан бола алмайды»¹.

Нағыз мұмин тек игі нәрселерге ұмтылады әрі күмән тудыратын нәрселерден олардың үкімі өзі үшін айқын болғанға дейін тоқтайды. Аллаһ баршамызға тура жол мен хидаят нәсіп етсін!

¹ Бұл хадисті Тирмизи (2451), Ибн Мәжәһ (4215), әл-Хаким (4/319) және басқалар жеткізген, мам Заһаби мен Хаким оның иснадын сенімді деген, алайда бұл әлсіз хадис, оны хафиз Ибн Хәжар, шейх әл-Әлбани әлсіз деген.

Жиырма сегізінші хадис

عَنْ أَبِي نَجِيحٍ الْعِرْبَاضِ بْنِ سَارِيَةَ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ: وَعَظَنَا رَسُولُ اللَّهِ ﷺ مَوْعِظَةً وَجَلَّتْ مِنْهَا الْقُلُوبُ وَذَرَفَتْ مِنْهَا الْعُيُونُ، فَقُلْنَا: يَا رَسُولَ اللَّهِ كَأَنَّهَُا مَوْعِظَةٌ مُودَّعٍ فَأَوْصِنَا. قَالَ: أُوصِيكُمْ بِتَقْوَى اللَّهِ وَالسَّمْعِ وَالطَّاعَةِ، وَإِنْ تَأَمَّرَ عَلَيْكُمْ عَبْدٌ، فَإِنَّهُ مَنْ يَعِشْ مِنْكُمْ فَسِيرَى اخْتِلَافًا كَثِيرًا، فَعَلَيْكُمْ بِسُنَّتِي وَسُنَّةِ الْخُلَفَاءِ الرَّاشِدِينَ الْمُهْدِيِّينَ عَضُّوا عَلَيْهَا بِالنَّوَاجِذِ، وَإِيَّاكُمْ وَ مُحَدَّثَاتِ الْأُمُورِ، فَإِنَّ كُلَّ بِدْعَةٍ ضَلَالٌ. حديث حسنٌ صحيح رواه أبو داود و الترمذي.

Абу Нәжих әл-Ғирбад ибн Сәриядан оның былай деп айтқаны жеткізіледі: «(Бірде) Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге уағыз айтты, әрі сол (уағыздан) біздің жүректеріміз қорқыныштан толғанып, көздеріміз жасқа толды. Біз: «Уа Аллаһтың елшісі, бұл қошта-сып тұрған адамның уағызындай ғой, ендеше, бізге өсиет ай-тыңыз», — дедік. Сонда ол: «Мен сендерге тақуалықты (Аллаһ-тан қорқуды) және (әмірге) құлақ салуды және мойынсұнуды өсиет етемін, тіпті сендердің үстілеріңнен эфиопиялық құл әмір болса да! Ақиқатында, араларыңдағы ұзақ өмір сүретін-дерің көптеген келіспеушіліктерді (алауыздықтарды) көре-ді, сондықтан менің Сүннетімді және тура жолдағы ізгі хали-фалардың сүннетін ұстаныңдар. Тіпті оған азу тістеріңмен жармасып алыңдар әрі бидғаттардан (діндегі жаңалықтардан) сақтаныңдар, ақиқатында, әрбір бидғат адасушылық болып

табылады», — деп жауап берді». Хадисті Абу Дауд пен Тирмизи риуаят еткен. Тирмизи: «Хадис хасан (жақсы) және сахих (сенімді)», — деген¹.

Түсіндірме (шарх)

Жиырма сегізінші хадис: бұл Ғирбад ибн Сәрияның (Аллаһ оған разы болсын) хадисі, онда Аллаһтың Елшісі ﷺ бір күні оларға уағыз айтқаны әрі сонда олар: «Уа Аллаһтың Елшісі! Бұл қоштасып тұрған адамның құтпасы сияқты ғой» — деп баяндалған. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сол құтпасында оларға өзінің олар үшін кемел қам жейтінін ерекше танытып, олардың жүректерін (игілікке) бағыттап әрі жұмсартып, көздерінен жас ағатындай әрі жүректері қорқынышқа толатындай сөз сөйлеген болатын. Сондықтан да олар: «Уа Аллаһтың Елшісі! Бұл қоштасып тұрған адамның құтпасы сияқты ғой», — деді. Яғни бұл уағыз отбасымен, жамағатымен және қауымымен қоштасып тұрған адамның уағызындай еді, сондықтан олар: «Ендеше бізге өсиет айтыңыз», — деді.

Сонда Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: **«Мен сендерге тақуалықты (Аллаһтан қорқуды) және (әмірлерге) құлақ салуды және мойынсұнуды өсиет етемін»**, — деді. Осылайша Пайғамбарымыз ﷺ оларға Аллаһқа қатысты тақуалықты, яғни Пәк әрі Аса Жоғары болған Оның қақысын өтеуде, Оның әмірлерін орындауда және Оның тыйым салған нәрселерін тастауда әрі басшыларды тыңдап, оларға мойынсұнуда Аллаһтан қорқуды бұйырды. Өйткені әмірлерге бағыну әрі оларға құлақ асу — бірліктің, қауіпсіздіктің әрі тыныштықтың негізі. Бұда қоғамның тұрақтылығы, ақиқаттың көрініс табуы мен оның үстемдік етуі бар. Ал алауыздық пен бүлік — опат болып жойылуға алып барады.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Егер сендерге басшы етіп тіпті құл тағайындалса да, оны тыңдап, оған мойынсұныңдар»**. Басқа риуаятта былай деп келген: **«Егер сендердің үстілеріңе басшы етіп эфиопиялық құл тағайындалса да, оны тыңдап, оған бағынуға міндеттісіңдер»**². Яғни әмірлеріңе Аллаһ пен Оның елшісіне мойынсұнғандай мойынсұныңдар, бірақ тек шарифатқа қайшы келмейтін (мағруф)

¹ Сунан Абу Дауд (4607), Сунан әт-Тирмизи (2676).

² Сахих Муслим (1837), хадисті Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен.

істерде. Өйткені басқа риуаятта: *«Мойынсұну тек жақсы (мағруф) істерде ғана»*,— деп айтылған¹.

Содан кейін Пайғамбар ﷺ былай деді: *«Расында, сендерден кім ұзақ өмір сүрсе, сол көптеген келіспеушіліктерді (алауыздықтарды) көреді»*. Бұл сөздің мағынасы: «Сендерден кім ұзақ өмір сүрсе, оның дәуірінде-ақ үлкен алауыздық пен келіспеушілік орын алады». Әрі шындығында да осылай болды, яғни адамдар арасында келіспеушіліктер пайда болды, даулар мен жанжалдар орын алды.

Пайғамбарымыз ﷺ: *«Сондықтан менің Сүннетімді және тура жолдағы ізгі халифалардың сүннетін ұстаныңдар»*,— деді. Яғни, сендер менің жолыммен жүруге және мен ұстанатын білім мен амалды ұстануға міндеттісіңдер. Дәл сол сияқты тура жолмен жүрген халифалардың сүннетін де ұстануға тиістісіңдер. Бұл әділетті халифалар — Абу Бакр, Умар, Усман және Али (оларға Аллаһ разы болсын), өйткені олар тура жолмен жүрген халифалар еді.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: *«Тіпті оған азу тістеріңмен жармасып алыңдар»*. Яғни, бұл сүннетке берік жабысыңдар, оны мығым ұстаныңдар және одан ажырамаңдар. Ислам үмметінің әрбір мүшесіне Пайғамбарымыздың ﷺ жолы болған сүннетімен және оның сахабаларының жолымен жүруге және одан ажырамайтындай бекем ұстануға міндет болып табылады, тіпті ауытқушылар одан ауытқып жатса да. Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ сөзін жалғастырып: *«...әрі діндегі жаңалықтардан сақтаныңдар»*,— деді. Яғни, дінде (Пайғамбарымыз ﷺ орнатпаған және істемеген) дінге жаңалық енгізуден, немесе сондай істерді істеуден сақ болыңдар, яғни адамдардың өздері бұл дінге кейіннен енгізген, сүннетке қайшы келетін әрі шариғатқа қайшы келетін бидғаттардан сақтаныңдар. Содан соң Пайғамбарымыз ﷺ: *«Расында, әрбір бидғат адасушылық болып табылады»*,— деді. Ол бұл сөздерді жұма күнгі хутбаларында да: *«Расында, сөздердің ең жақсысы — Аллаһтың Кітабы, ал жолдардың ең жақсысы — Мухаммадтың жолы. Істердің ең жаманы — жаңадан енгізілгендері, ал әрбір бидғат — адасушылық»*,— деп жиі айтатын².

Әрі мұмин адамға дінге Аллаһ рұқсат етпеген нәрсені енгізуіне рұқсат етілмейді. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

¹ Сахих Бухари (7145), Сахих Муслим (1840), хадис Али ибн Абу Талибтен риуаят етілген.

² Сахих Муслим (867), хадисті Жәбир ибн АбдуЛлах жеткізген.

أَمْ لَهُمْ شُرَكَاءُ شَرَعُوا لَهُمْ مِّنَ الدِّينِ مَا لَمْ يَأْذَنَ بِهِ اللَّهُ

«Олар үшін дінде Аллаһ рұқсат етпеген нәрсені шариғат ететін серіктері бар ма?» («әш-Шура» сүресі, 21-аят).

Бізге Пайғамбарымыз ﷺ алып келген шариғатқа ілесу әрі оны бекем ұстану және шариғатқа қайшы келетін барлық нәрселерден сақтану міндетті. Міне осы барлық мұсылмандарға парыз. Өйткені бұл — құтылудың жолы, бұл — Аллаһ Тағала ол туралы:

أَهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ

«Бізді тура жолмен жүргізе гөр»,— деп айтқан «Сырат әл-Мустахим» — Тура Жол («әл-Фатиха» сүресі, 6-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ бұл Тура жол туралы былай деген:

وَأَنَّ هَذَا صِرَاطِي مُسْتَقِيمًا فَاتَّبِعُوهُ وَلَا تَتَّبِعُوا السُّبُلَ فَتَفَرَّقَ بِكُمْ عَن سَبِيلِهِ
ذَٰلِكُمْ وَصَّيْكُمْ بِهِ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ

«Расында, осы — Менің тура жолым. Соған еріндер. Басқа жолдарға ермендер, олар сендерді Оның жолынан адастырады. Ол осыны сендерге өсиет етті, әрі тақуа боларсыңдар» («әл-Әнғам» сүресі, 153-аят).

Аллаһтың Тура жолы — бұл Ислам. Ол — Аллаһтың Өз Елшісі Мухаммад ﷺ арқылы жіберілген дін. Бұл дін — Аллаһ пен Оның Елшісіне мойынсұну, Оның бұйрықтарын орындау, тыйымдарынан тыйылу, Аллаһ орнатқан шекараларын бұзудан сақтану және шариғатқа қайшы келген жолдардан аулақ болу. Ал осыған қайшы келетіннің барлығы — шайтандардың соларға шақыратын жолдары. Кім Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолына және ол алып келген дінге қайшы келетін болса, яғни Аллаһ Тағала Өзінің құлдарына көрсетіп берген жолына сәйкес Аллаһ Тағалаға және Оның Елшісіне мойынысуға және Аллаһтың орнатқан шекараларында тоқтауға қайшы болатын болса, кім осыдан ауытқыса, сол міндетті түрде шайтандардың жолдары болып табылатын жолдарға ілеседі. Ал шайтанның жолдары — бұл шариғатқа қайшы келетін адамдар жасайтын бидғаттар. Әрі осы соңғы ғасырлардағы Исламның адамдарға бөгделігі күшейген әрі дінге қайшы келетін әрі өз әуес-қалауларына еретіндер көбейген заманда көптеген бидғаттар пайда болды, яғни адамдардың көбі әуестеріне еріп, дінді өзгертуге ты-

рысты. Сондықтан қазіргі заманның мұсылмандары үшін ең маңызды міндет — Исламның алғашқы ғасырларында өмір сүрген мұсылмандар секілді шариғатты өте мықты ұстану. Яғни Аллаһтың Кітабы мен Оның Пайғамбарының ﷺ сүннетін бүкіл шамасы келгенше бекем ұстанып, Аллаһтың дұшпандары оны әуес-қалауларға ілесуге және шайтанға мойынсұнуға жетектеп алып кетіп, өзінің басқа опат болғандармен қоса опат болуына жол бермеуі қажет. Сондықтан ешкім шайтанның арбауына еріп, нәпсісін қанағаттандырып, дінге қайшы келетін істерге бой алдырмауы керек. Аллаһ Тағала баршамызға тура жол мен хидаят нәсіп етсін!¹

¹ Қараңыз, «Шарх Рияд әс-Салихин», (1/333–335).

Жиырма тоғызыншы хадис

عَنْ مُعَاذِ بْنِ جَبَلٍ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ: قُلْتُ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، أَخْبِرْنِي بِعَمَلٍ يُدْخِلُنِي الْجَنَّةَ وَيُبَاعِدُنِي عَنِ النَّارِ. قَالَ: لَقَدْ سَأَلْتَ عَنْ عَظِيمٍ وَإِنَّهُ لَيْسِيرٌ عَلَى مَنْ يَسَّرَهُ اللَّهُ - تَعَالَى - عَلَيْهِ: تَعْبُدُ اللَّهَ وَ لَا تُشْرِكُ بِهِ شَيْئًا وَ تُقِيمُ الصَّلَاةَ وَ تُؤْتِي الزَّكَاةَ وَ تَصُومُ رَمَضَانَ وَ تَحُجُّ الْبَيْتَ. ثُمَّ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: أَلَا أَدُلُّكَ عَلَى أَبْوَابِ الْخَيْرِ؟ الصَّوْمُ جُنَّةٌ وَ الصَّدَقَةُ تُطْفِئُ الْخَطِيئَةَ كَمَا يُطْفِئُ الْمَاءُ النَّارَ وَ صَلَاةُ الرَّجُلِ فِي جَوْفِ اللَّيْلِ، ثُمَّ تَلَا قَوْلَهُ - تَعَالَى -: ﴿تَتَجَافَى جُنُوبُهُمْ عَنِ الْمَضَاجِعِ﴾ حَتَّى بَلَغَ: ﴿يَعْمَلُونَ﴾. ثُمَّ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: أَلَا أَخْبِرُكَ بِرَأْسِ الْأَمْرِ وَ عَمُودِهِ وَ ذِرْوَةِ سَنَامِهِ؟ قُلْتُ: بَلَى يَا رَسُولَ اللَّهِ. قَالَ: رَأْسُ الْأَمْرِ الْإِسْلَامُ وَ عَمُودُهُ الصَّلَاةُ وَ ذِرْوَةُ سَنَامِهِ الْجِهَادُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ، ثُمَّ قَالَ: أَلَا أَخْبِرُكَ بِمَلَكَ ذَلِكَ كُلِّهِ؟ قُلْتُ: بَلَى يَا رَسُولَ اللَّهِ. فَأَخَذَ بِلِسَانِهِ وَ قَالَ: كُفَّ عَلَيْكَ هَذَا. قُلْتُ: يَا نَبِيَّ اللَّهِ، وَإِنَّا لَمُوَاخِذُونَ بِمَا نَتَكَلَّمُ بِهِ؟ قَالَ: تَكَلَّمْتَ أُمُّكَ يَا مُعَاذُ، وَ هَلْ يَكُفُّ النَّاسَ فِي النَّارِ عَلَى وُجُوهِهِمْ، أَوْ قَالَ: عَلَى مَنَاخِرِهِمْ إِلَّا حَصَائِدُ أَلْسِنَتِهِمْ. حَدِيثٌ حَسَنٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Муғаз ибн Жәбәлдан (Аллаһ оған разы болсын) былай жеткізіледі: «Бірде мен: «Уа Аллаһтың Елшісі, маған мені Жәннатқа кіргізіп, Тозақтан алыстататын амал туралы айтып беріңізші»,—

дедім. Сонда ол ﷺ: «Сен ұлы нәрсе жайлы сұрадың, бірақ Аллаһ Өзінің қалағанына оны жеңілдетеді: Аллаһқа құлшылық ет және Оған еш нәрсені серік қоспа, намазды толық орында, зекет бер, рамазанда ораза ұста және Қағбаға қажылық жаса»,— деді. Содан кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Саған жақсылықтың есіктеріне нұсқайын ба?» — деді де: «Ораза — бұл қалқан, садақа күнәларды, су отты өшіретіндей етіп өшіреді, әрі адамның түннің қараңғы ортасында оқыған намазы да»,— деді. Кейін ол мына аятты оқыды:

تَتَجَافَى جُنُوبُهُمْ عَنِ الْمَضَاجِعِ يَدْعُونَ رَبَّهُمْ خَوْفًا وَطَمَعًا وَمِمَّا رَزَقْنَاهُمْ يُنفِقُونَ ﴿١٦﴾ فَلَا تَعْلَمُ نَفْسٌ مَّا أُخْفِيَ لَهُم مِّن قُرَّةِ أَعْيُنٍ جَزَاءً بِمَا كَانُوا يَعْمَلُونَ ﴿١٧﴾

«Олардың жамбастары төсектерінен ажырап, Раббыларына қорқыныш және үмітпен дұға етеді әрі Біз оларды ризықтандырған нәрселерден (Аллаһтың жолында) жұмсайды. Ешбір жан олардың істегендеріне сыйлық ретінде көз қуаныштарынан не жасырылғанын білмейді» («әс-Сәжда» сүресі, 16–17 — аяттар).

Сосын ол: «Саған діннің басын, тірегін және оның шыңын айттайын ба?» — деді. Мен: «Әрине, уа Аллаһтың Елшісі!» — дедім. Ол: «Діннің басы — Ислам, оның тірегі — намаз, ал оның шыңы — Аллаһ жолындағы жиһад»,— деді.

Сосын ол ﷺ: «Саған осының бәрін қамтитын нәрсені туралы айтып берейін бе?» — деді. Мен: «Әрине, уа Аллаһтың Елшісі!» — дедім. Сонда ол тілін қолымен ұстап: «Мынаны тый!» — деді. Мен: «Уа Аллаһтың Елшісі, біз сөйлеген сөздеріміз үшін де сұраламыз ба?» — деп сұрым. Ол ﷺ: «Уа Муғаз, анаң сені жоғалтсын! Адамдарды Тозаққа беттерімен немесе мұрындарымен төмен тастатқызатын олардың тілдерімен тапқандары емес пе?!» — деп жауап берді». Әт-Тирмизи риуаят еткен жақсы әрі сенімді хадис¹.

¹ «Сунан әт-Тирмизи» (2616).

Түсіндірме (шарх)

Муғаз ибн Жәбәлдан (Аллаһ оған разы болсын) былай риуаят етіледі: «Мен: «Уа Аллаһтың Елшісі, маған мені Жәннатқа кіргізіп, Тозақтан алыстататын амал туралы айтып беріңізші»,— дедім. Бұл — ұлы сұрақ еді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Расында, сен ұлы нәрсе жайында сұрадың. Бірақ ол Аллаһ кімге қаласа, соған бұны жеңіл етеді»**,— деді. Яғни Жәннатқа жеткізетін амалдар, Аллаһ кімге бақытты болуды жазып, оған осы амалдарды жеңілдеткен болса, соған жеңіл болады, ал кімге бақытсыздық жазылса, соған бұл ауыр болады, Аллаһтан бізді бұндайдан аман етуін сұраймыз.

Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Аллаһқа ғана құлшылық етіп, Оған еш нәрсені серік қоспа»**,— деді, бұл діннің негізі. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген:

وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا
الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقَيِّمَةِ ﴿٥﴾

«Олар Аллаһқа ықыласты болып, дінді Оған ғана арнаған күйлерінде құлшылық етуге бұйырылған еді, міне осы тұп-тура дін» («әл-Бәйина» сүресі, 5-аят).

Яғни сенің намазың, құрбандығың, садақан, оразаң және басқа да барлық құлшылықтарың — барлығы тек Аллаһқа ғана арналуға тиіс. Барлық ғибадаттарыңда жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуің керек: намаз, ораза, дұға, жәрдем тілеу, нәзір атау, құрбан шалу — мұның бәрі тек Аллаһқа ғана арналуы тиіс.

Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда былай деген:

وَأَنَّ الْمَسَاجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا ﴿٦﴾

«Расында, мешіттер (немесе сәжде жасалатын мүшелер) Аллаһқа тиісті. Ендеше, Аллаһпен бірге ешкімге дұға (яғни құлшылық) етпеңдер» («әл-Жинн» сүресі, 18-аят).

وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ ﴿٧﴾

«Біз әрбір үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық етіңдер және тағуттардан (яғни Аллаһтан басқа құлшылық етілетіндердің кез-кел-

генінен) аулақ болындар!» — дейтін елші жібердік» («ән-Нәхл» сүресі, 36-аят).

وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ ﴿٥٦﴾

«Мен жындар мен адамдарды Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым» («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят).

فَاعْبُدِ اللَّهَ مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ

«Аллаһқа дініңді тазартқан (Оған ғана арнаған) күйде құлшылық қыл» («әз-Зүмәр» сүресі, 2-аят).

Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ Муғазға: *«Намазды орында, зекет бер, Рамазан айында ораза ұста және Қағабаға қажылық жаса»*, — деді. Бұлар — Исламның тіректері. Біріншісі — таухид (яғни оған ғана құлшылық ету әрі оған ешкімді серік қоспау) және осыған қоса «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ және Мухаммад ﷺ Аллаһтың Елшісі» деп куәлік беру. Одан кейін намаз, зекет, ораза және қажылық — бұлар Исламның сырттай жасалатын тіректері.

Сосын Аллаһтың Елшісі ﷺ: *«Саған жақсылықтың есіктерін көрсетейін бе?»* — яғни: *«Мен сені жақсылықтың есіктеріне бағыттайын ба?»* — деді.

«Ораза — қалқан», — яғни Тозақ отынан қалқан немесе Жәннатқа кіру себептерінің бірі.

«Садақа күнәларды, су отты өшір сияқты, өшіреді» — яғни садақа беру күнәлардың өшірілуінің себептерінің бірі әрі Аллаһ Тағала садақа арқылы күнәларды жояды.

إِنَّ الْحَسَنَاتِ يُذْهِبْنَ السَّيِّئَاتِ

«Расында, жақсылықтар жамандықтарды жояды» («Һуд» сүресі, 114-аят).

«...әрі адамның түннің қараңғы ортасында оқыған намазы да», яғни түнгі намаздың себебімен де Аллаһ Тағала күнәларды өшіреді. Түнде тұрып Аллаһтың алдындағы сый сауаптарға ұмтылып таһажжуд намазын оқу — күнәларды жояды. Өйткені адам онда Аллаһқа құлшылықтың зікір, дұға, намаз сияқты түрлерімен және басқа да ғибадаттармен жақындайды. Сосын Пайғамбар ﷺ Аллаһтың мына сөздерін оқыды:

تَتَجَافَى جُنُوبُهُمْ عَنِ الْمَضَاجِعِ يَدْعُونَ رَبَّهُمْ خَوْفًا وَطَمَعًا وَمِمَّا رَزَقْنَاهُمْ يُنفِقُونَ ﴿١٦﴾ فَلَا تَعْلَمُ نَفْسٌ مَّا أُخْفِيَ لَهُم مِّن قُرَّةِ أَعْيُنٍ جَزَاءً بِمَا كَانُوا يَعْمَلُونَ

«Олардың жамбастары төсектерінен ажырап, Раббыларына қорқыныш және үмітпен дұға етеді әрі Біз оларды ризықтандырған нәрселерден (Аллаһтың жолында) жұмсайды. Ешбір жан олардың істегендеріне сыйлық ретінде көз қуаныштарынан не жасырылғанын білмейді» («әс-Сәждә» сүресі, 16–17 — аяттар).

Бұл — Аллаһтың мүмин құлдарының сипаттары. «Олардың жамбастары төсектерінен ажырап», түнгі сүннет намаз — таһажжудті және үтірді орындайды, өйткені үтір таһажжудтан. «Олар Раббыларына қорқынышпен және үмітпен дұға етеді», олар ғибадаттарына және шыншыл болғанына қарамастан, Аллаһтан қорқынышпен әрі Оның сауабына үміт етіп. Раббыларына ғибадат етеді. Олар өзгелерге көрсету немесе естірту үшін емес, өздерімен өздері сүйсінусіз әрі өз істегендерін міндетсінусіз, бірақ Аллаһтан қорқып әрі үмітпен, тек Аллаһ үшін ықыласпен әрі шыншыл болған күйлерінде түнде тұрып Оған тағзым-итағатпен құлшылық қылады «Әрі Біз оларды ризықтандырған нәрселерден (Аллаһтың жолында) жұмсайды», яғни сондай-ақ, олардың сипаттарынан — Аллаһ оларға берген ризықтарының бір бөлігін садақа, зекет және қайырымдылық ретінде жұмсауы. Олар бұл істерін мақтан үшін емес, Аллаһтың разылығына жету үшін орындайды. Аллаһ оларға ешбір көз көрмеген, ешбір құлақ естімеген, ешбір жүрек қиялдай алмаған нығметтерді әзірледі. Бұл туралы Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) сенімді түрде жеткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: «Аллаһ Тағала: «Мен өзімнің салиқалы құлдарым үшін ешбір көз көрмеген, ешбір құлақ естімеген әрі адам жүрегі тіпті елестетіп көрмеген нәрселерді әзірлеп қойдым», — деді. Қаласаңдар, «Ешбір жан олардың істегендеріне сыйлық ретінде көз қуаныштарынан не жасырылғанын білмейді» деген аяттарды оқыңдар», — деп айтқан¹. Аллаһ Тағала Өзінің ерекше мүмин құлдары үшін ешбір көз көрмеген, ешбір құлақ естімеген және адамның жүрегіне де елес етілмеген ұлы нығметтерді әзірледі. Олар — әртүрлі ләззаттар пен игіліктердің сан алуан түрлері.

Содан кейін Пайғамбар ﷺ: «Саған бұл істің (діннің) басын, оның тірегін және шыңын айтайын ба?», — деді. Мен: «Әрине, уа Аллаһтың Елшісі!», — дедім. Сонда ол: «Бұл істің (діннің) басы — Ислам», — деп

¹ Бухари (3244), Муслим (2824).

жауап берді. Яғни, (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ әрі Мухаммад — Аллаһтың елшісі деген) екі куәлік, бұл хадисте екі куәлік Исламның басы деп аталған, өйткені ол Исламның негізі мен іргетасы. **«Оның тірегі — намаз»** — екі куәлік сөзінен кейінгі ең ұлы тірек — бұл намаз. Зекет те — Исламның тіректерінің бірі, Рамазан оразасы да — оның тіректерінің бірі, қажылық та — оның тіректерінің бірі. Бірақ, екі куәліктен кейінгі ең ұлы, ең парызды, ең міндетті тірек — бұл намаз.

«Шыңы — Аллаһ жолындағы жиһад» — яғни діннің ең жоғарғы дәрежесі — жиһад. Өйткені ол арқылы Ислам жоғарылайды, ол арқылы оны ұстанушылар көбееді әрі ол арқылы мұсылмандарға жеңіс пен көмек беріледі.

Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Саған осының бәрін қамтитын нәрсе туралы айтып берейін бе?»**,— деп сұрады. Яғни, сен сол арқылы осы жақсылықты игере алатын және оны сақтап қалатын нәрсеге нұсқайын ба. Ол: «Иә, уа Аллаһтың Елшісі!» — деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ өзінің тіліне нұсқап: **«Мынаны тый!»** — деді. Муғаз: «Уа Аллаһтың пайғамбары! Біз сөйлеген сөздеріміз үшін де есепке тартыламыз ба?» — деп сұрады. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Анаң сені жоғалтсын, уа Муғаз!»**,— деді. Бұл арабтарда таңдануды немесе сөгic мағынасында қолданылатын тіркес.

«Адамдарды Тозаққа беттерімен немесе мұрындарымен төмен тастатқызатын олардың тілдерімен тапқандары емес пе?!» Яғни Аллаһтың оны тура жолға салуымен жақсылыққа ие болатын әрі оны сақтап қалатын адам, өз тіліне мұқият болуға тырысуы керек, себебі бір сөз-ақ оны құрдымға салып, ол опат болуы мүмкін. Бұл туралы сахих хадисте: **«Расында, адам бір сөз сөйлеп, оның (зардабы) қаншалықты үлкен екенін сезінбейді де, бірақ сол сөздің себебімен ол Тозаққа шығыс пен батыс арасынан да алысырақ қашықтыққа лақтырады»**,— деп айтылғандай¹. Бұл хадистің басқа нұсқасында: **«Аллаһ Тағала оған деген ашуын ол Онымен жолығатын күнге дейін жазып қояды»**,— деп айтылған².

¹ Сахих Бухари (64), (4678), Сахих Муслим (2988), хадис Абу Хурайрадан риуаят етілген.

² Эт-Тирмизи (2319), Ибн Мәжаһ (3969), хадис Биләл ибн Харистан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етіледі. Эт-Тирмизи хадисті жақсы және сенімді деп атаған.

Сондықтан да мұсылман адам тіл арқылы орын алатын қателіктерден, қауіп-қатерлерден сақ әрі аулақ болуы міндетті. Аллаһ баршамызға тура жол және хидаят нәсіп етсін!

Отызыншы хадис

عَنْ أَبِي ثَعْلَبَةَ الْحُسَيْنِيِّ - جُرْثُومِ بْنِ نَاشِرٍ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: إِنَّ اللَّهَ فَرَضَ فَرَائِضَ فَلَا تُضَيِّعُوهَا وَحَدَّ حُدُودًا فَلَا تَعْتَدُوهَا وَحَرَّمَ أَشْيَاءَ فَلَا تَنْتَهِكُوهَا وَسَكَتَ عَنْ أَشْيَاءَ رَحْمَةً لَكُمْ غَيْرَ نَسْيَانٍ فَلَا تَبْحَثُوا عَنْهَا. حَدِيثٌ حَسَنٌ رَوَاهُ الدَّارَقُطْنِيُّ وَغَيْرُهُ.

Абу Сәғләба әл-Хушани Журсум ибн Нәширден (Аллаһ оған разы болсын) былай жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «Расында, Аллаһ парыздарды міндеттеді, сондықтан оларды қалдырмаңдар, әрі шекараларды орнатты, сондықтан оларды бұзып өтпеңдер және белгілі бір нәрселерді харам етті, сондықтан оларды істемеңдер. Әрі Ол кейбір нәрселер туралы айтпады, бірақ бұл ұмытқандықтан емес, алайда сендерге деген рахымдылық ретінде, сондықтан олар туралы сұрақ қойып іздестірмеңдер»¹. Хадис хасан (жақсы), оны әд-Дарқутни және басқалар риуаят еткен.

¹ Суан Даракутни (4396), «Мустадрак» әл-Хаким (7114), «Муғжәм» Табарани (589), (677).

Түсіндірме (шарх)

Абу Сәғләба әл-Хушаниден (Аллаһ оған разы болсын) былай деп риуаят етіледі. Пайғамбар ﷺ былай деді: **«Расында, Аллаһ парыздарды міндеттеді, сондықтан оларды қалдырмаңдар»**. Аллаһ Тағала парыздарды бекітті және оларды орындаумен міндеттеді.

Аллаһ Тағала былай деді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ

«Аллаһқа бойсұнындар әрі Елшіге бойсұнындар» («ән-Ниса» сүресі, 59-аят).

Ол сондай-ақ былай деді:

وَأَقِيمُوا الصَّلَاةَ وَءَاتُوا الزَّكَاةَ وَارْكَعُوا مَعَ الرَّاكِعِينَ

«Намазды толық орындаңдар және зекет беріңдер, әрі рукуғ етушілермен бірге рукуғ етіндер» («әл-Бақара» сүресі, 43-аят). Осыған ұқсас басқа да аяттар бар.

«Әрі шекараларды орнатты, сондықтан оларды бұзып өтпеңдер». Яғни, Аллаһ белгілі бір шекараларды белгіледі, сондықтан оларды бұзуға болмайды. Аллаһ Тағала былай деді:

تِلْكَ حُدُودُ اللَّهِ فَلَا تَعْتَدُوهَا

«Расында, бұл — Аллаһтың шекаралары. Оларды бұзбаңдар» («әл-Бақара» сүресі, 229).

Аллаһ анық көрсеткен нәрселерге қатысты шектен шығуға болмайды:

- Намазда шекарадан аспаңдар,
- Оразада шекарадан аспаңдар,
- Зекетте шекарадан аспаңдар,
- Қажылықта шекарадан аспаңдар.

Және бұдан өзге де барлық істерде шекараларды сақтау міндетті. Аллаһтың шекараларына келгенде тоқтау қажет. Оларды арттыру да, кеміту де дұрыс емес.

«Және де кейбір нәрселерді харам етті, сондықтан оларды істемеңдер». Яғни, Аллаһ кейбір нәрселерді харам етті, сондықтан оларды істеуге болмайды. Мысалы:

- Зинақорлық,
- Мас етететін заттарды ішіп шегу,
- Ата-анаға құрметсіздік таныту,
- Туысқандармен қарым-қатынасты үзу,
- Пайыз-өсім жеу.

Бұл нәрселерден аулақ әрі сақ болу керек, оларды жасауға болмайды.

«Аллаһ кейбір нәрселер жайында үндемеді — бұл сендерге рахым етіп жасалды, сондықтан олар туралы іздестіріп (сұрап-қазбаламаңдар)». Яғни, Аллаһ кейбір нәрселер жайында айтпады — бұл бізге рақымдылық етіп жасалды, алайда Аллаһ оларды ұмытып қойғандықтан емес. Сондықтан ол нәрселер туралы сұраудың әрі қазбалап іздеудің қажеті жоқ. Аллаһ Тағала былай деді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا لَا تَسْأَلُوا عَنۢ أَشْيَآءٍ إِنۢ تَبَدَّلَ لَكُمۡ نَسُوءُهُمْ

«Әй иман келтіргендер! Сендерге (мән-жайы) айқындалса, жамандық болатын нәрселер туралы сұрамаңдар» («әл-Мәида» сүресі, 101).

Яғни, Аллаһ ол туралы айтпаған нәрсе — бұл бізге міндеттелмеген және бізге харам да етілмеген нәрсе. Егер ол нәрсе бізге харам болғанда, Аллаһ оны міндетті түрде бізге баяндайтын еді. Сондықтан ол нәрселер туралы сұраудың қажеті жоқ. Аллаһ баршамызға тура жол нәсіп етсін!

Отыз бірінші хадис

عن سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ السَّاعِدِيِّ - رضي الله عنه - قَالَ: جَاءَ رَجُلٌ إِلَى النَّبِيِّ ﷺ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ: ذَلَّنِي عَلَى عَمَلٍ إِذَا عَمِلْتُهُ أَحَبَّنِي اللَّهُ وَأَحَبَّنِي النَّاسُ، قَالَ: ازْهَدْ فِي الدُّنْيَا يُحِبَّكَ اللَّهُ وَازْهَدْ فِيمَا عِنْدَ النَّاسِ يُحِبُّكَ النَّاسُ. حَدِيثٌ حَسَنٌ رَوَاهُ ابْنُ مَاجَهَ وَغَيْرُهُ بِأَسَانِيدٍ حَسَنَةٍ.

Абу Аббас Сәһл ибн Сағд әс-Сағидийден (Аллаһ оған разы болсын) былай жеткізіледі: «Бір адам Пайғамбарымыз ﷺ келіп: «Уа Аллаһтың Елшісі! Маған сондай бір амал көрсетіңізші, оны істесем, мені Аллаһ жақсы көретін және адамдар да жақсы көретін амал болсын»,— деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «Дүниеге қатысты зұһдты ұстан (яғни дүниені қалама, оған қызықпа), сонда Аллаһ сені жақсы көреді. Адамдардың қолында бар нәрсеге зұһдты ұстан (қам қылма, тілемес), сонда адамдар сені жақсы көреді»,— деді. Хадисті Ибн Мәжаһ және басқалар жақсы (хасан) иснадпен риуаят еткен¹.

¹ «Сунан Ибн Мәжаһ» (4102), әт-Табарани «Муғжәм әл-Кәбир» (5972), «Мустадрак әл-Хәким» (7173), әл-Бәйһақи «Шуғаб әл-иман» (10043).

Түсіндірме (шарх)

Отыз бірінші хадис: Сәһл ибн Сәғд әс-Сағидиден (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етіледі. Ол Пайғамбардың ﷺ былай деп айтқанын жеткізген: **«Дүниеге қатысты зүһдты ұстан — сонда Аллаһ сені жақсы көреді. Адамдардың қолында бар нәрсеге зүһдты ұстан — сонда адамдар сені жақсы көреді».**

Бұл хадис есендік пен жетістіктің себептерінің бірі болып табылады. Яғни адам өз жүрегін бұл дүние мен оның сән-салтанатына байланудан үзуді әрі оны Ақыреттегі мәңгі өмірден алаңдататып бұрып алып кететіндей деңгейде дүниемен айналысудан тыйылуды білдіреді. Адам дүние ісінен өзіне пайдалы нәрсені ғана алуы керек — бұл нәрсе оны Аллаһқа жақындататын, Оның мейіріміне жеткізетін және оның ашуынан алыс тататын нәрселер болуы керек. Әрі мұндағы мақсат — адам ризық іздеуді, адал мал-мүлік табуды, егіншілік немесе өнеркәсіппен тағы да сол сияқты табыс көздерімен айналысуды тастау керек дегенді білдірмейді, өйткені бұл нәрселер оған бұйырылған, бұл туралы Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Өзіңе пайдалы нәрсеге ұмтыл, әрі Аллаһтан жәрдем сұра»** — деген¹.

Адам өзінің дініне де, дүниесіне де пайдалы нәрселерге ұмтылуға әрі осыда Аллаһтан жәрдем тілеуге бұйырылған. Бірақ адамға дүниемен ол оны Ақыреттен алаңдатып алып кететіндей етіп шектен тыс айналысуға тыйым салынған, сондай-ақ ол дүниені Ақыреттен жоғары және артық қоймауы керек. Керісінше, ол дүниені Ақырет амалдарын орындауға көмекші құрал ретінде пайдаланып, оны Ақырет сапарына апаратын көлік ретінде қарауы тиіс.

Шынайы мұмин дүние істерімен шектен тыс әуестенбейді, керісінше оларды Аллаһтың разылығына жеткізетін жолда қолданады, әрі соның көмегімен Раббысына жақындай түседі. Сондай-ақ ол дүниені күнә мен Аллаһтың тыйым салған істеріне жол ашатын себепке айналдырудан сақтанады. Аллаһ бәрімізге тура жол мен хидаят нәсіп етсін!²

¹ Сахих Муслим (2664).

² Қараңыз: «Шарх Рияд әс-Салихин» (2/230).

Отыз екінші хадис

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ سَعْدِ بْنِ مَالِكِ بْنِ سِنَانٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ قَالَ:
لَا ضَرَرَ وَلَا ضِرَارَ. حَدِيثٌ حَسَنٌ رَوَاهُ ابْنُ مَاجَهُ، الدَّارِقُطْنِيُّ وَغَيْرُهُ. وَرَوَاهُ مَالِكٌ
فِي الْمَوْطَأِ مَرْسَلًا، عَنْ عَمْرِو بْنِ يَحْيَى، عَنْ أَبِيهِ، عَنِ النَّبِيِّ ﷺ، فَأَسْقَطَ أَبُو سَعِيدٍ، وَلَهُ
طَرَقٌ يَقْوِي بَعْضُهَا بَعْضًا.

Абу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «Зиян келтіруге болмайды және зиянды жауап ретінде қайтаруға да болмайды». Бұл — хасан (жақсы) хадис. Оны Ибн Мәжаһ, әд-Дарақутни және басқалар келтірген.

Сондай-ақ имам Мәлик (Аллаһ оны рахымына бөлесін) оны «әл-Мууаттада» Амр ибн Яхиядан, ол әкесінен, ал ол Пайғамбардан ﷺ мурсәл түрде жеткізген. Яғни Абу Сағидтың есімі иснадтан түсіп қалған. Бұл хадистің бірнеше жолмен жеткен риуаяттары бар, олардың бірі басқаларын күшейтеді¹.

¹ Ибн Мәжаһ хадисті Ғубада ибн әс-Сомиттен, сондай-ақ Ибн Аббастан (Аллаһ оларға разы болсын) жеткізген (2340), (2341); әд-Дарақутни хадисті Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген, сондай-ақ әд-Дарақутни мен әл-Хәким хадисті Амр ибн Яхия әл-Мәзәниден, оның әкесінен, Абу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген (3079), (2345); Имам Мәлик (Аллаһ оны рахымына бөлесін) оны «Муаттада» Амр ибн Яхиядан, ал ол әкесінен жеткізген (2171).

Түсіндірме (шарх)

Отыз екінші хадис — Абу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ былай дегенін жеткізген: **«Зиян келтіруге болмайды және зиянды жауап ретінде қайтаруға да болмайды».**

Бұл хадис — барлық зиян түрлеріне тыйым салуды қамтиды. Өйткені «зиян» сөзі жалпы тыйым мәнінде келген. Сондықтан хадис: «Барлық түрдегі зиянға тыйым салынған» деген мағынаны білдіреді. Бұл — сөздердің қысқалығы мен терең мағынаны қамтыған хадистердің бірі. Мүмин басқаға зиян келтірмеуі керек, және ешкім де оған зиян келтіре алмайды.

Сахих хадисте былай делінген: **«Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, қонағын құрметтесін. Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, көршісіне зиян тигізбесін. Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, не жақсы сөз айтсын, не үндемесін»**¹. Мұның бәрі — мұсылман бауырларын зияннан, зұлымдықтан, әділетсіздіктен сақтау жайындағы маңызды негіздердің бірі.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Зұлымдықтан сақтаныңдар! Ақиқатында, зұлымдық Қиямет күнінде қара түнектер болады!»**².

Тағы бір хадисте былай делінген: **«Кімде-кім мұсылманға зиян келтірсе, Аллаһ оған зиян келтіреді. Ал кімде-кім мұсылманға ауыртпалық туғызса, Аллаһ оған ауыртпалық туғызады»**³.

Сондықтан мұсылмандарға өзара ықыласты болу — уәжіп. Әркім өзін түзетуі керек, әрі бауырына зұлымдық жасаудан немесе оған зиян тигізуден сақтануы тиіс — мейлі бұл оның жанында, малында, ар-намысында, тегінде, абыройында немесе бұдан өзге зиянның кез келген түрінде болсын. Аллаһ баршамызға тура жол мен хидаят нәсіп етсін⁴.

¹ Сахих Бухари (2017), Муслим (47), хадисті Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен.

² Сахих Бухари (2447), Муслим (2578), хадисті Жәбир ибн АбдуЛлах (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен.

³ Эт-Тирмизи (1940), Ибн Мәжәһ (2342), эт-Тирмизи хадисті жақсы, ғариб деп атаған.

⁴ Қараңыз: «Шарх Булюғ әл-Марам» (924).

Отыз үшінші хадис

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ قَالَ: لَوْ يُعْطَى النَّاسُ بِدَعْوَاهُمْ لَادَّعَى رِجَالٌ أَمْوَالَ قَوْمٍ وَدِمَاءَهُمْ، لَكِنَّ الْبَيْتَةَ عَلَى الْمُدْعَى، وَالْيَمِينَ عَلَى مَنْ أَنْكَرَ. حَدِيثٌ حَسَنٌ رَوَاهُ الْبَيْهَقِيُّ فِي «السنن» وَغَيْرُهُ هَكَذَا.

Ибн Аббастан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: *«Егер адамдарға талап еткен нәрселері беріле беретін болғанда, адамдар өзге адамдардың мал-мүлкі мен қанын (яғни өмірін) талап етер еді. Алайда талапкер (талабының заңды екеніне) дәлел келтіруге, ал (талапты мойындамай) теріске шығарушы ант етуге міндетті»*. Хадис хасан, оны имам әл-Байһақи және басқалар осылайша жеткізген, ал оның басқа нұсқасы Бухари мен Муслимнің қос «Сахих» жинақтарында келтірілген¹.

Түсіндірме (шарх)

Бұл хадис — шариғат негіздерінің бір негізі болып табылады, бұған қоса ол — сот істері мен құқықтарды дәлелдеу саласындағы аса маңызды шариғи қағидалардың бірі.

Бұл хадисте Пайғамбарымыз ﷺ адамдарға олардың талап еткен нәрселері тек талап етулерімен-ақ берілмейтінін баяндап, егер адам-

¹ Әл-Бәйһақи «әс-Сунан әл-Күбра» (20990), сахих Бухари (2668), сахих Муслим (1711).

дардың талаптарына қарап, дәлелсіз-ақ оларға (талап еткен нәрселері) беріле беретін болса, онда адамдар өзгелердің қанын және мал-мүлкін талап ететінін айтты. Әрі осының салдарынан әділетсіздік кең таралып, араздықтарға жол ашылып, қан төгіліп, құқытар бұзылады. Өйткені әрбір адамның нәпсісінде құмарлық, ашкөздік, ынсапсыздық, кекшілдік, дұшпандық сияқты сипаттар бар әрі адам нәпсісі күнәсіз емес, әрі бұзақылық, жамандық және зұлымдық нәпсілерге тән нәрсе. Сол себепті де Аллаһ Тағала (құқықтар мен мүдделердің қорғалуы үшін) осындай талаптарды дәлелсіз қабылдауға тыйым салды. Әрі Аллаһ Тағаланың өз құлдарына деген мейірімі мен кеңшілігінен әрі Оның шарифатындағы рақымдылығынан — талап арызы дәлелсіз қабылданбатыны. Тіпті талап етілген нәрсе тым аз болса да: мейлі ол бір дирхам немесе одан да аз мөлшердегі нәрсе болын, мысалы біреу: «Пәленше маған бір дирхам қарыз», немесе «Пәленше менің бір дирхамымды ұрлады», немесе «Пәленше менен әлдебір нәрсемді тартып алды» деген сияқты кез-келген талаптар дәлелсіз қабылданбайды. Ал егер талап етушіде дәлел болмаса, онда жауапкердің мойнына ант беру жүктеледі. Бухари мен Муслимнің қос «Сахих» жинағында келтірілген риуаятта: **«Алайда ант ету жауапкердің мойнында»**,— деп айтылған. Өйткені, негіз — бұл жауапкердің айыпсыздығы әрі мойнында ешбір міндеттің жоқтығы, сондықтан оған (өзінің бұл талапқа ешқандай қатыссыз екенін дәлелдеу үшін) ант беру жеткілікті.

Ғалымдар осы хадистен талапкер мен жауапкер тартысындағы «күштірек жақ (яғни жауапкер) — антпен шектелуі жеткілікті, ал әлсіз жақ (яғни талапкер) өзінің талабын дәлелдеуге міндетті» деген фикһ қағидасын шығарған. Өйткені талапкер әлсіз жақ, себебі ол «тұлғадағы негіз айыпсыздық» (яғни айыпсыздық презумпциясы) принципіне қайшы нәрсені талап етіп отыр. Сол себепті олар: «Талапкер — әлсіз жақ, сондықтан ол дәлел келтіруге міндетті. Ал жауапкердің жағында айыпсыздық негізі бар, сондықтан ол тек антпен ғана шектелсе жеткілікті»,— деп айтқан. Мысалы, жауапкер жақ: «Аллаһтың атымен ант етемін, менің мойынымда мұндай қақы жоқ», немесе: «Менде оның ешбір қақысы жоқ», не болмаса: «Мен ол нәрсені алған емеспін» — деп, немесе осы сияқты сөздермен ант етсе, бұл ол үшін айыпсыздығын бекіту үшін жеткілікті.

Осы тарауға қатысты істер өте көп. Әрі солардың бір мысалы — екі сахих жинақтарында (Абдуллаһ ибн Масғұдтан) келген Әшғас (ибн Қайс туралы) (Аллаһ оларға разы болсын) хадисі. Онда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (өзіне Йемендегі жер теліміне қа-

тысты бір кісімен тартысып келген) Әшғасқа: **«Не екі куәгеріңді келтір, не ол антын келтіреді»**,— деген болатын. Сонда Әшғас: «Ол бұзық, арсыз адамғой, ойланбай-ақ ант бере салады»,— деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Саған осыдан басқа ешнәрсе тиісті емес»**,— деп жауап берген¹.

Сондай-ақ АбдуЛлах ибн Сәһл (яһудилердің Хайбар деген жерінде) өлтірілгенде, Пайғамбарымыздың ﷺ алдына (оның ағасы) Абдурахман ибн Сәһл және Масғудтың ұлдары Мухайиса мен Хууайиса (атты туысқандары) — үшеуі барып, оны яһудилер өлтірді деп талап етті. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Сендердің (талаптарыңа) олардың анттары (жеткілікті)»**,— деді.

Демек, ант — кәпірге де, мұсылманға да қатысты (дәлел ретінде) жүреді.

Ал дәлелдерге келсек, олар әртүрлі болады әрі жағдайға байланысты әртүрлі болуы мүмкіні. Әрбір жағдайда оған сай келетін дәлел алынады. Мысалы, егер біреуге зина немесе лиуат (еркекпен еркектің жыныстық қатынас) жасадың деп айып тағылса, міндетті түрде төрт куә қажет. Егер біреу: «Пәлен адам менің ақшамды ұрлады», немесе «Мен оған ақша қарызға бердім», немесе «Оған ақша беріп, пәлен затты сатып алдым»,— десе — бұған екі куә керек, не болмаса бір куәмен қоса ант қажет. Егер бұл — басқа жағдай, мысалы, кісі өлтіру немесе шарифат белгілеген шарғи жазалар болса, онда міндетті түрде екі куә болуы тиіс. Екі куә болмаса — дәлел жоқ, және бұл нәрселер антпен шешілмейді.

Алайда кейде нақты куә болмаса да, дәйекті белгілер мен дәлелдер болады. Мұндай жағдайда қазы (сот) оған қарап, мұқият ойлана отырып шешім шығарады. Егер талапкер жағында шынайылығын растайтын айқын дәлелдер, немесе соған нұсқайтын жағдаяттар мен белгілер болса, сот оның пайдасына олар анттан күштірек деп үкім шығара алады. Мұндай үкім қазылар мен ғалымдардың көзқарастарына, білім деңгейіне және тәжірибесіне қарай өзгереді. Бұл қазылардың шеберлігі мен білімінен туындайды. Бұл мәселеде адамның зеректігіне, ақылына, тәжірибесіне, және білімінің тереңдігіне қарай шешім беріледі. Аллаһ Тағала баршамызға тура жол мен хидаят нәсіп етсін².

¹ Сахих Бухари (2515), Сахих Муслим (138), хадисті АбдуЛлах ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен.

² Қараңыз: «Шарх Булюғ әл-Марам» (1423).

Отыз төртінші хадис

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ يَقُولُ: مَنْ رَأَى مِنْكُمْ مُنْكَرًا فَلْيُغَيِّرْهُ بِيَدِهِ، فَإِنْ لَمْ يَسْتَطِعْ فَبِلِسَانِهِ، فَإِنْ لَمْ يَسْتَطِعْ فَبِقَلْبِهِ، وَذَلِكَ أَضْعَفُ الْإِيمَانِ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Абу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: “Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естідім: *«Сендерден кім бір (шариғат тыйым салған) күнәлі істі көрсе, оны қолымен түзетсін. Егер оған шамасы жетпесе — тілімен түзетсін. Ал егер оған да шамасы жетпесе — онда жүрегімен (жек көрсін). Ал бұл — иманның ең әлсіз деңгейі»*”¹. Хадисті имам Муслим риуаят еткен.

Түсіндірме (шарх)

Отыз төртінші хадис: Абу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: *«Сендерден кім бір жамандық (күнәлі іс) көрсе, оны қолымен түзетсін. Егер оған шамасы жетпесе — тілімен түзетсін. Ал егер оған да шамасы жетпесе — жүрегімен (жек көрсін). Ал бұл — иманның ең әлсіз деңгейі»*,— деп айтқанын естідім.

¹ Сахих Муслим (49).

Демек, бірінші — егер шама жетсе, жамандықты қолмен түзету. Бұған мысал — үй иесі (отағасы). Сол секілді осы нәрселерді қадағалауға арнайы бекітілген, құзырлы адамдар, әмірлер мен басшылар әрі қолдарында билік бар адамдар. Оларға жамандықты қолмен тыю міндетті болып табылады. Мысалы, бір жерде арақ-шарап тауып жатса, олар оны жоюы парыз. Немесе біреуді намаз оқудан жалтарып жатқанын көрсе — оны намазға мәжбүрлеуі және одан қалып жатқаны үшін тиісті шаралар қолдануы керек. Әрі осылайша басқа да шариғат айыпты айыпты санайтын істерді шамалары жеткенше тоқтатуға және өзгертуге міндетті.

Егер біреу күнәлі істі қолымен түзетуге дәрменсіз болса, онда тілімен (түзетуге тырыссын). Мысалы, бір бауырынан бір мұнкәр (жаман іс) көрсе, оған: «Әй бауырым! Бұл дұрыс емес, бұл харам. Аллаһтан қорық! Саған мынандай, мынындай нәрселер парыз», — деп айтуы керек. Өйткені оған осылай ескерту — парыз. Мысалы, бір адамды намазға немқұрайлы қарап, салғырттық жасап жүргенін көрсе — оған осынысын дұрыс емес деп ескертуі қажет.

Біреудің жаман сөздер айтып балағаттап, немесе лағынеттеп жатқанын көрсе, мұнысын тілімен тоқтатып, ескертуі міндетті. Немесе әлдебіреудің ата-насына құрметсіздік танытып, оларға дауыс көтеріп, дөрекі сөйлеп жатқанын немесе туысқандық қатынастарын үзіп жатқанын көрсе — оны даналықпен, жақсы сөзбен жақсылыққа бағыттап ескерту айтуы әрі оны осы күнәлі істен тыюы керек.

Мысалы, бір адамды рибамен (өсімқорлықпен) айналысып жүргенін көрсе — ол бұл әрекетті де терістеуі әрі ол үшін оны айыптауы міндетті. Немесе ол адам киім киюде шариғатқа сай келмейтін, ұятты жерлерін ашатын, немесе ер адам балағын тобықтан төмен етіп ұзартып жүрсе, оған бұның дұрыс емес екенін ескертуі қажет. Егер әлдебіреу сақалын қырып тастап жүрсе — бұл да жамандық, бұны да терістеу және ескерту керек.

Сөздің тоқ етері, кім әлдебір мункәрді (яғни шариғат тыйым салған) нәрсені көрсе — соны жасаған адамға өзінің мүмкіндігі жеткен деңгейде шариғат шеңберінде ескерту жасауы тиіс. Ал бұны жасаудағы әдеп — даналықпен, әдемі сөзбен, жанашырлықпен ескерту жасау. Себебі, жамандықты көріп, соған бей-жай қарамау — Аллаһтың сауабынан үміт еткен, әрі Оның азабынан қорыққан мұминнің сипаты.

Мункәр (жаман іс) жасаған адамға қатысты міндет — өзіне айтылған ескертуді тыңдау және оған мойынсұнуы әрі өзін жамандықтан қайтарған адамға дұға етіп, оған ескерткені үшін алғысын айтуға міндетті.

(уәжіп) болып табылады. Адам өзіне күнәлі істің күнә екенін ескертіп, одан тыйылуға шақырған адамға жақсылықпен дұға етуі және менсінбеушілік жасап, тәкәппарлық танытпау қажет. Өйткені Аллаһ Тағала тәкәппарларды сипаттап былай деген:

وَإِذَا قِيلَ لَهُ اتَّقِ اللَّهَ أَخَذَتْهُ الْعِزَّةُ بِالْإِثْمِ فَحَسْبُهُ جَهَنَّمُ وَلَبِئْسَ الْمِهَادُ

«Ал қашан оған: «Аллаһтан қорық (әрі жер бетінде бұзақылық жасама)!» — делінсе, паңдығы (такаппарлығы) оны күнәға итермелейді. Оған (жазасы ретінде) Тозақ жетіп асады. Ол нендей жаман орын!» («әл-Бақара» сүресі, 206-аят).

Егер адам қолымен немесе тілімен жамандықты тоқтатып, өзгертуге дәрменсіз болса, онда жүрегімен оны жек көруі — міндет. Ол жамандықты жүрегімен жек көруі әрі түрінен (бет-кейпінен) ашу мен жирену сезіліп тұруы тиіс, әрі ол мұнкар жасалып жатқан жерден алыстап, өзін аулақ ұстауы керек.

Абу Бакр әс-Сыддықтан жеткен сахих хадисте Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «*Расында, егер адамдар бір айыпты нәрсені (мункәрді) көріп тұрып, оны өзгертпесе, онда Аллаһ олардың барлығын қамтитын жалпы азап жіберуі мүмкін*»¹.

Сондықтан біз өзімізді опат ететін бұл жазадан сақтануымыз міндетті. Біз бір-бірімізге насихат атуымыз әрі жамандықты тыюда өзара көмектесуіміз міндетті болып табылады. Адамдарды жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю — әрбір ауылда, әрбір қалада, әрбір тайпада жүзеге асуы керек. Қашан адамдар осы ізгілікке бір-бірін насихаттап, соған жұмылып әрекет етсе, онда сол елде жамандық пен күнәлар азаяды, жақсылық етек жаядыжәне қоғам түзеледі. Бұл — Аллаһ Тағаланың жазасынан аман болудың ең ұлы себептерінің бірі. Аллаһ Тағала баршамызға тура жол мен хидаят нәсіп етсін!²

¹ Абу Дауд (4338), әт-Тирмизи (3057), Ибн Мәжаһ (4005); Әт-Тирмизи хадисті жақсы деп атаған.

² Қараңыз, “Шарх Рияд әс-салихин” (1/389–390).

Отыз бесінші хадис

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: لَا تَحَاسِدُوا، وَلَا تَنَاجَشُوا، وَلَا تَبَاغُضُوا، وَلَا تَدَابَرُوا، وَلَا يَبِعْ بَعْضُكُمْ عَلَى بَيْعِ بَعْضٍ، وَكُونُوا عِبَادَ اللَّهِ إِخْوَانًا، الْمُسْلِمُ أَخُو الْمُسْلِمِ، لَا يَظْلِمُهُ، وَلَا يَخْذُلُهُ، وَلَا يَكْذِبُهُ، وَلَا يَحْقِرُهُ، التَّقْوَى هَاهُنَا، وَيُشِيرُ إِلَى صَدْرِهِ ثَلَاثَ مَرَّاتٍ، بِحَسَبِ امْرِئٍ مِنَ الشَّرِّ أَنْ يَحْقِرَ أَخَاهُ الْمُسْلِمَ، كُلُّ الْمُسْلِمِ عَلَى الْمُسْلِمِ حَرَامٌ: دَمُهُ وَمَالُهُ وَعَرَضُهُ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «Бір-біріңе көреалмаушылық танытпаңдар, жалған саудаласу арқылы бағаны жасанды түрде көтермеңдер, бір-біріңе өшпенділікпен қарамаңдар, бір-біріңе теріс бұрылмаңдар, бір-біріңнің саудасын бұзбаңдар. Уа Аллаһтың құлдары, бір-біріңе бауыр болыңдар. Мұсылман — басқа мұсылманның бауыры. Ол оған зұлымдық жасамайды, оны көмек-қолдаусыз қалдырмайды, оны алдамайды, оны қорлап-кемсітпейді». (Содан соң Пайғамбарымыз ﷺ) жүрегіне үш рет қолымен нұсқап: «Тақуалық — міне, осында!» — деді. «Адамға жамандық ретінде өз мұсылман бауырына кемсітіп қарауы жетіп асады. Әрбір мұсылманға басқа бір мұсылманның қаны, малы және ар-намысы харам»¹. Хадисті имам Муслим риуаят еткен.

¹ Сахих Муслим (2564).

Түсіндірме (шарх)

Отыз бесінші хадис: Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: **«Бір-біріңе көреалмаушылықпен қарамаңдар»**. «Хасад» (көреалмаушылық, күндеу) — белгілі нәрсе. Ол — басқа мұсылман бауырындағы әлдебір нығметтің жойылып кетуін қалау. Бұл өте нашар әрі жексұрын сипат, өйткені ол ең алдымен өзгеден бұрын өз иесін (яғни көреалмаушының өзін) зиян мен жапа шегуге итермелейді және өзгеден бұрын оның өзінің жүрегін өртеп, жейді. Мүмин үшін бауырына көреалмаушылық-қызғанышпен қарау — ешбір жараспайтын іс. Ал егер көреалмаушының бойындағы бұл сезім одан сайын күшейіп, ол өз мұсылман бауырына зиян келтіруге тырысатын болса (яғни күндеп қана қоймай, күншілдігінің себебімен әлдебір зиянды істерді де істеуге кіріссе), онда ол өз бойында (екі зор күнәні) «хасад» (көреалмаушылық) пен зұлымдықты біріктірген болады.

«...саудаласып бағаны жасанды түрде көтермеңдер». «Тәнәжуш» дегеніміз — бір әлдебір тауардың бағасын негізсіз көтеру. Яғни, адамның шын мәнінде ол затты сатып алуды қаламастан, адамдар арасында оның құнын арттыру мақсатында оның бағасын көтеру. Бұл әрекет сатып алушыны алдап, саудагерге пайда келтіруі мүмкін. Мұндайда сатып алушы сол затты біреулердің қызығушылығы артқанын көріп, қызығып алуы ықтимал. Алайда мұның астарында сатушыны пайдаға кенелту немесе досына көмектесу ниеті жатады. Ал бұл әділ емес және мұндай әрекетке шариятта рұқсат жоқ.

«...бір-бірлеріңе өшпенділікпен қарамаңдар» — мұндағы мақсат — өкпе-ренішке себеп болатын әрекеттерден тыйылу. Мәселен, ғайбат айту, өсек тарату, балағат сөздер айту, жалған айыптар тағу және осыған ұқсас нәрселердің бәрі.

«...бір-бірлеріңе теріс бұрылмаңдар» — яғни, мұндай өкпе-ренішке себеп болатын істерді істемеңдер. Себебі, жәбір көрсету мен әділетсіздік жасау өзара теріс айналуға алып келеді.

«...бір-біріңнің саудасын бұзбаңдар» — бұл да бір-біріңе өшпенділік тудыратын себептерден. Яғни, адамның бауыры бір нәрсені сатып жатқанын немесе бір нәрсені сатып алмақ болып жатқанын біліп, соның үстінен сауда жасай бастауына тыйым салынады. Бұл мынадай жағдайда болады: мысалы, бір адам бір тауарды мың теңгеге сатып алған болса, екінші біреу келіп, оған: «Мен саған осы тауарды одан да арзан бағаға немесе сапалысын беремін» — дейді. Бұл оның сатып алған келісімін бұ-

зуға себеп болады. Бұл әрекет — өшпенділік пен араздық тудырады. Сол секілді, сатып алу жағынан да осыған ұқсас жағдайлар орын алады. Яғни, біреу бір тауарды мың теңгеге немесе одан да жоғары бағаға сатып алмақ болып жатқанда, басқа біреу келіп: «Оны оған сатпа, мен сенен одан қымбатқа аламын» — десе, бұл да сол сауданы бұзуға себеп болады. Ал бұл жағдайда бауырында реніш пайда болуы мүмкін, бұл оған зұлымдық жасаумен тең. Бұл — харам.

«Уа Аллаһтың құлдары, бір-бірлеріне бауыр болыңдар» — яғни, бір-біріңді жақсы көретіндер болыңдар, ізгілік пен тақуалықта бір-біріңе көмектесетіндер болыңдар, бір-біріңе насихат айтатындар болыңдар. Араздаспаңдар, бір-біріңе өшікпендер, бет бұрып кетпендер, көре алмаушылық жасамаңдар — міне, мұның бәрі жамандықтың себептеріне жатады. Әркім өзін есепке тартып, өз-өзіне: «Бұл менің бауырым — мұсылман. Мен оған ешбір зиян тигізбеуім, көре алмаушылық-қызғаныш жасамауым керек. Мен оған өтірік айтпауым, сатқындық жасамауым, саудасында арандатпауым керек. Оның сатып алған нәрсесінің үстінен сауда жасамауым қажет», — деп айтуы қажет. Осы тәрізді басқа да зиян келтірудің барлық түрінен аулақ болу міндет.

«Мұсылман — мұсылманның бауыры. Оған зұлымдық жасамайды, оны жалғыз тастамайды (көмексіз қалдырмайды), оны алдамайды, оны қорлап-кемсітпейді». Керісінше, оны құрметтейді, оның құқығын біліп, (мойындайды, сақтайды), оған өтірік айтпайды және оған көмек пен қорғау қажет кезінде оны жалғыз қалдырмайды. Мысалы, егер ол әл-дебіреудің оған зұлымдық жасап жатқанын көрсе, оған сол зұлымдықты хақпен тойтаруға көмектеседі.

Содан соң Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын): **«Тақуалық — міне, осында»**, — деп, жүрегіне үш рет нұсқады. Яғни, жүрек әлсіз болып, ондағы иман әлсіресе немесе тура жолдан ауытқыса, адам осы аталған жамандықтарға ұрынады (ол осы жамандықтарды істейтін болады). Ал егер жүректе иман күшейсе, жүрек Аллаһқа бойсұнушылыққа бағынып, онда бүкіл дене мүшелері де игілікке, тура жолға және түзелуге бет бұрады.

Адамдардың кейбіреулері бұл хадисті қате түсінеді. Оларға біреу Аллаһ үшін насихат айтып, жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыйса, ол: «Иман (яғни тақуалық) — жүректе», — яғни: «Менде нең бар?» — деп жатады. Алайда, бұл — үлкен қателік. Өйткені жүректе иман адамды игі істерге жетелейді. Егер жүрегіңдегі иман дұрыс болса, онда дене мүшелерің міндетті түрде де игі амалдар істер еді. Мысалы, мұндай адамға:

«Сақалыңды қырып тастама», немесе «Намазға еріншектік пен салғырттық танытпа», немесе «Парыз намаздарын мешітте жамағатпен оқы», немесе «Балағыңды тобықтан төмен түсірме», — делінсе, ал ол: «Иман — жүректе! (Жүрегім дұрыс болса, жеткілікті емес пе?)» — деп, хақ сөзге, өтірік-теріс сөзбен қайырады. Егер иманың толық және шынайы болса, ол иман сені бұл жаман істерден тыяр еді, балағыңды төмен түсіріп жүруден тыяр еді, өсек айтудан тыяр еді, ғайбат айтудан тыяр еді, намазға немқұрайлылық танытудан, мешітте жамағатпен намаз оқуға ерінуден тыяр еді, сақалыңды қырып тастаудан тыяр еді, иманың сені басқа да күнәлі істерден тыяр еді. Ал бұл («Тақуалық жүректе!» деген) сөз — сен үшін емес, саған қарсы дәлел. Өйткені жүректегі иман адамның мінезінде және дене мүшелерінің амалдарында көрініс беруі тиіс. Сол себепті Пайғамбарымыз ﷺ намаз туралы: **«Назар бұрыңдар! Денеде бір кесек ет бар, егер ол түзелсе, бүкіл дене түзіледі; ал егер ол бұзылса, онда бүкіл дене бұзылады. Ал ол — жүрек»**¹, — деді. Егер жүрегіңде шынайы иман болса, ісің де дұрысталатын еді, жағдайың да түзелер еді, қол-аяғың да игі істерге ұмтылар еді. Алайда жүректің бейімділігі жамандыққа қарай ауып, иман әлсіресе, бұл сенің бүліктерге, күнәларға және жамандықтарға түсуіне себеп болады. Тура сол сияқты, басқа хадисте Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Аллаһ сендердің сырт келбеттеріңе де, мал-мүліктеріңе де қарамайды, алайда жүректеріңе және істеріңе қарайды»**². Яғни, тек сыртқы келбет немесе байлық емес, ішкі сенім мен амал басты рөл атқарады. Сондықтан да кейбір күнәхарлардың оларға біреу ескерту насихат айтып, жамандықтарынан қайтарғанда: «Иман жүректе», — деп айтуы — өз бұзық ойынан шығарған негізсіз, өтірік сөз, Аллаһтан мұндайдан аман етуін сұраймыз. **«Кісіге жамандық ретінде мұсылман бауырын жек көруі (немесе кемсітіп қарауы) жеткілікті»**. Яғни, адам үшін ең ауыр жамандықтың өзі — мұсылман бауырын қор көріп, оны кемсітуі, оған менсінбей қарауы және өзін одан жоғары санауы. **«Мұсылманның басқа мұсылманға қаны, малы және ар-намысы — харам»**. Мұндағы мағына — мұсылманның қаны, малы және абыройы басқа мұсылманға қол сұғуға тыйым салынған, бұл — дінімізде Құран мен Сүннетте келген тікелей мағынадағы мәтіндермен де, және ижмамен (ғұламалардың бір ауыздан келіскен пікірімен де) бекітілген аса маңызды қағида. Мұсылманның қанын төгу — харам. Яғни,

¹ Сахих Бухари (52), Сахих Муслим (1599).

² Сахих Муслим (2564), хадисті Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен.

оны өлтіруге болмайды. Оның денесін жарақаттау да — харам. Сол секілді, оның мал-мүлкі де харам — оны ұрлауға, тартып алуға, қиянатпен иеленуге болмайды. Сондай-ақ, оған зұлымдық жасауға да болмайды, алдауына болмайды, өтірік айтуына болмайды, және оны қорлауына болмайды. Мұсылман бауырынды ғайбат жасау — харам. Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Бауырыңды ол ұнатпайтын нәрсемен еске алуың — ғайбат»**. Сонда одан: «Ал егер мен ол туралы айтқан нәрсе рас болса ше?» — деп сұралғанда, ол: **«Егер айтқаның рас болса — сен оны ғайбаттадың. Ал егер ол онда жоқ болса — онда сен оған жала жаптың»**, — деп жауап берді¹.

Сондықтан әрбір мұсылманға басқа мұсылманның жанына, малына және ар-намысына қатысты зұлымдық жасаудан сақ болу міндет. Сондай-ақ, ол басқа адамдардың оның жамандығынан аман болуы үшін бар күшін салуы тиіс: яғни ол не адамдарға пайдасын тигізуі керек, не оларды өзінің жамандығынан аман сақтауы керек. Адамдарға пайда келтіру оларды Аллаһқа шақыру, игі-салықалы істерге үндеп, жамандықтан тайып, оларға ихсан (жақсылық) жасаумен жүзеге асады. Аллаһ барша-мызға тура жол нәсіп етсін².

¹ Сахих Муслим (2589).

² Қараңыз: «Шарх Рияд әс-Солихин» (1/478–480), «Шарх Булюғ әл-марам» (1510).

Отыз алтыншы хадис

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ ﷺ قَالَ: مَنْ نَفَسَ عَنْ مُؤْمِنٍ كُرْبَةً مِنْ كُرْبِ الدُّنْيَا نَفَسَ اللَّهُ عَنْهُ كُرْبَةً مِنْ كُرْبِ يَوْمِ الْقِيَامَةِ، وَمَنْ يَسَّرَ عَلَى مُعْسِرٍ يَسَّرَ اللَّهُ عَلَيْهِ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ، وَمَنْ سَتَرَ مُسْلِمًا سَتَرَهُ اللَّهُ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ، وَاللَّهُ فِي عَوْنِ الْعَبْدِ مَا كَانَ الْعَبْدُ فِي عَوْنِ أَخِيهِ، وَمَنْ سَلَكَ طَرِيقًا يَلْتَمِسُ فِيهِ عِلْمًا سَهَّلَ اللَّهُ لَهُ بِهِ طَرِيقًا إِلَى الْجَنَّةِ، وَمَا اجْتَمَعَ قَوْمٌ فِي بَيْتٍ مِنْ بُيُوتِ اللَّهِ يَتْلُونَ كِتَابَ اللَّهِ وَيَتَادَرَسُونَهُ بَيْنَهُمْ إِلَّا نَزَلَتْ عَلَيْهِمُ السَّكِينَةُ وَغَشِيَتْهُمْ الرَّحْمَةُ وَحَفَّتْهُمُ الْمَلَائِكَةُ وَذَكَرَهُمُ اللَّهُ فِيمَنْ عِنْدَهُ، وَمَنْ بَطَأَ بِهِ عَمَلُهُ لَمْ يُسْرِعْ بِهِ نَسَبُهُ. رواه مسلم بهذا اللفظ.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі) былай дегені жеткізеледі: «Кімде-кім мұминнің дүниедегі бір қиыншылығын жеңілдетсе, Алаһ оған Қиямет күніндегі қиыншылықтарының бірін жеңілдетеді. Ал кім бір мұқтажға жеңілдік жасаса, Аллаһ оған дүниеде де, Ақыретте де жеңілдік береді. Ал кім бір мұсылманды (ұятты жерлерін жасырып) жапса, Аллаһ оны дүниеде де, Ақыретте де (ұятты жерлерін) жабады. Пенде өз бауырына көмектескен сайын Аллаһ та оған көмектеседі.

Кімде-кім білім алу жолына түссе, Аллаһ оған Жәннатқа апарар жолды жеңілдетеді. Ал қандай да бір қауым Аллаһтың үй-

лерінің бірінде жиналып, Аллаһтың Кітабын оқып, оны өзара үйренсе, оларға сакина (тыныштық) түседі, оларды рахым (мейірім) қамтиды, оларды періштелер қоршайды және Аллаһ оларды Өз құзырындағылардың (періштелердің) алдында (мақтап) атайтын болады. Ал кімді іс-амалы артта қалдырса (кешіктірсе), оны шыққан тегі ілгері етпейді». Хадисті осы үлгіде Муслим жеткізген¹.

Түсіндірме (шарх)

Отыз алтыншы хадис: Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі) былай дегені жеткізіледі: «**Кімде-кім мұминнің дүниедегі бір қиыншылығын жеңілдетсе, Алаһ оған Қиямет күніндегі қиыншылықтарының бірін жеңілдетеді**». Бұл — істеген амалдың сыйы сол амалға сәйкес болатындығынан. (Яғни Аллаһ оның Қияметтегі қиыншылығын жеңілдетеді, өйткені ол мұминнің дүние қиыншылығын жеңілдетті.)

Содан соң Пайғамбарымыз ﷺ: «**Ал кім ауыр жағдайдағы адамға жеңілдік жасаса, Аллаһ оған дүниеде де, Ақыретте де жеңілдік жасайды**». Қарызын, не борышын өтеуде қиыншылық көріп жүрген адамға жеңілдік жасау әрі борышын өтеуді жағдайы жақсарға дейін кешіктіру — міндетті болып табылады. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

وَإِنْ كَانَ ذُو عُسْرَةٍ فَنَظِرَةٌ إِلَىٰ مَيْسَرَةٍ وَأَنْ تَصَدَّقُوا خَيْرٌ لَّكُمْ إِنْ كُنْتُمْ

تَعْلَمُونَ

«Егер қарыз алған адам ауыр жағдайда болса, онда оның жағдайы жақсарғанға дейін кідіру керек. Ал егер садақа қылсаңдар (яғни қарызын түгел, не оның бір бөлігін кешірсеңдер), **бұл сендер үшін жақсырақ. Егер білсеңдер ғой!**» («әл-Бақара» сүресі, 280-аят). Сондықтан қиын жағдайдағы адамға жеңілдік жасау — уәжіп. Ал оған қарыздың бәрін немесе бір бөлігін кешіру — мұстахаб (сауапты) іс.

Әрі қарай Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «**Кімде-кім бір мұсылманның** (ұятты жерлерін, не күнәларын жа-

¹ Сахих Муслим (2699).

сырып) **жапса, Аллаһ оның дүниеде де, Ақыретте де** (ұятты жерлерін, не күнәларын жасырып) **жабады**». Жасыру екі түрлі болады:

Біріншісі — денедегі ұят жерлерді жабу. Бұл — ер адамда кіндік пен тізе аралығы, ал әйелдің бүкіл денесі — ұятты жер. Егер адам өз бауырына ұятты жерін жабатын киім берсе — бұл ізгі амал болады. Аллаһ Тағала да осы амалына сай оны жасырады әрі оған Өз кеңшілігінен ең жақсы сыймен қайтарым береді.

Екіншісі — дінге қатысты ұят нәрселерді жабу, яғни күнә істер. Егер сен бауырыңды көзден жасырын күнә істеп жатқанын көрсең, оны елге жария етпе, бетіне баспа. Керісінше, оған насихат айтып, жақсылыққа үнде, тура жолға және түзелуге шақыр. Бұл нәрсені адамдар арасында жайма, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّ الَّذِينَ يُحِبُّونَ أَنْ تَشِيعَ الْفَاحِشَةُ فِي الَّذِينَ ءَامَنُوا لَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ فِي الدُّنْيَا
وَالْآخِرَةِ وَاللَّهُ يَعْلَمُ وَأَنْتُمْ لَا تَعْلَمُونَ

«Шындығында, иман келтіргендерің ішінде арсыздықтың жайылуын қалайтындар үшін дүние мен Ақыретте күйзелтiсi азап бар. Аллаһ бiледi, ал сендер бiлмейсiндер» («Ән-Нур» сүресi, 19-аят).

Сондықтан бауырларыңның арсыздықпен былғанып, оның жария болуына қуанба! Керісінше, барынша оның айыптарын жауып, жасыруға тырыс, насихат айтып жөндеуге барынша күш сал. Егер оның арсыздығы әшкере болса, онда оған жаза қолданатын. Сондықтан да оның жасап жүрген күнәсі жасырын күйде қала бергенге дейін, сен де оны жария етпе! Аллаһтан оған тура жолды нәсіп етуін сұра, оған насихат айтып, жақсылыққа бағытта. Мүмкін, Аллаһ сен арқылы оған пайда келтіріп, сенің себебіңмен оны тура жолға салар. **«Пенде өз бауырына көмектескен сайын Аллаһ та оған көмектеседі»**. Уа Аллаһтың құлы! Сен бауырыңа жәрдем көрсеткен кезінде — Аллаһ та саған жәрдемін береді. Себебі жаза әрі сауап істелген амалдың түріне сай беріледі. Аллаһ Тағала былай деген:

هَلْ جَزَاءُ الْإِحْسَنِ إِلَّا الْإِحْسَنُ ﴿٦٠﴾

«Жақсылықтың қайырымы — тек жақсылық қана емес пе?!» («Әр-Рахман» сүресі, 60-аят).

Яғни сен бауырыңның қажетін өтеген сәтінде — Аллаһ та сенің істеп жатқан жақсы амалыңның сыйы ретінде сенің де мұқтаждығыңды өтейді.

«Кімде-кім білім іздеу жолына түссе, Аллаһ оған Жәннатқа апарар жолды жеңілдетеді». Бұл — білім іздеудің ұлы артықшылығы жайлы айтылған. Яғни адам діни білім үйренуге, дінде терең түсінікке жетуге ниет етіп, білім үйірмелеріне, немесе бір ғалымнан білмеген мәселесін сұрауға барса — бұл оны Жәннатқа апаратын себептердің бірі болады. Сондай-ақ бұған шариғи білім кітаптарын оқу да, сол кітаптардан пайда алу да кіреді, әрине, егер ол адам осы іске құзырлы кісілер қатарынан болса.

«Ал қандай да бір қауым Аллаһтың үйлерінің бірінде жиналып, Аллаһтың Кітабын оқып, оны өзара үйренсе, оларға сакина (тыныштық) түседі, оларды рахым (мейірім) қамтиды, оларды періштелер қоршайды және Аллаһ оларды Өз құзырындағылардың (періштелердің) алдында (мақтап) атайтын болады». Бұл — Құран оқудың және Құранды өзара үйретудің артықшылығына қатысты. Басқа риуаятта: **«Ал қандай да бір қауым Аллаһты зікір етуге жиналса»,** — делінген¹. Яғни бұны кез-келген жерде жасаса да болады, бірақ ол мешітте жасалса, одан да абзал болады. Себебі мешітте бұған көмектесетін көптеген игіліктер бар: өйткені олардың мешітте болуы оларға осы жақсылыққа барынша көмектеседі әрі үйлерге қарағанда оларды алаңдататын нәрселерден алшақ етеді, ал үйлерде Құран оқуға бөгет болатын, не оны жалғасымды түрде оқуға кедергі болатын нәрселер туындауы мүмкін. Алайда мешіттегі білім мәжілістері және онда Құран оқу жүректі Құран мен білім оқуға жұмылдыратын ең ұлы себептерден болып табылады. Олар, сондай-ақ, адамның ойын жұмылдыруға кедергі келтіретін істерден алыстатып, өзара бірігіп оқу, қайталау және жаттау барысында өзара көмек беру сияқты үлкен игіліктердің де себебі болады.

Сосын Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: **«Ал кімді іс-амалы артта қалдырса (кешіктірсе), оны шыққан тегі ілгері етпейді»,** — яғни, амалдары баяулап, артта қалдырса — шыққан тегі оған пайда бермейді, оны алға оздырмайды. Тіпті, егер ол Бану Хашим тайпасынан, яғни Пайғамбарымыздың ﷺ туысынынан болса да. Мысалы, Пайғамбарымыздың ﷺ көкелері, Абу Ләһаб та Тозақта, Абу Талиб та Тозақта. Бұл сөздің мақсаты: тектілігің сені Тозақтан да сақтап қалмайды, Жәннатқа да ілгерілетпейді, алайда сені Жәннатқа жақындатып, оған Аллаһтың ме-

¹ Ахмад (11910).

йірімімен және Оның кеңшілігімен кіруіңе себеп болатын — салиқалы амалдарың, Аллаһқа деген тақуалығың, Аллаһтың әміріне бойсұнуың. Бұған сондай-ақ мұсылмандарға пайда әкелуің, оларға жақсылықта көмек көрсетуің, олардың қажеттіліктерін өтеуің, оларды жұбатуың, малыңмен және күшіңмен демеуің де жатады.

Сосын, Құранды тилауат ету дегеннің мағынасы — (жәй ғана оқу емес) бұл одан пайда алуың, білуің әрі оған амал етуің. Білім талап етудің мақсаты да осы. Құранды түсініп, мағыналарына ой-құруың, одан білгеніңе амал етуін, Аллаһтан қорқуың, оның орнатқан шекараларында тоқтауың. Аллаһ Тағала баршамызға тура жол нәсіп етсін!¹

¹ Қараңыз: «шарх Рияд әс-Салихин» (1/495–498).

Отыз жетінші хадис

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ رَسُولِ اللَّهِ ﷺ فِيمَا يَرَوِيهِ عَنْ رَبِّهِ تَبَارَكَ وَتَعَالَى، قَالَ: «إِنَّ اللَّهَ كَتَبَ الْحَسَنَاتِ وَالسَّيِّئَاتِ، ثُمَّ بَيَّنَ ذَلِكَ، فَمَنْ هَمَّ بِحَسَنَةٍ فَلَمْ يَعْمَلْهَا كَتَبَهَا اللَّهُ عِنْدَهُ حَسَنَةً كَامِلَةً، وَإِنْ هَمَّ بِهَا فَعَمَلَهَا كَتَبَهَا اللَّهُ عِنْدَهُ عَشْرَ حَسَنَاتٍ إِلَى سَبْعِمِائَةٍ ضِعْفٍ إِلَى أَضْعَافٍ كَثِيرَةٍ، وَإِنْ هَمَّ بِسَيِّئَةٍ فَلَمْ يَعْمَلْهَا كَتَبَهَا اللَّهُ عِنْدَهُ حَسَنَةً كَامِلَةً، وَإِنْ هَمَّ بِهَا فَعَمَلَهَا كَتَبَهَا اللَّهُ سَيِّئَةً وَاحِدَةً. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَ مُسْلِمٌ.

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: Аллаһтың Елшісі ﷺ өз Раббысынан жеткізіп, былай деген: «Ақиқатында, Аллаһ жақсылықтар мен жамандықтарды жазып қойды. Сосын оларды ашық түсіндіріп берді. Кімде-кім бір жақсылық істеуді ниет етіп, бірақ оны істемесе, Аллаһ оны Өз жанында толық бір жақсылық етіп жазады. Ал егер оны істеуді ниет етіп, істесе — Аллаһ оны Өз жанында он жақсылықтан жеті жүз есеге, тіпті одан да көп есе артық етіп жазады. Ал егер бір жамандық істеуді ниет етіп, бірақ оны істемесе — Аллаһ оны Өз жанында толық бір жақсылық етіп жазады. Ал егер оны ниет етіп, істесе — Аллаһ оны бір ғана жамандық етіп жазады»¹. Хадис сахих, оны әл-Бухари және Муслим келтірген.

¹ Сахих Бухари (2491), Сахих Муслим (131).

Түсіндірме (шарх)

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: Пайғамбарымыз ﷺ өз Раббысынан жеткізіп былай деген: **«Ақиқатында, Аллаһ жақсылықтар мен жамандықтарды жазып қойған. Сосын оларды ашық түсіндіріп берді»**,— яғни әрбір іс: олардың жақсылары да, жамандары да,— Аллаһтың алдында жазылып отырады.

«Егер адам бір жақсылық істеуді ойлап, бірақ оны жасамай қойса...», яғни ғапылдықпен немесе оған осы істі жасауға әлдебір нәрсе кедергі болса,

«...онда ол үшін Аллаһтың құзырында толық бір жақсылық жазылады». **«Ал егер ол жақсылық жасауды ниет етіп, оны жасаса, онда Аллаһ оны он еседен жеті жүз есеге дейін немесе одан да көп етіп, арттырып жазады»**. Сондықтан да, егер сен, мысалы, Аллаһты зікір етуді немесе садақа беруді, немесе науқас кісіні зиярат етуді ойластырып, содан соң әлдебір нәрселер сені соны іске асырудан тосып қалса, Аллаһ Тағала саған бұл ниетің үшін бір сауап жазады. Дәл сол сияқты, егер сен әлдебір жақсылықты бұйырып немесе жамандықтан тыюды ниет етіп, соны әлдебір себептермен жасай алмай қалсаң, Аллаһ Тағала саған бұл ниетің үшін бір сауап жазады. Сол сияқты, әлдебір адамды әлдебір жақсы іске бағыттауды ниет етіп, соны жасай алмай қалсаң да, Аллаһ Тағала саған осы істі істеуді қалап ойластырғаның үшін бір жақсы іс жазады. Ал егер сен оны жүзеге асырсаң, онда Аллаһ Тағала саған осы ішін сенің ықыласың мен шыншылдығыңа сәйкес оннан жетпіс есеге, жеті жүз есеге дейін тіпті одан да көп жақсы істер («хасанаттар») жазады.

Бұл туралы Аллаһ Тағала да Құранда былай дейді:

مَنْ جَاءَ بِالْحَسَنَةِ فَلَهُ عَشْرُ أَمْثَالِهَا وَمَنْ جَاءَ بِالسَّيِّئَةِ فَلَا يُجْزَى إِلَّا مِثْلَهَا وَهُمْ لَا يُظْلَمُونَ

«Кімде-кім бір жақсылық жасаса, оған он есе сауап жазылады. Ал кім бір жамандық жасаса, оған сол ғана жазылады әрі оларға ешбір зұлымдық жасалмайды» («әл-Әнғам» сүресі, 160-аят).

مَنْ ذَا الَّذِي يُقْرِضُ اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا فَيُضَاعِفَهُ لَهُ أَضْعَافًا كَثِيرَةً وَاللَّهُ يَقْبِضُ

وَيَبْسُطُ وَإِلَيْهِ تُرْجَعُونَ ﴿٢٤٥﴾

«Кімде-кім Аллаһқа көркем қарыз берсе (Аллаһтың сый-сауабынан үміт етіп, Оның жолында ықыласпен мал-мүлік жұмсаса), **Ол** (Аллаһ) **ол үшін оны көптген есе арттырып береді. Аллаһ** (қалағанына ризықты, білімді, өмір мерзімін) **тарылтады** (азайтады) **және кеңейтеді** (көбейтеді). **Әрі Оның алдына қайтарыласыңдар»** («әл-Бақара» сүресі, 245-аят).

Осылайша жасаған амалың үшін сый-сауап мың есеге дейін көбейтіліп берілуі мүмкін, яғни иманың қаншалықты бекем, амалдағы ықыласың мен ыждағатың қаншалықты ұлы болған сайын сый-сауап та еселеп арта береді.

Жаман істер де керісінше: егер адам жамандық ойлап, бірақ оны істемесе, Аллаһтың оған деген мейірімі және нығметімен бұл оған жазылмайды. Ал егер ол оны Аллаһ үшін істемей, тәрк етсе, бұл ол үшін бір жақсылық ретінде жазылады. Ал егер әлдебір жаман істі ойластырып, содан кейін оны жасаса, онда Аллаһ Тағала оған бір-ақ жамандық жазады әрі оны Өзінің кеңдігі әрі мейірімімен көбейтпейді. Бірақ жаман істер ауырлығы бойынша әртүрлі болады: бір істің жамандығы үлкен, ал екіншісінің жамандығы одан да үлкен, ал басқасы одан да үлкен болуы мүмкін. Мысалы, екі Қасиетті (Мекке мен Мәдина) аймақтарындағы жасалған жамандықтардың күнәлары одан сайын ауыр болады. Меккедегі жасалған күнә да басқа жерде жасалған күнәләрға қарағанда ең ауыр болады. Өйткені Аллаһ Тағала:

وَمَنْ يُرِدْ فِيهِ بِالْحَادِ بِظُلْمٍ نُّذِقْهُ مِنْ عَذَابِ أَلِيمٍ ﴿٢٥﴾

«Кім онда зұлымдықпен ақиқаттан ауытқуды қаласа, оған жан түршігерлік азаптың дәмін таттырамыз»,— деді («әл-Хәжж» сүресі, 25-аят).

Тура сол сияқты Рамазан айында немесе зул-хижжә айының алғашқы тоғыз күнінде жасалған күнәлар да басқа айларда жасалған күнәларға қарағанда ауырырақ болады.

Әрі адам өлтіруді ойластырып ниеті етудің күнәсі, мысалы біреуді ұру ниетінің күнәсінан ауырырақ, сондай-ақ зина жасауды ниет ету бөгде әйелді жәй ұстаудың ниетінен жаманырақ. Міне, осылайша, күнәлар әртүрлі болады.

Сондықтан мұмин адам өз нәпсісін есепке тартып, өзінің дене мүшелері арқылы зұлымдық жасаудан, жүрегіндегі жамандықтардан, жаман ой-ниеттерден сақ әрі аулақ болуы керек. Жақсы істерді ғана ниет етіп, жақсыдан басқаны істемеуге тырысуы керек. Және жамандықтың бар-

лық себептерінен, қай жерде болса да, аулақ жүруі керек — бәлкім сол арқылы құтылар.

Әрі құтылудың себептерінен — бұзық адамдармен дос, жолдас болудан аулақ болу, сондай-ақ қауіп-қатері бар, жамандық көп болатын жерлерден, мысалы, базарлардан аулақ болу. Жамандыққа толы жиындардан аулақ болу. Жаман адамдардан, олардың ортасынан алыс жүру. Мұның бәрі — құтылудың себептерінен. Аллаһ Тағала баршамызға тура жол нәсіп етсін!¹

¹ Қараңыз: «Шарх Рияд әс-Салихин» (1/50–51).

Отыз сегізінші хадис

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: إِنَّ اللَّهَ تَعَالَى قَالَ: مَنْ عَادَى لِي وَلِيًّا فَقَدْ آذَنْتُهُ بِالْحَرْبِ، وَمَا تَقَرَّبَ إِلَيَّ عَبْدِي بِشَيْءٍ أَحَبَّ إِلَيَّ مِمَّا افْتَرَضْتُهُ عَلَيْهِ، وَلَا يَزَالُ عَبْدِي يَتَقَرَّبُ إِلَيَّ بِالنَّوَافِلِ حَتَّى أُحِبَّهُ، فَإِذَا أَحْبَبْتُهُ كُنْتُ سَمْعَهُ الَّذِي يَسْمَعُ بِهِ، وَبَصَرَهُ الَّذِي يُبْصِرُ بِهِ، وَيَدَهُ الَّتِي يَبْطِشُ بِهَا، وَرِجْلَهُ الَّتِي يَمْشِي بِهَا، وَلَئِنْ سَأَلَنِي لَأُعْطِيَنَّهُ، وَلَئِنْ اسْتَعَاذَنِي لَأُعِيذَنَّهُ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «Аллаһ Тағала былай деді: «Кім Менің досыма (әулиеме) дұшпандық жасаса, соған Мен қарсы соғыс жариялаймын. Пендем Маған Менің оған парыз етіп жүктеген нәрселерден артық сүйікті ешнәрсе арқылы жақындаған емес. Пендем Маған нәпіл құлшылықтармен жақындай беретіні сонша, тіпті Мен оны жақсы көріп кетемін. Ал егер Мен оны жақсы көрсем, онда оның еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүретін аяғы боламын. Егер ол Менен бір нәрсе сұраса, Мен оны міндетті түрде беремін, егер Мена пана-қорғау тілесе, Мен оған міндетті түрде қорған боламын»». Хадис сахих, оны әл-Бухари риуаят еткен¹.

¹ Сахих Бухари (6502).

Түсіндірме (шарх)

Бұл отыз сегізінші хадисте Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай деп жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: **«Аллаһ Тағала былай деді: «Кім Менің досыма (әулиеме) дұшпандық жасаса, Мен оған қарсы соғыс жариялаймын».** Яғни оған қарсы соғыс жариялау — оған қарсы соғысу деген сөз. Ал мүмин адамдар — олар Аллаһтың достары. Олар Аллаһқа бойсұнғанда, Оның шарифатын ұстанғанда — Аллаһтың достары болады.

Аллаһ Тағала былай деген:

أَلَا إِنَّ أَوْلِيَاءَ اللَّهِ لَا خَوْفَ عَلَيْهِمْ وَلَا هُمْ يَحْزَنُونَ ﴿٦٢﴾ الَّذِينَ ءَامَنُوا وَكَانُوا يَتَّقُونَ

«Расында, Аллаһтың достарына (әулиелеріне) қорқыныш жоқ және олар қайғырмайды. Олар — иман келтіріп, тақуалық еткендер» («Юнус» сүресі, 62–63 аяттар).

Мұсылман адам Аллаһ пен Оның Елшісіне бойсұнса, Аллаһтың досы болады. Хадисте былай деп айтылған: **«Кім Менің досыма (әулиеме) дұшпандық танытса, Мен оған қарсы соғыс жариялаймын».** Яғни: ол мүминдерді ренжітсе, Аллаһ пен Оның Елшісіне соғыс ашқан болады — мейлі қолымен, не басқа зиян түрімен: тілмен болсын, немесе (мүминді) қорлаумен болсын ренжітсе де — мұның бәрі зұлымдық түрлеріне жатады. Бұл — Аллаһ пен Оның Елшісімен соғысудың бір түрі. Біз Аллаһтан амандық пен кешірім сұраймыз.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

وَالَّذِينَ يُؤْذُونَ الْمُؤْمِنِينَ وَالْمُؤْمِنَاتِ بَغَيْرِ مَا اكْتَسَبُوا فَقَدْ احْتَمَلُوا بُهْتَانًا
وَإِنَّمَا مُبِينًا

«Мүмин ерлер мен мүмин әйелдерге олардың істемеген нәрсесі жайында жала жапқандар, расында, жамандық пен ашық күнә жүктеді» («әл-Әхзаб» сүресі, 58-аят)

Көптеген адамдар өзгелерге немқұрайлы қарайды, оларды балағаттап, көре алмай, ғайбаттап, жамандап, өсектеп зиян тигізеді. Бұлардың бәрі ешқандай себепсіз-ақ жасалады. Алайда күншілдік, құмарлық және зұлымдық — адамның табиғатына сіңген сипаттар. Ал біз Аллаһтан амандық сұраймыз.

Аллаһ Тағала былай деген: **«Пендем Маған Менің оған парыз етіп жүктеген нәрселерден артық сүйікті ешнәрсе арқылы жақындаған емес».**

Яғни, Аллаһ Тағалаға жақындаудың ең сүйікті жолы — Оның парыз еткен істері. Олар: намаз оқу, зекет беру, ораза ұстау, қажылық жасау, ата-анаға жақсылық жасау, туыстық қатынасты үзбеу, Аллаһ жолында күресу, жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю және Аллаһ тыйған істерден тыйылу. Себебі харам нәрселерден тыйылу да — парыз. Яғни адам зинадан, ұрлықтан, ғайбаттан, өсектен, шарап ішуден, ата-анаға қарсы келуден, туыстық байланыстарды үзу сияқты істерден бойын аулақ ұстауы тиіс. Бұл — мұминге міндет. Оған күнә істерден бас тарту парыз етілгені сияқты, бұл күнәларға жоламау да міндет.

Сондай-ақ Аллаһ Тағала парыз еткен нәрселерді орындау да міндет: намаз оқу, ораза ұстау — осылар арқылы Аллаһқа жақындау жүзеге асады. Сондықтан бұл істердің бәрі — Аллаһ Тағалаға ең сүйікті амалдар.

Кейбір адамдар нәпіл амалдар арқылы Аллаһқа жақындауға тырысады, бірақ парыздарды бұзады. Мысалы, нәпіл ораза ұстайды немесе нәпіл намаз оқиды, бірақ парыз намазын тәрк етеді. Бұл — надандық пен ада-сушылық. Өйткені ең басты орындау керек болған — бұл парыз амалы. Нәпіл амал тек егер ол парызға зиянын тигізбесе ғана орынды болады. Маңыздысы — парызды орындау. Аллаһтың парыз еткен істері: намаз, ораза және басқа амалдарды өтеу міндет. Ал Аллаһ саған жеңілдік беріп, нәпіл істерді орындауға мүмкіндік берсе — бұл жақсылық үстіне жақсылық болады.

Аллаһ Тағала: **«Пендем Маған нәпіл құлшылықтармен жақындай беретіні сонша, тіпті Мен оны жақсы көріп кетемін»**, — деген. Яғни, бұл — парыздардан кейінгі артылатын қосымша амалдар деген сөз. Құл Аллаһқа қосымша (нәпіл) намаздармен жақындайды: сүннет намаздарымен, тахажжуд намазымен, дуһа намазымен; нәпіл оразалардың түр-түрімен; Аллаһты еске алудың түрлі жолдарымен; садақалардың түр-түрімен; ізгі амалдардың барлық түрімен. Осылайша пенденің Аллаһқа деген махаббаты күшейе түседі әрі Аллаһтың оған деген махаббаты да толығырақ әрі ұлырақ болады.

Аллаһ Тағала былай деген: **«Ал егер Мен оны жақсы көрсем, онда оның еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүретін аяғы боламын».** Яғни, ол осы істерінде Аллаһтың жәрдемімен, көмегімен әрекет етеді. Бұл хадистің басқа бір риуаятында былай делінген: **«Ол Мен арқылы естиді, Мен арқылы көреді, Мен арқылы ұстайды және Мен**

арқылы жүреді». Бұл — оның естуі, көруі, жүруі, ұстауы сынды істерінде Аллаһтың жәрдеміне ие болып, күнәлардан және жамандықтардан сақталатыны деген мағынада айтылған. Аллаһ Тағаланың өз пенесін мұндай дәрежеге жеткізуі — адамның парыздарды орындауға, харамдардан сақтануға, барлық нәпіл құлшылықтарға бар ынтасымен берілуіне байланысты. Бұл — оның жақсылыққа деген құштарлығының нәтижесі. Аллаһ оны тура жолға бағыттап, істеген амалына береке береді. Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَنْ يَتَّقِ اللَّهَ يَجْعَلْ لَهُ مَخْرَجًا

«Кім Аллаһтан қорықса, Ол оған шығатын жол жасап береді» («әт-Талақ» сүресі, 2-аят).

Аллаһ Тағала былай деген: **«Егер ол Менен бір нәрсе сұраса, Мен міндетті түрде беремін, егер Менен пана тілесе, Мен оған сөзсіз қорған боламын».** Яғни, егер құл Раббысынан қорқып, ізгі істерге тырысып, Аллаһтан жәрдем сұраса — Аллаһ оған көмектеседі. Егер Ол Аллаһтан бір нәрсе сұраса — Аллаһ оған береді. Егер Ол кешірім сұраса — Аллаһ оны кешіреді. Бұл — оның жақсылыққа ұмтылысының және амалдарындағы табандылығының арқасында. Аллаһтың оған мойынсұнуына қолдау көрсетуі, оның күнәларынан тәубе етуі, оларды тастап, Аллаһ харам еткен нәрселерден бойын аулақ ұстауы және осы жолда сабыр етуі — міне, осының барлығы Аллаһтың оған жақсылықты, туралықты және түзелуді нәсіп ету себептерінен саналады. Аллаһ оған өмірінің соңына дейін осы игілікті, тура жолды және түзелуді нәсіп етеді. Аллаһ Тағала барша-мызға тура жол мен хидаят нәсіп етсін!¹

¹ Қараңыз: «Шарх Рияд әс-Салихин» (1/228–230).

ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ قَالَ: إِنَّ اللَّهَ تَجَاوَزَ لِي عَنْ أُمَّتِي الْخَطَأَ وَالنَّسْيَانَ وَمَا اسْتَكْرَهُوا عَلَيْهِ. حَدِيثٌ حَسَنٌ رَوَاهُ ابْنُ مَاجَهَ وَابْنُ أَبِي حَتْمٍ.

Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ: *«Шындығында, Аллаһ менің үмметімнің қателікпен, ұмытшақтықпен және мәжбүрлікпен жасаған істерін менің құрметім үшін кешіреді»*,— дегені жеткізілген. Хадис хасан (жақсы), оны Ибн Мәжаһ, әл-Байһақи және басқалар риуаят еткен¹.

Түсіндірме (шарх)

Отыз тоғызыншы хадис: Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай егенін жеткізген: *«Шындығында, Аллаһ менің үмметімнің қателікпен, ұмытшақтықпен және мәжбүрлікпен жасаған істерін менің құрметім үшін кешіреді»*. Бұл хадисті Абу Хатим және басқа да ғалымдар әлсіз деп бағалаған. Алайда Абдуль-Хақ әл-Ишбили мен басқа имамдар оны сенімді деген. Әрі оның мағынасы да дұрыс.

Өйткені бұл хадисті Аллаһ Тағаланың келіс сөздері қуаттайды:

رَبَّنَا لَا تُؤَاخِذْنَا إِنْ نَسِينَا أَوْ أَخْطَأْنَا

¹ «Сунан Ибн Мәжаһ» (2045), «Сунан әл-Кубра» (14871), ибн Хиббан (4760), әл-Хаким (2801).

«Уа Раббымыз! Егер біз ұмытсақ не қателессек, бізді жазалама!»
(«әл-Бақара» сүресі, 286-аят).

Әрі Аллаһ Тағала: **«Мен мұны істедім»,**— деді. Муслим бұл хадисті «Сахих» жинағында келтірген¹.

Бұл хадисті сондай-ақ Аллаһ Тағаланың мына сөздері де нығайта түседі:

مَنْ كَفَرَ بِاللَّهِ مِنْ بَعْدِ إِيْمَانِهِ إِلَّا مِنْ أُكْرِهٍ وَقَلْبُهُ مُطْمَئِنٌّ بِالْإِيْمَانِ وَلَكِنْ
مَنْ شَرَحَ بِالْكُفْرِ صَدْرًا فَعَلَيْهِمْ غَضَبٌ مِنَ اللَّهِ وَلَهُمْ عَذَابٌ عَظِيمٌ ﴿١٠٦﴾

«Кім иман келтіргеннен кейін Аллаһқа күпір етсе, тек жүрегі иманға орныққан күйде мәжбүрленген адамнан басқа, сондай-ақ кімде-кім көкірегімен күпірлікке кеңшілік етсе, оларға Аллаһтың ашуы және оларға зор азап бар...» («ән-Нәхл» сүресі, 106-аят).

Осы аятқа сүйеніп, мәжбүрленген адамға (жасаған амалы) есептелмейді деп айтылады. Егер біреу басқаның тарапынан мәжбүрлікпен талақ айтса немесе мәжбүрлікпен ақша берсе, онда бұл жағдайда мәжбүрлікпен жасалған іс жарамсыз болады әрі ол есептелмейді.

Яғни, зорлықпен (мәжбүрліктен) жасалған іс пен айтылған сөз жарамсыз болып есептеледі. Сөз немесе іс шынайы ерікпен және өз қалауымен жасалуы керек, мәжбүрліктен емес. Сондай-ақ ол ұмытшақтықтан емес, саналы түрде, ниетпен және біле тұра істелуі керек. Ал егер бір іс мәжбүрлікпен, қателікпен немесе ұмытшақтықпен жасалса, онда Аллаһ Тағала оны кешіреді.

Ал қателік дегеніміз — адам бір нәрсені әдейі емес, қателесіп жасауы. Мысалы, ол “пәленше — таза әйел” деп айтқысы келіп тұрып, “пәленше әйел — талақ болды” деп қойса, бұл — тіл жаңылысы, ол талақты әдейі айтпаған болады. Немесе ол “Аллаһ сені кешірсін” дегісі келіп тұрып, “Аллаһ сені лағнеттесін” деп қойса, не болмаса осыған ұқсас, қателікпен айтылған сөздер — егер олар әдейі айтылмаған болса, кешіріледі. Өйткені Аллаһ оның шын ниетпен айтқанын да біледі әрі қателескеніне де куә, сондықтан ол осы үшін жазаланбайды. Аллаһ Тағала баршамызға тура жол мен хидая берсін².

¹ Сахих Муслим (162).

² Қараңыз: «Шарх Булюғ әл-Марам» (1090).

Қырқыншы хадис

عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: أَخَذَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ بِمَنْكِبِي، وَقَالَ: كُنْ فِي الدُّنْيَا كَأَنَّكَ غَرِيبٌ أَوْ عَابِرُ سَبِيلٍ. وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ: إِذَا أَمْسَيْتَ فَلَا تَتَنَطَّرَ الصَّبَاحَ، وَإِذَا أَصْبَحْتَ فَلَا تَتَنَطَّرَ الْمَسَاءَ، وَخُذْ مِنْ صِحَّتِكَ لِرَضِّكَ، وَمِنْ حَيَاتِكَ لِمَوْتِكَ. حَدِيثٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Ибн Умар (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) былай баяндаған: «Аллаһтың Елшісі ﷺ менің иығымнан ұстап: «Бұл дүниеде бөгде кісі сияқты немесе жол үстіндегі жолаушы секілді бол», — деген.

Сондай-ақ Ибн Умар (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) былай дейтін: «Кешті қарсы алсаң, таңды күтпе, таңды қарсы алсаң, кешті күтпе. Ауруға шалдығуыңа дейін денсаулығыңды, өлімің келгенше өміріңді (пайдалы істерге) пайдаланып қал»¹. Хадисті имам әл-Бухари риуаят еткен.

Түсіндірме (шарх)

Қырқыншы хадис: Ибн Умар (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) былай баяндаған: «Аллаһтың Елшісі ﷺ менің иығымнан ұстап:

¹ Сахих Бухари (6416).

«Бұл дүниеде өзіңді бөгде кісі сияқты немесе жол үстіндегі жолаушы секілді бол»,— деген.

Бұл жерде «бөгде» («ғориб») деген — өз елі болмаған жерде жүрген адам, ал «жолаушы» («ғабир-с-сабиль») — тоқтамай, жолын жалғастыратын, тек өзіне қажетін ғана алып жүретін адам.

Яғни, бұл дүниеде адам өз жерінде жүрген адам секілді емес, керісінше басқа мекенге бағыт алған жолаушы іспетті болуы керек. Оның ниеті — жолды жалғастыру, көздеген жеріне жету, ал оның мақсат тұтқан мекені — Мәңгілік мекен — Ақырет.

Мүмин бұл дүниеде өзін бөтен елде жүрген немесе жолаушы ретінде өтіп бара жатқан адамдай ұстауы керек. Ол осы дүниеде тұрақтауды көздемеуі тиіс, қайта өзінің мәңгілік мекені — Ақыретке жетуге дайындалуы керек. Бұл дүниеде ол өзін Жәннатқа жеткізетін істермен айналысуы қажет, Аллаһқа апаратын жолда болуы тиіс, ал Жәннатқа апаратын жол — Аллаһтың бұйырған әмірлерін орындау және тыйымдарынан тыйылу.

Сондай-ақ Ибн Умар (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) былай дейтін: «Кешті қарсы алсаң, таңды күтпе, таңды қарсы алсаң, кешті күтпе. Ауруға шалдығуыңа дейін денсаулығыңды, өлімнің келгенше өміріңді (пайдалы істерге) пайдаланып қал».

Бұл хадистен алынатын пайдалар мыналар: ажалдың жақындығын ескеріп, дүниеге сүйенуден және алыс үміттермен алданудан сақ болу қажет. Басыңа ауру келгенге дейін денсаулығыңнан, өлімнің келгенге дейін өміріңнен, кедейлікке шалдыққанға дейін байлығыңнан, қол босамайтындай жағдайға түсенге дейін бос уақытыңнан игі істер жасауға пайдаланып, осы уақыттарыңды жақсылыққа ұмтылып әрі жамандықтан арылып өткізуің керек. Сол секілді, бөгде кісі немесе жол жолаушысы өз мекеніне жетуге тырысқаны сияқты, мүмин адам да бұл дүниеде Ақырет мекеніне жетуге барынша күш салады. Ол өзін сол мекенге жеткізетін нәрселермен айналысады, яғни Жәннатқа бастайтын жолмен жүреді және бұл жолдан басқа нәрселерге көңіл бөлмейді. Мүмин бұл дүниеде жолаушы секілді — әр күн сайын бір кезеңнен өтіп отырады, әр түн сайын бір белесті артқа тастайды. Ол әр сағат сайын оны ажалына және соңғы орнына жақындатып отыратын белестерден өтеді. Бұл соңғы орын — не Жәннат, не Тозақ.

Сондықтан да адам бұл дүниеде сапарда жүрген жолаушы тәрізді болады. Сағаттар, минуттар, секундтар және күндердің барлығы — әрқайсысы оның ажалына қарай жақындататын белестер. Барша белестер —

соңғы мекенге қарай жол. Аллаһ Тағала баршамызға тура жол мен хидаят нәсіп етсін¹.

¹ Қараңыз: «Шарх Рияд әс-Салихин» (2/377–378).

Қырық бірінші хадис

عَنْ أَبِي مُحَمَّدٍ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو بْنِ الْعَاصِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا، قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: لَا يُؤْمِنُ أَحَدُكُمْ حَتَّى يَكُونَ هَوَاهُ تَبَعًا لِمَا جِئْتُ بِهِ. حَدِيثٌ حَسَنٌ صَحِيحٌ، رَوَيْنَاهُ فِي كِتَابِ «الْحُجَّةِ» بِإِسْنَادٍ صَحِيحٍ.

Абу Мухаммад АбдуЛлаһ ибн Амр ибн әл-Ас (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: *«Сендердің ешқайсыларың өз нәпсісінің қалауы мен әуесін мен әкелген нәрсеге толық бағындырмайынша иман келтірген болмайды»*¹. Хадис сахих (сенімді). Біз бұл хадисті «әл-Хужжә» кітабында сенімді иснадымен келтіргенбіз.

Түсіндірме (шарх)

Қырық бірінші хадис: Абу Мухаммад АбдуЛлаһ ибн Амр ибн әл-Ас (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: *«Сендердің ешқайсыларың өз нәпсісінің қалауы мен әуесін мен әкелген нәрсеге толық бағындырмағанша иман келтірген болып саналмайды»*,— яғни пенде өз нәпсісінің қалауын Пайғамбарымыз ﷺ алып келген шарифатқа бағындырмай оның иманы толық болмайды. Мысалы, егер адамның нәпсісі зинақорлыққа итермелеп, ол сол күнәні жасаса, онда оның иманы кем болады. Сондай-ақ егер нәпсісі ғайбат ай-

¹ «Сунна» Ибн Абу Ғасым (15), «әл-Мудхал илә әс-Сунан әл-Кубра» әл-Бәйһақи (209).

туға, не өсек таратуға итермелеп, ол соны жасаса, бұл да оның иманының толық емес екендігіне нұсқайды.

Жалпы, кімде-кімнің қалауы мен нәпсісі — Пайғамбарымыз ﷺ алып келген нәрсеге толық бойсұнбайтын болса, оның иманы толық болмайды. Ал кімде-кім өзінің нәпсісіне еріп, шайтанға бойұсынса, бұл оның иманындағы кемшілік саналады.

Иманның бұл кемшілігі адамды күпірлікке дейін апаруы мүмкін. Егер адамның нәпсісі оны Аллаһтан өзгеге құлшылық етуге итермелесе, не дінмен келемеждеуге, не дінді мазақ етуге, не Аллаһ харам еткен нәрсені халал деп санауға жетелесе — ол адам күпірлікке түсіп, Исламнан шығып кеткен муртад болып саналады.

Сондықтан мұмин адам Аллаһ пен Оның Елшісі бір істі шешіп қойғаннан кейін, бұл істе өзінше таңдау құқығына ие болмауға міндетті. Керісінше, ол осыған бойсұнып, қабылдап, бағынуы керек. Аллаһ Тағала былай деді:

وَمَا كَانَ لِمُؤْمِنٍ وَلَا مُؤْمِنَةٍ إِذَا قَضَىٰ اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَمْرًا أَنْ يَكُونَ لَهُمُ الْخِيَرَةُ مِنْ أَمْرِهِمْ

«Аллаһ және Оның Елшісі қашан бір іске үкім берсе, мұмин ер және мұмин әйел үшін олардың істерінде таңдау еркі жоқ» («әл-Әх-заб» сүресі, 36-аят).

Аллаһ Тағала баршамызға тура жол мен хидаят нәсіп етсін!¹

¹ Қараңыз «Мәжмұғ Фәтәуа ибн Баз» (25/106), «Фәтәуа әл-Ләжна әд-Дәима» (29/200).

Қырық екінші хадис

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ يَقُولُ: قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: يَا ابْنَ آدَمَ! إِنَّكَ مَا دَعَوْتَنِي وَرَجَوْتَنِي غَفَرْتُ لَكَ عَلَى مَا كَانَ مِنْكَ وَلَا أُبَالِي، يَا ابْنَ آدَمَ! لَوْ بَلَغَتْ ذُنُوبُكَ عَنَانَ السَّمَاءِ ثُمَّ اسْتَغْفَرْتَنِي غَفَرْتُ لَكَ، يَا ابْنَ آدَمَ! إِنَّكَ لَوْ أَتَيْتَنِي بِقُرَابِ الْأَرْضِ خَطَايَا ثُمَّ لَقِيتَنِي لَا تَشْرِكُ بِي شَيْئًا لَا تَيْتُكَ بِقُرَابِهَا مَغْفِرَةً. حَدِيثٌ حَسَنٌ صَحِيحٌ رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естідім: «Аллаһ Тағала былай деді: «Әй Адам баласы! Сен Маған дұға етіп, үміт еткеніңе дейін, Мен сенің күнәларың қандай болса да қарамай кешіре беремін. Әй Адам баласы! Егер сенің күнәларың көктің төбесіне дейін жетерлік болып, сосын Менен кешірім сұрасаң, Мен сені кешіремін. Әй Адам баласы! Егер сен Менің алдыма жердің көлеміндей (немесе салмағындай) күнәлармен болса да, бірақ Маған ешкімді серік қоспаған күйде келсең, Мен саған соның көлеміндей (не салмағындай) кешіріммен келемін». Хадисті әт-Тирмизи риуаят еткен, хадис хасан¹.

¹ Сунан әт-Тирмизи (3540).

Түсіндірме (шарх)

Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естідім: **«Аллаһ Тағала былай деді: «Әй Адам баласы! Сен Маған дұға етіп, үміт етсең, Мен сенің күнәларың қандай болса да қарамай кешіремін».** Яғни: егер ол (құл) Аллаһқа шын жүрегімен, ықыласты түрде, Оның мейірімін үміт етіп дұға қылса, және бұл тек құр сөздер ғана емес, бәлкім шынайы тәубемен, күнәлардан бас тартумен және үмітпен айтылған дұға болса — онда бұл күнәларды өшіретін нағыз тәубе болады. Өйткені шынайы ықыласты тәубе күнәларды өшіреді. Пенде шыншыл дұғамен және шынайы үмітпен дұға етсе, бұл оның істеген күнәсына деген өкінішін және одан тыйылғанын білдіреді, сондықтан да Аллаһ Тағала оған: **«Мен сенің күнәларың қандай болса да кешіремін»**,— деді. Сондықтан да дұға мен бірге үмітке қоса шыншыл тәубе болса, онда Аллаһ осы арқылы күнәларды өшіреді.

Аллаһ Тағаланың осы хадистегі: **«Әй Адам баласы! Егер сенің күнәларың аспанға дейін жетерлік болып, сосын Менен кешірім сұрасаң, Мен сені кешіремін»**,— деген сөздері де дәл осылай: яғни бұл тәубемен бірге истиғфарды, яғни кешірім тілеуді және өкінуді білдіреді. Ал егер адам күнә жасауды жалғастыра беріп, жай ғана сөзбен кешірім сұраса, бұл күнәнің кешірілуіне жеткіліксіз болады. Сондықтан Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

وَلَمْ يُصِرُّوا عَلَىٰ مَا فَعَلُوا وَهُمْ يَعْلَمُونَ ﴿١٣٥﴾

«Олар білген күйінде істеген күнәларында қасарыспайды» («Әли Имран» сүресі, 135-аят)

Аллаһ Тағала бұл хадисте сондай-ақ былай деді: **«Әй Адам баласы! Егер сен Менің алдыма жердің көлеміндей күнәлармен болса да, бірақ Маған ешкімді серк қоспаған күйде келсең, Мен саған жердің көлеміндей кешіріммен келемін».** Яғни, кім Аллаһқа Оған ешбір нәрсені серік қоспаған күйде келсе, сол Аса Пәк Аллаһ Тағалаға ықыласты болған күйде Оған шынайы иманмен құлшылық етті дегенді білдіреді. Аллаһ Тағала мұндай құлының күнәларын кешіреді және жамандықтарын өшіреді. Ал егер оның жасаған күнәлары себепті бірқұдайшылығы (таухиды) әлсіз, иманы осал болса, онда оның ықыласты оны Аллаһтың азабынан құтқара алмайды, тек Аллаһ Тағала оны кешіріп жібермесе ғана, бұл туралы Аллаһ Тағала:

إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ

«Шын мәнінде, Аллаһ Өзіне серік қосылуын кешірмейді, ал одан өзге нәрселерді қалаған адамына кешіреді» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят).

Мутауатир, яғни сенімділігіне ешбір күмән болмайтындай көптеген жеткізушілер тізбегімен жеткен сахих хадистерде көптеген күнәһар мүсылмандар кешірімге ие болмайтыны, керісінше олар істеген күнәларының мөлшеріне қарай Тозаққа түсіп, сонда Аллаһ қалаған уақытқа дейін қалып, жазаланатыны, содан соң оларға шапағат етушілер шапағат ететіні әрі Аллаһ Тағала оларды Өзінің рахымымен Тозақтан шығаратыны туралы айтылған. Өйткені олар бірқұдайшыл, яғни Аллаһқа ешкімді серік қоспаған күйде қайтыс болған еді. Олар өздерін Тозаққа түсуге міндетті ететін күнәлары себепті Тозақ отына түсті, әрі Аллаһ Тағала өзінің мейірімімен оларды одан шығарды. Әрі Тозақта мәнгіге тек бірқұдайшылықты ұстанбай өлген кәпірлер ғана қалады. Солар ғана Тозақтың мәнгі тұрғындары болады. Аллаһ бізді бұндайдан сақтасын.

Аллаһ Тағала олар жайында Құранда былай деген:

كَذَلِكَ يُرِيهِمُ اللَّهُ أَعْمَالَهُمْ حَسَرَاتٍ عَلَيْهِمْ وَمَا هُمْ بِخَارِجِينَ مِنَ النَّارِ ﴿١٦٧﴾

«Осылайша Аллаһ олардың істеген істерін өздеріне өкініш етіп көрсетеді. Сондай-ақ олар Тозақтан шығушы емес» («әл-Бақара» сүресі, 167-аят).

Пәк Аллаһ Тағала тағы да былай деген:

يُرِيدُونَ أَنْ يُخْرِجُوا مِنَ النَّارِ وَمَا هُمْ بِخَارِجِينَ مِنْهَا وَلَهُمْ عَذَابٌ مُّقِيمٌ ﴿٣٧﴾

«Олар Оттан шығуды қалайды. Бірақ олар одан ешқашан шықпайды. Және олар үшін тұрақты азап бар» («әл-Мәида» сүресі, 37-аят).

Бұл — бірқұдайшылықсыз (таухидсіз) өліп кеткен кәпірлер мен көпқұдайшыл-мүшриктердің жағдайы. Аллаһ бізді мұндайдан сақтасын. Аллаһ Тағала баршаға тура жол нәсіп етсін!¹

¹ Қараңыз: «Шарх Рияд әс-Салихин», (2/185–186).

КІТАПТЫҢ МАЗМҰНЫ

Шейх Абдул-Азиз ибн Баздың қайырымдылық қорының алғысөзі.....	3
Кітапты құрастырушының кіріспе сөзі.....	5
Имам ән-Нәуауидің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) қысқаша өмірбаяны.....	8
Шейх Ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) өмірбаяны	12
Имам ән-Нәуауидің кіріспесі	14
Түсіндірме (шарх).....	17
Бірінші хадис.....	18
Екінші хадис.....	23
Үшінші хадис	34
Төртінші хадис	43
Бесінші хадис	49
Алтыншы хадис	53
Жетінші хадис.....	58
Сегізінші хадис	64
Тоғызыншы хадис	68
Оныншы хадис.....	74
Он бірінші хадис	80
Он екінші хадис	82
Он үшінші хадис	84
Он төртінші хадис.....	86
Он бесінші хадис.....	88
Он алтыншы хадис	91

Он жетінші хадис	93
Он сегізінші хадис	95
Он тоғызыншы хадис	98
Жиырмасыншы хадис	102
Жиырма бірінші хадис	104
Жиырма екінші хадис	107
Жиырма үшінші хадис	110
Жиырма төртінші хадис.....	114
Жиырма бесінші хадис.....	122
Жиырма алтыншы хадис	126
Жиырма жетінші хадис	129
Жиырма сегізінші хадис.....	133
Жиырма тоғызыншы хадис	138
Отызыншы хадис	145
Отыз бірінші хадис	148
Отыз екінші хадис	150
Отыз үшінші хадис	152
Отыз төртінші хадис.....	155
Отыз бесінші хадис.....	158
Отыз алтыншы хадис	163
Отыз жетінші хадис	168
Отыз сегізінші хадис.....	172
Отыз тоғызыншы хадис.....	176
Қырқыншы хадис.....	178
Қырық бірінші хадис	181
Қырық екінші хадис	183

